Бақыттың кілті

# Жанұя

Ата-ана ақысы

Ерлі-зайыптылардың міндеттері

Бала тәрбиесі

# Бақыттың кілті

# Жанұя

*** Ата-ана ақысы**
*** Ерлі-зайыптылардың міндеттері**
*** Бала тәрбиесі**

**Түркістан Кітап Үйі**

**Алматы - Қазақстан**
**Қазыбек би көшесі, 90/533 үй, 2 пәтер**
**Сейфуллин даңғылының қиылысы**
**Тел: +7(727) 293-55-98**

**Алматы - 2016**

**УДК**
**ББК**
**Б**
**Даярлаған: Бимурзаев Н. - Алматы**
**«Euro Print» ЖШС. 2016, - 266 бет.**
**Издатель: «Түркістан мәдениет қоры»**
**қоғамдық қоры.**
**ISBN**

**Бұл кітап кең оқырман қауымға арналған. Отбасының қоғамдағы маңызы, отбасыда ата-ананың құрметі, ерлі-зайыптылардың міндеттері, бала тәрбиесі секілді өзекті мәселелер баяндалады.**

**Бүгін отбасы құндылықтарымыз үлкен қауіпте. Жаһанданып жатқан дүниеде «заманауи» деген ұранмен ұсынылып жатқан әдепке жат қасиеттерді сіңіріп, ақырын ақырын түп тамырымыздағы құндылықтарымызды жоғалтып келеміз. Маскүнемдік, есірткі, ұрлық, зорлық-зомбылық секілді барлық жамандықтардың түбі негізінде отбасылық құндылықтардың бұзылуынан бастау алады. Бұл ақау дұрысталмайынша қаншама шырылдасақ та нәтиже өзгере қоймайды. Ұмытпайық отбасы күшті болса, адам да, қоғам да күшті болады. Отбасылық құндылықтарымызға бекем болмасақ, келеңсіздіктер шешілмейді. Шешім отбасылық құндылықтарымызды сақтап қалу.**

**«Бақыттың кілті – Жанұя» есімді бұл еңбегімізде жанұя ішіндегі әрбір мүшенің өзіндік рөлдерін және жанұяның қоғамдағы орнын көрсетуге тырыстық. Біздің дәстүрлі отбасы құрылымымыз мейірім, өзара құрмет, махаббат негізінде құралған. Отбасыда әркімнің орны қандай, кімнің міндеті қандай, кімнің қай жерде отыратыны, кімнің жолы үлкен бәрі орныққан. Рухани құндылықтарына ие нағыз жанұяны ешкім тізе бүктіре алмайды. Өмір ағысында алдарынан не шықса да, ол жанұя бүкіл қиындықтарға бірге төтеп береді, тіпті шыңдалып, одан да күшейіп артынша келетін көркемдіктерімен қуаныштарымен де бөліседі.**

**УДК**
**ББК**
**ISBN**
**©Бақыттың кілті-Жанұя 2016.**

# МАЗМҰНЫ

## Алғы сөз

Жанұя – жанды жаратылыстардың ішіндегі тек қана адамға тән болған ерекше құнды құрылым. Адамды басқа жандылардан бөліп тұрған маңызды ерекшелік.

Жанұя – қоғамның негізі, іргетасы болып табылады. Әрбір ғимарат іргетастардың үстіне қаланады. Ғимараттың іргетасы мықты болмаса ғұмыры ұзаққа бармайды, титтей сілкіністе-ақ қирап қалады. XIX ғасырда индустрияның жаңаруымен бірге бірнеше елдерде, әсіресе батыс елдерінде капиталист басшылардың әйелді экономикалық тұрғыда қолдана бастауымен бұл іргетастар орнынан айнып, жанұялар үлкен сілкіністі бастан өткізді. Мұнымен байланысты қоғамдар да сілкініс зардабын тартты, бақытсыздық, рухани аштық шырқау шегіне жетті.

Бұл сілкіністің ұшқыны біздің елде де әлсін-әлсін көрінуімен қатар күн өткен сайын әсері күшейіп келеді. Батыс елдеріне жету жарысы жүруде. Сол себепті жанұя ішіндегі келіспеушіліктер, түсініспеушіліктер, ажырасулар қарқынды жылдамдықпен көбейе түсуде.

Бүкіл бұл қасіреттердің себебі жанұя ғимаратында тірек тастарының қызметін атқаратын ана, әке және балалардың орындарынан ауытқуы, өз орындарында болмауы. Өйткені ғимаратта қаланатын әрбір тас, кірпіштің орны бөлек, ерекше болады. Жанұяда, қоғамда қайтадан тыныштық орнауы – бұл тірек тастардың өз орындарына орнатылуы және табиғи қызметтерінің қалпына келуімен мүмкін болады.

Біз бұл еңбегімізде жанұя ішіндегі адамдардың өзіндік рөлдерін және жанұяның қоғамдағы орнын көрсетуге тырыстық. Онда да өз ойымызды емес, қаншама ғасырлар бойы қалыптасқан, орныққан әдет ғұрыптарымызды және хақ дініміз исламның әмірі мен тыйымдарын негізге алдық. Сондықтан келтірілген мәліметтер үйреншікті

өмірімізге қайшы болып көрінсе де, нәпсімізге ауыр тисе де «заманымызға жараспайды» деместен қолымыздан келгенше орындап, орындай алмағандарымыз үшін Хақ та'аладан кешірім тілеуіміз керек.

Бәріміз де алған жиһазымызды қолданбастан бұрын оны жасап шығарған инженерлердің дайындаған "қолдану нұсқаулығын" оқимыз. Өйткені бұл жиһаздан ең тиімді, сапалы түрде өнім ала алу үшін мұны қалай қолдану керектігін ең жақсы білетін осы инженерлер екеніне сенеміз.

Сол секілді адамды және жанұя құрылымын жаратқан Аллаһу та'ала да олардың ең жақсы түрде өмір сүруі үшін, жанұяның бақытқа бөленуі үшін әрбір жанұя мүшесінің рөлдері қандай болуы керектігін өте жақсы біледі. Ал дінге жат мәліметтер сынақтан өткізуге, қателесуге келіп тірелетін жарым-жамау нәтижелердің жиынынан құралады. Мұндай мәліметтер адамдарды, қоғамды қателіктерге түсіруі мүмкін. Бүгін пайдалы сияқты болып көрінген қаншама істердің, ертеңгі күні қаншалықты зиянды екені анықталып жатқанын көп көріп жүрміз.

Барлық мәселедегі секілді жанұялық өмірде де қалай әрекет ету керектігін және жанұядағы рөлдеріміз қандай болу керектігін ислам ғалымдарының құнды кітаптарынан үйреніп, соған сәйкес өмір сүруге тырысуымыз керек. Біз бұл кітабымызда ислам ғұламаларының құнды кітаптарынан пайдаланып, бұл теңдесі жоқ ілімдерді сіздерге ұсынуға тырыстық.

Құран кәрімде **«Аллаһ үйлеріңді сендер үшін тыныштық және бақыттың мекені етті.»** (Нахл 80) делінген. Ал үйлеріміздің тыныштық және бақыт отауына айналуы Аллаһу та'аланың білдірген үкімдеріне мойынсұнуымызға байланысты. Бұларға неғұрлым көп мойынсұнатын болсақ, бақытпен тыныштық та соғұрлым арта түседі. Мойынсұнбайтын болсақ, әркім өз бетінше ереже, үкім шығаратын болса,

үйлерде тыныштық қалмайды. Үйінде тыныштығы болмаған қоғамның, көшелерінде де тыныштығы болмайды. Ол қоғам қашан, қай жерде жарылатыны белгісіз қозғалыстағы минаға айналады. Мұның зардабын бүкіл адамзат тартады.

Хақ та’ала бәріміздің үйімізді, отбасымызды бақытты етсін. Амин.

## ДІНІМІЗДЕ ЖАНҰЯ

Ислам діні қоғамның бақыты және адам ұрпағының дені сау, салауатты жалғасуы үшін жанұяның қажетті екендігін білдірген. Осы себепті некені халал қылып, зинаны және зинаға жол ашатын еркін қатынастарға тиым салған. Әйелдерге ешбір діннің, ешбір жүйенің бере алмаған қадірін, мәртебесін берген. Расулуллаһ алейһиссаламның “Уәда хұтбасындағы” насихаттарының бірінде: **«Әйелдеріңді жәбірлемеңдер. Олар Аллаһу та’аланың сендерге берген аманаты. Олармен жұмсақ, жылы мәміледе болыңдар, оларға жақсылық жасаңдар»** деп бұйырған. Тағы бір хадис шәрифте **«Жаннат аналардың аяғының астында»** деп бұйырып әйелді қорғауда теңдесі жоқ мәртебе танытқан.

Бірақ еркектер ислам бойынша **“жанұяның басшысы”** деп саналады және әйелдерге қарағанда жоғары дәрежеге ие. Хақ та’ала әйелді еркектің қамқорлығына берген. Құран кәрімде: **«Еркектер әйелдердің басшысы және қорғаушысы»** (Ниса 34) деп бұйырылған. Сонымен қатар еркектердің әйелдерге қатысты шариғи ақылары болғаны секілді, әйелдердің де оларға қатысты ақылары, міндеттері бар. Жанұяның бақыты және әлеуметтік өмірдің тыныштығы, жанұяны құрайтын әйелмен еркектің өз міндеттерімен жауапкершіліктерін біліп, орындауларына байланысты.

Жанұя ішінде әйелмен еркектің бір-бірлерін түсініп, сабырлы, кешірімді болулары жанұя бақыты үшін шарт болып табылады. Ерлі-зайыптылардың бір-біріне құрметпен карауы және міндеттерін білуі ұяның бақытына апаратын маңызды қағидалардың бірі. Жанұяда тәртіпті әке орнатады. Әке әділетті болса жанұяда бақыт болады. Ақылды ерлі-зайыптылар бір-бірлерін ренжітпейді. Соңғы дәуірдің ислам ғұламаларынан **Хусейн Хилми Ышык** “рахметуллаһи алейһ” еркектің әйелімен қарым-қатынасы жөнінде былай деген:

«Ақылды ерлі-зайыптылар бір-бірін ренжітпейді. Өмірлік жарын ренжіту жанұя бақытының бұзылуына себеп болады. Залым, жаман мінезді адамның өмірлік жолдасы тұрақты ренжи беруден жүйкесі тозады. Жүйке ауруына шалдығады. Жүйкенің тозуымен түрлі аурулар да шыға бастайды. Өмірлік жолдасы ауру болған адам құрыды деген сөз. Бақытының соңы келді, жолдасының қызметінен, көмегінен махрұм қалды деген сөз. Өмірі оның дерттерін тыңдаумен, оған дәрігер іздеумен, оған үйренбеген қызметтерді жасаумен өтеді. Бүкіл бұл пәлекеттерге, бітпейтін қиыншылықтарға әйелдің немесе күйеудің жаман мінезі себеп болады. Бұлардан ұзақ, бақытты ұяның негізі екі жақты күлімдеген жүзбен жылы сөз және түсіністікпен кешірімділік. Ал бұларды дініміз әмір етуде. Бұларға мойынсұнған адам дүниеде де ахиретте де бақытқа қауышады.»

Жанұядан мақсат ұрпақты жалғастыратын балалар. Адамның өлгеннен кейін жақсылықпен еске алынуы үшін қоғамға пайдалы туынды немесе пайдалы ғылым немесе қайырлы бала-шаға қалдыруы керек. Барлық нәрсе ұмытылған күнде де бұлар ұмытылмайды және өлген адамның игі істерінің жалғасуын қамтамасыз етеді.

Олай болса баланы жақсы, үлгілі қылып жетілдіру әке-шешенің ортақ міндеті. Ана баласын тікелей өзі емізіп, өсіретіні, үнемі жақсы мінезді үйретіп жүретіні секілді бұлардың баспанасын, азық-түлігін, материалдық және рухани қажеттіліктерін қамтамасыз ету де ең алдымен әкенің міндеті болып табылады.

Ислам діні мінез-құлық тәрбиесі мен ілімге қатты мән берген. Надандық пен тәрбиесіздікті қайтарған. Сол себепті әрбір ата-ана баласына ілім, көркем мінез (тәрбие) және діни міндеттерін үйретуі тиіс. Үйретпесе олардан жауапкер болады. Өйткені барлық бала жақсы көруді, жақсы көрінуді, құрметті осында үйренеді. Тәрбиені және жүйелі өмірге осында дағдыланады.

Аллаһу та'алаға сенуді, пайғамбарға деген сүйіспеншілікті, отанға, ұлтына, салт-дәстүріне және әдет-ғұрыптарына деген құрметті осында үйренеді. Балалар алты жасқа дейін адамдық ерекшеліктерін жанұядан алады. Сондықтан жанұяның ұқыпты, сапалы болуы өте маңызды.

Жанұялық өмірдің жүйелі, дұрыс болуы балалардың көркем мінезбен адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіріп өсулеріне ықпал етеді. Тәрбиелеу мақсатымен әке-шеше баласына қаталдық танытуы мүмкін. Бірақ бұл қаталдық жазықсыз баланың жүрегінде терең жара ашатын таяқ түрінде болмауы тиіс. Шамадан тыс қаталдық таныту көпшілік балада өтірік айту әдетін, қулықты және әрекеттерінде тұрақсыздықты қалыптастырады.

Әке-шеше ұл-қыздарын үнемі қадағалап отыруы керек, әсіресе олардың жаман достардан ұзақ жүрулеріне мән беруі керек. Жаман дос баланың ең үлкен дұшпаны.

Балалардың үлкені де кішісі де де ата-анасына мойынсұнумен, құрмет көрсетуде кемшілік етпеуі тиіс. Өмірдің түрлі қиындықтарымен, зардаптарына төзіп балаларын

өсірген ата-ана әрине құрметпен, мойынсұнушылыққа лайықты. Құран кәрімде **«Аллаһу та'алаға мойынсұның-дар»** дегеннен кейін **«Әке-шешелеріңе мойынсұныңдар»** (Бақара 83) деп бұйырылған. Оларға **"Уф!"** деуге де (Исра сүресі 23) тиым салынған.

### Отбасылық құндылықтарымыз

Қоғамның негізін қалаушы құрылым – отбасы. Отбасы құрылымы қаншалықты күшті болса, онда өсіп жетілген балалардың құрайтын қоғам да денді, қуатты болады. Отбасы өзара құрмет, махаббат мекені деген сөз. Бір-біріне құрметі жоқ жанұялар, отбасылық құрылымын жоғалтқан қоғамдар күйзеліс ішінде өмір сүреді. Қазіргі таңда ажырасулар көбейіп жатқандығы соншалық ажырасу үшін үйленіп жатыр ма деген ой келеді. Егер арада бала бар болса, ажырасудың зияны одан да арта түседі. Жанжалы көп жанұяда, мейірімнен махрұм өскен ұрпақ келешектің рухани індеттілері ретінде бой көтереді. Осылайша адамзат өз келешегіне балта шабуда. Ал өзара құрмет, мейірім ішінде өскен бала жақсылыққа бейім болып өседі. Біздің дәстүрлі отбасымыз онсыз да мейірім, өзара құрмет, махаббат негізінде құралған. Отбасыда әркімнің орны қандай, кімнің міндеті қандай, кімнің қай жерде отыратыны, кімнің жолы үлкен бәрі орныққан.

Түркі халықтары, жалпы мұсылман халықтарының тарих бойынша өркендеуіне, ал қиын кезеңдерде жойылып кетпеуіне себепші болған маңызды факторлардың бірі дәстүрлі отбасылық құрылымы. Бізді біз етіп ұстап тұрған күш отбасыдан алған тәрбие, отбасымызға берген қадір қасиет, махаббат, отбасы бірлігі болды. Рухани құндылықтарына ие нағыз жанұяны ешкім тізе бүктіре алмайды. Өмір ағысында алдарынан не шықса да, ол жанұя бүкіл қиындықтарға бірге төтеп береді, тіпті шыңдалып, одан да күшейіп артынша келетін көркемдіктерімен қуаныштарымен де бөліседі. Өмірді

мәнді ететін де осы емес пе, бөлісу... Ащыны да, тұщыны да, жоқтықты да, молдықты да... Алайда бұл дәрежеге жету үшін мол сабыр және ерен еңбек керек. Еңбексіз ешбір мәселе өнбейді.

Ананың бала-шағасына жасаған дұға-тілектері баланы қорғаштап жүреді. Баланың ата-анасын разы етуі, қуантуы оған Жаратқанның құт-береке есіктерін ашады. Үлкендерді ренжіту жұмыстардың жүрмеуіне, келеңсіздіктерге себеп болады. Біз мұсылман халықтары ретінде мұны жақсы білеміз. Осы негіздерді ұстанып, осы негіздерді сезініп өстік.

Соңғы кездері қоғам ретінде рухани құндылықтарымыздан алыстап жатқандығымыз байқалуда. Есірткі тәуелділігі, маскүнемдік, құмар ойындары, зорлық-зомбылық, әйелді жәбірлеу секілді озбырлықтар белең алуда. Бұрындары бұл індет Еуропа елдерінде көп деп білуші едік. Қазір осы қауіп бізге де төніп тұр. Бүгін Еуропа елдері күшті экономикалық жағдайына қарамастан қоғамының егде жастағылары көбейіп, жастарының үйленгісі, отбасы құрғысы келмейтіні, дүниеге бала әкелуді қаламайтыны жиі аталып келеді. Мұның себебі рухани құндылықтардан жұрдай, өзін жоғалтқан адамдар қатарының артуында. Көбі рухани күйзеліс ішінде, өзіне қол жұмсаудың қарсаңында, арақ немесе есірткі тәуелділігі ішінде...

Біз де солар секілді болуымыз керек пе?! Бәріміз оянуымыз қажет. Бүгін отбасы құндылықтарымыз үлкен қауіпте. Жаһанданып жатқан дүниеде қоғам ретінде «заманауи» деген ұранмен ұсынылып жатқан әдепке жат қасиеттерді сіңіріп, ақырын ақырын түп тамырымыздағы құндылықтарымызды жоғалтып келеміз. Бұған жол бермейік! Маскүнемдік, есірткі, ұрлық, зорлық-зомбылық секілді барлық жамандықтардың түбі негізінде отбасылық құндылықтардың бұзылуынан бастау алады. Бұл ақау дұрысталмайынша қаншама шырылдасақ та, қаншама ұрандатсақ та нәтиже өзгере қой-

майды. Ұмытпайық отбасы күшті болса, адам да, қоғам да күшті болады. Отбасылық құндылықтарымызға бекем болмасақ, келеңсіздіктер шешілмейді. Шешім отбасылық құндылықтарымызды сақтап қалу.

## АТА-АНА АҚЫСЫ

**Сұрақ:** Баланың мойнында ата-анасына деген қандай ақылары бар?

**Жауап:** Хазреті Имам Нәсәфи былай деген:

Ата-ананың (әке-шешенің) баласында сексенге жуық ақысы бар. Олардың 40-ы тірі кезінде, 40-ы қайтыс болғаннан кейін орындалады. Тірі кезіндегі он ақысы дене мүшемен, оны тілмен, оны жүрекпен (көңілмен), қалған оны ақшалай өтеледі.

**Дене мүшемен атқарылатын он ақысы:**

**1)** Оларға қызмет етіп, разылығын алу керек. Хадис шәрифтерде былай делінеді:

**«Ата-анасына қызмет еткен адамның өмірі ұзақ және берекелі болады.»** (Ислам ахлақы)

**«Дінге сай қызметтерімен ата-анасын қуантқан адам, Аллаһу та’аланы қуантқан болады. Ал оларды ашуландырған адам, Аллаһу та’аланы ашуландырған болады.»** (Ибн Нәжжар)

**«Ата-анасы жанында қартайғанымен** (разылықтарын ала алмай) **жаннатқа қол жеткізе алмаған адамдардың сағы сынсын.»** (Тирмизи)

Хазреті Хасан Басри Қағбаны тауаф етіп жүргенінде, жүк арқалаған бір кісіні көріп:

– Не үшін жүгіңмен тауаф етіп жүрсің? -дейді.

– Арқамдағы жүк емес, менің әкем. Оны Шамнан 7 мәрте арқалап әкеліп, тауаф етіп жүрмін. Себебі маған дінімді,

иманымды үйретті. Мені исламның көркем мінезімен тәрбиеледі,- деп жауап береді. Сонда хазреті Хасан Басри:

– Әкеңді қияметке дейін осылай арқалап өтсең де, бір рет ренжітетін болсаң, бұл жақсылықтарыңның бәрі босқа кетеді. Егер бір рет қуантатын болсаң, осыншама қызметтердің сауабына қауышасың,- дейді.

Ата-анаға лайықты түрде құрмет көрсете білу керек, оларға қызметте кемшілікке жол бермеу керек. Хазреті Ибн Аббас: "Ата-анаңның алдында кінәлі, әлсіз, кедей бір құлдың қатал, дөрекі қожайынына деген құрметіндей бол!" деген.

Анаға құрмет және қызмет әкеден бұрын келеді. Хадис шәрифтерде былай делінеді:

**«Анаға жасалған жақсылықтың сауабы екі есеге көп болады.»** (И. Ғазали)

**«Бірінші анаңа, екінші әкеңе, кейін әпке-қарындасыңа, аға-ініңе, кейін ретімен қалған туыстарыңа жақсылық жаса!»** (Нәсаи)

**«Уәйсәл Қарани бүкіл ихсандарымен дәрежелеріне анасына жасаған жақсылықтарының себебімен қол жеткізді.»** (Р. Насихин)

«Йа Расулаллаһ! Менің анам мүшрик. Оған жақсылық жасауым жаиз ба?» деп сұраған адамға пайғамбарымыз**: «Иә, анаңа жақсылық жаса және оны құрметте!»** деді.
(Әбу Дауд)

Барлық пайғамбарлар өз анасынан да үстем еді. Соған қарамастан пайғамбарлар да аналарын құрметтеп, қызмет еткен.

Кәпір болса да ата-анаға қызмет ету, олардың напақаларын (тамағын, киімін, баспанасын) қамтамасыз ету және хал-жағдайларын сұрап қонаққа барып тұру керек. Егер де күпірлікке себеп болатын істерді жасатқызады деп қорқса, онда үйіне баруға болмайды. **(Бәззазийа)**

Мұса пайғамбар жаннаттағы көршісінің кім екенін

Хақ та’аладан сұрап, оны іздеп барады. Ол қасапшы (ет сатушысы) еді. Қасапшы бір кесек етті алып, оны жақсылап пісіріп, ілулі тұрған себетті төменге түсіреді де, ішінде жатқан кәрі кемпірге пісірген етімен суын береді. Кейін үсті-басын тазалап, қайтадан себетке жатқызады. Қасапшы: “Бұл менің анам. Қартайып осындай халге түсті. Күндіз-түні оны осылай күтіп бағамын” дейді. Сонда қасапшының анасы: “Йа Раббым! Ұлымды жаннатта Мұса пайғамбарға көрші қыл!” деген сөзін Мұса алейһиссалам да естиді де: **“Сүйінші, Аллаһу та’ала сені Мұса пайғамбарға көрші қылды”** дейді. **(Шира)**

**2)** Үнемі жақсылық жасау керек. Ата-анаға сый-құрмет көрсету және жақсылық жасау парыз. Хадис шәрифтерде былай делінеді:

**«Ата-анасына жақсылық жасаған бала пайғамбарлармен бірге жаннатқа кіреді.»** (И. Рафии)

**«Ата-анасына жақсылық жасаған адамның өмір жасы ұзақ және ризығы берекелі болады.»** (И. Ахмед)

**«Ең құнды амал – уақытында оқылған намаздан кейін ата-анаға жақсылық жасау.»** (Мүслим.)

**«Ата-анаңа жақсылық етсең, кейін балаң да саған жақсылық жасайды.»** (Табарани)

**«Сен де, мал-мүлкің де әкеңдікі.»** (Ибн Мажә)

**3)** Оларға қарсы шықпау керек. Хадис шәрифтерде былай делінеді: **«Ата-анаға қарсы шығу үлкен күнә.»** (Бұхари)

**«Ата-анасына қарсы шыққан бала жаннатқа кірмейді.»** (Нәсаи)

**«Ата-анасына қарсы шыққан баланың өмірі берекесіз және қысқа болады.»** (Ислам ахлақы)

Имандылардан тозақтан ең соңғы шығатындар Хақ та’аланың жолында жүрген ата-анасының исламға сай болған әмірлеріне қарсы шыққандар. Ата-ананың және ешкімнің де дінге қайшы болған әмірлеріне мойынсұнылмайды. Бірақ

қашанда ата-анаға жылы сөйлеу, оларды ренжітпеу керек.

Ата-анасы кәпір болса, оларды шіркеуден, шарапханадан арқалап болсын әкелу керек. Бірақ ондай жерлерге апармау керек.

Ата-анасы залым да болса, олардың айтқандарына қарсы шығуға, оларға дауыс көтеруге, дөрекі сөйлеуге болмайды.

“Ата-анам өте мейірімсіз, оларға қалай мойынсұнамын?” деген адамға расулуллаһ алейһиссалам былай деген: **«Анаң сені тоғыз ай құрсағында көтерді, екі жыл емізді. Сені үлкейгенге дейін қойнында жетілдірді, қамқор болды. Әкең де сені өсіру үшін көптеген қиыншылықтарға төзді. Сенің қажеттіліктеріңді қамтамасыз етті. Саған діниңді, иманыңды үйретті. Сені ислам тәрбиесімен өсірді. Енді қалайша олар мейірімсіз болады? Бұдан асқан мейірім бола ма?»** (Әйухәл уәләд илмихалы)

“Йа расулаллаһ, қартайған анамды өз қолыммен тамақтандырамын. Дәретін алғызып, арқалап жүремін. Осы амалыммен ақысын өтеген боламын ба?” деп сұраған адамға пайғамбарымыз былай дейді: **«Жоқ, ақысының жүзден бірін де орындаған болмайсың. Ол саған аяққа тұрып кетуіңді күтіп қызмет еткен еді, ал сен оған өлімін күтіп қызмет етудесің. Бірақ Аллаһу та’ала бұл аз ғана жақсылығың үшін көп сауап ихсан етеді.»** (Р. Насихин)

Бір кісі “Йа расулаллаһ ата-ана баласына зұлымдық етсе де олардың разылығын алмаған адам тозаққа кіре ме?” деп сұрағанында жауап ретінде үш рет **«Иә, зұлым еткен болса да разылығын алмаған бала тозаққа кіреді.»** деді. (Бәйһақи)

Олай болса әке-шеше залым болып, баласына зұлымдық етсе де, күнә істеуді әмір етсе де, оларды ренжітпеуге, ашуландырмауға тырысу керек! Күнә болған, дінге қайшы болған әмірлерін орындау керек емес. Бірақ оларды ренжітетін сөз және әрекет жаиз емес.

Ата-ана жаман да болса, олармен жақсы мәміледе болу керек! Олармен араны үзу үлкен күнә болып табылады. Ең болмағанда сәлем айтып, хат жазып, телефон шалып бұл күнәдан құтылу керек!

Құран кәрімде 3 нәрсе 3 нәрсемен бірге айтылған. Біріншісі орындалмаса, екіншісі қабыл болмайды. Пайғамбарымызға мойынсұнбаса, Аллаһу та'алаға мойынсұнылған болмайды. Ата-анаға шүкір етілмейінше, Аллаһу та'алаға шүкір етілген болмайды. Мал-мүліктің зекеті берілмесе, намаздары қабыл болмайды. **(Тәфсири Муғни)**

**4)** Оларға мойынсұну, қарсы шықпау, күнә болмаған әмірлерін орындау керек.

Мұса алейһиссалам Аллаһу та'аладан тоғыз рет насихат сұрағанда барлығында да **«Ата-анаңа мойынсұн!»** деп бұйырылды. Хадис шәрифте де былай делінген: **«Ата-анаға мойынсұну Аллаһқа мойынсұну болады. Оларға қарсы шығу Аллаһу та'алаға қарсы шығу болады.»** (Табарани)

Әкесіне қарсы шыққан адам бала-шағасының қызығын көре алмайды, мұратына жете алмайды, отбасымен жақсы қарым-қатынаста бола алмайды, үйінің дәм-тұзы, қызығы болмайды. **(Шира)**

**5)** Оларға қатал жүзбен, қабақшытып қарамау керек. Жылы жүзбен, мейіріммен, сүйіспеншілікпен қарау керек. Ата-анасына мейіріммен, сүйіспеншілікпен бір рет қараған адам қабыл болған бір қажылықтың сауабына қауышады. Пайғамбарымыз: **«Ата-анасының жүзіне мейіріммен қараған адамға қажылық және умраның сауабы жазылады»** деген. «Күніне мың рет қараса да солай ма?» деп сұралғанда пайғамбарымыз: **«Күніне жүз мың рет қараса да...»** деп жауап берген. (Р. Насихин)

Тағы бірде: **«Ата-ананың жүзіне мейіріммен қарау – ғибадат»** деп білдірген. (Әбу Нуайм)

**6)** Оларды ренжітпеу, өкпелетпеу, разылықтарын алу керек. Хадис шәрифтерде былай делінеді: **«Раббыңның разылығы ата-ананың разылығында. Ашуы да ата-анаңның ашуында.»** (Бұхари)

**«Ата-анасының разылығын алған мұсылманға жаннаттан екі есік ашылады. Ал ренжіткен адамға тозақтан екі есік ашылады.»** (Бәйһақи)

**«Ата-анасының разылығын алған мұсылман не істесе де тозаққа кірмейді. Ал ренжіткен адам жаннатқа кірмейді.»** (Шира)

**«Хақ та'ала кейбір күнәлардың жазасын қияметке дейін кешіктіреді. Ата-анаға қарсы шығу күнәсы бұлардан тыс.»** (Хаким)

Ата-ананы ренжіту, оларды жәбірлеу үлкен күнә болып табылады. Ата-ананың, жалпы ешкімнің де күнә болған әмірлерін орындау жаиз емес. Ата-ананың ұсынған асында харам араласқан болу күмәні болса және бұл тамақтан жеуі үшін баласын мәжбүрлесе, баланың ол тамақты жеуі керек болады. Себебі күмәнді нәрселерден қашу уәраға жатады, ал ата-ананың разылығын алу уәжіп болып табылады. Бірақ дінге қайшы болған әмірлері орындалмайды. Мәселен: "Арақ іш, намаз оқыма, әйтпесе біз ренжиміз" десе, мұндай харам болған айтқандары істелмейді. Өйткені "Аллаһу та'алаға қарсы шыққан істе құлға бағынылмайды." деген әмір бар. Хақ та'ала **"Анкәбут"** сүресінің сегізінші аятында: **«Біз адамға әке-шешесімен жақсы мәміледе болуына кеңес бердік. Егер олар саған білмеген нәрсеңде Маған ортақ қосуың үшін мәжбүрлесе, оларға бағынба»** деп бұйырған.

Ата-анасы күнә істейтін бала оларға бір рет насихат айтады. Егер насихатын тыңдамайтын болса, одан кейін үндемейді және олар үшін дұға етеді.

**7)** Олардың рұқсатынсыз сапарға шықпау керек. Қажылыққа бararда мұқтаж болмаған ата-анадан рұқсат

сұрау сүннет. Ата-анасы мұқтаж (кедей) болса, олардың рұқсатынсыз қажылыққа бару харам болып табылады. Ата-анасы мұқтаж болмаса, парыз болған қажылыққа олардың рұқсатынсыз бара алады. Бірақ нәпіл қажылыққа ата-анасының рұқсатынсыз бара алмайды. **(Рәдд-ул-мухтар)**

Соғысқа баруға рұқсат сұраған адамның ата-анасының тірі екенін естігенде пайғамбарымыз**: «Осында қал! Оларға қызмет ет! Оларға қызмет етуің – соғысқа қатысуың болып саналады»** деп бұйырды. **(Бұхари)**

Соғысқа бару үшін рұқсат сұрап келген басқа бір адамға да былай деді: **«Анаңның қасынан айрылма! Жаннат оның аяғының астында»** деді. (Нәсаи)

Хижрат ету үшін шыққан бір кісі, пайғамбарымызға келіп: «Йа расулаллаһ! Ата-анамды жылатып келдім,» дегенінде пайғамбарымыз бұл жағдайға ренжіп: **«Дереу үйіңе бар! Оларды жылатқан болсаң, енді көңілдерін тап** (қуант)**!»** деді. (Әбу Дауд)

Ата-ананың үйіне (қонаққа) бармау (олармен араны үзу) үлкен күнә. Хал-жағдайларын сұрап барып тұру керек. Бара алмаған жағдайда ең болмаса хат жазып, сәлем жолдап бұл күнәдан құтылу керек.

**8)** Оларға лайықты түрде сый-құрмет көрсету керек. Хадис шәрифте: **«Үлкенге құрмет көрсетпейтіндер бізден емес»** делінген.(Тирмизи)

**«Ата-анаға құрмет бақытсыз адамды бақытты қылады. Өмір жасын ұзартады және оны жаман өлімнен сақтайды.»** (Әбу Нуайм)

Оларды көргенде дереу түрегеліп, қастарына бару керек, олар отырғанша түрегеп тұру керек, олардың рұқсатынсыз отырмау керек. Отырған кезде де әдептілік сақтау керек, олардың алдында аяқты айқастырып немесе созып отыруға болмайды. «Болса да маған ешнәрсе демейді» деп мұндай әдептіліктерді назардан тыс қалдырмау керек.

**9)** Көшеде жүргенде арттарынан жүру керек. Еш қандай себепсіз алдарына түсіп жүрмеу керек.

**10)** Шақырған кезде дереу қастарына барып **"тыңдап тұрмын!"** деп айту. Ата-ана шақырған кезде парыз намазын бұзу жаиз болғанмен аса қажеттілік болмаса бұзбауы керек. Ал сүннет намаздарды бұзуға болады. Хақ та'ала былай деген: **«Ей Мұса! Менің дәргейімде өте ауыр және өте үлкен бір күнә бар. Ол – ата-ана шақырған кезде әміріне бағынбау.»** (Ислам ахлақы)

**Тілмен жасалатын он ақысы:**

**1)** Жылы сөйлеу, қарапайым болу, «уф» деп айтпау. Хақ та'ала былай деп бұйырған:

**«Біз адам баласына әке-шешесіне жақсылық жасауларына кеңес бердік.»** (Ахқаф 15)

**«Раббың тек Өзіне ғана ғибадат етулеріңді және әке-шешелеріңе жақсылық етулеріңді әмір етті. Егер олардың бірі немесе екеуі де жаныңда қартайса оларға «уф» деуші болма, ауыр сөз айтпа, оларға сыпайы және жылы сөйле, оларға жанашыр бол, қарапайым бол. Ол екеуіне мейірімділік құшағыңды жай да: "Йа Раббым! Ол екеуі мені кішкентайымнан тәрбиелеп жетілдіргеніндей, сен де оларды рахымдылығыңа бөле!" деп дұға ет!»**

Хазреті Хасан Басри былай деген: «Бір ғалым адамның әке-шешесі кәпір болса, құдықтан су әкеліп беруі үшін оған мұқтаж болып, ол да бірнеше рет шелекпен су акеліп жүріп «уф» десе барлық амалдарының сауабы жоқ болады.»

**2)** Сөйлескенде даусын олардың даусынан жоғары көтермеу.

**3)** Олардың жандарында көп сөйлемеу, әдептен аспау. Ата-анасы білетін нәрселерін айтса да «тағы сол әңгіме ме?» деместен, ешқашан естімеген адамдай тыңдау керек.

**4)** Дөрекі, (жаргонды) сөздермен сөйлемеу, тигізіп

айтпау. Мысалға екі баласы бар адамның бір ұлы екіншісін меңзеп: «Ұлыңыз сөйтті. Егер мен солай етсем, қияметті қопарар едіңіз!» немесе «Апа немереңізді қатты еркелете бермеңіз, төбемізге шығып барады. Тілімізді алмай кетті!» деген секілді сөздермен ата-ананы ренжітуге болмайды. Ата-анасының көзінше баласына ұрысуға, ұруға болмайды. Мұндай нәрселер ата-ананы қатты ренжітеді.

**5)** Әйелін олардан жоғары тұтпау. Пайғамбарымыз “алейһиссалам” былай деген: **«Әйелін анасынан жоғары тұтқан адамға лағнет болсын! Оның парыз болған және басқа да ғибадаттары қабыл болмайды.»** (Шира)

**6)** Аттарымен атап шақырмау, сөздерін бөлмеу және сөздерінің арасына кірікпеу, білгішсінбеу. Ата анасы қате айтса да “олай емес” деп қарсылық көрсетпеу.

**7)** Ата-ананың арасын ашатын сөздерден, іс-әрекеттерден ұзақ тұру. Ата-ана мен ұлының немесе қызының арасын ашатын істерден ұзақ тұру. Әсіресе келіндер ата-ана мен баласының арасын суытатын сөздерден алыс тұруы керек. Пайғамбарымыз “алейһиссалам”: **«Анасы мен ұлының арасын ашатын адамға лағнет болсын!»** деп бұйырған. (Гуние)

**8)** Сөйлегенде “істе, істеме” деген сияқты бұйрық раймен сөйлемеу. “Істеп бере аласыз ба?” деген сияқты өтініп сөйлеу.

**9)** Игі, ізгі дұғаларын алу. Әке-шешенің дұғасын үлкен ғанибет, олжа деп білу керек. Хадис шәрифтерде былай делінеді: **«Үш адамның дұғасы қабыл болады. Әке-шешенің, зұлымдыққа ұшыраған адамның және қонақтың дұғасы.»** (Тирмизи)

**«Әке-шешенің дұғасы иләһи хижабқа жетеді, дұғалары қабыл болады.»** (Ибн Мажә)

**10)** Бетдұғаларын (қарғыстарын) алмау керек. Хадис шәрифтерде былай делінеді: **«Әке-шешенің баласына және зұлымдық көрген адамның залымға жасаған бетдұғасы** (қарғысы) **қайтарылмайды.»** (Тирмизи)

**«Өздеріңе, бала-шағаларыңа және мал-мүліктеріңе бетдұға етпеңдер! Дұғалардың қабыл болатын уақытқа тура келіп бетдұғаларың қабыл болады.»** (Мүслим)

Әке-шешең шақырған кезде не жұмыс істеп отырған болсаң да дереу оны тастап әке-шешеңнің әміріне жүгір. Әке-шешең саған ашуланып айғайласа да оларға ешнәрсе деме! Әке-шешеңнің дұғасын алғың келсе, саған әмір еткен істерді тез және әдемі түрде орындауға тырыс! Бұл ісіңді ұнатпай, саған ренжіп қалуынан және бетдұға етулерінен қатты қорқ! Саған ренжіген болса, оларға қатты сөйлеме! Дереу жылы сөйлеп, көңілдерін жайландыр! Әке-шешенің көңілдеріне мұқият бол! Өйткені сенің бақытыңмен пәлекетің олардың көңілдерінен туатын сөзге байланысты. Әке-шешең ауру болса, кәрі болса, оларға көмек бер! Бақытыңның кілті олардан алатын ізгі дұғаларда екенін біл! Егер оларды ренжітіп бетдұғаларын алсаң дүниең де ахиретің де опат болады. Атылған оқ кері қайтпайды. Олар тірі кезде қадірін біл!

**Жүрекпен** (көңілмен) **жасалатын он ақысы:**

**1)** Оларға жанашыр, мейірімді болу. Хадис шәрифте былай делінген: **«Мейірімділік етпеген адамға мейірімділік етілмейді. Жаны ашымаған адамға, жан ашылмайды.»** (Мүслим)

**2)** Оларды жақсы көру. Әр реті келгенде ата-ананың қолын сүйіп тұру, жақсы көретінін білдіріп тұру. Хадис шәрифте: **«Анасының аяғын сүйген адам жаннаттың есігін сүйген болады.»** (Шира)

**3)** Қуаныштарына ортақ болу. Бір нәрсеге қуанса, «Қандай жақсы болған. Құтты болсын!» деген сияқты сөздермен қуанышын білдіру.

**4)** Қайғы-мұңдарына, дерттеріне ортақ болу. Бір нәрсеге қамыққанын, ренжігенін көргенде «ренжімеңіз, уайымдамаңыз» деген сияқты сөздермен көңілін алу, жұбату, өзіңнің

де бұл жағдайға ренжігеніңді білдіру керек.

**5)** Көп сөйлегендері үшін оларға ренжімеу. Ренжісе де ренішін оларға білдірмеу.

**6)** Сөгістеріне, ұрсуларына, жазғыруларына ашуланбау. Ешнәрсе болмағандай, сөздерін естімегендей жүру.

**7)** Олардан разы болу. Олардың разылығын алуға тырысу. Хадис шәрифте былай делінген: **«Аллаһу та'аланың разылығы ата-ананың разылығында.»** (Р. Насихин)

**8)** Оларды ренжітуден қатты қорқу. Исра сүресінің 23-ші аяти кәримасында ата-анаға жақсы мәміледе болу, оларға жылы және жұмсақ сөйлеу керектігі әмір етілген. Ғафылдыққа салынып ата-ананыңды ренжітсең, дереу разылығын ал! Жалын, жалбарын, қалай да болса олардың көңілін табуға тырыс!

**9)** Назданбау керек. Қайта олардың назын көтеру керек. Өйткені кішкентай кезімізден біздің еркеліктерімізді, назымызды көтеріп келді. Ендігі олардың еркелейтін кезі келді.

**10)** Олардан жәбір көрсе де, қиындық көрсе де, «осылар өлсе екен, бұлардан ертерек құтылсақ екен» деп ойламау керек, ұзақ өмір сүрулерін тілеу керек. Олар бізден көптеген қиындықтар, машақаттар шексе де, біздің өмір сүруімізді қалады. Өздері аш қалған күнде де, бізді тойғызды.

**Мал-мүлікпен, ақшамен өтелетін он ақысы:**

**1)** Киімді өзіңнен бұрын оларға алып беру. Тамағыңның ең жақсысын оларға бер.

**2)** Алыста тұратын болса, хал-жағдайын сұрап барып тұру. Ата-ананың және махрем туыстарының үйіне барып тұру уәжіп. Ең болмаса, хат жазып, сәлем жолдап тұру керек. Қонаққа барудың реті мынадай: ана, әке, бала, ата, әже, бауыр, әкенің аға-іні, әпке-қарындастары, ананың аға-іні, әпке-қарындастары.

**3)** Тамақты бірге отырып жеу.

**4)** Не қалайтындарын сұрап-біліп оларды қамтамасыз ету.

**5)** Үйлерін тазалау, сырлау, жөндеу.

**6)** Ақша беріп тұру. Ақша қажет болып бірақ сұрауға қысылып жүрген болулары мүмкін.

**7)** Мал-мүлікті, ақшаны олардың еркіне беру. «Қашан керек болса да, не істеймін десеңіз де мал-мүлкім, ақшам сіздер үшін пида болсын» деу. Ашуланған кездері болса, осындай жолдармен оларды жұбату, көңілін аулау керек. Ата-анаға жұмсалған ақшаның сұрауы болмайды. Мұқтаж болған ата-анаға көмектесу парыз болып табылады. Құран кәрімде былай делінеді: **«Әке-шешеңе, туыстарыңа, жетімдер мен кедейлерге, жолаушыларға напақа беріңдер!»** (Бақара 215)

Кімге напақа беретінін сұраған адамға пайғамбарымыз: **«Алдымен өзіңе, әке-шешеңе, кейін әйелің мен бала-шағаңа, қызметшіңе, одан кейінгілерін өзің біле жатарсың»** деді. (Нәсаи)

Әкесі сырқаттанып, қарайтын ешкімі болмаса, қызы күйеуінің рұқсатынсыз барып қызмет етуіне болады. Зимми (мұсылман емес) әке үшін де үкім осылай. Бірақ бала бай болған әкесіне қарауға мәжбүр емес. **(Бәззазийа)**

Бай адамның әке-шешесі кедей болса оған напақа беруі парыз болады. Кедей адамның әке-шешесі де кедей болса, оларға напақа беруі парыз емес. Оларды өз үйіне алып бірге тұруы керек. **(Фәтауа-и Хайрийа)**

Әке-шешенің біреуіне жақсылық жасағанда екіншісі ренжитін болса, әкеге құрмет етіп, бағыну керек, анаға қызмет етіп, жақсылық жасап көмектесу керек.

**8)** Анда-санда тәтті тағамдар әзірлеп шақырып тұру керек. Көңілдері қалап тұрса да айта алмауы мүмкін.

**9)** Достарын дос деп біліп шақыру, олардың да көңілдерін аулау. Дұшпандарынан да ұзақ тұруға тырысу керек.

**10)** Ауырған кездерінде емдеу жолдарын қарастырып,

дәрі-дәрмек алып беру. Күтуші, қызметші жалдаудың орнына тікелей өзі қызмет етуге тырысу керек.

**Қайтыс болғаннан кейінгі қырық ақысы:**

**1)** Жерлеу ісіне ерте қамдану.

**2)** Мәйітті сүннетке сай жуу. Бұл істі білетін жақсы адамдарға жудыру.

**3)** Сүннетке сай кебіндеу.

**4)** Дінімізде жаиз болмаған кебін жасамау.

**5)** Матаның сүннет болған мөлшеріне мән беру. Ерлерге үш бөлік матадан артық қолданбау.

**6)** Кебіндеу ісінде матаны ысырап етпеу.

**7)** Кебінді халал ақшамен алу.

**8)** Жаназа намазын өзі білсе, өзі оқу. Бидғатшыларға оқытпау.

**9)** Оларға әрдайым дұға ету. Бір хадис шәрифте былай делінеді: **«Әке-шешесіне дұға етпейтін адамның ризығы кесіледі.»** (Шира)

**10)** Мәйітін топыраққа өзі қою.

**11)** Мазарды қазған және қызмет еткен адамдарды разы ету.

**12)** Жақсы және салих адамдардың қасына жерлеу.

**13)** Жаман адамдардың қасына жерлемеу. Өйткені жаман көршіден олар зардап шегеді.

**14)** Қабірдің үстін балықтың пішініндей етіп, дөңес қылып үю.

**15)** Топырақтан құйылған кірпіш қолдану.

**16)** Күйдірілген кірпіш қолданбау. Шеге, кірпіш секілді отқа күйдірілген нәрселерді қабірдің ішіне қолдану мәкруһ. Қабірдің үстін, сыртын кірпіш және мәрмәр таспен қоршау жаиз.

**17)** Қабірінің басында садақа беру.

**18)** Қабірінің басында дұға ету. (Садақа мен дұғаны кешіктірмеу. Қырқы, жүзі деген секілді бидғат болған істерден аулақ болу.)

**19)** Қарыздарын төлеу.

**20)** Талқынын өзі айту.

**21)** Исқатын дереу өтеу. Өлген адамның ораза және намаз қазалары үшін оның орнына ешкім намаз оқи алмайды және ораза ұстай алмайды. Хадис шәрифте былай делінген: **«Біреудің орнына біреу ораза тұта алмайды және намаз оқи алмайды. Алайда оның ораза және намаз қазалары үшін кедей адам тойдырылады.»** (Нәсаи)

**22)** Мазардың басындағы тасқа жаиз болмаған сөздер жазбау. Мәселен: Фатиха, Бисмилләһ немесе аяти кәрималар жазу жаиз емес. Латын әріптерімен жаиз болған нәрселер де жазылмайды. Адамдар ұзақ уақыттан бері солай жазып келсе де жазуға болмайды.

**23)** Өсиеттерін орындау. Дінге қайшы болған өсиеті орындалмайды.

**24)** Намаздардан кейін дұға етіп, сауаптарын олардың рухтарына бағыштау. Хадис шәрифте былай делінеді: **«Ата-анасына қарсы шыққан бала, қайтыс болғаннан кейін олар үшін дұға етсе, Аллаһу та'ала оны ата-анасына мойынсұнғандардың қатарына жазады.»** (Ибн Әбиддунийа)

**25)** Сауабын оларға бағыштап ораза тұту.

**26)** Сауабын оларға бағыштап қажылыққа бару. Көптеген ғалымдардың үкімі бойынша сауабын әке-шешесінің рухына бағыштап қажылыққа бару жаиз. Хадис шәрифте былай делінген: **«Сауабын қайтыс болған әке-шешесінің рухына бағыштап қажылыққа барған адамның өзіне де, әке-шешесіне де қажылыққа барудың сауабы беріледі. Әке-шешесінің рухына сүйінші беріледі.»** (Дара Кутни)

**27)** Сауабын оларға бағыштап садақа беру. Хадис шәрифте былай делінген: **«Садақа бергенде неге сауабын мұсылман әке-шешелеріңнің рухына бағыштамайсыңдар? Бағыштасаңдар берген садақаның сауабы олардың рухтарына**

**берілгеніндей ол сауаптан мүлдем азаймай сендерге де жазылады.»** (Табарани)

**28)** Қабірлерін зиярат етіп, Құран кәрім оқу. Хәдис шәрифте былай бұйырылды: **«Әке-шешесінің немесе басқаның қабірін ықыласпен және Аллаһу та'аладан күнәларын кешіруін үміт етіп зиярат еткен адамға қабыл болған қажылықтың сауабы беріледі және мұны әдет қылған адамның қабірін періштелер зиярат етеді.»** (Хаким)

**29)** Қабірлерін жұма күні зиярат ету. Хадис шәрифте былай делінеді: **«Ата-ананың қабірін жұма күндері зиярат еткен адамның күнәлары кешіріледі және ақыларын өтеген болады.»** (Тирмизи)

**30)** Зиярат еткенде дұға және Құран кәрім оқу, орынсыз сөздер сөйлемеу.

**31)** Тірі кездерінде ренжіген болса, баласы салих болса одан разы болады. Олардың үйреткен жақсы нәрселерімен амал еткен сайын сауабы оларға да жазылады.

**32)** Олардан үйренген жамандықтарын ұстанатын болса, әрбір жасаған күнәлары үшін оларға да күнә және азап беріледі. Сондықтан олардан немесе олардың себебімен үйренген жаман нәрселерді тәрк ету. Өзінің жаман әрекеттерімен қабірде оларға азап бермеу.

**33)** Әке-шешеге тіл тигізбеу. Хадис шәрифте: **«Ата-анаға тіл тигізу үлкен күнә»** делінген. (Бұхари) Яғни біреудің әке-шешесін балағаттасаң, сенің де әке-шешеңді балағаттауы мүмкін.

**34)** Әке-шешенің ағайын-туыстарымен де жақсы қарым-қатынаста болу. Хадис шәрифте былай бұйырылған: **«Қайтыс болған әке-шешесіне дұға және истиғфар ету, қарыздарын өтеу, достарын құрметтеу, жақын туыстарымен араласып тұру және олармен жақсы қарым- қатынаста болу арқылы оларға сый-сияпат етіңдер.»** (Хаким)

**35)** Достарының хал-жағдайын сұрап бару. Хадис

шәрифте былай делінеді: **«Әкесі қайтыс болғаннан кейін оның достарына** (жағдайын сұрап, қонаққа) **барған адам ең үлкен жақсылықты жасаған болады.»** (Мүслим)

**36)** Достарымен араласып тұру. Хадис шәрифте: **«Жақсылықтардың ең жақсысы әкенің досын құрметтеп, оған қамқор болу»** делінді. (Мүслим)

**37)** Рамазан айтта сауабын оларға бағыштап пітір садақа беру.

**38)** Құрбан айтта сауабын оларға бағыштап құрбандық шалу.

**39)** Ата-ананың жақсы көретін тағамын пісіріп, кедейлерге таратып (ас беріп), сауабын рухтарына бағыштап, оларды қуанту.

**40)** Жамандықтарын айтпау. Хадис шәрифте былай бұйырылды: **«Өлген адамдарыңды жақсылықтарымен еске алыңдар! Олардың жақсылықтарын айтып, жамандықтарын жасырыңдар!»** (Тирмизи)

## Дұға алыңдар!

Бір күні Әбул Хасан Харқани хазреттерінен адамдар насихат сұрап келеді. Хазреті Әбул Хасан оларға «Дұға алыңдар, адамдардың разылығын, батасын алыңдар!» дейді. Келгендер «Кімнің дұғасын алайық?» дегенінде, «Мұқтаждардың дұғасын алыңдар, әсіресе әке-шешең мұқтаж жағдайда болса, олардың дұғасын алу үлкен дәулет» деп мына оқиғаны айтып береді: Бір замандары екі ағайынды және бұлардың қызметіне мұқтаж аналары бар еді. Ағайындылар әр түні кезекпен анасының қызметін атқаратын. Біреуі қызмет еткенінде екіншісі ғибадат ететін. Бір түні біреуі ғибадаттың ләззатына ергені соншалық бауырына: «Сен тағы бір түн анамызға қызмет ете аласың ба» деп өтініш білдіреді. Бауыры келісіп түні бойы анасының қызметін атқарғанында, бұл түні бойы ғибадат етеді. Таңға

жуық ұйқы қысып көзі іліиніп кетеді. Түсінде:

– Бұл істе бауырың олжалы шықты және бүкіл күнәлары кешірілді,- деген дауыс естиді.

– Ал менің күнәларым ше?

– Сен де бауырыңның құрметі үшін кешірілдің,- делінеді. Таң қалған еді:

– Мұның хикметі не болды екен?- деп сұрайды. Мынадай жауап алады:

– Аллаһу та’ала сендердің ғибдаттарыңа мұқтаж емес. Ал аналарың сендердің қызметтеріңе мұқтаж. Оған қызмет ету, нәпіл ғибадаттан да артық сауапты іс.

**Ана ақысы**

Бір күні пайғамбарымыз алейһиссалам сахабаларымен бірге сұхбаттасып отырған еді. Сол кезде бір сахаба әйел асығып кіріп: «Йа Расулаллаһ! Күйеуім өлім аузында жатыр, бәлкім уақыты аз қалды. Кәлимаи шаһадатты айта алмай жатыр. Күйеуімнің имансыз кетуінен қорқамын. Сол себепті сізден көмек сұрап келдім»,- дейді. Пайғамбарымыз: «Күйеуіңнің сау кезінде қандай жаман істері бар еді?-деп сұрайды. Әйелі оның ешбір жаман амалының жоқ екенін, намазын оқып, ғибадаттарды нұқсансыз орындайтынын айтады. Сонда пайғамбарымыз: «Күйеуіңнің дүниеде қандай туысы бар?»- деп сұрайды. Әйелі кәрі анасы бар екенін айтқан кезде пайғамбарымыз оны жанына шақырады. Хазреті Алқаманың анасы Расулуллаһ алейһиссаламның жанына келгенде: «Балаңыз сізбен қандай мәміледе еді? Балаңыздан разысыз ба?- деп сұрайды.

Хазреті Алқаманың анасы: «Йа Расулаллаһ! Ұлым үйленгенге дейін маған өте жақсы қарайтын. Үйленгеннен кейін қатты өзгерді. Әйелінің сөзіне еріп, мені ренжітетін болды. Тіпті соңғы кездері мені жалғыз тастап, өзі бөлек шығып кетті. Оның бұл әрекетіне қатты қапа болдым»,- дейді.

Пайғамбарымыз қарт анаға ұлының өлім төсегінде жатқанын және кешірмесе жаһаннам азабына тартылатынын айтса да, анасы: «Разы емеспін, кешірмеймін»,- дейді. Ал Алқама болса үйде әлі шаһадат кәлимасын айта алмай жатқан еді. Пайғамбарымыз кәрі кемпірдің аналық мейірімін ояту үшін сахабаларына: «Маған біраз отын әкеліңдер»,- деп әмір етеді. Кемпір таң қалып: «Отынды не істейсіз йа Расулаллаһ?-деп сұрайды. Сүйікті пайғамбарымыз: «Ұлыңызды өртеймін. Жаһаннамда жанғанша осында жанғаны жеңілдеу болады», деген кезде анасы шыдай алмай: «Ұлымның көз алдымда жануына разы емеспін йа Расулаллаһ! Оған ақымды халал еттім, кешірдім!- дейді. Пайғамбарымыз хазреті Алқаманың халін білуге Билал Хабаши хазреттерін жібереді. Билал Хабаши Алқаманың жанына барып, шаһадат кәлимасын талқин еткен кезде Алқаманың тілі ашылады. Хазреті Алқама: «Лә илаһә иллаллаһ, Мухаммәдән расулуллаһ»,- деп жан тәслім етеді.

## ҚАРТТАРҒА ҚҰРМЕТ

**Сұрақ:** Қарттарға құрмет жөнінде мәлімет бересіз бе?

**Жауап:** Имам Ағзам хазреттері имам Әбу Юсуфқа: «**Ғалымдарды құрметте! Үлкендерге құрмет, кішілерге ізет-мейірімділік көрсет!»** деген.

Әсіресе мұсылман қарттарға құрмет көрсету керек. Жақсы-жаман деп ажыратпай, барлығына бірдей жақсылық жасау керек. Мысалы, қоғамдық көліктерге жас, кәрі, ауру, сау, әйел, еркек, бай, кедей, ғалым, надан сияқты әр түрлі топтың адамдары мінеді. Әлсіздерге көмектесу керек, автобусқа мінерде де, түсерде де көмектесіп, оларға орын беру керек. Қарттарға, мұқтаждарға көместесу керек.

Осы тұрғыдағы хадис шәрифтерде былай делінген: **«Әлсіздерге, науқастарға, қарттарға және кішілерге**

**мейірімділік көрсетіңдер!»** (Шира)

**«Қарттарға құрмет және сияпат, Аллаһу та'алаға деген құрметтен туындайды.»** (Бұхари)

**«Үлкендерін құрметтемеген, кішілерге мейірім етпеген адам бізден емес.»** (Бұхари)

**«Халықтың ішіндегі қария – үмбетінің арасындағы пайғамбар сияқты.»** (И. Нәжжар)

**«Мына үш нәрсе Аллаһу та'алаға деген тағзымнан саналады:**

**1- Мұсылман болып қартайған адамды құрметтеу,**

**2- Құран кәрімді жаттаған адамды құрметтеу,**

**3- Ғалымды құрметтеу.»** (Рамуз)

**«Мұсылман болып қартайғанды құрметтеген адам Нұх алейһиссаламды құрметтегендей сауап алады. Нұх алейһиссаламды құрметтеген адам, Аллаһу та'аланы құрметтеген болады.»** (Хатиб)

**«Тәкбір, тахмид, тәсбих және таһлил себебімен мұсылман болып қартайған мүминнен абзал адам жоқ.»** (И. Ахмед) (Тәкбір: Аллаһу әкбар, тахмид: Әлхамдулиллаһ, тәсбих: Субханаллаһ, таһлил: Лә илаһә иллаллаһ)

Пайғамбарымыз алейһиссалам Аллаһу та'аланың ант етіп: **«Мұсылман болып қартайған адамға азап шектіруден ұяламын»** деп бұйырғанын білдіргеннен кейін, жылады. Себебін сұрағанда: «**Аллаһу та'ала өзінен ұялған халде, Одан ұялмайтындарды ойлап жыладым»** деді. (Бәйһақи)

**Сұрақ:** Автобуста отырғанда жақсы ма, жаман ба, кім екені білгісіз үлкен кісілер келеді. Олардың қандай екенін білместен орын берудің зияны жоқ па?

**Жауап:** Дініміз қарттарды құрметтеуге аса мән берген.

Хадис шәрифте: **«Жас адам бір қарттың жасына қарап құрмет көрсетсе, оның жасына барғанда Аллаһу та'ала оған жастарды құрмет еттіреді»** делінген. (Шира)

Бүгіннің жастары ертеңнің қарттары деген сөз.

Қарттарға құрмет көрсеткенде бай кедей деп бөлмеу керек. Байға байлығы үшін құрмет етілмейді. Мал-мүлкіне бола байды көтеріп, кедейлігіне бола кедейді төмендеткен адамның лағынетке лайықты екендігі білдірілген. **(Шира Шәрһі)**

**Қартқа құрмет**

Бір күні хазреті Әли таң намазын оқуға мешітке келе жатып бір қарт кісімен жолдары тура келеді. Хазреті Әли қартқа құрмет етіп, алдына түспей артынан ақырын жүре береді. Мешіттің есігіне келгенде қарт адам мешітке кірмей ары қарай кете берді. Хазреті Әли бұл қарттың христиан екенін түсінеді. Мешітке кіргенде пайғамбарымыздың және сахабалардың рукуға иіліп тұрғанын көріп дереу намазға қосылды. Намаздан кейін сахабалар Расулуллаһтан неге бірінші рукуде ұзақ тұрғанын сұрады. Пайғамбарымыз:

- Руку тәспілерін айтып тұрайын деп жатқанда Жәбрейіл алейхиссалам келді. Басымнан ұстап тұрума кедергі болды. Бұның хикметінің не екенін білмедім,”- деді.

Сол кезде Жәбрейіл алейхиссалам пайғамбарымыздың алдына келіп:

- Йа Расулаллаһ сен рукудан тұратын кезде Аллаһу та’ала маған былай деп бұйырды: **«Бар Хабибімді ұста! Рукудан тұрмасын! Құлым Әли жолда бір қарттың сақалына құрмет етіп, жай келе жатыр. Ол да алғашқы рәкатқа үлгерсін!»** Сондықтан мен сізді, хазреті Әли келгенге дейін рукуде ұстап тұрдым.

**Ата-әже мектебі**

Италиялық профессор Анна Масала былай дейді: «Түркі халықтарының үлкендеріне, ата-әжелеріне деген құрметтері соншалық ата-енесі ме өз әжелері ме ажырата алмайсың.

Бүкіл балалар екі мектептен тәлім алады: ата-әжесінің мектебі және ұстазының мектебі. Меніңше бүкіл дүние жүзі өлкелері түркілердегідей ата-әже өмір салтына мұқтаж...»

Шынында мұсылман халықтарында үлкенге құрмет, кішіге ізет әдет-ғұрпына, қанына сіңген қасиет. Дініміз де мұны әмір етеді. Хадис шәрифтерде былай делінген: **«Әлсіздерге, науқастарға, қарттарға және кішілерге мейірімділік көрсетіңдер!»** (Шира)

**«Үлкендерін құрметтемеген, кішілерге мейірім етпеген адам бізден емес..»** (Бұхари)

**«Жас адам бір қарттың жасына қарап құрмет көрсетсе, оның жасына барғанда Аллаһу та'ала оған жастарды құрмет еттіреді»** (Шира)

Дініне, әдет-ғұрпына берік мұсылмандар қарттарын лайықты түрде құрметтейді. Сапарға шығатын адам үлкендерінің рұқсатын, батасын алып шығады. Бір ауылға немесе қалаға барған адам бірінші болып сол жердегі үлкендерінің қолын алуға барады. Той, жиындар қариялардың батасымен ашылады. Ата-әжелеріміз жиындарда ақыл-кеңестерін, насихаттарын айтып, адамдарды жақсылыққа шақырып, жас буындарға рухани тәрбие береді. Ата-әженің өмірлік тәжірибелері, білім-танымдары бала-шаға, немерелері үшін құн жетпес қазына болып табылады. Өйткені өмірлік тәжіриебені ешқандай ақшаға да, мал-мүлікке де сатып ала алмайсың. Келін үшін баланы қарауда, тәрбиелеуде, ауырған жағдайдағы ем-шаралар жөнінде жалпы барлық тұрғыда енесінің тәжірибелері, насихаттары асыл мұра. Ата-әжелер ертегі, аңыз-әңгімелері, насихаттары, өмірлік тәжірибелері арқылы, дінін, әдет-ғұрыптарын үйрету арқылы отбасын, немерелерін тәрбиелейді. Мұндай тәрбие көріп өскен бала әлбетте жетістікті болады.

## Әже мен немересінің әңгімесі

- Бүгін автобуста жантүршігерлік оқиғаға куә болдым. Жап-жас балақайлар, мектепті енді бітірген балалар болса керек, бір келіншектің сөмкесіне қол салып, тонап жатқанын көріп айғайлап бердім. Аялдамаға таяған кез болғандықтан тұра қашып, автобустан шығып зымырап жүгіріп кетті. Қан қысымым көтеріліп мен де сыртқа шықтым. Қол аяғым дірілдеп өз-өзіме келе алмай аялдамада біраз отырдым. Бесіктен белі шықпаған балалардың мұндай тірлігіне ішім сыздап, бір жағы мұндайды бұрын көрмегендікі ме, жүрегім дүрсіл қағып қоя берді. Ақыры үйге бір таксиге мініп келдім. Неге адамдар мұндай опасыздыққа барады екен?!- дей бергенінде әжесінің бетінен сүйген немересі сөзін іліп:

- Тәрбие көрмегендікі шығар әже! Өз басым солай ойлаймын. Тәрбие көрген бала ондайға бара қоймас. Есіңізде ме, мен мектептен байқаусызда бір баланың қаламын алып келгенімде қаншама рет жазғырып, біреудің затын рұқсатсыз алудың, ұрлаудың дұрыс емес екенін миыма құйып жіберген едіңіз. Сіздің тәрбиеңіздің арқасында ешкімнің ақысын жемейтін, ешкімге қастандық етпейтін азамат болып өстік. Кішкентай кезімізде де айтқан аңыз-әңгімелеріңіз, үйреткен тәлімдеріңіз әлі күнге дейін есімізде. Оң иығымыздағы періштелер жақсылығымызды жазады. Сол иығымыздағы періштелер жаман амалдарымызды жазады. Әр істі бастағанда «Бисмилләһ» айту керектігі, атамыздың бізді дәрет алғызып айт намазы, жұма намаздарына алып барған кездері, «Раббың кім? Дінің не? Кімнің үмбетісің? Кітабың не? Құбылаң қайда? Сенімде және амалда мазһабың қандай?» деген сұрақтар мен жауаптарын үйретуі, осының бәрі бізді тәрбиеге салды емес пе?! Сіздерге алғысымыз шексіз әже. Әр намазда сізге дұға етіп жүреміз, атамызға Құран бағыштап жүреміз,- деді. Көзінің жасын сүртіп отырып әжесі:

- Өркенің өссін балам, Аллаһу та'ала әрдайым көзіңді ашық қылсын!-деп дұға етті.

## Карттарға қамқор болу

Заманымызда адамдар батыстықтарда қандай жаман әдеттер бар болса алуды, қандай жақсы, пайдалы істері бар болса алмауды жеке ұстанымға айналдырғандай дәрежеде. Тіпті батыстықтар әлдеқашан қателігін түсініп артқа қайтуға, зияндарын жоюға тырысуда, ал біз әлі сол қателіктердің соңында жүрудеміз. Мәселен ағылшындар отбасы құрылымын сақтап қалу және ажырасу індетін азайту үшін отбасы жағдайын құптайтын үлкен буындардан, яғни ата-әжелерден қолдау сұрауда. Ата-әжелердің жаңа шаңырақ құрған балаларына және туылатын немерелеріне көбірек әсер етуі үшін оларды бірге немесе жақын жерлерге тұруға үгіттеуде.

Батыстықтарға еліктеп өзіне әр түрлі сылтаулар құрап шығарып ата-аналарын қарттар үйіне тапсырып жатқандар көбеймесе азайып жатқаны шамалы. Бұл да дәстүрлі отбасылық құндылықтардан жұрдай өскендердің қатарынан көруге болатын үрдіс. Мұндай үрдістер жеке басының рахатын ойлайтын, мейірімсіз ұрпақтардың жетілуіне жол ашуда. Өйткені әке-шешесін қарттар үйіне тапсырып жатқандар немесе бала-шағасының жәбірлеуіне төзе алмай қарттар үйіне қашып келген ата-әжелердің арасында ауқатты отбасылар жетерлік.

Дініміз ата-әжелерді қарттар үйіне тапсырып өмірлерінің соңын мұң шегіп өткізуін емес, бала-шаға немерелерінің жанында, оларға жылы шырай, жақсы мәміле етуді, оларды ренжітпеуді, тіпті "уф" деп айтпауды әмір еткен. Аллаһу та'ала Құран кәрімде:

**«Раббың тек Өзіне ғана ғибадат етулеріңді және әке-шешелеріңе жақсылық етулеріңді әмір етті. Егер олардың бірі немесе екеуі де жаныңда қартайса оларға «уф» деуші болма, ауыр сөз айтпа, оларға сыпайы және жылы сөйле, оларға жанашыр бол, қарапайым бол. Ол екеуіне**

**мейірімділік құшағыңды жай да: "Йа Раббым! Ол екеуі мені кішкентайымнан тәрбиелеп жетілдіргеніндей, сен де оларды рахымдылығыңа бөле!" деп дұға ет!»** деген. (Исра 23, 24)

Пайғамбарымыз: **«Егер сүт еметін балалар, белі бүгіңкі қариялар, жайылымдағы жануарлар болмағанда үстілеріңе азап селдей келер еді»** деген.

Қоғам адамдардың бір-біріне қамқор болуы, мейірімді болуы, жас-кәрі барлығының бір-біріне деген сүйіспеншілігі, құрметі арқылы көркейеді. Егер кәрілер пайдасы жоқ деп тәрк етілетін болса, ол қоғам құлдырауға ұшырайды. Құлдырамаған күнде де ол қоғамда тыныштық, береке қалмайды.

Егде жастағыларды бұл кезеңдерінде жалғыз тастамау керек. Олар бұл кезеңде көбінесе жас баладай, сезімтал келеді, бұрыңғыдан да көп сүйіспеншілік, құрмет күтеді. Ізделуін, сұралуын қалайды, қадірлі екендіктерін сезінуді қалайды. Әсіресе бала-шағалары тарапынан зейін, ілтипат көргісі және сыйлық алғысы келеді. Мен кәрімін ешнәрсеге жарамаймын, сондықтан қадірім қалмады, айтқанымды ешкім тыңдамайды деген ойларға түседі. Қарттар үйіне тасталғандары болса, мені қаламайды, мені жақсы көрмейді деп тіптен күйзелістерге түсіп өмірлері түңілумен өтеді.

Кәрілердің дерттеріне ортақ болып, өмірінің соңын бақыт ішінде өткізулерін қамтамасыз етуіміз керек. Олар бізге Аллаһтың аманаты. Кәрілер үшін дүниені өмір сүргісіз халге келтіретін жалғыздық сезімі. Замандастары дүниеден өткен сайын бұл сезім арта түседі. Бізге түсетін міндет оларды бұл сезімге түсірмеу. Қариялардың бізден күтетін ең маңызды нәрсе – құрмет. Өйткені бізден құрмет көрген сайын өткізген күндерінің босқа кетпегенін түсінеді. Лайықты құрмет көрсетіп, кейбір нәрселерде олармен ақылдасып, әлі де оларға мұқтаж екенімізді сезіндіруіміз керек. Кәрілер өмірінің әр

шағында біздерді жандарында көргісі келеді.

Адамдар қартайған сайын жас балаға ұқсайды. Осы себепті кейбір келеңсіздіктері болуы мүмкін. Бұларды түсіністікпен қабылдауымыз керек. Кез келген жағдайда адам өзін қарсыдағы адамның орнына қойып көрмейінше өзара түсіністік, өзара құрмет азая береді. Шыдамсыздықтардың басты себебі де осы. Олар біздің жастық шағымызды өткермейді, бірақ ертең біз олардың кәрілік шағын өткереміз, осыны ұмытпауымыз керек. Дүние кезек, бүгіннің ертеңі де бар.  Кейбір нәрселерді артқа қайтару мүмкін емес. Перзент ретінде мойнымыздың борышын дұрыс атқарсақ мәселе қалмайды, өмір бойы әттең былай еткенде ғой, әттең былай етпегенде ғой деген уайым жемейтін болады.

## Желім табақ

Қарт ағаш ұстасы әбден қартайып, көзінде нұр, қолдарында дәрмен қалмаған еді. Қолы қалтырағандықтан, қасығын ұстай алмай, тамағын дастарханға төгіп алушы еді. Баласы мен келіні оған «ұқыпты болмайды» деп ашуланатын. Әсіресе, аузынан аққан тамағы оларды жиіркендіретін еді. Ақыры, қарт кісінің дастарханын бөлек, жерге жасап, өздеріне үстел үстіне дайындайтын болды.

Кішкентай немересі Ерсұлтан атасының бұл халіне жаны ашып, тамақ жегенде атасының қолынан ұстап, төкпей жеуге көмектесуші еді. Бір күні қарт кісі жасқа толы көзімен үстелдегілерге қарап отырғанында, қолындағы табағын түсіріп алып, сындырып қояды. Оның мұнысына бұрынғыдан да қатты ашуланған балалары көңіліне келер сөздер айтты. Осыдан кейін тамақты желім табақпен бере бастады. Бір күні қарт ағаш ұстасының баласы әйелінің жемістерді желім табақтарға салып жатқанын көріп:

- Таста бұларды,- дейді. Ерсұлтан желім табақтардың екеуін алып қалып:

- Апа, бұларға тиіспе. Келешекте керек болады,- дейді. Әкесі білгісі келіп:

- Не істейсің оларды?- деп сұрайды. Сонда Ерсұлтан былай дейді:

- Қартайған кездеріңізде сіздерге де осы табақтармен тамақ беремін,- дегенде, Ерсұлтанның әке-шешесі «Ата-анаңа не істесең, алдыңа сол келеді» деген нақыл сөзді ұмытқандарын түсініп, істегендеріне өкінеді.

Ағаш ұстасының ұлы мен келіні қарияға істеген әрекеттері үшін қатты ұялып, кешірім сұрап, оны қайтадан өз қатарларына алып, жағдайын жасай бастады.

## ДІНІМІЗДЕ ӘЙЕЛДІҢ ОРНЫ

**Сұрақ:** Қазіргі таңда "Өмір – бәріне ортақ, еркек те әйел де тең" деген сияқты сөздер айтылып әйелдерге зұлымдық жасалуда. Ең ауыр, ең төмен жұмыстарда да әйелдер жүреді. Ислам дінінде әйел адам үй ішінде және сыртында жұмыс істеп, ақша табуға мәжбүр ме? Дініміздегі әйелдердің құқылары қандай, сол жайында мәлімет бересіз бе?

**Жауап:** Ислам діні келместен бұрын әйелдердің ешқандай қадірі жоқ еді. Араптар қыз балаларын тірідей көметін, Қағбаның айналасында да әйелдер жалаңаш жүре беретін еді. Ислам діні келгеннен бастап бұл жаман әдеттер жойылды.

Қазіргі заманда да әлемнің көптеген жерлерінде әйелдерге қорлық көрсетілуде. Бір жазушы әйел былай дейді:

«Көрмелерге барған сайын сандарын жалтыратып, соңғы модел машинаның үстіне отырған қысқа етекті юбка киген тірі маникендерді көргенімде ішім ашиды, жаным сыздайды. Сондай-ақ оларға таң қаламын.

Азды көпті өзін қадірлейтін бұл әйелдер ол жерде тұрып әлгі машиналардың аксессуары секілді өзінің саудаға салынуына қалай төзе алады. Әйел затын мұншалықты

төмендететін осындай әйелдерге де, және оларды сонда отырғызып, алушыны алдап тауарын сатуға тырысатындарға да қарсы ішім ызамен қайнайды.»

Әйелдер ислам дінінің өздеріне берген қадірін, жеңілдігін, еркіндігін білсе, бүкіл дүние жүзінің әйелдері бірден мұсылман болар еді.

Мұсылмандықта әйел сұлтан. Дініміз әйелге көп қадір берген. Ал еркекке көп жауапкершілік жүктеген. Исламда әйел үй ішінде және сыртында жұмыс істеуге, ақша табуға мәжбүр емес. Тұрмыста болса, күйеуі, тұрмысқа шықпаған болса әкесі, әкесі жоқ болса, ең жақын еркек туысы еңбек етіп оның қажеттіліктерін қамтамасыз етуге мәжбүр. Жақын туысы жоқ болса немесе кедей болса, “Бәйтул мал”, яғни мемлекет қазынасы әр түрлі қажеттіліктерін қамтамасыз етуге міндетті.

Исламда күнкөріс жүгі еркекпен әйел арасында бөлістірілген емес. Ешбір еркек әйелін бақшада, фабрикада немесе қандай да бір жұмыс орнында еңбек етуге мәжбүрлей алмайды. Егер әйел өзі қаласа және күйеуі де разы болса әйел өзіне ыңғайлы болған жұмыста істей алады. Бірақ тапқан табысының бәрі өзінікі болады.

Мұсылман әйелі сауда-саттық, ғылым, өнеркәсіп, егіншілікпен шұғылдануға мәжбүр болмаса да, бұлармен шұғылдануына, ақша табуына тыйым салынған емес, харам да емес. Бірақ бұлармен шұғылданғанда және ілім үйренгенде еркектер арасына кірмеулері, оларға ашық күйде көрінбеуі, харамнан ұзақ болуы керек.

Әйелдің жасаған күнәларының жазасын оған сол күнәні жасауға рұқсат берген еркек де тартады. Ал еркектің жасаған күнәсінің әйелге зияны жоқ.

Мұсылман әйелдің үй істерін атқаруы оның ихсаны (жақсылығы) саналады, өте сауапты болады. Жасамаса күнә емес. Ешкім мәжбүрлеп жасата алмайды. Расулуллаһ

алейһиссаламның дәуірінен осы күнге дейін мұсылман әйелдер бұл ихсанын (жақсылығын) орындап келген.

Әрбір әйел бір еркектің қызы, не әпке-қарындасы немесе әйелі не болмаса анасы. Әйелдерге жаман, әбес нәрселерді лайық көрмеу керек. Оларды лайықты түрде қадір тұту керек. **(Р. Насихин)**

Хадис шәрифтерде былай делінген: **«Мүмин жаман мінезді деп әйеліне ашуланбасын! Оның жақсы мінезі де болады.»** (Мүслим)

**«Әйел әлсіз жаратылыс. Әлсіздігін үндемеу арқылы жеңіңдер! Үйдегі кемшіліктерін көрмеуге тырысыңдар!»** (Ибн Лал)

**«Әйелімен жақсы мәміледе болып, қалжыңдасқан адамды Аллаһу та'ала жақсы көреді, ризықтарын арттырады.»** (И. Лал)

**«Мұсылмандардың ең жақсысы, ең пайдалысы әйеліне ең жақсы, ең пайдалы болған адам. Сендердің араларыңда әйеліне ең жақсы, ең қайырымды, ең пайдалы болған менмін.»** (Нәсаи)

**«Әйеліне күлімдеп қараған еркектің амал дәптеріне бір құл азат еткендей сауап жазылады.»** (Р. Насихин)

**«Әйелдерді тек текті және абыройлы адам ғана қадір тұтады. Оларды тек жаман және төмен адамдар ғана қор көреді.»** (И. Асакир)

**Сұрақ:** "Исламда әйелдердің қадірі жоқ" деп айтылып жатады. Исламда әйелдердің орны қандай?

**Жауап:** Дінімізді білмейтін адамның Исламның әйелге берген қадірі туралы айтуы, соқыр адамның пілді сипаттап беруіне ұқсайды.

Бір соқыр кісі пілдің аяғынан ұстап, "Піл тірек сияқты" дейді. Басқа бір соқыр адам пілдің денесінен ұстап "піл дуал сияқты" дейді. Тағы бірі пілдің тұмсығын ұстап "піл жылан сияқты" дейді. Көрген адаммен көрмеген адам бірдей болмайтынындай, білетін адаммен білмейтін адам да бір емес.

**Еркектер үнемі кемшілікті өзінде деп ойлауы керек**

Құран кәрімде адамға келген қиыншылықтар күнәларының себебімен келетіні білдірілуде. Фудайл бин Ияд хазреттері: «Дінге сай болмаған іс жасағанымды әйелімнің мінез өзгерісінен аңғаратын едім. Дереу ол ісіме тәубе еткенімде әйелімнің мінезі де дұрысталатын. Осылай тәубемнің қабыл болғанын түсінетін едім» деген. Олай болса мұсылман еркек әйелімен жақсы мәміледе болады. Өйткені еркектердің мойнында әйелдердің де ақылары бар. Хадис шәрифте: **«Әйелдеріңді ренжітпеңдер! Олар Аллаһу та'аланың сендерге берген аманаты. Оларға жылы мәміледе болыңдар, жақсылық жасаңдар!»** делінген. (Мүслим)

Үйге келгенде әйеліне сәлем беріп хал-жағдайын сұрау керек, ренішімен қуанышына ортақ болу керек. Өйткені ол басқалардан үмітсіз және өзіңе ғана байланған жолдасың, дертіңе ортағың, көңіліңді көтеруші, бала тәрбиелеп жетілдіруші және түрлі қажеттіліктеріңді толықтырушы.

Еркектер үнемі кемшілікті, кінәні өзінде деп ойлауы керек, «Егер мен жақсы болғанда, ол мұндай болмас еді» деп ойлауы керек. Әйелінің жақсылығын, арлылығын Аллаһу та'аланың берген үлкен ниғметі деп білу керек. Әйелінің жаман мінезіне жұмсақ, сабырлы мәміле жасау керек. Жақсылығы көбейіп, барлық ісін қуана қуана істегенінде оған дұға ету керек және Аллаһу та'алаға шүкір ету керек. Өйткені жақсы әйел үлкен ниғмет. Жақсы мәміледе болу тек қана оны ренжітпеу емес, сондай-ақ оның берген қиыншылықтарына да төзу деген сөз. Яғни еркек «мен жақсы күйеумін» дегісі келсе, әйелінен келетін қиыншылықтарға төзуі, сабырлы болуы керек. Хадис шәрифте: **«Әйелінің жаман мінезіне сабыр еткен еркек, Әййуб пайғамбардың сабыры үшін берілгендей сауаптарға қауышады»** делінген. Жақсы мұсылман болу үшін әйелімен жақсы мәміледе болу шарт. Құран кәрімде де **«Олармен жақсы мәміледе болыңдар!»** делінген. (Ниса 19)

## Әйелдердің жаратылысы

**Сұрақ:** Әйелдер әлсіз, нәзік жаратылғандықтан еркектерге аманат етілгендігі, ер адамның отбасында отбасы басшысы болуы керектігі, әйелге ер адам жауапты екендігі, бірақ әйелдің ер адамға жауапты еместігі айтылуда. Осы жайлы аят немесе хадис бар ма?

**Жауап:** Иә, бар. Құран кәрімде былай делінеді:

**«Ей иман келтіргендер, өздеріңді және бала-шағаларыңды оттан қорғаңдар, ол оттың отыны адамдар мен тастар.»** (Тахрим 6)

**«Еркектердің әйелдерде, әйелдердің еркектерде ақылары бар. Алайда еркектер әйелдерге қарағанда бір дәреже үстемдікке ие.»** (Бақара 228)

**«Еркектер әйелдердің басшысы. Өйткені Аллаһу та'ала кейбір құлдарын кейбірінен үстем етіп жаратқан.»** (Ниса 34)

Хадис шәрифтерде былай делінген:

**«Әйелдерді Аллаһу та'аланың аманаты ретінде алдыңдар және оларға жақындауларың Аллаһтың әмірімен халал етілді. Сендердің оларда ақыларың болғанындай, олардың да сендерде ақылары бар. Төсектеріңе ешкімді жақындатпау және белгілі жағдайларда сендерге бас көтермеулері – сендердің оларда болған ақыларың. Олар сендердің бұл ақыларыңа мойынсұнса, ризықтандырылу, киіндірілу олардың ақылары.»** (Ибн Жәрир)

**«Әйел қабырға сүйегінен жаратылған. Ешқалай да түзу бола алмайды. Оны түзулеуге тырыссаң сындырып аласың. Әйелдің сынуы – ажырасуы деген сөз.»** (Бұхари)

**«Әйел әлсіз жаратылған және әурет болып табылады. Әйелдердің әуреттерін үйде ұстап жабыңдар!»** (Ибн Лал)

**Сұрақ:** Әйел үстем бе әлде еркек пе?

**Жауап:** Бұл қате сұрақ. Бұл «Мына инженер мықты ма әлде

ана адвокат па» деген сұраққа ұқсайды. Адвокаттан мықты инженер, инженерден мықты адвокат болады. Еркектен үстем әйел көп. Жыныстары, қасиеттері өзгеше болғандар салыстырылмайды. Мысалы, алма алмұрттан немесе алмұрт алмадан жақсы делінбейді. Өйткені, бұлар екі түрлі нәрсе.

Жүз келілік палуан мен елу келілік палуан бір-бірімен күреске шықпайды. Әр палуан өз салмағындағы палуанмен күреседі. Ауыр салмақтағы палуан өз қарсыластарының барлығынан жеңіліп, елу келідегі палуандардың барлығын жеңсе медаль ала алмайды.

Әйел мен еркекті салыстырып, «Әйел баланы дүниеге әкеледі, еркек әкелмейді, бұл теңдік емес» дегендей қорытынды шығару әбестік. Аллаһу та'ала әйел мен еркекті әртүрлі іс үшін жаратқан. Физикалық тұрғыдан екеуі бір-біріне ұқсамайды. Бір-біріне ұқсамайтын екі нәрсе бір-бірімен салыстырылмайды.

Еркек тұрып: «Ақыры әйел мен еркек тең екен, неге әйелдер де біз сияқты жердің астында көмір және басқа да қазба жұмыстарында жұмыс істемейді» демеуі керек. Өйткені әйелдің дене бітімі бұған төзімді емес. Кейбір мемлекеттерде әйелдер мұндай салада жұмыс істеп жатқан болса да бұл теңдік емес, қорлық болып табылады. Әр адамға өзіне лайық жұмыс берілуі керек!

Аллаһу та'ала әйелді де еркекті де кез-келген іске бейім етіп жаратпаған. Әйелдің боксшы, күресші болмауы оның абыройын түсірмейді. Лимонның қышқыл болуы лимон үшін кемшілік емес. Өйткені лимон сол қышқылдығы үшін алынады. Аллаһу та'ала әйелді ауыр істерге бейім етіп жаратпаған. Еркек пен әйел екі жыныс. Алма мен алмұрттың салыстырылмайтыны сияқты, әйел мен еркектің бір-бірінен артықшылығы туралы айтылмайды. Тек сипаттары бірдей болған нәрселер ғана салыстырылады. Сипаттары әртүрлі болған нәрселер салыстырылмайды. Мысалы,

кеме, ұшақ және автобус көлік құралы болса да бірінің екіншісінен артықшылығы айтыла алмайды. Ұшақ теңізде жүре алмағандығынан кемеден нашар деп айтылмайды. Кеме жерде жүре алмағандықтан велосипедтен жаман деп айтылмайды. Кеме басқа бір кememен, ұшақ басқа бір ұшақпен салыстырылуы мүмкін. Екеуі де жерде жүре алса да танк пен автомобиль салыстыруға келмейді. Танк автомобиль сияқты тез жүре алмағандықтан ол нашар деп айтылмайды. Әр қайсысының өз міндеті, қолданылатын жері бар.

Бокста екі әйел бір еркектей ғана төбелесе алуы мүмкін делінсе, бұл әйелді кемсіткен болмайды. Аллаһу та’ала әйелді ақыл мен дене тұрғысынан еркектерден өзгеше етіп жаратқан. Жаратушы жер бетінде ақылды әйел жаратқаны сияқты, ессіз еркекті де жаратқан. Әйелдердің де, еркектердің де ешбірінің де ақылдары бірдей емес. Ешкім тұрып: «Йа Раббым неге адамдардың ақылдарын бірдей етіп жаратпадың» дей алмайды. Жаратушы сұраққа алынбайды. Көптеген тұрғыдан әйелдер мен еркектер салыстырыла алмайды. Екеуі де барлық жағынан бірдей болуы керек делінбейді. Екі еркек те барлық жағынан бір-бірімен бірдей емес. Екі әйел де осындай. Үстемдік Аллаһтың дәргейіндегі қадіріне байланысты болады. Мұсылман кедей бір қара нәсілді адам, мұсылман емес патшадан салыстыруға келмейтіндей дәрежеде үстем болып табылады.

Дініміздің байлар мен әйелдердің көбісінің жаһаннамға кететінін білдіруі – байлар мен әйелдерді қорлау емес. Байлардың көбі ақшаларын пайдалы нәрседе қолданбайтындықтан, зиянды нәрселерде қолданатындықтан, ысрап ететіндіктен, соларға ескерту мақсатында «Мыналарды істемесеңдер жаһаннамға барасыңдар» делінген.

Сол сияқты әйелдер де еркектерге қарағанда көбірек әсерленіп көбірек күнә жасағандары үшін «Күнә істемеңдер, жаһаннамға түсесіңдер» деп ескертілуде. Жақсы әйелдерді

және байлығын жақсы жолда жұмсайтындарды да Аллаһу та'ала мақтаған. Құран кәрімде мүлікті жақсы нәрсе ретінде білдіруде, салиха әйелдерді мақтауда. Кәпір еркектердің жаһаннамға баратынын білдіріп жатып, мұсылман әйелдердің жаннатқа баратынын білдіруде.

Олай болса «ислам әйелге мән бермеген» деп айту, дін дұшпандығынан басқа ешнәрсе емес. Аллаһқа қарсы шыққан әйел немесе еркектің жаһаннамға баруы қалыпты нәрсе емес пе? Мемлекетті құлатуға тырысқан анархист әйелдерді қамауға алғаны үшін мемлекетті әйелдің дұшпаны деуге бола ма?

Дініміз әйелге қатты қадір берген, еркекке көп жауапкершілік жүктеген. Әйелдер үйде немесе сыртта жұмыс істеуге мәжбүр емес. Тұрмыс құрған болса күйеуі, тұрмыс құрмаған болса әкесі әйелге қажеттіліктерін әкеліп беруге мәжбүр болып табылады. **(Хидая, Р.Насихин)**

**Сұрақ:** Мен атеист немесе феминист әйел емеспін. Хикметін білмесем де ислам әмірлеріне сенемін. Бірақ, феминисттерге және өз сұрақтарыма да жауап бере алуым үшін кейбір сұрақтарым бар. Неге Құранда, хадисте және ислам ғұламаларының жалпы кітаптарында бүкіл насихаттар, ескертулер, әмірлер-тыйымдар еркектерге қарата айтылады? Әйел адам емес пе? Сонымен қатар аяттар мен хадистерде еркекке әйелден бұрын айтылады. Мысалы мына аяттарда еркектерге қарата айтылған:

**«Еркектер әйелдерге басқарушы және билеуші** (отбасының басшысы). **Ей иман келтіргендер, хижрет етіп келген мұсылман әйелдерді сынаңдар. Егер иманды болса, кәпірлерге қайтып жібермеңдер. Өйткені, мұсылман әйелдің кәпірмен үйленуі халал емес.»** (Мумтәхина 10)

**«Иман келтірмейінше, мүшрик** (атеист) **әйелдермен үйленбеңдер. Иман келтіргенге дейін мүшриктерге әйелдерді тұрмысқа бермеңдер!»** (Бақара 221)

**«Ораза түнінде әйелдеріңмен қосылуларың сендерге халал етілді.»** (Бақара 187)

**«Әһли кітап** (яһуди және христиан) **әйелдермен үйленулерің халал.»** (Маидә 5)

**«Нашизә әйелдерге насихат етіңдер, төсектеріне кірмеңдер»** (Ниса 34) Әйел нашизә болып, еркек нашиз болмай ма? Неге Аллаһ еркектің әйелге насихат етіп, оны тәрбиелеуін әмір етуде? (Нашиз: Жұбайына зұлымдық жасаған еркек. Нашизә: Ерінің төсегіне келмейтін және оның рұқсатынсыз үйін тәрк етіп кететін әйел.)

**Жауап:** Аят пен хадистен дін үйренілмейді. Өйткені, дін үйренемін деп жүріп, қате түсініп діннен шығып кету қаупі бар. Сіз жазған бірінші аятта білдірілгеніндей Аллаһ еркекті басқарушы етіп жаратқан. Ит немесе жылан етіп те жарата алатын еді. Аллаһтың әміріне разы болу керек. Фабрикада әр бөлімшенің өзінің бастығы болады. Ең жоғарыдағы басшы әр жұмысшыға не істеу керектігін біртіндеп айтып жүрмейді. Қол астындағы бөлім бастықтарына айтады. Жұмыстың барысынан сол бөлім басшыларын жауапты қылады. Осы сияқты Аллаһу та'ала да үйдің басшысына әмір етуде, соны жауапты етуде. Еркектердің істеген күнәсына әйелді жауапты етпейді. Бірақ, әйелдердің істеген күнәсына күйеуі жауапты болып табылады. Әр ниғмет бір қиыншылықты талап етеді. Жауапкершілігі көп адамның басшы болуы қалыпты нәрсе.

Маидә сүресінің 38-ші аятында **«Ұрлық жасаған еркек пен әйел»** деген сөз өтеді. Бірінші еркектің айтылуы оның Аллаһ дәргейінде үстем екенін көрсетпейді. Бәлкім, ұрлық еркектер тарапынан көп жасалғандықтан бірінші айтылған шығар. Нұр сүресінің 2-ші аятында **«Зина еткен әйел мен еркек»** деген тіркес өткен. Бұл жерде бәлкім әйелдің рөлі басымырақ болғандықтан әйел еркектен бұрын білдірілді. Бірінші айтылу оның артық немесе кем екенін білдірмейді. Бір аятта да былай делінген: **«Еркек немесе әйел мұсылман**

**болып жақсы амалдар жасаған жаннатқа кіреді.»** (Ниса 124) Бұл аят та еркектің әйелден артық екенін көрсетпейді. Артық болу, үстемдік – мұсылман болып жақсы амалдар жасауда. Еркек болсын, әйел болсын, иманы жоқ кісінің жақсы іс жасауының ешқандай құны жоқ. Аллаһу та’ала әйелді еркекке аманат етіп, аманатқа қиянат жасамауын да әмір етті. Хадис шәрифтерде былай делінген:

**«Әйелдеріңді ренжітпеңдер. Ол Аллаһу та’аланың сендерге аманаты.»** (Мүслим)

**«Мұсылмандардың иман тұрғысынан ең үстемі – мінезі ең жақсы болғаны және әйеліне ең жақсы, ең мейірімді мәміледе болғаны.»** (Тирмизи)

**«Әйелінің және балаларының ақыларын өтемейінше адамның намаздары, оразалары қабыл болмайды.»** (Мүршид-ун-ниса)

**«Әйелін ұрған Аллаһ пен Расулына қарсы шыққан болады. Қияметте оның дұшпаны мен боламын.»** (Р. Насихин)

**Атеисттің жаласы**

**Сұрақ:** Бір атеист «Әйелдерді ұру керектігін білдіретін хадистер бар» деп, мұсылмандыққа сын айтуда. Бұл өтірік емес пе?

**Жауап:** Әрине өтірік. Атеист Аллаһқа сенбегендіктен және Одан қорқпағандықтан, әр түрлі өтірікті қысылмай айта береді. Өйткені оның ойында күнә деген түсінік жоқ. Өзіне ешқандай материалдық зиян келмегенше өтірік таратудан тартынбайды. Дінімізде жақсы мұсылман болу үшін жұбайымен жақсы қарым-қатынаста болу шарт. Құран кәрімде: **«Оларға жақсы, жылы мәміле таныт!»** – делінеді. (Ниса 13)

Хадис шәрифтерде де былай делінген:

**«Мұсылман адам жұбайының жаман мінезіне ашуланбасын! Оның жақсы мінезі де болады.»** (Мүслим)

**«Әйел – әлсіз жаратылыс. Әлсіздіктерін үндемеумен жеңіңдер! Үйдегі кемшіліктерін байқамаңдар!»** (Ибн Лал)

**«Мұсылмандардың иман тұрғысынан ең үстемі – мінезі ең жақсы болғаны, әйеліне ең жақсы, ең мейірімді түрде қараған адам.»** (Тирмизи)

**«Мұсылмандардың ең жақсысы, ең пайдалысы – әйеліне ең жақсы, ең пайдалы болғаны. Сендердің араларыңда әйелінің алдында ең жақсы, ең қайырлы, ең пайдалы болған менмін.»** (Нәсаи)

**«Әйелін ұрған адамның қияметте дұшпаны мен боламын. Әйелін ұрған адам Аллаһ және Расулына дұшпан болады.»** (Р.Насиһин)

**«Әйелдеріңді ренжітпеңдер! Олар Аллаһу та'аланың сендерге берген аманаты. Олармен жұмсақ болыңдар, жақсылық жасаңдар!»** (Мүслим)

**«Әйеліне күлімдеген жүзбен қараған еркектің дәптеріне бір құл азат еткендей сауап жазылады.»** (Р.Насиһин)

**«Әйелімен жақсы тұрып, қалжыңдасқан адамды Аллаһу та'ала жақсы көреді, ризықтарын арттырады.»** (И.Лал)

**«Әйелінің жаман мінездеріне шыдаған еркек, бәле-жалаға сабыр еткен Әййуб алейһиссалам сияқты марапаттарға қауышады.»** (И.Ғазали)

**«Өз жегеніңнен әйеліңе де жегіз, өзің киінгеніңдей оны да киіндір, оған бетіңді тыжырайтпа, қабағыңды аспа және оны ұрма!»** (Әбу Дауд)

**«Аллаһтың құлдары болған әйелдерді ұрмаңдар!»** (Ибн Мажа, Дарими)

Басқа бір атеист те осы хадистерді оқығанда «Қара, тек еркекке қарата «Әйеліңді ұрма, әйеліңе мұны ал» делінеді, еркекке айтылып жатыр. Әйелге «Күйеуіңді

ұрма!» делінбеген. Демек, еркектердің осыған бір құқығы бар» деген еді. Әмірсіз (басқарушысыз) қоғам болмайды. Дінімізде жанұяның басшысы, яғни әмірі – еркек. Сондықтан міндеттер еркекке, яғни басшыға жүктеледі, үндеу де, әрине, басшыға айтылады.

**Христиан әйелдің мұсылман әйелдерге жазған хаты**

... Сендер бізге қарағанда бақыттырақ көрінесіңдер. Өйткені сендер табиғи әйел өмірімен тіршілік етудесіңдер. Әлем жаралғаннан бергі әйелдер өмір сүріп келген өмір салтын батыс әйелдері де 1960-шы жылдарға дейін ұстанып келді. Осы жылдардан кейін біз (американалық әйелдер) Голливуд киноларының шабуылына, яғни арандатушылығына тап болдық. Мен сендердің де бастарыңа осындай күндердің келуін қаламаймын. Өйткені мұның салдарында біз сияқты қорлықтарға душар боласыңдар. Егер біз сияқты осындай арандатушылықтың нәтижесінде көп нәрсені жоғалтқандардың жан айқайына құлақ салсаңдар, бәлкім сендер бұл апаттан аман қаласыңдар. Өйткені Голливудтың шығарып жатқан киноларындағы өмір өтірік, барып тұрған сұрқиялық. Олар кездейсоқ болған зинаның ешқандай зияны жоқ, жай ғана көңіл көтерудей етіп көрсетеді. Осы арқылы қоғамның ар-ұяттылық, әдеп-ахлақ қағидаларын жойып, оның орнына өздерінің зиянды, улы бағдарламаларын енгізуді қалайды. Американалық әйелдерді бүкіл әлемге бақыттысымақ етіп көрсететін, отбасымыз, күйеуіміз жоқтығына және жезөкшенің киімі іспеттес киімдерімізбен бізді өте қуанышты әйел ретінде көрсететін, шахуатты қоздыратын фильм және клиптермен олар сендерді де азғырып, бастарыңды айналдырмақ. Біз көпшілігіміз бақытты емеспіз, маған сеніңдер. Біздің арамызда миллиондаған әйел стреске қарсы антидепрессанттармен емделуге мәжбүр, ал түндері, жақсы көретіндерін айтып, құмарларын қандырған соң тастап

кететін еркектердің кесірінен жылаумен өтеді. Олар сендердің отбасыларыңды бұзуды және аз балалы болғандарыңды қалайды. Олар осы мақсатпен үйленуді өзін құлдыққа итермелеу деп, ана болуды қорлық, ал арлы, пәк болуды артта қалушылық, кері тартпа деп көрсетеді. Олар, Хауа анамызды тыйым салынған жемiспен алдаған Ібіліске ұқсайды. Бұған алданбаңдар! Мен сендерді қымбат, құнды жауһардай, таза алтындай қадірлісіңдер деп есептеймін. Әйелдің ар-намысы – баға жетпес байлық. Ал олар бұны арзан деп сендіруге тырысуда. Әйелдің қадірін ештеңемен теңестіруге болмайды. Батыстағы моданың міндеті, «Сендердегі ең бағалы нәрсе – шахуатты қоздырарлық келбет»- деп сендіру. Бірақ бұл қаншалықты оғаш естілсе де, сендердің әдемі киімдерің батыстың кез-келген модасына қарағанда әдемі. Өйткені олар сендерді құпиялық шеңберіне орап және сендердің ар-ождан, асқақ абыройларың мен сенімдеріңді көрсетіп тұрады. Әйел жыныстық тартымдылығын бөтен көздерден сақтауы тиіс. Өйткені ол сені сүйетін және құрметтейтін, сенімен тұрмыс құратын адамға сыйлық болу керек...

Біздің еркектер пәктікке мән бермей қойды. Олар шынайы бриллианттың қадірін түсінбей, көрінісі әдемі болған жасанды тастарды таңдайтын болды. Таңдағанда да, соңында оны да тастап кету үшін таңдайтын болды! Сендердегі ең қымбат нәрсе – сендердің ішкі сұлулықтарың, пәктіктерің және өздерің қандай болсаңдар солай көрсетіп тұратын жақтарың. Соған қарамай мен мына нәрсені байқадым.

Кейбір мұсылман әйелдер батыстықтарға еліктеуге тырысуда. Өз абыройынан айрылғанына өкініп жатқан немесе бұл абыройдан жақын күнде айрылатыны анық болған әйелдерге еліктеудің не қажеті бар? Сендер ақаусыз, мінсіз алмаз, асыл тассыңдар. Сендерді алдауға, құны жоқ тастарға айналдыруына жол бермеңдер. Сендер көріп жүрген батыстың мода журналдары мен теледидарларындағы

көріністердің барлығы жалған, көзбояушылық. Бұл – ібілістің тұзағы.

Сондай-ақ, қызығушылық танытып жүргендер бар болса, олар үшін кішкентай бір сырды ашайын. Үйленуге дейінгі жыныстық қатынас соншалықты қызық нәрсе емес. Біз өз денемізді өзіміз сүйген еркектерге сеніп тапсырдық. Бұл жағдай оларды бізді жақсы көруге және бізге үйленуге мәжбүрлейді, деп ойлаған едік. (жасөспірім кезеңінде теледидарларда көргеніміздей). Алайда әрдайым бірге болудың кепілі ретіндегі некенің болмауы және әрдайым қасында болатынына сенімсіздікпен ұштасқандықтан жағымсыз, тіпті жаман әсер қалдырады. Бұл – қасірет, масқаралық және сезімдердің сөнуі болып табылады. Көз жасымызды көлдетуіміздің себепкері. Әйел ретінде мені түсінесіңдер деп ойлаймын. Өйткені әйелдің көңіліндегі қайғы-қасіретті тек әйелдер ғана шынайы түрде түсіне алады. Біз барлығымыз негізінде бірдейміз. Біздің нәсіліміз, ұлтымыз немесе  дініміздің өзгеше болуы мұны өзгертпейді. Әйелдің көңілі – барлық жерде бірдей. Біз жақсы көреміз. Бұл біздің қолымыздан келетін істердің арасында ең жақсы орындай алатын ерекшелігіміз. Біз отбасымызды аялаймыз, үйде жайлылық, тыныштық орнатып, жақсы көретін еркектерімізді қодап күш-қуат береміз. Бірақ біз америкалық әйелдер қатты алдандық. Жақсы жұмысымыз болса, жалғыз тұра алатын жеке үйіміз болса және таңдауымыз түскен жанға махаббатымызды ұсына алатын еркіндік болса, сонда бақытты бола аламыз деп ойладық.

Бұл еркіндік те емес және махаббат та емес. Некелесіп тұрмыс құрған жұптар ғана шынайы түрде жақсы көре алады. Бұдан басқасына разы бола көрмеңдер. Өйткені некесіз қатынас арқылы, шынайы түрде жақсы көре алмайсыңдар, нәтижеде өздеріңді де жек көретін халге түсесіңдер, тастандыға айналған кезде.

Бұл күнә ешқашан жуылып кетпейді. Әрқашан өзіңе қиянат болып қайтады. Тіпті, мен өз намысымды қайтаруға тырыссам да, алдыңғы тапталған намысымның қадірін қайтара алмаймын. Бізге жас кезімізден «мұсылман әйелдері төрт дуал ішінде орамалмен жабынып, зардап шегуде» деп миымызды жуып тастаған.

Ал негізінде зұлым көріп жүрген – біздерміз. Бізді қорлап жүрген моданың құлы, салмағымыздың сары уайымымен әлек, ес тиюды қаламайтын, балалықтан шыға алмай жүрген еркектерден махаббат күтіп жүрген жандармыз. Ой-санамыздың түкпірінде біз алданғандығымызды білеміз. Бізден кейбірлері мойындамаса да, ішкі әлемімізде сендерге таңғаларлық, хасед және әуестікпен қараймыз. Өтініш, бізді кемсітпеңдер және бізге осы жағдай ұнайды деп ойламаңдар. Бұған біз кінәлі емеспіз. Жастық шағымызда көпшілігіміздің қорғайтын әкеміз болмады, өйткені біздің отбасымыз бұзылып кеткен еді. Бұның себепшілері кім екенін бәріміз білеміз.

Құрметті әпке-сіңлілерім! Сендерді де біздер сияқты ақымақ қылуына, жолдан тайдыруына жол бермеңдер. Сендер тазасыңдар, пәксіңдер. Сол пәктіктеріңмен қалыңдар. Біз христиан әйелдері, шынайы әйел қандай болу керектігін көруіміз керек. Бізге үлгі болуларың үшін біз сендерге мұқтажбыз. Өйткені біз адасқан әйелдерміз. Өз пәктіктеріңді сақтаңдар!

Мына нәрсені ұмытпаңдар! Тіс пастасын қайтадан ыдысына салу мүмкін емес. Сондықтан өз ар-намыстарыңды қорғаңдар! Менің сендерге деген таңданысым және шынайы құрметіммен жазған насихатымды қабыл етесіңдер деп үміттенемін!

Жазушы, журналист – Джоанна Фрэнсис (АҚШ)

# БӨТЕН ӘЙЕЛДЕРГЕ, ЕРКЕКТЕРГЕ ҚАРАУ

**Сұрақ:** Бөтен әйелдерге қарау күнә ма?

**Жауап:** Махрем болмаған (бөтен) әйелдерге де, еркектерге де қажетсіз және шахуатпен қарау күнә болады. Құран кәрімде былай делінген:

**«Ей Расулым, мүминдерге айт, харамға қарамасын және әурет жерлерін харамнан сақтасын! Иманды болған әйелдерге де айт, харамға қарамасын және әурет жерлерін харамнан сақтасын!»** (Нур 30)

Хадис шәрифтерде де былай делінген: **«Еркектің әйелге, әйелдің де еркекке** (шахуатпен) **қарауы харам.»** (Табарани)

**«Харамға қарау – шайтанның уланған оғы. Аллаһу та'аладан қорқып бөтен әйелге (қызға) қарамаған адамға ләззатты иман нәсіп болады.»** (Рамуз)

**«Бөтен әйелге (қызға) шахуатпен қараған адамның көздері отпен толтырылып, жаһаннамға тасталады, онымен қол алысқанның қолдары еңсесіне байланып, жаһаннамға қуылады, қажетсіз және шахуатпен сөйлескен адам әр сөзі үшін мың жыл жаһаннамда қалады.»** (Р.Насихин)

**«Көршінің немесе досының әйеліне шахуатпен қарау, бөтен әйелге қараудан және тұрмыс құрған әйелге қарау бойдақ қызға қараудан үлкенірек күнә. Зина да осындай.»** (Р.Насихин)

Пайғамбарымыз ешбір әйелмен қол алыспаған. Хадис шәрифте былай делінген:

**«Әрине мен әйелдермен қол алыспаймын.»** (Нәсаи, Ибн Мажа, Табарани)

Хазреті Айша анамыз былай деген:

**«Расулуллаһ өзіне халал болған әйелдерден басқа ешбір әйелмен қол алыспаған.»** (Бұхари, Мүслим)

Тағы хадис шәрифтерде былай делінген: **«Бір еркектің**

**басына темір қазықтың қадалуы, намахрем әйелге қолын тигізудің қасында өте жеңіл бір әрекет болып қалады.»** (Табарани, Бәйһақи)

**«Бөтен әйелмен құшақтасқан адам шайтанмен бірге шынжырға оралып отқа тасталады.»** (Ширъа)

**«Әйелдермен бір арада жеке қалудан сақтаныңдар. Аллаһқа ант етемін, бір адам әйелмен жеке қалған кезде араларына шайтан кіреді. Бір адамның үсті-басы батпақ бір шошқамен қысылып тұруы, ол адам үшін өзіне халал болмаған әйелге тиюден жеңілірек.»** (Табарани)

## Намахреммен сөйлесу

Әйелдер зәрулік болмайынша намахрем еркектермен сөйлесе алмайды. **«Рамуздың»** 469-шы бетінде жазылған алғашқы хадис шәриф мынадай:

**«Ей әйелдер, тек махремдерің болған еркектермен сөйлесіңдер, махремдерің болмағандармен сөйлеспеңдер!»** (Ибн Саид)

## Өздерің арлы болсаңдар

Еркектер ұятсыз, арсыз (яғни намыссыз) болса, жезөкшелер жиналатын жерлерге баратын болса, әйелдері, қыздары да жаман жолға түсуі мүмкін. Хадис шәрифтерде былай делінген:

**«Өздерің арлы болсаңдар, әйелдерің де арлы болады.»** (Хаким)

**«Әркімнің әйелін, қызын бұзған** (басын айналдырған) **адам бізден емес.»** (И.Ахмед)

**«Зина еткен адам дәл сол нәрсеге өзі ұшырайды.»** (И.Нәжжар)

Құран кәрімде, **«Фухштың** (ұятсыздықтың, арсыздықтың) **ашығына да, жасырын түріне де жоламаңдар»** делінген. (Әнам 151)

Бұл жердегі «жоламаңдар» дегені, зинаға апаратын

себептерден, әрекеттер мен істерден сақтаныңдар, бөтен әйелдерді ойламаңдар, олармен сөйлеспеңдер, олардың дауыстарын тыңдамаңдар, оларға қарамаңдар деген сөз. Бөтен әйелдерге қарау көзді әлсіретеді, жүректі қарайтады. Сүйікті пайғамбарымыз да «көз зинасы» жайында былай деген: **«Бөтен әйелге шахуатпен қарау – көз зинасы, оны ұстау – қол зинасы, ал оған бару болса, аяқтың зинасы болады.»** (Р.Насихин)

**«Бір бөтен әйелді көріп, Аллаһтан қорқып басын одан бұрған адамға Аллаһу та'ала ғибадаттардың дәмін сездіреді.»** (Әбу Дауд, И.Ахмед, Хаким)

**«Өз әурет жерін ашқан, басқасының әурет жеріне қараған адамды Аллаһ лағнет етсін!»** (Бәйһақи)

**«Әйелдің жүзі мен екі алақанынан басқа бүкіл денесі әурет.»** (М.Әнһур)

Әйелдердің Құран кәрім, мәуліт, илаһи оқып дауыстарын еркектерге естіртуі харам. (Микрофон, радио және теледидар арқылы естіртуі мәкрух болады.) **(Тәрғиб-ус салат, Хадиқа)**

Ғалымның, ата-ананың қолын оларға құрмет көрсету үшін сүюге болады. Бірақ намахрем әйел ғалымның қолын сүйе алмайды. Имам Раббани хазреттері былай деген:

«Пайғамбарымыз еркектермен мусафаха етіп келісім жасағаннан кейін, әйелдермен де келісім жасады. Әйелдердің келісімі тек сөзбен ғана болды. Мүбарак қолы әйелдердің қолына тимеді.» **(3/41)**

**«Тибйан» тәфсирінде** Мумтәһина сүресінің 12-ші аятының түсініктемесінде былай делінген:

Пайғамбарымыз Онымен келісім жасалған кезде ешбір бөтен (намахрем) әйелмен мусафаха етпеген (қол алыспаған) еді. Хазреті Айша былай деген:

**«Пайғамбарымыздың әйелдермен келісімі тек ауызша болатын еді. Оның қолы ешбір бөтен әйелдің қолына тимеген еді.»** (Мүслим)

Дәрігер ер адам болса, одан басқа дәрігер табылмаған кездерде әйелдердің оған барып көрінулеріне болады. Ұстап көруді талап ететіндей зәру жағдайларда дәрігердің қажет ететіндей мөлшерде әйелге тиюі жаиз. Қажетті болмаған жерлерін ашуы, ол жерлерге қолын тигізуі харам.

### Намахремге қарау күнә

**Сұрақ:** Кейбір атеисттер: «Пайғамбар заманында әйелдер оранбайтын еді. Қазіргідей оранып алу ол кездері жоқ еді. Хазреті Айша басы ашық жүретін еді. Қазіргі орану түрлерінің барлығын кейіннен діншіл фанатиктер ойлап шығарған» дейді. Бұл жағдай хиджаб аяты келуден бұрын емес пе еді?

Тағы да атеисттердің әсерінде қалған бір досым, «Әйелдерге қарау, олармен сөйлесу, тіпті олармен бірге отыру да күнә емес. Әйелдердің еркектермен намаз оқуының да зияны жоқ. Расулуллаһ әйелдердің намазда ең артқы сапта тұрып оқуын айтуы хушу деп аталатын намазда көңілді бір жерге жинап тұру үшін айтылған. Әйтпесе еркек-әйел намаздарын бірге оқуларының зияны жоқ. Ал орану деген нәрселер діннің негізгі бұйрықтарынан емес» дейді. Әйелдердің ашық-шашық жүруі, оларға қарау және олармен сөйлесу күнә емес пе?

**Жауап:** Әрине күнә. Ішкілікке тыйым салған аяти кәрима келуден бұрын мұсылмандар арасында ішкілік ішетіндер бар еді. Бұны мысал ретінде көрсетіп, ішкілік харам емес еді деу қате болғанындай, хиджаб аятынан бұрыңғы жағдайды айтып, әйелдермен сөйлесудің, оларға қараудың, олармен бірге отырудың күнә еместігін айту да қате.

Хиджаб (орану) аяты келуден бұрын әйелдер оранбайтын еді. Расулуллаһқа келіп, білмегендерін сұрап үйренетін еді. Расулуллаһ біреудің үйіне барса, әйелдер де келіп, отырып, тыңдап, пайдаланатын еді.

**Бәйдәуиде** және **Бұхаридың** тәфсир бөлімінде білдірілгеніндей, хижреттен үш жылдан кейін **Ахзаб** және бес жылдан

кейін **Нур** сүресіндегі хиджаб аяттары келіп, әйелдердің бөтен еркектер жанында отыруына, олармен сөйлесуіне тыйым салынды. Осыдан кейін сүйікті пайғамбарымыз әйелдерге білмегендерін мүбарак жұбайларынан сұрауын әмір етті. Хиджаб аятынан бұрынғы жағдайды айтып, әйелдердің ашық-шашық жүруінің зияны жоқ екенін айту, мұсылмандарды алдау болып табылады. Расулуллаһтың мүбарак жұбайы **Умми Сәләмә** анамыз былай деген:

Мәймунамен бірге Расулуллаһтың жанында едік. Екі көзі де көрмейтін Ибн Мәктум рұқсат сұрап ішке кірді. Расулуллаһ бұны көргенде бізге **«Ішке өтіңдер»** деді. **«Ол соқыр емес пе, бізді көрмейді ғой»** дедім. **«Ол сендерді көрмейтін болса, сендер де оны көрмейсіңдер ме?»** Яғни ол соқыр болса, сендер соқыр емессіңдер ғой, деді. **(Тирмизи, Әбу Дауд, И.Ахмед)**

Хадис шәрифтерде былай делінген: **«Бөтен әйелді көрген кезде беттеріңді одан бұрыңдар! Байқаусызда қарап қою күнә болмаса да, қайта қарау күнә болады.»** (Әбу Дауд, Дарими)

**«Балиғат жасына жеткен қыз, беті мен қолынан басқа жерлерін намахремдерге көрсете алмайды.»** (Әбу Дауд)

**«Әнші әйелдің алған ақшасының харам болғаны сияқты, оны тыңдау және бетіне қарау да харам. Хараммен азықтанған денеге жаһаннам оты лайық.»** (Табарани)

**«Бір әйел иіссу себініп сыртқа шықса және иісін сездіру үшін бір топ адамның жанынан өтетін болса, оған қарағандарға да, оның өзіне де зина күнәсы** (көз зинасы) **жазылады.»** (Нәсаи)

**«Көздер зина етеді, қолдар зина етеді, аяқтар зина етеді, жыныстық мүше зина етеді.»** (Ахмед, Табарани)

**«Көздің зинасы – харамға** (намахремге) **қарау, тілдің зинасы – ұятсыз нәрселер айту.»** (Бұхари, Мүслим, Әбу Дауд)

**«Бір әйел әдемі иістер себініп, назар тартатын әдемі киімдер киіп, бір топтың жанынан өтсе, зина істегендей күнәға батады.»** (Ибн Хиббан)

**«Харамға қарамаған көздер жаһаннам отын да көрмейді.»** (Исфахани)

**«Әйелге шахуатпен қараған адамның көздеріне балқыған қорғасын құйылып жаһаннамға тасталады.»** (М.Әнһур)

**«Көрші әйелге, досының жұбайына шахуатпен қарау бөтен әйелге қараудан он есе үлкен күнә. Үйленген әйелдерге қарау, қыздарға қараудан үлкенірек күнә.»** (Табарани)

Әйелдердің шашы да әурет. Әурет жеріне зәрулік болмай шахуатсыз да қарау харам.

**Имам Ғазали** хазреттері былай деген:

Әйелдердің, қыздардың, басы, шашы, қолдары ашық түрде көшеге шығуы харам болғаны сияқты, жұқа, сәнді, хош иісті киіммен шығуы да харам. Бұлай шығуына рұқсат берген, разы болған ата-анасы, күйеуі немесе бауырлары да оның күнәсы мен азабына ортақ болады. **(Кимия-и са'адат)**

**Имам Зәһәби** былай деген:

Еркектерге әшекейін көрсеткен әйелдерге, мысалы алтын, інжу-маржан сияқты нәрселерді орамалының үстіне таққан, иіс сепкен, түрлі-түсті және жібек матамен оранған, жеңдері кең болып қолдары көрініп тұратын және осы сияқты өздерін еркектерге көрсеткен әйелдерге Аллаһу та'ала дүние мен ахиретте азап береді. **(Зәуәжир Ибн Хажери Мекки)**

Орануға мән бермеу және әшекейлерін көрсету сияқты күнәлар көбінесе әйелдерде кездескені үшін сүйікті пайғамбарымыз, **«Миғраж түні жаһаннамды көрсетті, көбісінің әйел болғанын көрдім»** деді. **(Тирмизи)**

## Харамға қарамау үшін

**Сұрақ:** Көшеге ашық-шашық шыққан әйелдерге қарамауға тырыссақ та кейде қарап қоямыз. Осы сияқты жағдайларда күнә істемеу үшін не істесек болады?

**Жауап:** Харамға қарамау үшін мыналарды білу керек:

**а)** Бөтен әйелдерге қарау көзді әлсіретеді, жүректі қарайтады. Көзіміздің әлсіремеуі, жүрегіміздің қараймауы үшін қарамауға тырысуымыз керек. Имам Раббани хазреттері, «Харамдар жылтыраған нәжіс сияқты» деген. Сырты әдемі, бірақ іші жаман. Бұны түсіне алған адам қарамайды.

**ә) «Әурет жерін ашқан және оған қараған адамды Аллаһ лағнет етсін»** хадис шәрифін ойлап, лағнеттелген болмау үшін әрдайым осы хадис шәрифті еске түсіру керек.

**б) «Аллаһтың азабынан қорқып, басын бөтен әйелден бұрған адамға Аллаһу та'ала ғибадаттың дәмін сездіреді»** хадис шәрифін ойлап, ғибадаттардың ләззатына жете алу үшін әйелдерге қарамауымыз керек.

**в) «Бөтен әйелге шахуатпен қараған адамның көзіне балқыған қорғасын құйылып жаһаннамға тасталады»** хадис шәрифін ойлап, көзімізге балқыған қорғасын құйылып жаһаннамға тасталудан қорқуымыз керек.

**г)** Бөтен әйелге қарау арсыздық, яғни намыссыздық. Жоқ жерден не үшін намыссыз боламыз?

**д)** Біз қараған әйелдер біреудің анасы, әпкесі, қарындасы, сіңлісі, қызы немесе әйелі. Біреу біздің анамызға, әпке-қарындасымызға, қызымызға және әйелімізге қараса разы боламыз ба? Намысты адам разы болмайды. Біз қараған әйел де міндетті түрде біреудің анасы, әпке-қарындасы, қызы немесе әйелі. Намыссыздық болған бұл істі қалай істейміз? Бір хадис шәрифте: **«Ей еркектер, сендер өздерің намысты болыңдар, сонда әйелдерің мен қыздарың да намысты болады»** делінген. Өз әйелімен қызының намыссыз болуына өзі себеп болатындай опасыздық бола ма?

## Әйелдерге жақындамаңдар

**Сұрақ:** Құранда, **«Зина етпеңдер»** демей неге **«Зинаға жоламаңдар»** делінген?

**Жауап:** Иә, Құран кәрімде **«Зинаға жоламаңдар»** делінген. **(Исра 32)**

Сонымен қатар Құран кәрімде «Ата-ананы ұрмаңдар» делінбей, **«Ата-аналарыңа уф демеңдер»** делінген. **(Исра 23)**

Бұл аяти кәримадағы «уф» деуден мақсат – оларға ренжітетіндей ештеңе айтпаңдар деген сөз. **(Бәйдәуи)**

Бұл жерде ең жеңілі айтылып, тіпті осыдан да сақтанылуы, осылайша жаманырақ болған іске жақындалмауы әмір етілуде.

**«Зинаға жоламаңдар»** тіркесі де зинаға апаратын себептерден, жағдайлардан, әрекеттермен істерден сақтаныңдар деген сөз. Яғни еркектер үшін бөтен әйелдерді ойламай, оларға күлімдемей, оларға сәлем бермей, қажеттілік болмағанша олармен сөйлеспей, хал-жағдай сұраспаңдар, бет алдында дұға етпеңдер, оларға хат жазбаңдар, электронды поштада, чатта сөйлеспеңдер, олардың дауыстарын тыңдамай, оларға қарамаңдар, олармен қол алыспаңдар, бір бөлмеде жеке қалмаңдар, билемеңдер және т.б. деген сөз.

Әйелдер үшін де, назар тартатын киім кимеңдер, күйеуінен басқаға макияж жасамаңдар (боянбаңдар), әшекейлеріңді бөтендерге көрсетпеңдер, иіссу себініп көшеге шықпаңдар, олар көруі мүмкін болған жерлерде тұрмаңдар, олармен сәлемдеспеңдер, құттықтамаңдар, бет алдында дұға етпеңдер, қол алыспаңдар және т.б. деген сөз.

## Әйелдердің еркектерге қарауы

**Сұрақ:** Әйелдердің бөтен еркектерге шахуатсыз қарауы жаиз емес пе?

**Жауап:** Қажет болған жағдайларда әйелдердің әурет жері ашық болмаған бөтен еркекке тек шахуатсыз және

қажеттілік мөлшеріндей уақыт карауларына болады. Шахуаттанбайтынына сенімді болған әйелдің бөтен еркекке қарауы еркектің еркекке немесе еркектің махремі болған әйелдерге қарауы сияқты жаиз, яғни күнә емес. Ал шахуатпен қарауы харам болады. Бірақ мен шахуатсыз қараймын деп бөтен еркектерге қарауды әдет жағдайына келтіруі, осылайша қажет болмаса да қарай беруі дұрыс болмайды.

## Телефонмен сөйлесу

**Сұрақ:** «Өздері көрінбегені үшін намахреммен телефон арқылы сөйлесу, смс жазысу немесе электронды пошта арқылы хабарласып тұру жаиз болады» делініп жатады. Бұл жерде өлшем жоқ па?

**Жауап:** Қажеттіліксіз сөйлесу жаиз болмайды. Құран кәрімдегі **«Зинаға жоламаңдар»** тіркесі зинаға апаратын себептерден, жағдайлардан және іс-әрекеттерден сақтаныңдар деген сөз. Мысалы еркектер үшін бөтен әйелдерді ойламаңдар, оларға күлімдемеңдер, қажеттілік болмағанша олармен сөйлеспеңдер, сәлем бермеңдер, хал-жағдай сұраспаңдар, олар еститіндей етіп дұға етпеңдер, оларға хат жазбаңдар, электронды поштада, чатта сөйлеспеңдер, олардың дауыстарын тыңдамаңдар, оларға қарамаңдар деген сияқты түсініктерге келетіндігі кітаптарда жазылған.

## Теледидардағы көрініс

**Сұрақ:** Бөтен әйелдердің суреттеріне және компьютер немесе теледидардағы көрінісіне қарау жаиз ба?

**Жауап:** Әйелдердің шаш, қол сияқты қарауы харам болған жерлерінің айнадағы немесе судағы көріністеріне шахуатсыз қарау жаиз. Бұларды көру, өздерін көру сияқты болмайды. Суреттеріне, теледидар мен компьютердегі көріністеріне қарау, айнадағы көріністеріне қарау сияқты. Барлығына шахуатсыз қарау жаиз болып, шахуатпен қарау немесе

шахуатқа себеп болатын көріністеріне қарау харам. Яғни шахуатқа себеп болатын көрініс болса, оған шахуатсыз болса да қарау харам.

### Харамға себеп болу

**Сұрақ:** Теледидар және газеттегі шахуатқа себеп болмайтын көріністерге шахуатсыз қарау жаиз екеніне қарағанда бұларды басу, жариялау да жаиз ба?

**Жауап:** Бұларға шахуатпен қарайтындар да шығуы мүмкін болғандықтан шахуатқа, харамға себеп болатын фотосуреттер мен көріністерді жариялау жаиз болмайды.

## ЗИНАҚОРЛЫҚ ҮЛКЕН КҮНӘ

Зина – ақылды және балиғат жасында болған еркек пен әйелдің некесіз қатынаста болулары дегенді білдіреді. Зина харам болып табылады.

Құран кәрімде былай делінеді:

**«Зинаға жоламаңдар! Ол арсыздық, лас, төмен іс, жаман жол болып табылады.»** (Исра 32)

**«Мұсылмандарға айт, харамға қарамасын және әурет жерлерін харамнан қорғасын!»** (Нур 31, 32)

Хадис шәрифтерде былай делінеді:

**«Аллаһтың алдында зинадан үлкен күнә жоқ.»**

(Р. Насихин)

**«Бір жерде зина және пайыз көбейсе, ол жердің халқы бәлеге ұшырайды.»** (Хаким)

**«Зинаның дүниеде үш зияны бар:**

**1- Әдемілікті және жүздегі нұрды кетіреді,**

**2- Кедейлікке жол ашады,**

**3- Өмірдің қысқаруына себеп болады.**

**Ақыреттегі үш зияны:**

**1- Аллаһу та’ала ашуланады,**

**2- Қияметте есебі қатаң болады,**

**3- Жаһаннам отында азап шегуге себеп болады.»** (Табарани)

**Сұрақ:** Қандай жағдайда зина болады?

**Жауап:** Бір хадис шәрифте былай делінеді:

**«Көздің зинасы – харамға қарау, құлақтың зинасы – әдепсіз** (ұятсыз) **сөз тыңдау, тілдің зинасы – балағат** (ұятсыз сөздер) **айту, қолдың зинасы өзіне халал болмаған әйелді ұстау, аяқтың зинасы – күнә болған жерлерге бару.»** (Бұхари)

Демек әр мүшенің өзіне тән зинасы болады. Мұрынның да зинасы болады. Бір хадис шәрифте: **«Иіссу себініп сыртқа шыққан және сепкен иіссуының иісін білдіру үшін бір топтың жанынан өткен әйелге және оған қараған** (оның иісін иіскеген) **адамға зина күнәсі жазылады.»** (Нәсаи)

Бұл жердегі мұрынмен болған иіскеу зинасы. Егер әйелге қараған болса көз зинасы болады. Сүйсе ерін зинасын жасаған болады. Шахуатпен немесе керексіз сөздер айтса тіл зинасын жасаған болады. Қолын тигізсе немесе қажеттіліксіз қол алысса қол зинасын жасаған болады. Бір хадис шәрифте былай делінеді: **«Адамның басына темір қазықтың қадалуы, бөтен әйелге қолын тигізгеннен де жеңіл болады.»** (Табарани, Бәйһақи)

Сондықтан зинаның барлық түрінен аулақ болу керек. Құран кәрімде: **«Зинаға жоламаңдар»** деп бұйырылған. Бұл – зинаға апаратын барлық іс-әрекеттерден аулақ болыңдар деген сөз.

## Зинадан жүкті болғанның некесі

**Сұрақ:** Жаңа Зеландиядан жазып жатырмын. Бір досым өзі зина жасаған әйелмен үйленгісі келеді, бірақ әйел жүкті екен. Бұл жақтағы молдалар «Жүкті болған әйелмен некелесу жаиз емес» деп жатыр. Зинадан жүкті болған әйелмен некелесу жаиз емес пе?

**Жауап:** Зинадан жүкті болған әйелмен некелесудің, яғни оған үйленудің жаиз екендігі **Бәдаи**, **Бахр-ур раиқ**, **Ибн Абидин**, **Хиндийа** сияқты сенімді кітаптарда білдірілген.

Зинадан жүкті болған әйелмен босануына дейін некелесу сахих болады, бірақ босанғанға дейін қосылу (жыныстық қатынасқа түсу) жаиз болмайды. Некеден жүкті болған әйелмен босанғанға дейін некелесу сахих емес. **(С.Әбәдийа)**

Ханафи мазһабындағыдай, Шафииде де өзі зина еткен әйелмен үйленудің жаиз екендігі **Мәзаһиби Әрбә'а** кітабында білдірілген.

## ФЛИРТ

**Сұрақ:** Үйленетін ниеті бар қызбен жігіттің жақсы ниетпен «флиртовать етуі», бір-бірін жақсы тану үшін жүруі, кездесіп, сөйлесіп тұруы, некесіз бірге өмір сүруі неліктен дұрыс емес?

**Жауап:** Үйленетін жастардың флирт деп аталатын жүріске қажеттілігі жоқ. Керісінше бұлай жүрудің көптеген зияндары, қауіптері бар:

Мұндай жүрулерде тұзақ бар. Мұндай жүрушіліктердің көпшілігінде жігіт қызды алдап, мақсатына жеткеннен кейін тастап кетеді.

Флирт – ақылға салу, ойлану, дұрыспен бұрысты ажырату секілді сезімдерді перделейді. Флиртке дағдыланғандар жұбын жиі ауыстыратын болады. Жігіт тарапынан алданып, тасталған қыз елге масқара жағдайға түседі. Көбінесе жігітпен жүремін деп қыздар арынан (намысынан) айрылып жатады. Мұсылман қыз үшін бұдан асқан пәлекет бола алмайды. Флирт көптеген жастарды қаңғыбастыққа, бет алды мал шашуға, мақсатсыздыққа, ессіздікке ұшыратады. Жастар арасында төмендік комплексін, көре алмаушылық, қызғаншақтық, жек көрушілік, дұшпандық, анархия және түрлі рухани күйзелістер тудырады.

Флиртте нәпістің қалауы көзден таса жерде кездесуге шақырады. Соңында көптеген жастардың басы бәлеге қалады. Алдымен қызды алдап, мәжбүрлеп тұзағына түсіреді, қалауына жеткеннен кейін қызды айыптап, масқаралайды. Көбінесе осындай сезім майданында жарысқандардың түбі үнемі суықтықпен бітеді.

Жас жігіт иіскеген гүліне тез тойып, кейін басқа түстегі, басқа бір гүлді іздей бастайды. Ендігі бұл сахна бұл жігітті қызықтырмай, ондағы құпиялар ашылғаннан кейін, басқа құпияларды ашуға ынтығып, басқа асуларды қуалап кетеді. Осы тұрғыдан да жүру (флирт) деген нәрседен қыздар, әйелдер өте сақ болулары қажет.

Мұндай жағдайлар басынан өтпеген жастар үшін бұлар түсініксіз, орынсыз болып көрінуі мүмкін. Өйткені біреуге көңіл қойған, ғашық болып қалған адам, өзіне айтылған насихаттарға мән бермейді, жындының сандырағы сияқты қабылдайды. Сол себепті де пайғамбарымыз **«Ғашықтық адамды керең және соқыр етеді»** деген.

Кереңге не айтсаң да естімейді. Соқырға бүкіл түстерді көрсетіп шықсаң да, ешбірін ажырата алмайды. Ғашық болғанның да көзіне өзге ешнәрсе көрінбейді. Құдды нашаға тұтыққандай, нашақордай болады. Барлық жағынан қате, дұрыс емес екендігін біліп тұрса да бәрібір онымен үйленуді қалайды.

Флирт арқылы үйленген жастардың көпшілігі соңында өкініп қалуда. Сол себепті де салих болған ата-ананың кеңестеріне міндетті түрде құлақ салу керек. Ата-ана ұлының немесе қызының үйленетін адамына, балаларының көзімен қарамайды. Ащы, өмірлік тәжірибелерінен құралған парасаттарымен қарайды. «Ұлы сөзді тыңдамаған опық жейді» деген сөз бар. Жанұя мәселесін зерттеген мамандар «Флирт (жүру) арқылы үйленгендер ажырасуға жақынырақ болады» деген.

Бүкіл осы зияндардан да бөлек, ең маңызды болғаны, дініміз некесіз жүруді, кездесуді харам еткен. Харам нәрседе қайыр болмайды. Хадис шәрифте: **«Аллаһу та'ала харамда шипа жаратпады»** делінген. (Бұхари, Хаким)

Алдағы уақытта үйленетін болса да діни некесі болмаған еркекпен әйел діни тұрғыдан бір-біріне бөтен саналады. Хадис шәрифтерде былай делінген:

**«Еркектің әйелге, әйелдің еркекке** (шәһуатпен) **қарауы харам.»** (Табарани)

**«Харамға қарау шайтанның улы оғы. Аллаһу та'аладан қорқып бөтен әйелге қарамағанға זауқты** (қуатты) **иман нәсіп болады.»** (Рамуз)

**«Кісінің басына темір қазық батырылуы, некесі түсетін бір әйелге қолының тиюінен жеңіл келеді.»** (Табарани, Бәйһақи)

**«Бөтен әйелмен құшақтасқан еркек шайтанмен бірге шынжырға оралып отқа тасталады.»** (Шира)

**«Әйелдермен бір жерде жалғыз қалудан сақтаныңдар. Аллаһқа ант етемін, бір кісі бір әйелмен жалғыз қалғанында араларына шайтан кіреді. Біреудің балшықты доңызбен қысылып қалуы, ол адам үшін өзіне халал болмаған бір әйелге тиюден де жеңіл болады.»** (Табарани)

**«Ей жастар, намыстарыңды қорғаңдар, зина етпеңдер! Жақсы біліңдер намысын қорғағанға жаннат бар.»** (Хаким)

**«Жамандықтан қорғану үшін некелі өмір сүріңдер және арлы болыңдар.»** (Ибн Асакир)

**«Ей әйелдер, тек қана махремдерің болған еркектермен сөйлесіңдер, махрем болмағандармен сөйлеспеңдер!»** (Ибн Саид)

**«Бөтен әйелге шахуатпен қарау көз зинасы, оны ұстау қол зинасы, оған бару аяқтардың зинасы.»** (Р. Насихин)

**Сұрақ:** Мен студентпін, бір қызбен сөз жарастырып, жүріп жүр едім. Исламда некесіз әйел адамның қолын ұстауға, сөйлесуге де болмайды, енді мен неке қидырсам калай болады? деген сұрағым бар. Осы тығырықтан шығатын қандай амал жолдары бар өтініш маған соны көрсетіп, айтып жіберіңізші?

**Жауап:** Дініміз некесіз қыз бен жігіттің (зәру жағдайсыз) бостан бос сөйлесуіне (жүруіне) тыйым салған. Харам нәрседен ешқандай қайыр, пайда болмайды.

Некесіз еркек пен әйел дін бойынша бір-біріне бөтен саналады. Бұл жөнінде хадис шәрифте былай делінеді:

**«Ей әйелдер, тек қана махремдерің болған еркектермен сөйлесіңдер, махрем болмағандармен сөйлеспеңдер!»** (Ибн Саид)

Үйлену мақсатымен қылует болмайтындай (оңаша емес) жерде кездесуіне, сөйлесуіне, хат (смс) алысуына, үйленетін уақыттарын келісіп алуына болады. Бірақ, жақын арада үйленетіндей жағдайы болмаған адамның қатты ғашық болып қалса да, жағдай болғанда осы қызға үйленем деген ниеті болса да, бөтен қызбен сөйлесуіне, кездесуіне, хат алысуына болмайды. Неке қиылмай тұрып қолынан ұстауға да, үзірсіз сөйлесуге де болмайды. Зина, күнә болады.

Некесіз қызбен жігіттің тасада өткізген әр минуты, сөйлескен әрбір сөзі екеуін де күнәға батырады. Шын сүйген адам сүйіктісін отқа тастағысы келе ме?! Сүйіп қалдым деген адам сүйіктісін екі дүниеде бақытты етуге дайын болса ғана шынында сүйген болып саналады. Әйтпесе өзі махаббатын айтып күйіп-пісіп жатқаны жайлы қаншама сайраса да онікі тек жыныстық құмарлық қана. Сүйіктісінің қолынан ұстағысы, құшақтағысы келіп кездесуге шақыратын «ғашықтар» намыс ұрылары болып табылады. Адам осы берілген өлшемдерге қарап өзінің «махаббаты»ның қаншалықты «пәк» екенін біле алады.

Құран кәрімде: **«Зинаға жоламаңдар»** деп бұйырылған. Бұл – зинаға апаратын барлық іс-әрекеттерден аулақ болыңдар деген сөз.

Нәпіс бастапқыда жай ғана сөйлес дейді. Кейін кездес дейді, кейін қолынан ұста дейді. Соңы пәлекетке, зинаға апарады.

Соңғы кезде кейбір жастардың, әсіресе үйлерінен, ата-аналарынан алыста жүрген студенттердің ешкімге айтпай, ата-аналарымен ақылдаспай өздерінше тек неке қидырып жүргендерін жиі кездестіретін болдық. Егер сұрамақ болғаныңыз осы болатын болса, бұл дұрыс емес.

Жанұялық өмірдің қайырлы, берекелі болуы үшін, яғни некесінің дүниемен ахиреті үшін де қайырлы, бақытты болуы үшін мазһабымыздың үкімдеріне сай болуы, сүннеттеріне, мүстаһабтарына мән беріліп қиылуы, неке дұғалары оқылуы керек. Жақындарына, туыстарына, көршілеріне, достарына естіртуі керек. Хадис шәрифте: **«Некені адамдардарға естіртіңдер!»** делінген. Бұл өте маңызды жайт. Бұларды назардан тыс қалдырмауға тырысу керек. Бұлардың ең басында ата-ананың рұқсатын, дұғасын, батасын алу келеді. Ата-ананың разылығын алмаған перзент мақсатына, мұратына жете алмайды.

Мұсылман фитнаға себепші болмауы керек. Фитна – бүлік шығару, дін атына кір келтіру, дінді жаман атты қылу деген сөз. Діннен сауатсыз жастардың ешкімге білдіртпей неке қиғанын естіген басқа адамдар (ата-аналар) не істесін?! Дінге кері көзқараспен қарайтыны, ұл-қыздарын діннен алыс ұстауға тырысатындары анық. Осы сияқты фитналардың кесірі тікелей мұсылмандыққа келіп тиюде.

Алдыңызға мақсат қойыңыз, сабағыңызды жақсы оқып, жақсы жұмысқа тұрып, ертерек отбасы асырай алатындай жағдайға келіп үйленіңіз. Хадис шәрифте **«Үйленген адам дінінің жартысын қорғаған болады»** делінген.

## Үйленер алдында кездесу

**Сұрақ:** Менің үйленетін жағдайым да, кәсібім де бар. Мұсылман қызбен үйлену мақсатында кездесіп, көрісуге бола ма, әлде кездеспей үйлену керек пе?

**Жауап:** Үйлену мақсатымен бөтен қызбен қылует болмайтындай (көзден таса емес) жерде кездесуге, сөйлесуге үйленетін уақыттарын келісіп алуға болады. Бірақ, жақын арада үйленетіндей жағдайы болмаған адамның қатты ғашық болып қалса да бөтен қызбен сөйлесуіне, кездесуіне болмайды.

Некеден бұрын, танысу үшін бір рет кездесу, көрісу сүннет болып табылады. Бұл болашақ жарын таңдау үшін берілген мүмкіндік. Қажеттілікке қарай екінші рет те көрісуге болады. Бұл мүмкіншілікті тым асырып, күнә істеп қоймау керек. Өйткені (қажеттілік болмағанша) некесіз қандай да бір қатынас (кездесу, сөйлесу, хат жазысу және т.б.) дінімізде харам болып табылады. Жар таңдау үшін көрісу қажеттілік. Көріспей, таныспай жанұя құру – болашақта отбасының бұзылуына себеп болуы мүмкін.

## Өтірікші ғашық

Бір күні Рабиатул Адуийа хазреттері жолда келе жатып қарсы бетте бір кісінің өзіне тесіле қарап тұрғанын көреді. Сонда Рабия хазреттері:

- Ей жігіт! Не үшін намахрем (бөтен) әйелге қарап тұрсың?- дейді. Әлгі жігіт:

- Ей қыз! Мен сені жақсы көріп қалдым, саған ғашық болдым,- дейді. Рабия хазреттері:

- Менің бір сіңлім бар. Ол менен де сұлу, артымда келе жатыр,- дейді. Сонда әлгі жігіт сіңлісін де көрейін деп арқасына қарағанында, Рабия ханым ашуланып:

- Ей өтірікші! Мен сені алғаш көргенімде көңілі ашық жан шығар деп ойладым. Кейін қасыма келгеніңді көріп ғашық шығар деп ойладым. Сынап көрсем, ашық та емес, ғашық та

емес екенсің. Сен қыздарды алдап жүрген өтірікшісің. Егер махаббатыңа берік болғаныңда, менен басқаға қарамас едің! -дейді.

## ӘДЕПТІЛІК – ҰЯТТЫЛЫҚ – АР ТАЗАЛЫҒЫ

**Сұрақ:** Әдептің дініміздегі орны кандай?

**Жауап:** Әдеп – жақсы тәрбие, жақсы мәміле, көркем мінез, ұяттылық, нәзіктік, сыпайылық деген сияқты мағыналарға келеді. Мысалы тәрбиелі бала, әдепті бала дегенді білдіреді. Хадис шәрифте: **«Бала-шағаларыңды әдепті, тәрбиелі етіп өсіріңдер»** делінген. Дініміздің  негізі әдеп. Әдеп - құл өзін Аллаһу та’аланың қалауына бағындыру, жақсы мінезді болу дегенді білдіреді. Хадис шәрифте **«Араларыңдағы ең жақсыларың, ең көркем мінезді болғандарың»** делінген.

Хазреті Омар «Әдеп – ілімнен бұрын келеді» деген. Ол өте айбатты болуына қарамай, әдептілігінен, ұяттылығынан Расулуллаһтың жанында өте ақырын сөйлейтін еді. Пайғамбарымыз да, бір адамның жанында тізерлеп отыратын, ол адамға құрмет көрсету үшін мүбәрәк аяғын тік көтеріп отырмайтын еді. Әбу Саид Худри  хазреттері **«Расулуллаһтың ұяты, бойдақ ислам қыздарының ұятынан да көп еді»** дейтін.

Ибн Мүбәрәк хазреттері «Барлық ілімдерді білетін адамның әдебінде кемшілік бар болса, онымен көріспегеніме өкінбеймін, мұны өзіме зиян деп білмеймін. Бірақ әдепті адаммен көрісе алмасам өкінемін» дейтін.

Барлық уақытта, барлық жерде әдепті, ұятты болуға тырысу керек! Хадис шәрифте: **«Ұятсыздық адамды күпірге түсіреді»-** делінген. Ұят ғимаратты ұстап тұратын тірек тәрізді. Тірексіз ғимараттың тұруы қиын болғанындай, ұятсыз адамның иманын қорғауы да қиын болады.

Хадис шәрифтерде былай делінеді: **«Аллаһу та’аладан**

**ұялыңдар! Аллаһтан ұялған адам, жаман ойдан алыс тұрады, асқазанына түскендерді қадағалайды, өлімді еске алады»** (Тирмизи)

**«Ұяттылық – бастан-аяқ** (толығымен) **жақсылық»** (Мүслим)

**«Әр діннің бір ахлағы бар. Исламның ахлағы ұяттылық.»** (Ибн Мажә)

**«Ұятсыз адам үнемі жамандық жасайды.»** (Ибн Мажә)

**«Ұятсыз адам аманатқа қиянат етеді, қиянатшыл болады, мейірім сезімі қалмайды, діннен ұзақтайды, лағынетке ұшырайды, шайтан сияқты болады.»** (Дәйләми)

**«Ұятпен иман егіз бауырдай. Бірі кетсе екіншісі де кетеді.»** (Әбу Нуайм)

**«Мүмин айыптамайды, лағынет етпейді, жаман сөз айтпайды және ұятсыз емес.»** (Тирмизи)

**«Ұят иманның құрылымы. Бір нәрсенің құрылымы бұзылғанда, бөлшектері де бұзылады.»** (И. Мәуарди)

**«Ұяттылық – иманнан. Ұятсыздың иманы жоқ деген сөз.»** (Ибн Хиббан)

**«Адам салих екі көршісінен ұялғанындай күндіз-түні өзімен бірге болған жанындағы екі періштеден де ұялуы тиіс.»** (Бәйһақи)

**«Ұятсыздың діні болмайды және ұятсыз жаннатқа кіре алмайды.»** (Дәйләми)

**«Иман жалаңаш, әшекейі ұяттылық, киімі тақуалық, қазынасы фиқһ, жемісі амалдар.»** (Дәйләми)

**«Ұят адам болғанында жақсы адам болар еді, Арсыздық** (ұятсыздық) **адам болғанда жаман адам болар еді.»** (Табарани)

**«Ұят пен иман бір жерде. Бірі кетсе екіншісі де кетеді.»** (Хаким)

Дінімізде ұяттың орны өте маңызды. Аллаһу та'аладан ұялу иманның қуатты екендігінің, ал ұятсыздық иманның әлсіз екендігінің белгісі. Хадис шәрифте: **«Ұяттың аздығы күпірден»** делінген. Ұятсыз адам уақыт өте күпірге де кіруі мүмкін. Ұят иманның негізінен болып табылады. Ұяты бар адам Аллаһтан ұялғаны үшін күнәдан тартынады. Адамдардан ұялмаған адам Аллаһтан да ұялмайды. Адамдардан ұялып күнәсін жасыру да ұяттылықтан болып саналады. Адамдардан ұялған адамның Аллаһу та'аладан да ұялатыны түсініледі. Өйткені хадис шәрифте **«Аллаһтан қысылған, адамдардан да қысылады»** делінген. Ұятсыз адамның адамгершілігі қалмайды. Хазреті Әбу Бәкр «Ұятсыз адам, адамдардың арасында жалаңаш отырған кісі сияқты» деген. Құран кәрімде: **«Иман келтіргендердің арасында жамандықтың, ұятсыздықтың таралуын қалағандар және ұнатқандар үшін дүниеде де ахиретте де қайғылы азап бар»**делінген. (Нұр 19)

Әйел мен ердің қатынастарында және әжетхана үшін қолданатын сөздерді  дәл солай қолдану адамгершілікке сай емес, ұятты (ар-намысты) жояды және жақсыларды жәбірлейді. Ондай сөздерді айту керек болғанда, ашық сөздермен емес, ишарамен, астарлы сөздермен айтылады.

Аллаһу та'аланың әрдайым бізді көріп тұрғанын, әр дайым Оның құзырында екендігін ойлау керек, мысалы отырғанда, жатқанда әдепке мән беру керек. Жегенде, ішкенде, сөйлегенде, оқығанда, жазғанда және әр істі істегенде бұлардың барлығы Аллаһу та'аланың құдіретімен болып жатқанын, барлық әрекеттерде оның әміріне мойынсұнып, тыйым салғандарынан сақтануды ойлау керек. Осылай ойлау өте үстем ғибадат болып табылады.

## Махрем тақырыптарды әдеппен сұрау керек

Қыз бала махрем тақырыптарды анасынан сұрау керек. Егер ол білмейтін болса, анасына «Әкемнен уйрен» дейді. Әкесі де білмейтін болса, әкесі барып білетін біреуден сұрауы керек. Әкесі жоқ болса, ағасы, көке (әкесінің ағасы), нағашы көкесі сияқты махрем болған туыстарынан сұрауы керек. Бұларда үйреніп білдірмейтін болса, онда хатпен немесе телефонмен, өзінің атынан емес «бір әйелдің белгілі жағдайы пәленше уақыт жалғасып тоқтаса, не істеу керек» деген сияқты түрде сұраған жақсырақ болады. Бір әйелдің күйеуі, бұл ілімдерді үйреніп әйеліне үйретпейтін болса, әйел ең ыңғайлы бір жолмен бұларды үйрене алады. Білетіндерден бұл тақырыпқа қатысты мәселелерді әдеп шеңберінен шықпайтындай түрде сұрауы ұят болмайды.

Хазреті Әсманың пайғамбарымыздан қалай ғұсыл алатынын сұрап жатқанда ұялғанын байқаған Хазреті Айша анамыз «Ансар әйелдері қандай жақсы, ұялулары діндерін үйренуде кедергі болып тұрған жоқ» деді. **(Бұхари)**

Демек, ұят болады деп өзіне парыз болған ілімдерді үйренбеу қателік. Пайғамбарымыз махрем тақырыптарды түсіндіріп жатқанда **«Аллаһу та’ала хақтың түсіндірілуінен тартынбайды»** деді. (Тирмизи)

Осы мағынада болған аяти кәрима да бар:

**«Аллаһу та’ала шындықты айтудан тартынбайды.»** (Ахзаб 53)

## Ғашық болу күнә ма?

**Сұрақ:** Күнә жасамау шартымен біреуді жақсы көрудің зияны бар ма?

**Жауап:** Ғашықтық адамның қолында болмаған сезім. Арын, яғни намысын қорғап және күнәға жақындамау шартымен біреуге ғашық болудың зияны жоқ. Тіпті ар-намысын қорғап ғашықтығын жасыру үлкен сауап. Хадис шәрифте былай делінген:

**«Ғашықтығын жасырып, ар-намысын қорғап өлген адам шәһид болады.»** (Хаким, Хатиб)

**«Ғашықтығын жасырып, ар-намысын қорғап, сабыр еткен адамның күнәларын Аллаһу та'ала кешіріп, жаннатына қояды.»** (Ибн Асакир)

Демек дінімізде намысты қорғау және ғашықтық себебімен күнә жасамауға сабыр ету, үлкен сауап. Өйткені әдетте ғашықтық адамды көр қылғаны үшін, адамның өз-өзін күнә жасаудан ұстап қалуы қиын. Қиын болған істерді іске асырудың сауабы да үлкен болады. Хадис шәрифте былай делінген: **«Үмметтімнің үстем болғандары ғашықтық бәлесіне ұшырап, арын сақтағандар»** (Дәйләми)

## Арлы (пәк) адамның жары да арлы болады

Имам Ғазали хазреттері балай дейді:

«Ақылды тыңдамайтын, оған ең көп қарсы шығатын шахуат (ләззат, құмарлық) болып табылады. Адамдардың басқалардың айыптауы сияқты себептермен бұл шахуаттан ұзақтаулары пайдалы болса да, олар үлкен сауап ала алмайды. Бірақ, күнә жасау үшін барлық жағдайларға ие бола тұра, арада ешқандай тосқауыл болмай, тек Аллаһ разылығы және Аллаһтан қорққаны үшін шахуатының тұтқыны болмай, оған қарсы шықса, ең үлкен құндылықтарға жетеді. Бұл дәреже сыддықтар мен шәһидтер мәртебесі.» Хадис шәрифте былай делінген: **«Ұяттылық, ар-намыстылық, тілге ие болу және ақыл – иманнан. Мұндай адамдардың ахирет қалауы көбейіп, дүние қалауы азаяды. Сараңдық, әдепсіздік, арсыздық – ұятсыздық пен екі жүзділіктен туындайды. Бұларда дүние қалауы көбейіп, ахирет қалауы азаяды.»** (Бәйһақи)

Ер адамдар ар-намыссыз, (жүргіш) болса, жақындары да жаман жолға түсуі мүмкін. Пайғамбарымыз **«Сендер арлы болсаңдар, әйелдерің де арлы болады»** деген. (Табарани)

Хазреті **Ибн Нәжжар** білдірген **«Зина еткен адам, дәл сол нәрсеге тап болады»** деген мағынадағы хадис шәриф, ар-намыссыз болған адамның жақындары да ар-намыссыз болуы мүмкін екендігін көрсетуде. Арын сақтауға тырысқан адам бұны іске асырады. **«Арлы болуды қалаған адамды Аллаһу та'ала арлы етеді»** деген хадис шәриф осыған дәлел. (Хаким)

Дін үкімдеріне қайшы істер, яғни күнәлар, дүниеде адам үшін масқара. Ал ахиретте азабы өте ауыр. «Мен өлмеймін" немесе "Тозақтың оты маған зиян келтірмейді" деген бар болса, қалаған жамандықтарын жасасын! Хадис шәрифте былай делінген: **«Дүние үшін дүниеде қалатыныңдай еңбек ет! Ахирет үшін ол жақта мәңгі қалатыныңдай еңбек ет! Аллаһу та'алаға мұқтаж болғаныңдай мойынсұн! Тозаққа шыдай алатыныңдай күнә жаса!»**(Әйухәл уәләд илмихалы)

Өлетініне сенген және өлгеннен кейін басына келетіндерді ойлаған адам, күнә, жамандық жасай алады ма?

## Арлы болу үшін

Адамға ең үлкен зиян жаман достан келеді. Жаман достармен араласатын, солармен бірге жүретін адамның, яғни жол сілтеушісі қарға болған адам қай уақытқа дейін таза болмақ?

Жақсы адамдармен бірге болған адам, біразға дейін олар сияқты жақсы істер жасамаса да, олардың жанында жамандық жасай алмайды. Хадис Шәрифте **«Адамның діні достарының дініндей болады»** делінген. (Тирмизи)

Олай болса жасалу керек болған іс, айналамыздағы адамдарға, достарға мән беру және жаман достардан ұзақ болу керек. Арлы, намысты болып өмір сүруді қалаған адамға Хақ та'ала сол нәрсені нәсіп ететіні дін кітаптарда жазулы. Хадис шәрифте былай делінген:

**«Арлылықты талап еткен адамды, Аллаһу та'ала арлы етеді.»** (Хаким)

Ар-намысты адам, жанұясының да арлы, пәк болуын қалайды. Оларды да жамандықтардан сақтайды. Өзі жаман болса, бір күні бала-шағасы да Аллаһ сақтасын жаман жолға түсуі мүмкін. Бала-шағасының арсыз болуын қай ата-ана қалауы мүмкін?

Балаларға жақсы үлгі болу керек. Хадис шәрифтерде былай делінген: **«Арлы болсаңдар, әйелдерінде арлы болады. Ата-аналарыңа ихсан етсеңдер** (жақсы қарасаңдар)**, балаларың да сендерге ихсан етеді!»** (Табарани)

**«Жамандықтан сақтану үшін, некелі өмір сүру және ар-намысты болу керек.»** (Ибн Асакир)

## Арсыздықтың себебі

Қазіргі таңда батыс елдерінде зина, сафизм (лесбиандық), ливата (гомосексуализм), сияқты ар-намыссыздық, адамилыққа жат қатынастар кеңінен етек жаюда. Ал мұндай ессіздіктің келіп шығуының ең басты себебі әйел мен еркектердің бір-бірлерімен шектеусіз, бақылаусыз түрде кездесулері. Осының салдарынан батыста өмірін зина жасамай өткізген еркектер мен әйелдер өте аз кездеседі.

Еркек пен әйелдің еш ұялмай бірге отырулары, ашық сөйлесулері және кездесулерімен әйелдерге құрмет көрсетудеміз, олардың ақыларын орындаудамыз дей отырып, оларды осындай қауіп-қатерге өздері түсіруде. Ал мұсылмандарың әйелдері арлы, намысты және ұятты болатындықтан, ерлерінің жанында және барлық жерде де құрметті, қадірлі болғандықтан ерлері оларды мұндай қауіпті жағдайларға және қорлықтарға жолатпайды. Әркім ең қатты жақсы көретін және құнды нәрселерін өзі үшін сақтайтынындай, мұсылмандар да өздеріне барлық нәрседен қадірлі, қымбатты және құрметті деп білген әйелдерін және

күйеулерін ұшып бара жатқан құстан да қорғаштайды. Ал бұл махаббатының көптігінен болатын дүние.

Еуропалықтар мұндай ахлақ және намыс сезімінен алшақ қалған. Ол жақта еркектің өз әйелін немесе әйелі өз күйеуін қызғануы өте күлкілі және ақымақтық деп қаралады. Мысалы, бір жерде пәленше қызғаншақ екен делінсе, тәрбиесіз, ақымақ деп есептеледі. Бұл қате түсінік.

## Тектіліктің маңызы

Тектілік басқа ерекшеліктермен бірге болса құнды болады. Барлық адамдар Адам алейһиссаламнан тараған. Әр жақсының балалары жақсы, әр жаманның балалары да жаман деген қағида жоқ. Хазреті Адам және Хазреті Нұхтың ұлдарының бірі кәпір болған. Нұх алейһиссалам және Лұт алейһиссаламның әйелдері кәпір болған. Пайғамбарымыздың көкесі (әкесінің ағасы) Әбу Ләхаб кәпір еді.

Ата-ананың күнәһар болу себебінен, балалары да жақсы адам болмайды деп айту үлкен қателік. Аллаһу та'ала жаманнан жақсы, жақсыдан жаманды жаратады. Құран кәрімнің бірнеше жерінде **«Өліден тірі, тіріден өлі шығарады»** делінген. (А.Имран 27)

Ислам ғалымдары бұл аяти кәриманы түсіндіргенде **«Кәпірден мұсылман, мұсылманнан кәпірді жаратады»** деп айтқан. Сондықтан тегіндегілердің жаман болуы, өзінің де жаман екендігін көрсетпейді. Барлығымыз Адам алейһиссаламнан келдік. Дінімізде нәсіл үстемдігі жоқ. Аллаһ алдында үстемдік тек тақуалықта. **«Аллаһ құзырында ең үстемдерің, одан ең қатты қорыққандарың»** деп бұйырылған. (Хужурат 13)

(Тақуалық – Аллаһтан қорқып діннің бұйрықтарына мойынсұну және тыйымдарынан сақтану дегенді білдіреді.)

**Жақсы мінез де – бір тектілік**

Сенімді болмаған, қате бір кітапта мынадай әбес пікір өткен:

«Тектіліксіз берілген тәрбие әсерлі болмайды. Мысты қаншалықты сүртіп жалтыратсаң да үш күннен кейін қайта қарая бастайды. Жасанды жылтыр аз уақытқа жетеді. Алтынды ешқашан дат баспайды. Сүртіп жылтырлатпасаң да өзінің жылтырлығын жоғалтпайды. Бұл мысал тектіліктің қаншалықты маңызды екендігін айқындайды.»

Кітап сенімді болмағанындай бұл пікір Құран кәрімге және хадис шәрифтерге де қайшы.

Бір адам текті отбасыдан шықпай жақсы мінезді, діндар болса, ол адамның көркем мінезімен діндарлығы тектіліктен де құнды болып табылады. Хадис шәрифте былай делінген:

**«Жақсы мінездей тектілік болмайды.»** (Ибн Мажә)

**«Әйелді не байлығы үшін немесе сұлулығы үшін немесе діндарлығы үшін алады. Сендер діндар болғанын алыңдар! Материалдық және рухани ниғметтерге қауышасыңдар!»** (Бұхари)

Насихат арқылы тексіз адамды да тәрбиелеуге болады. Сондықтан Құран кәрімде: **«Насихат айтыңдар! Насихат мүминдерге әлбетте пайда береді»** делінген. (Зариат 55)

Тексіз адамды тәрбиелеу мүмкін болмағанда пайғамбарымыз алейһиссалам:

**“Мінездеріңді жақсартыңдар!”** деп айтар меді? (Ибн Лал)

Хазреті Лұқманнан былай деп сұралады:

- Әдеп, тектілік, мал-мүлік пен ілімнен қайсысы үстем?
- **Әдеп тектіліктен, ілім мал-мүліктен қайырлы.**

Хазреті Лұқманнан ұлы былай деп сұрайды:

- Ең жақсы қасиет не?
- **Діндар болу.**
- Жарайды, әке. Егер де бұл қасиет екеу болса ше?

- **Діндарлық және мал-мүлік иесі болу.**
- Үшеу болса?
- **Діндарлық, мал-мүлік және ұяттылық.**
- Төртеу болса?
- **Діндарлық, мал-мүлік иесі, ұяттылық және көркем мінез.**
- Бесеу болса?
- **Діндарлық, мал-мүлік иесі, ұяттылық, көркем мінез және жомарттық.**
- Алтау болса?
- **Балам, осы бес мінез кімде бар болса, ол адам тақуа иесі, Аллаһу та’аланың досы, шайтаннан ұзақ, таза адам болып табылады.**

**Ар-намыстың маңыздылығы**

Аллаһу та’ала адамзат ұрпағын жалғастыру үшін еркек пен әйелдің табиғатын бір-бірлеріне құштар етіп жаратқан. Сонымен қатар осы сезім қарсаңында адамдарды дүниеде күрделі сынаққа салған. Бұл сынақтан өткен адам дүние мен ахирет қаһарманы. Адамның жақсы немесе жаман екені көбінесе осы ар-намыс тұрғысынан белгілі болады.

Аллаһу та’ала Құран кәрімнің бірқатар жерінде ар-намысын сақтай алған адамға үлкен марапаттар беретінін уәде еткен.

Ал ар-намысын сақтамайтын, (жүргіш) адамға жаһаннам азабын білдірген. Аллаһу та’ала арсыздарды адам өлтірген адамдармен бір тұтқан. Мүминдердің сипаттары туралы айтқанда да былай деген: **«Мүминдер намаздарын хушумен (ықыласпен) оқиды. Бос, қажетсіз нәрселерден аулақ болады. Зекеттерін береді. Ұятты жерлерін сақтайды. Аманаттарын қорғайды және уәделерінде тұрады.»** (Муминун 1-8)

Ар-намыссыз адам Аллаһ алдында күнәһар, халықтың

алдында құрметсіз болады. Бір намыссыздың қоғамдағы жақсы адамдардың қасындағы қадірі бір иттің қадірі құрлым жоқ. Бай және өте әдемі әйел егер ар-намыссыз болса абыройсыз болады. Кедей әйел намысты болса, әрдайым қадірлі, құрметке лайық болады.

Дүние жүзіндегі көптеген жанжалдар, адам өлтірулер, ұрыс-керістер, қызғаныштар, қысқасы барлық жамандықтар ар-намыссыздық, ұятсыздықтың кесірінен болуда. Адамдардың көпшілігі ұятсыздықтың жамандықтарын біле тұра өздерін бұл жаман жолдардан бас тарттыра алмауда. Осындай қуатты сезімдердің қарсаңында, бұлардың алдын алатын шаралар бар. Бұл – тәрбие және ахлақ мәселесі.

Аллаһтан қорқатын адам ұятсыз бола алмайды. Сондықтан балаларымызға Аллаһтан қорқуды үйретуге тырысайық, бұл біз үшін ең басты міндеттеріміздің бірі болып табылады. Аллаһу та’аладан қорқу үшін Аллаһты жақсы білу керек. Аллаһты білу үшін Оның ұлылығын және сипаттарын үйренуге мәжбүрміз. Аллаһу та’аланы мүлдем ойламайтын қоғам үшін Аллаһтан қорқу деген сезімге ие болу оңай емес. Аллаһу та’аладан қорқу да бір білім, қызмет және қажырлы іс, бұларды үйрену, талпыну керек. Аллаһтан қорқу сезіміне қараптан қарап ешкім қауыша алмайды. Діннің әмірлері мен тыйымдарын орындайтын адам үшін оңай болады.

Әсіресе үлкен қалаларда ар-намыс мәселесі қауіпті жолда. Бойжеткен қыздардың өз ақылы-көзқарастарымен ар-намысын сақтауы шынымен де қиын. Егер бойжеткен қыз біраз сұлу болса, адамның ойына, қиялына келмейтін қауіптермен қоршалған деген сөз. Бұл қауіп оқу орындарында, жолда, автобуста, көршілердің арасында, тіпті үйдің ішінде, телефонда, интернетте, қайда барса да қыр соңынан қалмайды.

Қыздарымыз қауіп-қатерлердің қарсаңында әлсіз махлұқ ретінде ахлақсыз, ниеті бұзық адамдардың қолында ойыншық

болмауы керек. Мұндай заманда кез келген адамнан, кез келген жерде оған зиян тиюі мүмкін. Тисе де оның ақшасына, пұлына емес, ар-намысына, абыройына тиеді. Ақшаға тиетін зиянның орнын толықтыруға болады. Ал рухани дүниеге тиетін зияндылықтың орны толмайды. Ахлақсыз, ниеті бұзық адамдардың ортасында жас қыз үшін абыройын сақтап өмір сүру өте қиын. Ар-намысты қыз өзге қыздар секілді жүргіштік жасауға әуестенбеуі керек. Бұл қауіпті тәжірибе. Негізінде жүргіштікпен құрылған отбасылар көбінесе бақытты болмайды.

Ар-намысын сақтау үшін жастарды өз уақытында үйлендіру керек. Ар-намысқа зиян келтіретін жерлерден алыс тұру керек. Жастық шақта жүріп қалу керек деп жасалатын әр түрлі көңіл көтеру жолдары жас қызды қолға түсірудің бірден-бір тұзағы. Мұның тұзақ екендігіне сенбеген қыздар, қай кезде де сол тұзаққа түседі, сол кезде барып есін жияды. Бірақ болар іс болып кетеді. Тұзақтың көріністегі тартымдылығына алданған қыздар еркектердің қолына түскенде көзді ашып жұмғанша ойыншыққа айналады. Өзіне сенімді қыз да, олардың алдында соңына дейін төзе алмайды. Сымбатты жігіттің алдамшы, күлімсіреген жүзінің алдында жеңілуі мүмкін.

Тұзаққа түскенін байқамай да қалады. Ол тұзақтан құтылған адам аз немесе мүлдем жоқ. Ал негізінде сол тұзақ деген көңіл көтеретін жерлерге бармаған одан да оңай іс. «Көзден таса болса, көңілден де таса болады» деген сөз бар. Ондай жерлерге бармаған қыздар, ондай жерлердің қауіп-қатерінен де сақтанған болады. Егер баратын болса, құтылуы қиын болады.

Ар-намыс – жас қыздың немесе әйелдің құн жетпес асылы. Бұл асыл тасқа қол жеткізу үшін Аллаһу та'аладан қорқпайтын еркектер барлық шайтани тірліктерін қолданады. Қолға

түсіргеннен кейін мақсатына жетеді. Сосын асыл тастың құны кетіп, жай тасқа айналып, көшеге лақтырылады. Бұл жерде еркек – ар-намыс ұрлықшысы, ал әйел – құндылығын жоғалтқан, асыл тасын ұрлатқан бейшара болып қалады.

Расулуллаһ алейһиссалам былай деген:

**«Қызды теңін тапқанда, дереу үйлендіріңдер!»** (Тирмизи)

Көріп отырғанымыздай, әйелді, қызды теңіне беру керек. Теңі дегеніміз еркектің тегінде, мал-мүлкінде, дін амалдарында және қасиетінде қызға лайықты болуы деген сөз. Әйтпесе бай болу, айлығы көп болу, дипломды болу және белгілі бір елдің азаматы болу деген сөз емес. Теңі – еркектің салих мұсылман болуы, намазын оқуы, ішімдік ішпеуі, яғни исламға мойынсұнуы және нафақасын (тұратын үй (аренда), киім, тамағын т.б.) қамтамасыз ете алатындай жұмысы болуы деген сөз. Яғни бір жанұяны асырай алатын еркекпен тұрмыс құру керек. Еркектің тек бай болғанын, баспанасы болғанын қалайтындар қыздарын пәлекетке итерген, жаһаннамға тастаған болады. Қыз баланың да намаз оқуы, басы, қолы, балтыры ашық көшеге шықпауы керек.

## Ел боламын десең бесігіңді түзе

Ақпарат құралдарындағы деректер бойынша 2015 жылы кәмелетке толмаған 2500 қызбала жүктілікке ұрынған екен. Олардың ең жасы 12-де болған. Мұның салдарында өзіне қол жұмсағандары немесе босанып баласын әжетханаға немесе т.б. лақтырып кетіп жатқандарын да естіп, көріп жүрміз. Елімізде жылына 170 мыңнан астам жасанды түсік жасалады екен. Жасанды түсіктің де зардаптары бір төбе. Қайта бала көтере алмау және өзге де жатыр ауруларына жол ашуы мүмкін.

Бұрындары мұндайды Батыс елдерінде, Еуропа елдерінде

осындай екені айтылатын еді, енді сол қауіп өзімізге де төніп тұр. Еуропа елдері қандай азғындық, арсыздық бар болса бәрін жасады, жыныстық еркіндік деді, барлық озбырлықтарға жол берді. Қазір соның зардабын тартып келеді. Қазір Еуропа елдерінде, отбасы ұғымы ұмыт болуға шақ, бала туылуы азаюда, есесіне некесіз қатынастар, некесіз туылған балалар көбеюде.

Мәселен арсыздықтың шыңына жеткен Швецияда, зерттеу жүргізген, **Laboratory for Clinical Stress Research**-тің зерттеуінің нәтижесінде былай делінеді: «Төрт жасар балалардың әр үш баланың біреуі зәрін ұстай алмайды. Әр екі жас-жеткіншектің біреуі ұйқысыздық, әлсіздік секілді келеңсіздіктерден шағымданушы. Әр жылы мыңдаған адам өзіне қол жұмсауда, ал әр мың адамнан 100-нің жүйке ауруларына шалдығуы Швецияны ең бақытсыз адамдардың қатарына шығаруда.» Қазіргі таңда біздің отбасы жағдайымыз батысқа қарағанда тәуір. Бірақ батысқа еліктегіш қоғам, осы қарқынмен кете беретін болса, біздің де басымызға келетіні осы емес пе?!

«Он үшке толған қызыңды біреудің үйіне қондырма, он үшке толған ұлыңды біреудің үйінен тойдырма», «Қызға қырық үйден тыйым», «Ел болам десең бесігіңді түзе» деген мақал бар. Дана ата-бабаларымыз отбасының ел ішіндегі маңыздылығын, соның ішінде бала тәрбиесіне мықты көңіл бөлінуі керектігін айқындап берген. Сондықтан әрбір ата-ана бала тәрбиесіне немқұрайлы қарамауы, оларды бос жібермеуі, жіті бақылауы тиіс. Ар тазалығының маңыздылығын, зинақорлықтың зияндарын түсіндіріп, имандылыққа, ибалыққа тәрбиелеу қажет. Әсіресе интернеттен төнетін қауіптер және теледидар көрсетілімдерінен, яғни тәрбиені бұзатын шетелдік фильмдерге қатысты мұқият болу керек.

## Шегін білу

**Сұрақ:** Әдеп деген не?

**Жауап:** Әдеп – өзін-өзі кез-келген ортада ұстай білу, шектен асып кетпеу деген сөз. Отбасында, жұмыс орнында, қоғамда барлық жердің бір шекарасы, ережесі бар. Барлық қиындықтар мен адамдармен сыйыспаушылықтар үнемі шектен асып кетуден пайда болады. Әркім өзінің шегін (орнын) біліп, шамадан тыс кетпесе, мысалға: бір үйдің әйелі мен күйеуі де өздерінің шегінен аспай, соған сәйкес әрекет етсе, ол үй – жаннаттай болады. Жаннаттай болған үйден ахиретке көшкендер де әлбетте жаннатқа кетеді. Әрбір мәселеде дініміздің әміріне мойынсұнып, соған сәйкес әрекет еткен адам, шамасын біліп, шегінен аспаған болады. Ондай жағдайда ұрыс-керісте, сыйыспаушылықта, төбелесте болмайды. Дүние гүл бақшасына айналады. Барлық нәрсенің шегін дініміз білдіруде.

## Біреуге не істесең алдыңа сол келеді

**Сұрақ:** Бір танысым жолдас баламның әйелін алып қашып кетіп үйленді. Діни тұрғыдан бұл дұрыс па?

**Жауап:** Үш тұрғыдан дұрыс емес:

1) Басқа біреудің әйелін тура жолдан тайдыру үлкен күнә. Хадис шәрифте былай делінген: **«Біреудің әйелін тура жолдан тайдырып, адастырған адам бізден емес.»** (Әбу Дауд)

2) Күйеуі ол әйелден ажыраспай тұрып (талақ бермей тұрып) ешкім онымен үйлене алмайды. Жасағандары зина болады.

3) Күйеуі әйелінің алып қашылғанын, үйленгенін естіп, сол кезде ажырасса да, иддет уақытын күтпей тұрып үйленуге болмайды. Үйленетін болса, зина болады.

Біреу біреудің әйелін туралықтан тайдырса, басқа біреу де оның әйелін туралықтан тайдыруы мүмкін. “Біреуге не

істесең алдыңа сол келеді”,- деп бекер айтылмаған. Хадис шәрифте былай делінген:

**«Сендер арлы болсаңдар, әйелдерің де арлы болады.»** (Хаким)

Күйеуіне қиянат жасап, басқаға қашып үйленген әйел, ол күйеуіне де қиянат жасауы мүмкін. Сол еркекке не үшін қашып кетті? Не байлығы үшін, не сымбаттылығы үшін, не жас көрінгені үшін қашты. Қандай себеп болса да, одан да бай, одан да сұлу, одан да жас жігітті тапқанда, оған да қашып кетпейтініне кім кепіл? Аллаһтан қорықпайтын адам барлық нәрсені жасауы мүмкін.

## ҒАШЫҚТАР КҮНІ

**Сұрақ:** “Валентин күні” деп аталатын ғашықтар күнін тойлаудың және сыйлық берудің діни тұрғыдан зияны бар ма?

**Жауап:** “Әйелдер күні”, “Балалар күні” секілді әдетке қатысты күндерді атап өтудің зияны жоқ. Алайда “ғашықтар” деген кезде дінге қайшы (некесіз) болған қатынастар негізге алынуда. Ал бұл болса, мүлдем жаиз емес, харам нәрсені тойлауға болмайды. Халықтың әдеті (салты) болған нәрсені жасау жаиз, алайда дінге қайшы болған әдетті құттықтау жаиз емес. Яғни дінімізде некесіз қатынастарға тыйым салынған. Төмендегі христиандардың әңгімесі дұрыс болса, ғашықтар күнін тойлауымыз – шіркеу попының жастарды қосқандығын тойлауға және поптың өлімін еске алуға ұқсап кетеді. Тіпті мейрам ретінде жарияланғанына қарағанда христиандардың діни мейрамын тойлау одан бетер қауіпті.

**Сант** (Қасиетті) **Валентин** (ғашықтар) **күнінің шығу тарихы:** Зұлымдығымен танымал болған Рим Императоры II-ші Клаудиус үлкен әскери қол жинауды көздейді. (Милади 200 ж) Император әскерге қосылған еркектердің

отбасыларын және сүйіктілерін ойлап соғыса алмай қалады деп сенеді. Осы себепті жастардың үйленуіне тыйым салады. Сол дәуірде Императорға қарсы шыққан және жастардың басын қосқан Валентин атты поп ғашықтардың ең жақын досы атанады. Мұны естіген император Валентинді түрмеге қаматады. Түрме күзетшісінің соқыр қызының сауығуына көмекші болған Валентиннің аты Императордың құлағына жетеді. Сөйтіп, 14-ші ақпанда поп өлтіріледі. (Милади 270 ж)

Өлген күні күзетшінің соқыр қызына жазған бір жапырақ қағазы табылады. Ол қағазда Валентин ғашықтардың арасындағы махаббаттан, құмарлықтан сөз еткен екен. Сол күннен бастап 14-ші ақпан Сант Валентинді еске алу үшін бір-бірлеріне ынтызар болған ғашық жандар тарапынан тойланып келеді.

Поп Валентин жастармен қоса кішкентай балалар тарапынан да сүйіспеншілікке бөленеді. Бір сылтаумен тұтқындалады. Тұтқында жатқан мерзімі бойынша балалар гүл шоқтарымен қоса жазған хаттарын күн сайын түрменің темірлеріне іліп кетіп жүреді. 14-ші ақпанда Валентинді өлім жазасына кеседі. Өлгеннен кейін жыл сайын 14-ші ақпан күні адамдар сүйіктілеріне гүл шоғырын, шоколад және ғашық сезімін білдіретін хаттарын алып бару әдетке айналады.

Әр түрлі мемлекеттерден шыққан көптеген тарихшылар 14-ші ақпанның тек қана ғашықтарға тән болуына қарсы болған. Олар 5 ғасырда өмір сүрген Сант Валентин атты поптың бұл күнді мейрам күні деп жариялап кеткенін айтуда.

«Валентин христиандық сенімінде Римдік күнәсыз (святой) болып табылады. Милади 269 жылдары өлтірілген деп саналуда. Ғашықтардың көсемі (святойы) деп те білінеді. Жыл сайын 14-ші ақпанда еске алынады. Уақыт өте келе бұл күнді “ғашықтар күні” деп атап кеткен.» *(Oxford Dictionary of English)*

# ӘЙЕЛДЕРДІҢ ОРАНУЫ ПАРЫЗ

**Сұрақ:** Әйелдердің қалай орану керектігі дінімізде ашық білдірілсе де неліктен әлі күнге дейін бұл жөнінде талас-тартыстар болуда? Жабынуды жоққа шығарып, мойындамайтын адам діннен шыққан болмай ма?

**Жауап:** Дінімізде әйелдердің орануы, яғни бетімен қолынан басқа барлық мүшесін жабу керектігі анық, ашық түрде білдірілген. Әйелдердің орануына байланысты түскен аяттарды пайғамбарымыз ашықтап түсіндірген, ғалымдарымыз оны бізге жеткізген. Бұл тақырыптағы талас-тартыстар әдейілеп жаман пиғылмен жасалуда.

Құран кәрімде жалпы барлық нәрсе қысқаша түрде білдірілген. Оларды пайғамбарымыз кеңінен ашып түсіндірген және содан бері оның үкімдері жүре бастаған.

Құран кәрімнің **“Исра”** сүресінің 23-ші аятында: **«Байқа, ата-анаңа “уф” деме! »** делінген. Егер бір кісі ата-анасына “уф” демесе, бірақ таяқпен соққыласа, «Мен “уф” демедім, Құранның әміріне мойынсұндым» десе, ол кісі Құранның әміріне бағынған есебінде бола ма?.. Хазреті Байдауидің тәфсирінде бұл аяттың мағынасы: **«Ата-аналарыңды ренжітпеңдер, тіпті оларға “уф” деп те айтпаңдар!»** деп түсіндіріледі.

Сондықтан Құрандағы бір аяттың үкімін үйрену үшін Құранның аудармасына қарау үлкен қателік болып табылады. Әркім өз бетімен Құраннан үкім шығара алғандарында, хадис шәрифтердің керегі қалмас еді.

Мәселен ұрлық жасау қылмыс болып табылады. Сот төрешілігі ұрлықшының жазасын заңдарға жүгінбей, тек қана Конституция бойынша бере алмайды. Себебі ұрлықшыға берілетін жаза Конституцияда анық көрсетілмеген. Көптеген үкімдер конституцияның тармақтары болған заңдармен анықталады.

Сол секілді кез келген адам дініміздің үкімдерін тікелей Құран кәрімнен түсіне алмайды. Өйткені Құран кәрімді пайғамбарымыз хадис шәрифтерімен ашықтаған, түсіндірген. Ал хадистерді түсінудің өзі де үлкен ғылымды талап етеді. Яғни бұларды да ислам ғұламалары ашып түсіндірген. Сондықтан ешкімге де тікелей Құран кәрімнің аудармасын оқуға кеңес бермейміз. Бір оқырманымыз: «Құран кәрімнің аудармасын оқимын деп, таза дінсіз болдым» деп өкінішімен бөліскен еді.

Медициналық кітаптан оқып, дәрі жасау немесе науқасқа диагноз қою қате нәрсе. Ал Құран кәрімнің аудармасынан үкім шығару одан да үлкен қателік. Себебі қате дәріні қолданған адамның өлуі мүмкін. Алайда қате үкім шығарған адам болса, иманынан айырылып, мәңгі азапқа душар болуы мүмкін. Хадис шәрифтерде былай делінеді:

**«Құран кәрімді өзінің көзқарасымен, өз ойымен ашықтаған адам, дұрыс тапса да сөзсіз қателеседі.»** (Нәсаи)

**«Құран-кәрімді өзінің ойымен тәфсирлеген адам кәпір болады»** (Мәктубат Раббани)

Құран кәрімде былай делінеді:

**«Мұсылман әйелдерге айт** (Бөтен еркектерге қараудан) **сақтансын, ар-намыстарын қорғасын,** (қол, жүз сияқты) **көрінетін бөлігінен басқа әшекейлерін** (шаш және көкірек секілді әшекей тағатын жерлерін) **көрсетпесін, орамалдарын жағасына дейін** (шаш, құлақ және мойындарын) **жапсын!»** (Нұр 31)

Бұл аяттан әйелдердің орамалды тек қана жағасына жабатыны, басы мен денесінің қалған бөлігін жабудың қажет еместігі түсінілуі мүмкін. Көзді неден сақтау керек? Ар-намысты қалай қорғау керек? Әшекейге нелер жатады? Қына, сүрме секілді бояулар ма әлде алтын, күміс секілді сәндік бұйымдар ма? Осыған ұқсаған тұстары анық емес,

ал бұл тұстары хадис шәрифтермен түсіндірілген. **“Аһзаб”** сүресінің 59 аятында: **«Ей Пайғамбар! Жұбайларыңа, қыздарыңа және мұсылмандардың әйелдеріне** (сыртқа шығарда) **үстеріне бүркеншіктерін** (сырт киімдерін) **киюлерін айт! Бұл олардың танылып, қиналмауы үшін өте қолайлы.»**

Осы аударманы оқып «Әйел сырт киімді танылып қиналмауы үшін киеді екен. Егер танылып еш қиындық көрмесе, киімсіз де жүруіне болады екен» дегендер де шықты. Сондықтан бұл аяттардан өз түсінгенімізге емес, Расулуллаһ алейһиссаламның түсіндірмелеріне қарау керек. Хадис шәрифте былай делінеді:

«**Әйелдің** (жүзі мен екі қолынан басқа) **барлық жерлері әурет болып саналады» (**Мәжмаул-әнһүр және Әл-муғни**)**

Бұл хадисте әйелдің орануы, яғни жүзімен екі қолынан басқа мүшелері жабық жүруі керектігі анық білдірілген. Құран кәрімнің он жеті жерінде пайғамбарымызға: **«Оларға “Маған мойынсұныңдар” деп айт»** делінген. Аллаһу та’аланың пайғамбарына мойынсұнып, оның білдіргені бойынша орану керек!

Хазреті Эсма жұқа киіммен келгенінде расулуллаһ оған (балдызына) қарамады. Қасиетті жүзін бұрып: **«Ей Эсма! Бір қыз намаз оқитын жасқа келгенінде, жүзі мен екі қолынан басқа жерлерін еркектерге көрсетуіне болмайды»** деп бұйырды. (Әбу Дауд)

Хазреті Айша анамыз: **«Алғашқы хижрат еткен әйелдерге Аллаһтың рахметі** (мейірімі) **жаусын! Жабыну аяты келісімен маталарын жыртып, бастарын жапты»** деген. (Бұхари, Нәсаи)

Әйел – әурет саналады, орануы, екі қолымен жүзінен басқа барлық жерін жабынуы парыз болып табылады. Аяти кәриманы өз көзқарасы бойынша тәфсирлеп, бұл парызға қарсы шығу күпірлік болады.

Әйел көшеге оранбай, ашық шығатын болса, кәпір болмайды. Күнәһар болады. Бірақ жабынудың керегі жоқ деп айтатын болса, яғни орану керектігіне сенбесе исламға сенбеген болады. Күнә және күпір екеуі екі түрлі нәрсе.

**Сұрақ:** Жалпы мұсылман әйелдің киім үлгісі қандай болу керек (мысалға: киімінің түсі, көлемі т.б)?

**Жауап:** Расулуллаһ алейһиссаламның әдеттеріне байланысты сүннеттеріне мойынсұну да үлкен мәртебе және үлкен сауап. Бірақ оны орындамау күнә емес, тіпті мәкрух та емес. Мәселен пайғамбарымыз түйеге мінетін еді. Түйеге мінбеу күнә немесе мәкрух емес. Араптардағы әдет бойынша мүбәрак тобықтарына дейін жететін ұзын көйлек (антари) киетін еді. **(Ибн Асакир)**

Дін кітаптарындағы берілген үкімдерде былай делінеді: «Әйелдердің дене пішінін белгілі етпейтіндей (обтягивающий емес) кез келген киіммен киінуі парыз. Ислам діні жабық жүруді (екі қолы мен жүзінен басқа барлық жерлерін жабық ұстауын) әмір еткен, бірақ белігілі бір киім түрін білдірмеген.» **(Дурәрул-мултәқита)**

«Жабуы (көрсетпеуі) керек болған мүшелерді жабатындай және дене пішінін белгілі етпейтіндей болу шартымен әйелдер өз қаласының әдетіне сай киінеді. Өйткені киім секілді мубахтарда, қаланың әдетіне мойынсұнбау тахриман мәкрух болады. Зәру (мәжбүр) жағдай болмайынша харамдарда ешбір жердің әдетіне мойынсұнуға болмайды.» **(Хадиқа)**

**Сұрақ:** Хиджаб кигеннен кейінгі әйел баласының жасауына болмайтын нәрселері жайында толығырақ жазып жіберсеңіздер?

**Жауап:** Мұсылман әйелге хиджаб кисе де кимесе де жасауға болмайтын нәрселері бірдей. Хиджаб киген әйелге харам болатын нәрселер хиджаб кимеген әйелдерге де харам болады. Бірақ сонда да хиджаб кигеннен кейін әйелдің бүкіл жүріс-тұрысына, қимылдарына бұрынғыға қарағанда өте

мұқият болуы талап етіледі. Себебі хиджаб киген әйелдің істейтін әрбір қопал қылығы және айтатын әрбір сөзі «мұсылмандардың барлығы осындай екен» деген оймен қарсы алынады.

Сол себепті хиджаб киген бір қыздың жұмыс орындарында, қоғамдық жерлерде басқа кісілермен келіспеушіліктерге, жанжалдарға араласуы бүкіл хиджаб кигендердің барлығының атына кір келтіреді. Сондықтан хиджапты әйел әркезде артықша әрекеттерден, сөздерден тиылып, халық арасында мұсылман әйел деген атқа лайықты, үлгі боларлықтай өмір сүруі керек.

Мысалыға кейбір оқу орындары немесе мемлекеттік қызметтерге хиджабты әйелдердің алынбауына көбінесе бұрын сол қызметтерде істеп немесе сол оқу орындарында оқып мұсылмандарды жаман көрсетіп қойған хиджабты әйелдердің орынсыз іс-әрекеттері себеп болған.

Атеизмнен шыққан қоғамымыздың хиджабтыларға басқаша көзқараспен қарайтыны белгілі. Мұндай қоғамда мұсылмандардың олармен конфликтке апаратын әрқандай сөз, қимылдан ұзақ тұрулары тек қана жеке басының емес, күллі мұсылман әлемінің абыройын қорғап қалуды қамтамасыз етеді. Бүгін кейбір жерлерде, кейбір орталарда мұсылмандарға қарсы жаман мәміле көрсетіліп жатқан болса бұған тағы да өзіміздің “мұсылманмын” деп жүрген қызба және шаласауат қыз-жігіттердің себеп болғанын көріп отырғанымыз қандай өкінішті.

Пайғамбарымыз “алейһиссалам”: **«Адами қасиеттерді жетілдіріп тамамдау үшін жіберілдім»** деген. Тағы да бір хадис шәрифте: **«Сендердің араларыңда иманы ең кәміл болғаныңыз қолынан, тілінен ешкімге зияны тимейтіндеріңіз»** деп айтылған. Олай болса осы насихатты өмір бойы ұстанатындар өзіне де, діндес бауырларына да, дініне де жаман сөз айтқызбайды.

Дініміз әдептілік діні. Әдептілік бірінші орында тұрады. Қайбір адамға әдепті болу нәсіп еткен болса, ол адамның мұсылмандығы да жетік деген сөз. Алайда ақыр заман мұсылмандары, яғни замандастарымыз хиджаб пен сақалға мән бергеніндей халық арасында мұсылмандықты жүріс-тұрыс арқылы танытуда барынша әдеп сақтауға мән бермеуде.

**Сұрақ:** Ата-анам хиджаб кигенімді жақтырмайды, мұның парыз екенін оларға қалай түсіндірсем болады?

**Жауап:** Жастарға үнемі айтатын кеңесіміз мынау: Адал, жақсы, мінсіз адам болуға тырысыңыз, ата анаңызға өзіңізді жақсы көргізіңіз.

Ешкімді ренжітпей, адамдармен жақсы мәміледе болыңыз, көркем мінезіңізбен айналаңызға үлгі болыңыз. Әсіресе ата-анаға жақсы мәміле жасау керек, оларды ренжітпеуге айтқандарын сол мезетте, бұлжытпай, дереу орындауға, олардың көңілдерін табуға тырысу керек. Адамдар жақсы көрген адамын ренжіткісі келмейді, оған ұнамайтын нәрселерді істемеуге, оған ұнайтын нәрселерді істеуге, сол адамға ұқсауға тырысады.

Көптеген жас қыздар, жас жігіттер ата-аналарының күнә болмаған айтқандарын істемейді. Аз ғана діни кітап оқып, дереу ата-аналарына, ағайын-туыстарына уағыз айтуға кірісіп кетеді.

Осылайша өздерін және мұсылмандарды жаман көрсетіп алады. Соның кесірінен хиджаб киюлеріне, намаз оқуларына ата-аналарын дұшпан қылып алады. Кейде бір қыздың кесірінен басқа ата-аналар да бір-бірінен естіп, ұлдарының намаз оқуларына, қыздарының хиджаб киюлеріне қарсы шығып жатады.

**«Нағыз мұсылман тілі мен қолынан ешкімге зиян тимейтін адам»** деген хадис шәрифті көп естісек те әрқашан өзіміз ұстана бермейміз. Ешбір ата-ана жұмсақ мінезді, айтқанды істейтін, жылы сөзді перзентінің көңілін

қайтарғысы келмейді. Сондай перзент болуға тырысу керек. Сонда ата-ананың да көңілі жұмсап қарсылығын қояды. Айтқан сөздеріңізге құлақ түретін болады. Жылы сөз жыланды інінен шығарады.

## ҮЙЛЕНУДІҢ ПАЙДАСЫ МЕН ЗИЯНДАРЫ

**Сұрақ:** Үйлену пайдалы ма, әлде зиянды ма? Үйленерде қандай нәрселерге мән беру керек?

**Жауап:** Үйленудің пайдалы немесе зиянды болуы адамға байланысты. Кейбіреулер үшін үйлену дүние мен ахирет бақытына себеп болады, ал кейбіреулер үшін бақытсыздыққа себеп болуы мүмкін. Біреумен үйленуге ниеттенген адам бірнеше рет истихара намазын оқып, Аллаһу та'алаға сыйынып, нәпсінің және жаман адамдардың араға түсуінен сақтануы үшін жалбарынуы қажет.

**Үйленудің пайдаларының біршамасы мынадай:**

**1)** Үйленген адам балалы болуы мүмкін. Егер баласы салих (тақуа) болса, ата-анасына дұға етеді. Сол арқылы көптеген нығметтерге қауышады. Хадис шәрифте былай делінген: **«Өлгеннен соң сауабы тоқтамайтын жақсы амалдардың бірі – салих** (тақуа) **бала тәрбиелеу. Ата-анасы өлген соң баланың жасаған дұғалары ата-анасына жеткізіледі.»** (Мүслим)

Бала ата-анасынан бұрын, кішкентай кезінде қайтыс болса, ал ата-анасы бұл қайғыға сабыр етсе, ахиретте баласы оларға шапағатшы болады. Хадис шәрифтерде былай делінген:

**«Балаға "жаннатқа кір!" делінген кезде, өкпелі түрде "Ата-анамсыз кірмеймін" дейді. Кейін ата-анасымен бірге жаннатқа кіреді.»** (Нәсаи)

**«Балалар жаннаттың есігінің алдына жиналып, барлығы бірге дауыстап жылап, ата-анасын сұрайды.**

**Бұлардың жан дауысы ата-аналары қастарына келгенге дейін және әрқайсысы ата-аналарының қолдарынан ұстап, жаннатқа кіргенге дейін жалғасады.»** (И. Ғазали)

**2)** Үйленбеген адам көзін харам нәрселерден сақтай алмауы мүмкін. Үйлену адамды шайтанның азғыруынан алыстатуы және дінін қорғауына көмек беруі мүмкін. Хадис шәрифте былай делінді: **«Үйленген адам дінінің жартысын қорғайды. Қалған жартысын қорғау үшін Аллаһу та'алаға қарсы шығудан сақтансын!»** (Табарани)

**«Шүкір еткен көңілге** (жүрекке)**, зікір еткен тілге және ахирет жолында сендерге көмекші болатын салиха** (жақсы) **әйелге ие болуға тырысыңдар!»** деген хадис шәрифтегі салиха әйелдің зікір және шүкірмен бірге айтылуы оның бір нигмет екендігін көрсетуде. Салиха әйел дінін қорғауда көмекші болып табылады. (Тирмизи)

Хазреті Омар былай деген: **«Иманнан кейін жақсы әйелден де артық нигмет жоқ.»**

Қазіргі заманда бойдақ болып дінін қорғау қиын. Үйлену дінді қорғауға көмекші болып табылады. Хадис шәрифте былай делінген:

**«Бір жас жігіт үйленген кезінде шайтан оған: "Қап, дінін менен қорғады" дейді.»** (И. Асакир)

Басқа хадис шәрифте де үйленген адамның екі рәкат намазы бойдақтың 80 рәкат намазынан да артық сауапқа қауыштыратыны білдірілген. **(Рамуз)**

**3)** Әйелдерінің жаман мінездеріне және олардың қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін сабыр ету үлкен ғибадаттардан болып табылады. Хадис шәрифте:

**«Күнәлардың ішінде сондай бір күнә бар, отбасылық қиыншылықтарынан басқа ешнәрсе оған кәффарат** (жаза, өтеу) **болмайды.»** (Табарани)

Жаман әйелдердің ортасына түсіп, нәпсіне алданып күнәға батудан қорыққан жігіттің салиха, таза мұсылман қыз

тауып үйленуі парыз. Мұндай қиын жағдайға тап болмаған жастардың білім алуға, жақсы мінезді болуға тырысып, әйелдерге қатысты жеке ілімдерді үйренгеннен кейін үйленуі қажет болады. Бала-шағасына нафақасын (тамағы, киімі, тұратын жерін) халал жолдан қамтамасыз ете алмайтын адамның үйленуі дұрыс емес.

Мұсылман жігіттің ең әуелі дінін жақсылап үйренуі қажет. Содан кейін сүннетті орындау ниетімен үйлене алады. Әдепті, ұятты, жақсы мінезді, дінін, иманын, исламның шарттарын білетін, исламға мойынсұнатын, көшеде діннің әміріне сай киінетін қызбен үйлену қажет! Арлы және дініне берік қыз іздеу керек! Міндетті түрде бай болсын, сұлу болсын демеу керек! Байлығымен сұлулығы үшін ар-намысты және діндарлықты қолдан жіберіп алмау керек! Хадис шәрифте былай делінген:

**«Әйелді байлығы үшін, немесе сұлулығы үшін, немесе діндарлығы үшін алады. Сендер діндар болғанын алыңдар! Байлығы үшін үйленген адам байлығына қауыша алмайды. Тек сұлулығы үшін үйленген адам сұлулығынан махрұм қалады.»** (Мүслим)

Діндар және сұлу болғаны нұр үстіне нұр болып табылады. Тағы бір хадис шәрифте былай делінген:

**«Сұлулығы мен байлығы үшін үйленген адам екеуінен де махрұм қалады. Діндарлығы үшін үйленген адамға байлық пен сұлулық та беріледі.»** (Табарани)

Некеден бұрын қызды көру сүннет болып табылады. **«Көрмей тұрып үйленудің арты қайғы мен өкініш»** деген хадис шәриф некеден бұрын қызды көрудің маңыздылығын білдіреді.

Сонымен қатар үйленудің ауыртпалықтары да көп. Отбасының және бала-шағаның жауапкершіліктері бар. Әрбір еркек осы жауапкершіліктен құтыла алмайды. Хадис шәрифтерде былай делінген: **«Екінші ғасырдан кейінгі**

**адамдардың ең қайырлысы – қайғы-қасіреті аз және бала-шағасы болмағаны.»** (Әбу Йала)

**«Сондай бір күн келеді, адамдар әйелінің, ата-анасының және бала-шағасының қолынан құрдымға кетеді. Олар оны кедейлікпен айыптап, күші жетпейтін нәрселерді істеуін талап етеді. Соның салдарынан еркек қауіпті істерге бел буып, діннен шығып, опат болады.»** (Бәйһақи)

**«Құлдың таудай жақсылығы, сауабы болса да, қияметте отбасылық міндеттерінен, олардың жауапкершіліктерінен, мал-мүлкін қалай тауып, қайда жұмсағанынан сұралады. Осылайша барлық жақсылығы қарыздарына өтеліп, өзінде ештеңе қалмайды. Сосын бір періште: "Бұл бала-шағасы дүниеде бүкіл сауаптарын жеп тауысып, міне бүгін солар үшін кепіл болып қалған адам!" дейді.»** (И. Ғазали)

**Үйленудің ауыртпалықтарынан біршамасы:**

**1)** Халал нафақа табуда қиыншылық көрген адам харам жолға түсіп, өзін құрдымға итермелейді. Бойдақ болса, өз күнін көруі әлдеқайда жеңіл болады. Қияметте адамның ең бірінші дұшпаны – отбасы болады. Олар былай дейді: «Йа Раббым, одан біздің ақымызды ал! Біз білмеген едік. Ол бізге харам нәрсе жегізді.» Сөйтіп, бала-шағасының ақысы алынады. Тек қана мал-мүліктен емес, білім жағынан да отбасын сауатсыз, надан қалдырмау керек! Хадис шәрифте былай делінген: **«Кісі өз отбасын надан қалдырудан да үлкен күнәмен Аллаһу та'аланың құзырына шыға алмайды.»** (Дәйләми)

**2)** Әйелімен тіл табыса алмау, жаман мінездеріне сабыр ете алмау да пәлекет. Қойшы малдарынан, патша өзінің қол астындағыларынан жауапты болғанындай еркек те өз қол астындағы отбасынан жауапты болады. Хадис шәрифте былай делінген: **"Кісіге қол астындағы** (жауапкершілігіндегі)

**адамға қарамауы күнә ретінде жеткілікті.”** (Нәсаи)

Аллаһу та’ала өзімізді және отбасымызды жаһаннамнан қорғауымызды бұйырды. Алайда адам өзін қорғаудан әлсіз бола тұра, қол астындағыларын қалай қорғамақ? Мінезі шатақ, күйгелек адамдар әйелінің жаман мінездеріне сабыр ете алмайтындары үшін олардың үйленбегендері жақсы болады.

Бала-шаға көңілді (жүректі) ғафыл етуі (қараңғылыққа тұмшалауы) мүмкін. Өзін ғибадат етуден махрұм қалдыруы мүмкін. Әбу Сүлейман Дарани хазреттері айтады: **«Бойдақтыққа шыдау отбасының қиыншылығына төзуден де қайырлы. Олардың қорлығына төзу жаһаннам отына төзуден де қайырлы.»**

Жақсы мінезді, нафақасын халал жолдан таба алатын, әйелін ренжітпейтін, үйленуі ғибадатына еш кедергі болмайтын адамның үйленуінің қауіпі жоқ. Ал нафақасын халал жолдан таба алмайтын, ешкіммен сыйыса алмайтын, жаман мінезді және үйленуі қайырлы істеріне кедергі болатын адамның үйленуі қауіпті болып табылады.

## ҮЙЛЕНГЕНГЕ ДЕЙІН НЕ ІСТЕУ КЕРЕК

**Сұрақ:** Әлі үйленбеген жігіт, күнә істемеу үшін не істеуі керек? Үйленетін кезде қыздың қандай қасиеттеріне мән беру керек? Ахирет бақыты үшін байлық шарт па?

**Жауап:** Үйленгенге дейін жиі-жиі ораза ұстағаныңыз жақсы болады. Өйткені пайғамбарымыз алейһиссалам **«Үйленуге күші жететін үйленсін! Үйлену көзді харамнан сақтайды. Кез-келген бір себеппен үйлене алмаған адам ораза тұтсын! Өйткені, ораза шахуатты сындырады»** деген. (Зия)

Үйленер кезде салиха (діндар, жақсы) қызды іздеу керек. Хадис шәрифте былай делінеді: **«Салиха әйелге қауышқан**

**адам дінінің жартысын қорғаған болады. Қалған жартысында Аллаһтан қорқсын.»** (Табарани)

Ахиреттің бақыты үшін байлық шарт емес. Бір адам пайғамбарымызға намаз бен оразадан басқа ғибадат жасай алмай жүргенін, ақшасы болмағандықтан зекет, садақа, бере алмайтынын және қажылыққа бара алмай жүргенін, жақсылық жасай алмай жүргенін айтып, жағдайының не болатынын сұрағанда пайғамбарымыз: **«Егер көңілінді рия мен хаседтен** (көре алмаушылықтан)**, тіліңді ғайбат пен өтіріктен, көзіңді намахремнен және адамдарға жақтырмай қараудан сақтасаң, жаннатта менімен бірге боласың»** деді.

## ҮЙЛЕНЕТІН ЕРЛЕРГЕ КЕҢЕСТЕР

Мұсылман жігіттің: "менің үйленетін уақытым келді" деп айтуы үшін ең әуелі дінін жақсылап үйренуі қажет. Содан кейін сүннетті орындау ниетімен үйленуі керек. Әдепті, ар-ұятты, жақсы мінезді, дінін, иманын, исламның шарттарын білетін, исламға мойынсұнатын, көшеде діннің әміріне сай киінетін қызбен үйленуі керек! Арлы, дініне берік қыз іздеу қажет! Міндетті түрде бай болсын, жеткілікті мөлшерде мал-мүлкі болсын, сұлу болсын демеу керек! Байлығы мен сұлулығы үшін ар-намысты және діндарлықты қолдан жіберіп алмау керек!

Төмендегі қағидаларға сай өмір сүрген еркек бақытты болады:

**1)** Әйеліне әрдайым жұмсақ, көркем мінезді болуы керек. Аллаһу та'ала жақсы мінезді адамдарды жақсы көреді, ал жаман мінезді адамдарды жақсы көрмейді. Әйелін ренжіту харам болып табылады. Оған үнемі жұмсақ мәміледе болу керек. Үйге келген кезінде сәлем беріп, хал-жағдайын сұрау керек, әзілдесіп көңілін алу керек. Әйелімен ойнау сауап

болады. Басындағы қиыншылықтарын, дұшпандарын, қарыздарын айтып, оның көңіл-күйін түсірмеу керек. Егер көңіл күйі болмаса, оны жақсы көретінін айтып, халін сұрап, жылы-жағымды сөздер айту керек. Хадис шәрифте: **«Мұсылмандардың ең жақсысы, ең пайдалысы - әйеліне жақсы мәміледе болғаны және пайдалы болғаны»** делінген. (Нәсаи)

**2)** Жасалуы қиын болған нәрселерді де "иншаллаһ жасаймын!" деп сөз беріп, көңілін алу керек. Өйткені ол - өмірлік досы, дертінің ортағы, тамағын дайындайтын, балаларын тәрбиелейтін адал жары.

**3)** Бала тәрбиесінде оған көмектесу керек. Бала күндіз түні жылап, анасына тыныштық бермей, еш аяусыз мазасын қашырып оны күйзелтуі мүмкін. Олай болса, оған көмектескен адамға Аллаһу та'ала көмектеседі.

**4)** Шамасы жетіп жатса әйеліне сол қалада әдет болған киімнің, әшекейлердің ең құндысын сатып алып беру керек. Әйел көшеге шыққан кезде бұларды да жауып (жасырып) жүруі керек, бөтен еркектерге көрсетпеуі керек. Халалдан болған ең жақсы азықтарды алып беру керек. Тамақты жалғыз өзі жемеуі керек. Бала-шағасымен бірге отырып жеген сауап. Үйге нафақа (тамақ, киім, тұратын жер) алған кезде сараңдық етпеу керек және ысырап та етпеу керек. Бала-шағаға берілген ақшаның сауабы садақа сауабынан да көп. Жанұясын нафақамен қамтамасыз ете алмайтын адамның үйленуі харам болады.

**5)** Әйелімен жақсы мәміледе болу керек. Оған ұрысып, дауыс көтермеу керек. Мал-мүлкіне және ар-намысына қиянат жасамайтын әйелдерді ұрмақ түгіл ренжіту де жаиз емес. Дүниелік істеріндегі кемшіліктері үшін ұру былай тұрсын, ауыр сөз де айтпау керек. Әйелдердің жүректері (көңілдері) өте нәзік сезімтал болғандықтан бір-бірлерін көре алмай, қызғанатындары, күндейтіндері де бар. Сондықтан,

әсіресе жаңа үйленген жастардың бұл тұрғыда көздері ашық болуы керек. Анасының, әпке-қарындастарының және басқа да әйелдердің өз әйелін жамандағандарына алданбауы керек. Мұндай әңгімелерге жол бермеу керек. Мұндай сөздерге еріп, әйелін ренжітуден сақтануы керек. Анасы және әпке-қарындастарына қарсы әйелінің айтқан сөздеріне де сақ болуы керек. Ата-анаға қорлық көрсетілуіне жол бермеуі керек. Ата-анасына өзі, әйелі және бала-шағалары міндетті түрде құрмет көрсетуі керек. Ата-анаға және қайын атамен қайын енеге құрмет, қызмет етуді бірінші міндет деп білу керек. Үлкендердің разылығын, дұғасын, батасын алуға тырысу керек. Олардың игі дұғаларын алуды үлкен олжа деп білу керек.

**6)** Әйелінің жаман мінезіне жұмсақ, сабырлы мәміле жасау керек. Онымен жақсы қарым-қатынаста болуға тырысу керек. Ақылды ерлі-зайыптылар бір-бірлерін ренжітпейді. Өмірлік досын ренжіту ақымақтықтың белгісі. Жаман мінезді адамның әйелі үнемі ренжи беріп, жүйке жүйесі тозады. Жүйке ауруына шалдығады. Түрлі ауруларға душар болады. Әйелі ауру болған адам бақытсыз болады. Әйелінің қызметінен, көмектерінен махрұм қалады. Бүкіл өмірі оның дертіне дауа іздеумен өтеді. Ал негізінде бүкіл бұл дерттеріне өзінің жаман мінезі себеп болған. Қанша өкінсе де, бұл өкінішінен ешқандай пайда болмайды. Олай болса, әйеліңе көрсеткен жаман мінезіңнің зияны өзіңе тиеді. Сондықтанда оған үнемі жылы жүзді, жұмсақ тілді болуға тырысу керек!

**7)** Мінезі жаман жаққа өзгеретін болса, бұған өзін кінәлау керек, "егер мен жақсы болғанда, ол да мұндай болмас еді" деу керек.

**8)** Ол ашуланған кезде үндемеу керек. Артынша өзі істеген ісіне өкініп, кешірім сұрауы мүмкін. Жақсылықтарын көргенде Аллаһқа шүкір етіп, оған дұға ету керек. "Күйеуім мені өте жақсы көреді" екен деп ойлайтындай мәміледе болу керек.

**9)** Күнәға жатпайтын кемшіліктерін көрмеуге тырысу керек. Күнә істеуден бас тартуын, намаз, ораза және ғұсыл алуын жалғастыруды жұмсақ, жылы сөздермен айтып түсіндіру керек. Құнды заттар сатып алып беретініне уәде беріп, ғибадаттарын жасатып, күнәлардың алдын-алу керек. Кемшіліктерін, сырларын басқалардан жасыру керек. Құран кәрім оқуды және ислам ілімдерін үйрету керек. Әһли сүннет ғұламаларының кітаптарын оқу керек.

**10)** Оған үнемі қайырлы (жақсы) дұға ету керек. Өйткені ол – үйдің күзетшісі, асшысы, тігіншісі, жолдасы және өмірлік жары.

## Үйленген адамға көмек беру

**Сұрақ:** "Үйленген адамға және үй салып жатқан адамға Аллаһ жәрдем береді" деген сөз бар. Кедейлік себебінен үйлене алмай жүрген адам, үйленуге әрекет етсе, Аллаһ оған жәрдем береді ма?

**Жауап:** Егер харамнан сақтану ниетімен үйленетін болса, әлбетте оған Аллаһу та'ала жәрдем береді. Мына төрт хадис шәрифтерде былай делінген:

**«Харамнан сақтану мақсатымен үйленген адамға, Аллаһу та'аланың жәрдемі хақ болады.»** (Ибн Мәний)

**«Үйленіп ризықтарыңды іздеңдер!»** (Дәйләми)

**«Аллаһу та'ала үйленген ерлі-зайыптылардың әзілдескендерін ұнатады және сол себептен екеуіне де сауап жазады, ризықтарын да халалынан арттырады.»** (И. Адий)

**«Ерлі-зайыптылардың бір-бірлеріне жақсылық және құрмет көрсеткен кездерінде Аллаһу та'ала оларға мол ризық береді және оларды қамқорлығына алады.»** (И. Асакир)

## Сұлулық жеткілікті ме?

Франция императоры 3-ші Наполеон өз заманасында дүниенің ең әдемі әйелі саналған Теба графинясы Мария Евгениямен үйленуге шешім қабылдағанын жариялағанында көпшіліктің таңданысымен наразылығын туғызды. Тәжірибелі кісілер бұл шешімінің дұрыс еместігін айтты. Ал Наполеон айтылған сөздерге құлақ аспады және бұл шешімін жүзеге асырды. Екеуі де бірін-бірі қатты жақсы көретін. Екеуі де танымал, әдемі, үлкен байлыққа ие еді. Бірақ, бірнәрсе жетіспейтін. Әйелі өте сұлу болғанымен өте жаман мінезді еді. Евгенияның ханшайым болуы да, махаббаттарының күші де, тақтың құдіреті де бұл отбасының құлдырауының алдын ала алмады. Евгения Наполеон үшін нағыз бас ауруына айналды. Күмәндар ішінде арпалысқан Евгения, Наполеонның ең босамайтын кезінде жанына баратын, ең маңызды кездесулерін үзетін, айқайлап, шу шығаратын. Ойына келгенін істейтін, әпкесінің жанына қашатын, күйеуінен шағымданып жылайтын, соңында Наполеонға қайтып келіп айыптауларын жаудыратын.

Алып салтанаттың, зәулім сарайдың иесі болған Наполеон, бір сәт ойларын жинақтау үшін бір бөлме табудан қалды. Әйелінің теңдессіз сұлулығы енді оның қорқынышты түсіне айналды. Бұрын оның жүзіне қарағанында рахаттанатын Наполеон енді оны көрмеген сәттерінде рахаттанатын болды. Жаман мінездің улы әсері және әйел айқайы патшаны да үйінен қашырды.

20 жыл ажырасу істерімен айналысқан танымал адвокат былай дейді: «Ер адамдардың өз үйіне ерте барудан қашып, қаңғырып кетулерінің ең маңызды себебі үйдегі әйелінің ызыңы екендігіне куә болдым. Көп әйелдер өз отбасыларының мазарын осылай қазады...»

Жар таңдағанда отбасылық өміріңізді бақытты қылу және үйіңізді тозақ азабына айналдырмау үшін, барлық

нәрседен бұрын әйелде жақсы мінез іздеу керек. Сүйікті пайғамбарымыз 1400 жыл бұрын отбасы бақытының формуласын былай деп білдірген: **«Әйел байлығы үшін, сұлулығы үшін немесе діні үшін алынады. Сіз діндар болғанын, жақсы мінезді болғанын алыңыз! Байлығы үшін алған, байлығына қауыша алмайды. Тек сұлулығы үшін алғандар да сұлулығынан макрұм қалады.»**

## Тән сұлулығы емес жан сұлулығы маңызды

Осман империясының соңғы дәуірінде өмір сүрген бір генералдың ұлы болады. Әкесі ұлын жақсы мінезді, дініне берік, күйеуіне адал жар болатын қызбен үйлендіргісі келеді. Генералдың жұбайы: «Біздің үй күзетшісінің бір қызы бар екен. Өзім көрмедім, бірақ адамдар оны маған көп мақтаған. Әйуп деген кедей ауданда қарапайым үйде тұрады екен. Сол қызды көрейік» - дейді. Генерал әйелінің бұл ұсынысын ұнатып, қабылдайды. Нәтижеде, қызының келісімін алған қарауыл, қызын генералдың ұлына беруге шешім қабылдайды. Сөйтіп құдалық, неке барлығы өтіп үйлену салтанаты (тойы) генералдың үйінде өтетін болады. Дәстүр бойынша жас жұбайлар бір-бірін үйленген күні көретін еді. Тойдан кейін оңаша қалғанда жас күйеу жігіт жұбайының бетіндегі желегін ашып, көрімдігін қыстырмақшы болғанда көңілі түсіп, жерге құлап түседі.

Келін мұңға булығып: «Мырзам, балалық шағымда шалдыққан тері ауруының бетімде қалдырған іздері, өмір бойы жүзіне қарауға мәжбүр болған жұбайыңыздан сізге бір қиыншылық туғызды. Бірақ, бұл менің еркімде болған кемшілік емес... Енді сізге өтінішім мынадай: сіздің жаныңызда 40 күн қонақ ретінде қалайын. Содан кейін мінезіміз сай келмеді деген сылтаумен үйіме қайтып кетемін. Бұған түсінушілікпен қарауыңызды өтінемін! Бұл жағдайдан ешкімнің хабардар болмауын да өтінемін!..» - деп, көздеріне

жас толып, күйеуінің аяғына жығылады. Күйеуі не айтарын білмей, амал жоқтан қабыл етеді.

Бұл 40 күн уақыт аралығында «қонақ» болып жүрген келін қызметшілікке дейін барып, көркем мінезімен, қызметімен, қарапайымдығымен, қарым-қатынас және сөйлеу әдебімен үйдегі барлық адамның жүрегінен орын алады.

Бір күні келін күйеуінің жанына келіп мұңлы күйде: «Үйіңіздегі 40 күндік қонақжайлығыңыз үшін алғысымды білдіремін. Енді үйіме қайту үшін рұқсатыңызды беріңіз...» - дейді.

Енді аяққа жығылу кезегі күйеуіне келген еді, ол әйеліне жалынып: «Қымбатты ханым! Егер сіз мені ұнатпаған болсаңыз және үйіңізге қайтуға шешім қабылдаған болсаңыз, оған қарсы ешнәрсе айта алмаймын. Бірақ сіз мен үшін құн жетпес жұбайсыз. Көркем мінезіңіз бен әдептілігіңізді көріп, негізгі сұлулықтың жүзде (бетте) емес, жүректе екенін түсіндім және сізге ес-түссіз ғашық болдым...» – дейді. Осындай сөздерді айтып келіншегін шешімінен бас тартқызады. Ең маңыздысы, араларындағы бұл сырды балаларына түсіне алатын жасқа келгенде айтып береді. Осылайша, оларға да жанұя бақытында жүрек тазалығының және көркем мінездің бәрінен де маңызды екенін осы мысалмен түсіндіріп берді.

## ҮЙЛЕНЕТІН ҚЫЗДАРҒА КЕҢЕСТЕР

Ерлер үшін де, әйелдер үшін де ғұмыр бойы тату-тәтті өмір сүру үшін төзімді және сабырлы болуы қажет. Аталарымыз: **«Бейнетсіз нығмет болмайды»** деген. Тату-тәтті, жақсы қарым-қатынаста өмір сүру үшін қиындықтарға төзу керек және үнемі өзінікін дұрыс деп білмеу керек. Менікі дұрыс деп қасарыса беру араздыққа жол ашады.

Тәжірибелі және мұсылман бір ананың ғасырлар бұрын қызына айтқан өсиеті:

Қызым, өзің туып өскен, аялап өсірген әке-шешеңнің ұясынан ұшып, жат жұртқа кетіп бара жатырсың. Мінез-құлқын, әдет-ғұрпын білмейтін адаммен өмір сүресің. Сондықтан:

Сен оған жер бол! Ол саған көк (аспан) болсын!

Сен оған үй бол! Ол саған тірек болсын!

Сен оған күң бол! Ол да саған құл болсын!

Сен оған қиындық туғызба! Саған деген сезімі өшпесін!

Одан алыстап кетпе! Сені ұмытпасын!

Оның көзін, мұрнын, құлағын өзгелерден сақта! Көзі сенен басқаны көрмесін, сенен басқаның иісін сезбесін және сенен үнемі әдемі сөздер естісін!

Үйде отырып үй және қол-өнер жұмыстарымен айналыс!

Үйге азық-түліктен не әкелсе де шын жүрекпен қабыл ал, қанағатшыл бол және анау жоқ, мынау жоқ деп ешқашан шағымданушы болма!

Күйеуіңнің ақысын (құқығын) өзіңнен жоғары ұста!

Күйеуіңнің туған – туыстарына, жақындарына құрмет көрсет! Оларды құрметтегенің, күйеуіңді құрметтегенмен тең.

Тазалыққа, жинақылыққа мұқият бол.

Көршілеріңмен жақсы қарым-қатынаста бол! Олардан келетін қиыншылықтарға сабырлы бол!

Әсіресе көршілердің арасында сөз тасыма! Сөз тасудан ұзақ бол!

Намаздарыңды уақыты кірісімен оқы!

**Сұрақ:** Жаңа тұрмысқа шыққан қызыма қандай насихат айтсам болады?

**Жауап:** Төмендегі хат тәжірибелі ананың қызына жазған насихаттары:

Қызым, саған қырық жылдық отбасылық өмірімдегі тәжірибелеріме сүйене отырып, осы насихаттарымды айтпақшымын. Егер айтқан сөздеріме құлақ салып, үнемі

жадыңда сақтасаң дүниеде тыныш, бақытты өмір сүретініңдей ахиретте де мәңгілік бақытқа қол жеткізесің.

**1)** Қанағатшыл бол! Яғни жолдасың үйге алып келген азық-түлік, киім-кешек барлық нәрсені шын жүрекпен қабыл ал! Оған рахмет айтып, алғысыңды білдір! Өйткені, қанағат – көңілді тыныштыққа, бақытқа қауыштырады.

**2)** Күйеуіңнің сөздерін мұқият тыңда және оның күнә болмаған әмірлеріне мойынсұн!

**3)** Үйің, айналаң, барлық нәрсең әрдайым таза, жинақы болсын!

**4)** Күйеуіңнің ұйықтайтын, тамақтанатын кездерін жақсы біл. Ол бұларды қай уақыттарда жасайтын болса, сен сол уақыттарда тамағын әзірлеп, төсегін салып қой. Өйткені, аштық пен ұйқысыздық адамды ашуландырады.

**5)** Күйеуіңнің дүниесін көзіңнің қарашығындай сақта, ысырапшылдыққа жол берме. Істеген істеріңді, жақсылықтарыңды міндетсінбе! Жақсылыққа жасалған жақсылық тез ұмытылады, ал жаманшылыққа жасалған жақсылық ешқашан ұмытылмайды.

**6)** Күйеуіңнің туған-туыстарына, жақындарына құрмет көрсет! Күйеуіңнің қателіктерін жалғыз кезінде өзіне жұмсақ тілмен айт!

**7)** Күйеуіңнің сырларын ешкімге тіс жарып айтпа! Себебі, ерлі-зайыптылардың арасындағы сыр өздерімен бірге қабірге кетуі керек.

**8)** Күйеуіңнің қайғысы мен қуанышына ортақ бол! Оған барлық жағынан да өмірлік жақсы жар бол! Өтірік – отбасын іштен ширітетін құрт секілді.

**9)** Өз араларыңдағы мәселені өздерің шешіңдер! Оларды бізге және өзгелерге айтушы болма! Ешкімнің қолдауынан үміттенбе!

**10)** Күйеуіңнің алуға қиналатын, шамасы жетпейтін нәрселерді алып беруін талап етпе!

**11)** Әйелінің жақсы мінезді болуы – еріне жаннат ниғметі. Сен жолдасыңа жаннат ниғметі бол! Оған азап шектірме!

**12)** Бұларды тек оның қалауларын және оның ризалығын алдыңғы қатарға қойғанда ғана орындай аласың. Үнемі алдыңғы қатарға өзіңді, өзіңнің қалауларыңды қойсаң, бұл насихаттың ешбірін орындай алмайсың.

**13)** Бес уақыт намазыңды шарттарына сай оқымайтын болсаң, бұл саған да, күйеуіңе де, бала-шағаңа да пәлекет ретінде жеткілікті. Бес уақыт намаздың дұрыс болуы үшін ғұсыл және дәрет дұрыс болуы шарт. Бұлардың пайдасын көру үшін сенім (ақида) дұрыс болуы шарт. Дұрыс сенім - әһли сүннет уәл жамағат сенімі. Барлық нәрседен бұрын осыларды үйреніп, жүзеге асыру қажет. Осылар дұрыс болса, қалғандары уақыт өте келе түзеліп кетеді.

### Ең әдемі гүл

Баяғы өткен заманда бір қалашықта әлемнің ең сұлу қызы өмір сүріпті. Қыздың сұлулығы соншалық, оны көру үшін өте алыс шаһарлардан, елдерден өте бай, асқан көрікті, асыл текті жігіттер келеді екен. Үйленуге ұсыныс жасағандардың, ханзадалардың, серілердің біреуін де ұнатпапты.

Сол күндері осы маңда тұратын бір жігіт те әлгі қызға ғашық болып қолын сұрапты. Бірақ қыз оның да ұсынысын қабыл етпейді.

Арадан ұзақ жылдар өтеді. Әлгі жігіт басқа қалаға кетіп, жаңа өмір бастап, үйленіп бала-шағалы болады. Күндердің күнінде бұрын өзі тұрған кішігірім қалашыққа жолы түседі. Келе жатып жолда бір танысын кездестіреді. Онымен әңгіме барысында бұрынғы әдемі қыз есіне түсіп, оның жағдайының не болғанын сұрайды. Сонда танысы гүл бақшасы бар үйді көрсетіп, қыздың тұрмысқа шыққанын сол үйде тұрып жатқанын айтады. Жігіт: «Апыр-ай, кезінде ешкімге қарамаған бұл қыздың күйеуі кім болды екен?» деп,

таңырқай бастайды.

Бір күні жасырын сығалап жүріп, күйеуінің үйден шығып бара жатқанын көреді. Қыздың күйеуі семіз, басы таз, түрі де өте ұсқынсыз біреу екен. Оның үстіне бай да емес екен. Мұның мәнісін білгісі келген әлгі жігіт күйеуі кеткен соң үйдің есігін қағады. Қыз есікті ашқанда, өзінің кім екенін айтып, не үшін мұндай адамға үйленгенін сұрайды. Қыз оған: «Анау тұрған гүл бағының ішінен ең әдемі гүлді үзіп әкелсең, жауабын айтамын. Бірақ, бір ғана шартым бар. Әдемі гүлді алу үшін ілгерілей аласың бірақ кері шегінбейсің!» дейді.

Жігіт жүздеген әдемі гүлдердің ішіне кіріп аралай бастайды. Бірден көзіне өте әдемі бір сары гүл түседі. Оны енді алайын деп жатқанда сәл ілгеріде қызыл-ала гүл көзіне түседі. Оған барып қолын соза бергенде одан да ілгеріде өте керемет қызыл гүл шоғын көреді.

Осылай ең әдемі гүлді табамын деп ілгерілеп жүре келе бақшаның соңына да жетеді. Кері шегіне алмаған жігіт амалсыздан сол жерден бір гүлді үзіп, қызға алып барады. Бақшаның ең әдемі гүлін күтіп отырған қыз жапырақтары солыңқы, өңсіз гүлді әкелгенін көреді.

Сонда қыз жігітке бұрылып былай дейді: «Көрдің бе? Үнемі ең жақсысын табуды қалағаныңда өміріңнің қалай өтіп кеткенін білмей қаласың. Соңында ең жаманына да разы болуға мәжбүр боласың. Сондықтан жастық шағың қолдан кетпей тұрып қолда бардың қадірін білу керек.»

## ЖАҚСЫ ЖАР ТАҢДАУ ҮШІН

**Сұрақ:** Жар таңдағанда ата-ананың айтқан қызды алу керек пе, әлде өзім іздеп табуым керек пе?

**Жауап:** Жар таңдауда ата-ана, аға-әпке, ағайын-туыс, көрші, дос-жараң сияқты жақындардың кеңесіне, көмегіне міндетті түрде жүгіну керек. Бұлардың тәжірибелерінен

пайдалану керек. Ата-аналар да өз кезегінде ұл-қыздарының есейген шақтарында ақырындап болашақ жұбайының қандай қасиеттеріне қарауы керектігін айта жүруі керек. Жастардың өз бастарымен жар таңдау жөнінде, оның келешекте қандай жар бола алатынын болжай алу, адам тани алу қабілеттері бәсеңдеу болуы мүмкін. Өйткені көбінесе жастар ақыл, тәжрибеге емес, сезімге сүйеніп әрекет етеді. Ал сезімдер көбінесе адамды жаңылыстырады. Сондай-ақ жастар бір-біріне тек жақсы қырларымен ғана көрінуге тырысады, бір-біріне шынайы бетпердесін аша бермейді. Ал ата-ана немесе ағайындардың пәлен жерде пәлен қыз бар өте діндар, сыпайы, пысық, өте қарапайым деген сияқты кеңестерімен жар таңдау өте жақсы дәстүр. Мұны кей жерлерде қыз көру әдеті, кей жерлерде жеңгетайлық деп те жатады. Бұрындары "атастыру" дәстүрі бар болатын. Бұл да екі жақты бір-бірін жақсы танитын ата-аналардың балалары үшін жақсы жар болатын адамды таңдап беруі еді. Бір-бірін бұрыннан танитын, бұрыннан силасып жүрген адамдар болғандықтан құдалар арасы кикілжің бола бермейді, өзі таңдап бергендіктен келін-ене араздығы болмайды және «құдалардан ұят болады» дегендей сөздермен балаларының ұрыстарының ұзамауын, үлгілі болуын құлақтарына құйып отырады. Отбасы құру, ажырасу істерін зерттеген көп мамандар, мысалы «Бақыттың бұлағы Жанұя» атты кітаптың авторы Түркиялық Мехмет Оруч мырза осы әдіспен үйленгендерде ажырасу мүлде болмайды дерлік өте сирек кездеседі деп мәлімдеген. Бұл әдісті батыстың шырмауына түскен кейбіреулер әдейлеп жамандайтындар бар. Жастардың бір-бірін көруіне жол бермей, келіспей мәжбүрлеп үйлендіреді екен деп те ойлайтындар аз емес. Ал негізінде бұл олай емес. Екі жақты ата-аналар өздері немесе жеңгетай арқылы сөйлескен соң, жастарды әрине кездестіреді. Бұл онсыз да дініміздегі сүннет амал. Үйлену мақсатындағы жастар қылует болмайтындай

жерде (адамдардың көзінен таса болмайтын жерде) кездесуіне, сөйлесуіне болады. **«Көрмей тұрып үйленудің арты қайғы мен өкініш»** деген хадис шәриф некеден бұрын қызды көрудің маңыздылығын білдіреді.

Ата-ананың да пікірін алу керек, бұл маңызды шешімде олардың да рөлі, үлесі болуы қажет. Ата-анасын тыңдамай, қарсы шығып үйленгендердің опық жеп, кейін өкініп жататыны, ажырасып жататыны көп кездеседі. Олардың өмірлік мол тәжрибелерінен пайдалану керек. Әрине соңғы шешімді жастар береді.

**Сұрақ:** Болашақ күйеуімнің ақылды, намаз оқитын діндар, жақсы адам болуын қалаймын. Исламда жігіт пен кыз танысып араласуға, жүруге тыйым салынған. Ондай ер жігітпен тұрмыс құру үшін не істеу керек?

**Жауап:** Намаз оқитын жанұясы бар әйелдермен араласып тұратын болсаңыз, бұл мәселелер солардың араға түсуімен, жеңгетайлық етуімен шешіледі. Өзіңіз де көп дұға етіңіз. Жігіттің мазһабсыз, сектант болмауына мән беріңіз.

**Сұрақ:** Сүйген жігітім менен екі жас кіші, 11 сыныпта оқиды. Ата-аналарымыз махаббатымызға қарсы. Ата-анамыздың сөзін тастаймыз ба әлде махаббатымызды ма? Жалпы үйлену үшін жігітпен қыз бір-бірінің қандай қасиеттеріне қарауы керек?

**Жауап:** Хадис шәрифтерде былай делінеді:

**«Әке-шешесін қызметтерімен разы еткен адам, Аллаһу та’аланы разы еткен болады. Оларды ашуландырған адам Аллаһу та’аланы ашуландырған болады.»** (Ибн Нәжжар)

**«Әке-шешеге жасалған жақсылық бақытсыздықты бақыттылыққа айналдырады, өмірді ұзартады және адамды жаман өлімнен қорғайды.»** (Әбу Нуаим)

**«Әке-шешеге қарсы шығу үлкен күнә болып табылады»** (Бұхари)

Олай болса, әке-шеше залым болып, баласына зұлымдық етсе де, күнә істеуді әмір етсе де, оларды ренжітпеуге, ашуландырмауға тырысу керек! Оларды ренжітетін сөз және әрекет жаиз емес. Күнә болған, дінге қайшы болған әмірлерін орындау керек емес. Бірақ ренжітпейтіндей жолын тауып шығуға тырысу керек.

Әке-шеше жаман болса да, олармен жақсы мәміледе болу керек! Олармен араны үзу үлкен күнә болып табылады. Әкесіне қарсы шыққан бала бақытты бола алмайды, мұратына жете алмайды, отбасымен жақсы қарым-қатынаста бола алмайды, үйінің дәм-тұзы, қызығы болмайды. **(Шира)**

Осы насихаттарға құлақ түретін болсаңыз әке-шешенің айтқанын да бірнеше рет ойлап көру керектігін түсінесіз. Оның үстіне 11 сынып оқитын жігіттің бір отбасын асырай алуы мүмкін емес. Отбасын асырай алмайтын жігіттің неше жаста болса да үйленуі харам болып табылады.

Қыз да, еркек те болашақ жарының бойында мына үш қасиеттің болуына мән беруі керек:

**1-** Діндар болуы.

**2-** Дені сау болуы, жанұялық өмірге көлеңке түсіретін аурулары болмауы керек.

**3-** Жақсы мінезді болуы керек. Болмашы нәрсеге ашуланатын, бүргеге ренжіп көрпесін өртейтін адамдардармен тұрмыс қиын болады.

Осы қасиеттері бойында бар ұлды да, қызды да теңімен үйлендіру керек. Хадис шәрифте былай делінеді:

**«Қыздарыңды теңіне, лайық болған адамға тұрмысқа беріңдер.»** (Тирмизи)

Теңі дегеніміз еркектің тегінде, мал-мүлкінде, дін амалдарында және қасиетінде қызға лайықты болуы деген сөз. Әйтпесе бай болу, айлығы көп болу, дипломды болу және белгілі бір елдің азаматы болу деген сөз емес. Теңі – еркектің салих мұсылман болуы, намазын оқуы, ішімдік ішпеуі, яғни

исламға мойынсұнуы және нафақасын (тұратын үй (аренда), киім, тамағын т.б.) қамтамасыз ете алатындай жұмысы болуы деген сөз. Яғни отбасын асырай алатын еркекпен тұрмыс құру керек. Өзін асырай алмайтын еркекпен тұрмыс құру, сөйлесу де керек емес. Еркек мына қасиеттерде әйелден үстем болуы керек. Тең болса да болады:

1- Кәсіпте еркек әйелден үстем болуы керек немесе тең болуы керек. Төмен кәсіпті еркек жоғары кәсіпті әйелдің теңі саналмайды.

2- Еркек әйелден бай болуы керек немесе табысы әйелдікінен көп немесе бірдей болуы керек. Бай әйел кедей еркектің теңі саналмайды. Еркек мәхри муәжжалын немесе бір айлық нафақасын бере алатын жағдайда болса, бай әйелдің теңі болып саналады. Ауылдық еркек қалалық қыздың теңі саналады.

3- Еркектің әйелден де діндар болуы немесе тең болуы керек. Пасық (ашықша күнә істейтін) еркек салиха (дінге амал ететін) қыздың тіпті салих адамның қызының да теңі бола алмайды.

Осы шарттарға жауап бере алатын болса, жасы өзінен кіші болған жігітке де тұрмысқа шығуға болады. Жастардың махаббат дегені әрқашанда шын махаббат бола бермейді. Кейбір өткіншіл сезімдерге алданып қалмаңыз, ойланып көріңіз!

## Османлыда күйеу бала таңдауы

Хазреті Абуррахман бин Мұхаммед, Османлы мемлекетінің шәйхул исламының куйеу баласы болатын. «Мәжма-ул-әнхур» атты кітабы, «дамат» яғни күйеу бала деген атпен мәшһүр болған. 1668 жылы қайтыс болған.

Күйеу бала аталуының оқиғасы былай болған: Абуррахман бин Мұхаммед хазреттерінің әке шешесі ерте қайтыс болады, қала сыртындағы екі бөлмелі ескі уйде жалғыз

тұратын. Медреседе оқып жүрген жылы қыс айы, қатты боран соғып тұрған түні шамның жарығымен үйінде сабақ оқып отырған болатын. Түннің жарымында есік қағылады. Бисмиләһ айтып есікті ашқанында, есік алдында жас қыздың тұрғанын көреді. Әлгі қыз: «үйде кенеттен өрт шығып далаға қашқан болатынбыз. Туысымыздың үйіне келе жатып, мына боранды түнде жолымнан адасып қалдым. Шамның жарығын байқап көмек сұрауды ұйғардым. Қатты тоңып қалдым. Боран басылғанша жылынып отырсам бола ма?» дейді. Жас Абдуррахман «Иә, әрине» деп оны ішке алады. Жанындағы бөлмеге жайғастырып өзі орнына отырып сабақ оқуын жалғастырды. Қонақ қыз арадан шамалы уақыт өтіп бойы жылынған соң, бұл жігіттің жалғыз тұратынын ойлап уайымдай бастады. Боран да басылар еместін. Есікетің саңылауынан ақырын қарағанында әлгі жігіттің сабақ оқып отырып анда-санда қолын шамның отына қойып күйген кезінде тартып алып отырғанын байқады. Бұл жағдай таңға дейін осылай жалғасты. Таң атқанда дауыл да басылып қыз үйіне кетті.

Үйіндегілер зәресі ұшып уайымдап отырған екен. Әкесі: «Қызым түні бойы сені іздемеген жеріміз қалмады, қайда болдың» дейді. Қызы адасып кеткендігін бір үйдің жарығын көріп сонда жалғыз тұратын бір жігіттің үйінде болғандығын айтады. Әкесі ашуланып «Қызым жалғыз тұратын еркектің үйінде қалай қалдың?» дегенінде қызы «Әкешім, қорықпаңыз, ол менің жүзіме де қараған жоқ, мені басқа бөлмеге жайғастырып, өзі таңға дейін сабағын оқыды, есік саңылауынан қарағанымда анда-санда қолын шамға күйдіріп отырғанын байқадым» дейді. Бұл Осман елінің шәйхулисламының қызы болатын. Шәйхулислам екі әскер жіберіп әлгі жас жігітті алдына шақыртады: «Кеше түнде менің қызым сіздің үйде болғаны рас па» дейді. Жас бала «Иә тақсыр, рас» дейді. Шәйхулислам «Неге сабақ оқып отырып

саусағыңды күйдіріп отырдың» деп сұрайды. Жігіт: «Тақсыр, сабақ оқып отырғанымда шайтан уәсуәса (жаман ой) берді. Мен өз-өзіме егер шайтанға еретін болсаң ертең денеңнің бәрі отта жанады. Қазір бір ғана саусағыңның күйгеніне шыдай алмай отырсың, бүкіл денең жанса қалай шыдамақсың деп таңға дейін жаман ой келгенде саусағымды қаттырақ күйдіріп отырдым, қызыңыздың жүзіне де қарамадым» дейді. Қызына намаз оқитын және күнә істемейтін салих (жақсы) күйеу бала іздеп жүрген шәйхулислам күйеу баласы болуын, той шығындарын өзі көтеретінін айтады. Жас жігіт шәйхулисламның қызымен бақытты жанұя құрады. Кейінректе жетіліп ғалым болған бұл жігіттің жазған өте құнды фиқһ кітабы осы оқиғаға байланысты «күйеу бала» деген атпен де танымал болды.

## ЖАҚСЫ АДАММЕН ҮЙЛЕНУ КЕРЕК

**Сұрақ:** Дінімізде нәсілге бөліну деген нәрсе бар ма? Негрге, неміске, жапонға, сығанға, сүннитке, шиитке, христианға, буддистке, атеистке үйленудің қауіп-қатері бар ма?

**Жауап:** Еркек пен әйел үшін үкімдер әр түрлі болады. Дінімізде мұсылман еркектің әһли кітап деп аталатын (христиан немесе яһуди) әйелмен үйленуі тахримән мәкрух болса да жаиз болады. Бірақ мұсылман әйелдің әһли кітап еркекпен үйленуі жаиз емес. Үйленуге ниет еткеннен бастап мұсылмандықтан шығады. Мұсылман еркек те, мұсылман әйел де буддистпен, атеистпен үйлене алмайды. Үйленген адам мұсылмандықтан шыққан болады.

Дінімізде нәсілге бөліну деген нәрсе жоқ. Діндерге бөліну деген бар. Дініміз қай ұлттан, қай нәсілден, қай рудан болмасын мұсылмандар бір-бірінің бауыры екенін білдірген. Сыған, негр болу да нәсілге жатады. Егер де олар салих

(жақсы, діндар) мұсылман болса, үйленудің ешқандай қауіпі жоқ.

Әйел мұсылман болған неміспен немесе жапонмен үйлене алады. Бірақ ол адамның салих (жақсы, тақуа) болуы маңызды. Намаз оқитын және харамдардан қашатын болуы керек.

Еркектің де үйленетін қыздың бойындағы ерекшеліктерден ең бастысы – намаз оқуына және көшеде дінге сай киініп жүруіне аса мән беруі керек. Мұсылманмын деген қыз егер намаз оқымаса, көшеде ашық-шашық жүретін болса, ол қызбен үйлену күнә болады. Ал мұсылманмын деген жігіт намаз оқымайтын болса, ішімдік, зина, ұрлық сияқты харамдардан сақтанбайтын болса, онымен де үйлену күнә болады. Өйткені **“Шират-ул Ислам”** кітабындағы хадис шәрифтерде былай делінген:

**«Қызын пасыққа** (ашықша күнә істейтін адамға) **тұрмысқа берген адамның дұғасы және ғибадаттары қабыл болмайды.»**

**«Пасық еркекпен тұрмыс құруға разы болған әйелдің қабірден тұрған кезінде маңдайында “Аллаһтың рақымдылығынан үмітін үзген” деген жазу болады.»**

**«Шапағатқа қауышқысы келген адам қызын пасыққа бермесін!»**

Пасық деп ашықша күнә істейтін адамға айтылады. Мысалға: Намаз оқымайтын, ішкілік ішетін, есірткі қолданатын, көшеде діннің үкіміне сай киінбейтін (ашық-шашық шығатын) адам пасық болады. Пасықпен, яғни ашықша, жұрттың көзінше күнә істейтін адаммен үйлену жақсы емес. Әсіресе ақидасы бұзық, (адасқан ағымдағы сектант) адаммен үйлену мүлдем дұрыс емес.

Мұсылман еркек әдепті, инабатты, жақсы мінезді, дінін, иманын, исламның шарттарын үйренген, исламға мойынсұнатын, көшеде діннің әмірі бойынша киінетін ар-

намысты қызбен үйленуі керек. Ар-намысты, дініне берік салихалы (тақуалы) қыз іздеуі керек. "Міндетті түрде бай және сұлу болсын" демеу керек. Байлығы, сұлулығы, нәсілі, түсі үшін ар-намысты және діндарлықты қолдан жіберіп алмау керек! Хадис шәрифте: **«Әйелдің сұлулығы мен байлығы үшін үйленген адам екеуінен де махрұм қалады. Діні үшін, салихалы болғаны үшін үйленген адамға байлық пен сұлулық та нәсіп болады»** делінген. (Табарани)

Қорыта айтқанда еркек болсын, әйел болсын үйленетін адамның харамдардан сақтанатын болуы, намазын оқуы және басқа да ғибадаттарды жасауы, жақсы мінезді адам болуы шарт. Тек қана бойына, түр-түсіне қарап, ұлы сөзді тыңдамаған адам дүниеде де, ахиретте те опық жеп қалады.

Үйленетін адамның нәсілі және түсі маңызды емес. Маңызды болғаны жақсы адам яғни салих мұсылман болуы, пасық болмауы және ақидасының (сенімінің) дұрыс болуы.

**Сұрақ:** Намаз оқымайтын қызбен келешекте оқиды деген үмітпен, көшеде ашық-шашық жүретін қызбен келешекте жабынады деген үмітпен үйленген дұрыс па?

**Жауап:** Намаз оқымайынша, жабынып жүрмейінше үйленген жақсы емес.

## Дұшпандық қауіпі

**Сұрақ:** Ешқандай (секта) топтарға қосылмаған, бірақ дұрыс кітаптарды да оқымаған қызбен үйлену дұрыс бола ма?

**Жауап:** Дұрыс кітаптарды оқымауының ешқандай зияны жоқ. Зияндысы қате кітаптарды оқып, дұрыс болған кітаптарға дұшпан болуында. Үйлену үшін мына шарттар толық болса, мысалыға ақидасы дұрыс, намазын оқитын, көшеде ашық-шашық жүрмейтін, әһли сүннет ғұламаларының кітаптарына дұшпан болмаған қыз болса, үйленудің ешқандай қауіпі жоқ.

## Үйленерде

**Сұрақ:** Үйлену үшін қарастырып жүрген қыздардың ешқайсысын ұнатпаймын. Біреуі ұзын, біреуі қысқа, біреуі толық, біреуі арық, біреуі үлкен, біреуі кіші, біреуі сүйкімсіз, біреуі кедей. Қысқасы ешқайсысы көңілімнен шықпайды. Жар таңдағанда қандай сипаттарына қарап алу керек?

**Жауап:** Дініміз мұны да білдірген. Жас және бой айырмашылығы дінімізде маңызды емес. Ұсқынсыз және кедей де болуы мүмкін. Болмауы керек болған жалғыз нәрсе – діни жағынан әлсіздігі. Егер діни жағынан әлсіз болып, барлық жері керемет болса, оның ешқандай маңызы жоқ. Өйткені пайғамбарымыз алейһиссалам былай деген:

**«Әйелді не байлығы үшін немесе сұлулығы үшін немесе діндарлығы үшін алады. Сендер діндар болғанын алыңдар! Тек қана байлығы үшін алған адам байлығына қауыша алмайды. Тек сұлулығы үшін алған адам сұлулығынан махрұм қалады.»** (Мүслим)

Егер пайғамбарымызға сенбесек сонда кімге сенеміз? Бойымыздағы нәпсімізге сенеміз ба? Егер жарың діндар болса, оған сұлулықта беріледі делінген. Аллаһу та’ала барлық нәрсеге құдіретті. Түрі ұсқынсыз болса да бізге сұлу қылып көрсетеді. Демек, біздің таңдауымыз діндарлық болуы керек. Діндар болса, бақытты болмау үшін ешқандай себеп қалмайды.

Қыздар да, әйелдер де тек қана діндар болған адамды, яғни бес уақыт намазын оқитын, әһли сүннет ақидасында (сенімінде) болған және мінезі жақсы, күнә-харамнан қашатын адамды таңдауы керек. Егер ең басты таңдау діндарлық болмаса, ондай отбасыда тыныштық, бақыт болмайды.

## Жаиз дегеніміз не?!

Бір замандарда, бір қызға қатты ғашық болған едім, әлі де ғашықпын. Аты Гүлсім. Өте сулу болатын . Өте діндар,

бүкіл уайымы иманы болатын. Көрші үйде тұратын еді. Күн ауғанда ауласында, көлеңкеде кітап оқып отыратын. Мен үйдің төбесінен жасырын бақылап отыратын едім. Мен үшін сулулық атауы Гүлсім деген атпен ғана үйлесім табатын. Бір күні бар жігерімді бойыма жинап алдынан шықтым. Дүкеннен келе жатқан болатын. Қолында сөмкелері бар еді. Джентельмендік танытпақ болып сөмкелерін көтерісейін дедім, рұқсат бермеді. Кейін «сізбен сөйлесейін деп едім, көп уақытыңызды алмаймын» дедім. Жүзіме бұрылып та қарамады, басы төмен қараған бойда: «не мақсатпен?!» деді. Мен сасқанымнан «сізге ғашықпын!» деп қойып қалдым. Гүлсім: «Сізбен сөйлесуім жаиз емес, өтінемін жолымды бөгемеңіз» деп асығыс қадамдармен жүріп кетті. Мен болсам «Жаиз деген не?!» деген бойы қалып қойдым. Мұнымен не демекші болды?! Жаиздың мағынасы не?! деген ой мазалай берді. Өз-өзіме: «Оранған, діндар қызға ғашық болған екенсің, олай болса дініңді үйрен» дедім. Ертеңіне Олардың басқа қалаға көшіп жатқанын естідім. Әкесі зейнетке шыққан екен. «Әлде менің кесірімнен болды ма?» деген ой да ойымнан кетпей қойды. Уайымым ішімді жеп жаиз деген не екенін іздестірдім. Жаиз жалпылама «Рұқсат, күнә емес» деген мағынаны, ал жаиз емес болса, рұқсат емес деген мағынаны білдіреді екен. Күндер өтіп осы ізденулердің салдарында көңілімді Аллаһқа деген сүйіспеншілік қаптады. Дәрет алуды үйрендім, сүрелерді жаттадым, намаз оқуды бастадым. Илмихал кітаптарын және Құран кәрім оқыдым, ішкі дүнием жәй тауып, көзім, көңілім ашылды. Бір күні мешіттен шығып келе жатып Гүлсімді көрдім. Аяқтарым қалтырап, Аллаһ деген бойы тұрып қалдым. Кешке үйге келгенде анам мені бір қызбен таныстырғысы келетіндігін айтты. Ақылына көркі сай, өте сымбатты, көркем мінезді екендігін айтып оны мақтады. Алайда менің көңілім Гүлсімде еді. Танысуға, құда түсуге барғанымызда, көк орамал таққан қалыңдығым «енді жаиз» деп айтты.

# ИСТИХАРА НАМАЗЫ

**Сұрақ:** Истихара деген не? Истихара намазы қалай оқылады?

**Жауап:** Истихара дегеніміз бір істің қайырлы (дұрыс) болатынын немесе қайырлы болмайтынын түсіну үшін дәрет алып екі ракат намаз оқығаннан кейін дұғасын оқып осы іске байланысты түс көру үшін ұйқыға жату дегенді білдіреді.

Имам Ғазали хазреттері былай бұйырған:

Төрт нәрсені жасаған адам төрт нәрседен махрұм болмайды:

1- Шүкір еткен адам ниғметінің көбеюінен,

2- Тәубе еткен адам тәубесінің қабыл болуынан,

3- Истихара еткен адам жақсылықтан,

4- Истишара еткен (бір істе кеңесіп істеген) дұрысты табудан, ақиқатқа қауышудан махрұм болмайды.

Қандай да бір істі бастарда мәселен үйленерде, үй сатып аларда истихара жасау керек. Шарттарына сай жасалған болса, истихараға мойынсұну керек. Хадис шәрифтерде былай делінеді:

**«Бақыттылық истихара намазын оқуменен жүзеге асады»** (Хаким)

**«Истихара жасау және тағдырына разылық ету адамның бақытты болатынының белгісі. Ал мұның терісі бақытсыз болатынының белгісі.»** (Тирмизи)

**«Истихара еткен адам махрұм қалмайды, истишара еткен адам өкінбейді. Үнемдеген адам тарлық көрмейді.»** (Табарани)

Үйленуден бұрын бірнеше рет Истихара жасау керек, Хақ та’алаға сиыну керек. Нәпсінің және жаман адамдардың араға кірмеуі үшін жалбарыну керек. Салих сенімді адамдармен истишара еткеннен кейін (кеңескеннен кейін) истихара жасау керек.

Бір істі бастар кезде немесе бір нәрседен құтылғың келген кезде, екі ракат нәпіл намаз оқып, (төмендегі арапша дұғаны оқып) егер осы ісім (немесе мына адаммен үйленуім немесе мына үйді алуым) дүние және ақыретім үшін қайырлы болса, мұны маған құтты ете гөр. Егер мен үшін қайырлы емес болса, оны менен ұзақ ет және қайырлы болғанын маған нәсіп ет. Мені тағдырыңа разы болғандардың қатарынан ете гөр. Йа Әрхамаррахимин” деу керек.

Алдымен күнәларға тәубе ету керек. Тәубе үшін қысқаша “Йа Раббым, балиғат жасымнан қазірге дейінгі жасаған күнәларыма өкіндім. Бұдан кейін Иншаллаһ мүлдем күнә жасамауға ант етемін” деу керек. Кейін ғұсыл алу керек. Ғұсылдан кейін сол түні истихараға ниет еттім деп екі ракат нәпіл намаз оқып, бірінші рәкатта Субханака және Фатихадан кейін **Кәфирун** сүресін, екінші рәкатта Фатихадан кейін **Ихлас** сүресін оқу керек. Истихара намазын оқып біткен соң мына дұғаны оқу керек:

**«Аллаһуммә инни әстәхирукә би-ъилмикә уә әстақдирукә би-қудратикә уә әс-әлукә мин фадликәл азыйм фә иннәкә тақдиру уә лә ақдиру уә та’ләму уә лә ә’ләму уә әнтә алләмул-ғуйуб»**

Осылай 7 түн бойы истихара оқылады. (Күндіз де истихара етіп жатуға болады). Ғұсыл тек алғашқы түні алынады, қалған күндері ғұсыл алудың керегі жоқ.

Истихара намазын басқаға жасатуға болмайды. Истихара намазды әркім өзі оқуы керек. Истихара жасауды үйренуі керек, бұл сүннетті әркім өзі орындауы керек. Денемен жасалатын ғибадаттарды басқаға жасату жаиз емес.

Истихара намазын оқып дұғасын айтқаннан кейін еш сөйлемей жату керек. Қажеттілік болса, сөйлеуге болады. Негізінде құптан намазын оқығаннан кейін сөйлемеу мұстаһаб, жақсы болады.

Истихарадан кейін дәретті күйде қыблаға қарап жату керек.

Түс көрсе де көрмесе де 7 күн бойы истихараны жалғастыру керек. Түсте ақ немес жасыл түс көру жақсылықтың, қара немесе қызыл түс көру жамандықтың белгісі. Егер түсте ешнәрсе көрінбесе жүрекке (көңілге) қарау керек. Ол істі жасауға қалауы бар болса, көңілі сол жаққа бейім болса, ол істі жасауға шешім қабылдайды. Шешім қабылдай алмаған адам бірнеше рет тағы да истихара жасауы керек.

## НЕКЕ ҚАЛАЙ ҚИЫЛАДЫ

**Сұрақ:** Дініміз бойынша некенің сахих болуы үшін, шарттары қандай?

**Жауап:** Бұл шарттарының біріншісі – мұсылман қыздың мұсылман еркекке үйленуі. Мұсылман болмаған еркекке үйлене алмайды. Үйленуге шешім қабылдаған сәтте иманын жоғалтады. Өйткені Аллаһу та’ала «Үйленуге болмайды» деген. Үйленген адам осы әмірге қарсы шыққан болады. Мұсылман еркек те дәл осылай мүшрик, дінсіз әйелге үйлене алмайды. Ол да үйленуге шешім қабылдаған сәтте кәпір болады.

Дінімізде өз теңімен үйлену маңызды

Теңі – Ханафиде текте, байлықта, дінде және абыройда бір-біріне тең болуы деген сөз. Қыз бен еркектің діни білімі, тақуалығы, тектілігі, абыройы және байлығы тұрғысынан тең болуы керек. Тең болу – еркектің салих мұсылман болуы, әһли сүннет сенімінде болуы, намаз оқуы, спиртті ішімдік ішпеуі, яғни Ислам дініне мойынсұнуы және напақа таба алатындай мөлшерде кәсібі болуы керек. Еркектің тек қана мал-мүлікті және абыройлы болуын қалағандар қыздарын пәлекетке соқты деген сөз. Тозаққа тастаған болады. Егер жігіт намазхан болса, қыздың оған теңесе алуы үшін намаздарын оқитын және оранған болуы шарт.

Некенің екінші шарты – куәгерлердің болуы. Ханафиде

куәгер ретінде ақылды және балиғат жасына толған мұсылман екі еркек немесе бір еркек пен екі әйелдің болуы керек. Кішкентай бала мен есі ауысқан адамның (жындының) куәлігі өтпейді.

Некенің үшінші шарты – «тидің бе?», «алдың ба?» деген ұсыныс пен «тидім!» және «алдым!» деген қабыл ету сөздерімен келісім жасау.

Осы үш шарт орындалса неке сахих болады. Мәһір айтылмаса да неке сахих, бірақ некеде мәһір белгіленуі керек. Жағдайға қарай мәһір аз немесе көп сұралуы мүмкін. Мәһір беру уәжіб. Сүйікті пайғамбарымыз, **«Мәһір бермеу ниетімен некелескен адам қияметте ұрылардың қатарында тіріледі»** деген. **(Р.Насихин)**

**Сұрақ:** Келін мен күйеу жігіттің имамның алдында отырғандағы діни некелері қалай қиылады?

**Жауап:** АХАЖ-дағы ресми келісім біткеннен кейін бір мұсылман еркек Ханафи мазһабы бойынша мұсылман болған (ең кемі) екі еркек куәгердің жанында қызға: «Сені әйелім ретінде алдым» десе, және қыз: «Мен де сені күйеуім ретінде қабыл еттім» дегенінде, неке сахих болады, алайда **сүннетке сай неке** былай қиылады:

Бұл заманда дінді білетіндер азайғаны үшін, неке қиятын адам күйеу жігіт пен келінге Аллаһу та’аланың сипаттарын айтып, иманның, Исламның шарттарын айтқаннан кейін, «Қабыл еттің бе?» деп сұрайды. Иә деген жауапты алып, күйеу жігіт пен келіннің мұсылман екендігі осылайша мәлім болғаннан кейін некелері қиылады.

Алдымен келіннің атын, мысалы **Ахмет қызы Айша** деп жазады. Одан кейін күйеу жігіттің атын, мысалы **Мұрат ұлы Әли** деп жазады. Содан соң екі еркек куәгердің аттарын әкелерінің есімімен бірге жазады. Одан кейін келісілген мәһри муәжжәл мен мәһри муажжәлді жазады. (Мәһри муәжжәлдің көп болуы қыздың пайдасына. Мысалы 80 грамм

алтын болуы мүмкін. Еркек ажырасқан жағдайда әйеліне осы мәһірді беруі шарт. Егер неке қиятын кезде бұл мөлшер көп етіп келісілген болса, онда оны төлей алмаған еркек әйелімен ажыраса алмайды.)

Истиғфар оқып, сол жердегілерге тәждиди иман (иман жаңарту) және тәждиди никаһ (неке жаңарту дұғаларын оқытады) жасатады:

Әстағфируллаһ, әстағфируллаһ, әстағфируллаһ әл-азыйм, әлләзи лә илаһә иллә һуәл хаййәл қаййумә уә әтубу иләйһ, тәубәтә абдин залимин ли-нәфсиһи лә йамлику ли-нәфсиһи мәутән уәлә хайятән уә лә нушура. Йа, Раббым! Балиғат жасымнан осы жасқа келгенге дейін, Ислам дұшпандарына және бидғатшыларға алданып, бұзылған сенімдеріме және бидғат, күнә болған сөздеріме, күнәні тыңдағаныма, жаман нәрсені көргеніме және істегендеріме өкіндім. Енді қайта бұлай жалған сенімдерге сенбеуге және қате істемеуге ант еттім. Пайғамбарлардың алғашқысы Адам алейһиссалам және соңғысы пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссалам. Бұл екі пайғамбарға және араларында келіп-кеткен пайғамбарлардың барлығына иман еттім. Барлығы хақ және білдіргендері рас. Әмәнту билләһ уә би-мә жаә мин индиллаһ аләмурад-иллаһ, уә әмәнту би-Расулилләһ уә би-мә жаә мин инди Расулиллаһ алә муради-Расулилләһ. Әмәнту билләһи уә Мәләикәтиһи уә кутубиһи уә Русулиһи уәл-яумил-ахири уә билқадәри хайриһи уә шәрриһи миналлаһи тәала уәл-баъсу баъдәлмәути хаққун әшһәду әнлаилаһә иллаллаһ уә әшһәду әннә Мухаммәдән абдүһү уә расулүһ. Аллаһумма инни уриду ән ужәддидәл иманә уәнникаха тәждидән би қаули лә илаһә иллаллаһ Мухаммадун Расулуллаһ.

Әузу-Бисмиллаһ айтылғаннан кейін мына дұғаны оқиды:

**«Әлхамдулиллаһилләзи зәууәжәл әруаха бил әшбах уә әхалләнникахә уә харрамәссифәһ. Уәссаләту уәссәләму**

**алә расулина Мухаммадиниллэзи бәййәнәл харама уәл мубах уә алә Алиһи уә Асхабиһилләзина һум әһлуссалаһи уәлфәлах.»**

Әузу-Бисмилләһ айтып, Нур сүресінің 32 аятын оқып, «Садақаллаһул азыйм» дейді, одан кейін, "**Қала Расулуллаһ, «Әнникаху сүннәти фәмән рағиба ән сүннәти фәләйса минни» Садақа Расулуллаһ. Бисмилләһи уә алә суннәти расулиллаһ**" дейді.

Содан кейін келінге бұрылып, «Аллаһу та'аланың әмірі, пайғамбарымыздың сүннеті, амалдағы мазһабымыздың имамы Имам Ағзам Әбу Ханифа хазреттерінің ижтиһады және осы жерде отырған мұсылмандардың куәліктерімен, (мысалы) 80гр алтын мәһри муәжжәл және 10 гр алтын мәһри муажжәлмен Мұратұлы Әлиге тұрмысқа шығуды қабыл еттің бе? тидің бе?» деп сұрайды. Келін: «Иә, білдірілген мәһри муәжжәл және мәһри муажжәлмен Мұратұлы Әлиге тұрмысқа шығуға, оны өзіме күйеу ретінде қабыл еттім, тидім» дейді.

Одан кейін күйеу жігітке бұрылып, тағы да **«Бисмиллаһи уә алә суннәти расулиллаһ»** деп, «Ахмедқызы Айшаны, білдірілген мәһри муәжжәл және мәһри муажжәлмен әйелдікке қабыл еттің бе? алдың ба?» деп сұрайды. Күйеу жігіт: «Иә, білдірілген мәһри муәжжәл және мәһри муажжәлмен Ахметқызы Айшаны әйелдікке қабыл еттім, алдым» дейді.

Екеуінен де жеке жеке үш реттен сұрап, «Иә, қабыл еттім» деген жауапты алғаннан кейін, «Мен де некелеріңді қидым» дейді. Содан соң мына дұғаны оқиды:

Неке дұғасы:

**«Аллаһумм әж'ал хазәл ақдә мәймунән мубәрәкән уәж'ал бәйнә һума улфәтән уә мәхаббәтән уә қарара уә лә тәж'ал бәйнә һума нәфратән уә фитнәтан уә фирара. Аллаһумма әллиф бәйнәһума кәмә әлләфтә бәйнә**

**Адама уә Хауua. Уә кәмә әлләфтә бәйнә Мухаммәдин саллаллаһу алейһи уә сәлләм уә Хадижәтәл кубра уә Айша-тә уммил му’минина радиаллаһу анһума. Уә бәйнә Алиин радиаллаһу анһ уә Фатима-тәз-зәһра радиаллаһу анһа. Аллаһуммә а’ти лә-һума әуләдән салихан уә умран тәуилән уә ризқан уәси’ан. Раббана һәб ләнә мин әзуәжина уә зурриятина қуррата ә’йунин уәж’алнә лилмуттақина имама. Раббәнә әтинә фиддүнйә хасәнәтән. Уә фил ахирати хасәнәтән уәқинә азәбәннар. Субхана раббика раббил иззәти амма йәсифун уә сәләмун аләл мурсәлин уәлхамдулиллаһи раббил аләмин. Әл-Фатиха.»**

Бұл дұғаны сүйікті пайғамбарымыз және бүкіл ғалымдар, әулиелер оқыған. Бұны оқыған кезде ерлі-зайыптылар арасында өлгенге дейін махаббат болады, бақыт пен тыныштық, жан рахаты ішінде өмір сүреді. Үйлерінен береке кетпейді. Дұғаның мағынасы мынадай:

«Аллаһым! Бұл некені мүбәрәк ет! Араларына жақындық, татулық, махаббат және некелеріне беріктік нәсіп ет, бұларды жеккөрушіліктен, сыйыспаушылықтан және ажырасудан қорға! Аллаһым! Адам алейһиссалам мен Хауа анамыз, Мұхаммед алейһиссалам мен Хадижа-и кубра және мүминдердің анасы Айша анамыз, Хазреті Әли мен хазреті Фатима-туз Зәһра анамыз арасында бар болған жақындықты бұларға да нәсіп ет! Бұларға салих бала-шаға, ұзақ өмір және мол ризық ихсан ет! Амин. Ей Раббымыз! Жұбайларымыз бен бала-шағамызды бізге құтты ете гөр және бізді Аллаһқа қарсы келуден сақтанғандарға жол көрсетуші ет! Ей Раббымыз, бізге дүние мен ахиретте жақсылық, әсемдік бер. Бізді Жаһаннам азабынан қорға! Құдірет пен құрмет иесі болған сенің Раббың олар айтқан қате сөздерден пәк. Бүкіл пайғамбарларға сәлем болсын. Әлемдердің Раббы болған Аллаһқа хамд болсын.»

## ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ ӘЙЕЛ АҚЫСЫ

Әйелінің жақсы мінезді болуын қалайтын адам, алдымен өзі жақсы мінезді болуы керек! Құран кәрімде адамға келетін қиыншылықтар өзінің жасаған күнәларының себебімен келетіні білдірілген. Олай болса, дініміздің әмірін орындап, тыйымдарынан ұзақ болғандар әйелімен жақсы қарым-қатынаста болады.

Фудайл бин Ияд хазреттері былай деген: «Дінге сай болмаған іс жасағанымды әйелімнің мінез өзгерісінен аңғаратын едім. Дереу ол ісіме тәубе еткенімде әйелімнің мінезі де дұрысталатын. Осылай тәубемнің қабыл болғанын түсінетін едім.»

Әли-ул Хауас хазреттеріне әйелі ренжіген еді. Әйелі күйеуіне қырсығып бөлек ыдыс қолданып жүрді. Әли-ул Хауас хазреттері бір күні жаңылысып әйелінің ыдысымен су ішіп қойған ында әйелі ыдысты сындырып тастайды. Хазрет «ыдысты не үшін сындырдың?» деп те айтпай, ешнәрсе болмағансып жүре беріпті.

Осман әл-Хатиб хазреттерінің көршісі Нуреддин Шунидің айтып бергені: Бір түні сыртқа шықтым. Ескі төсенішпен оранып жатқан бір адамды көріп «Сен кімсің, бұл жерде не үшін жатырсың?» дедім. «Көрші бұл мен Осман әл-Хаттаб. Баламның анасы мені үйден қуып жібергені үшін көшеге шықтым, ашуы тарқағанша осында жатуды ұйғардым» деген екен.

Ибн Әбил Хамаили Сәури хазреттерінің әйелінің мінезі жаман еді. Күйеуіне аузына келгенін айтып оның мазасын қашыратын. Ол мүбәрәк кісі өте сабырлы еді. Бір ретінде әйелінің мазалауынан құтылу үшін ұшып қашқан еді. Әйелі артынан қарап «Мынаған қара, ұшып кету арқылы менен

құтылам деп ойлайды» деген екен. Біз сияқты жай адамдар ұша алмасақ та қашып болса да ұрыс-керістен, жанжалдан ұзақ тұруға тырысуымыз керек. Өзіміздікін дәлелдеп жатудың қажеті жоқ.

Хадис шәрифтерде былай делінеді:

**«Мұсылман әйеліне ашуланбасын! Жаман мінезі болса, жақсы мінезі де болады.»** (Мүслим)

**«Әйел – әлсіз жаратылыс. Әлсіздігін үндемеу арқылы жеңіңдер! Үйдегі кемшіліктерін көрмеуге тырысыңдар!»** (Ибни Лал)

**«Мұсылмандардың иман тұрғысынан ең үстемі – мінезі ең жақсы болғаны және әйеліне ең жақсы, ең мейірімді мәміледе болғаны.»** (Тирмизи)

**«Мұсылмандардың ең жақсысы, ең пайдалысы әйеліне ең жақсы, ең пайдалы болған адам. Сендердің араларыңда әйеліне ең жақсы, ең қайырымды, ең пайдалы болған менмін.»** (Нәсаи)

**«Әйелінің және балаларының ақыларын өтемейінше адамның намаздары, оразалары қабыл болмайды.»** (Мүршид-ун-ниса)

**«Күйеуі разы болғанға дейін әйелдің намаздары және ешбір жақсылығы қабыл болмайды.»** (Табарани)

«Намаздары қабыл болмайды» дегені, намаз борышынан құтылады, бірақ оған берілетін үлкен сауаптарға қауыша алмайды дегенді білдіреді. Намаздары босқа кетеді деген сөз емес. Бір әйелден күйеуі разы болмаса әйел күнәсының жазасын тартқаннан кейін жаннатқа кіреді. Жаннатқа тек кәпірлер кірмейді. Мұсылманның күнәсі көп болса да, соңында міндетті түрде жаннатқа кіреді. Құран кәрімде былай делінген:

**«Жақсы әйелдер, Аллаһқа мойынсұнады және күйеулерінің ақыларын орындайды. Күйеулері жоқ кезде олардың намысын және мал-мүлкін Аллаһтың көмегімен**

**қорғайды.»** (Ниса 34)

Үйге келгенде әйеліне сәлем беріп хал-жағдайын сұрау керек, ренішімен қуанышына ортақ болу керек. Өйткені ол басқалардан үмітсіз және өзіңе ғана байланған жолдасың, дертіңе ортағың, көңіліңді көтеруші, бала тәрбиелеп жетілдіруші және түрлі қажеттіліктеріңді толықтырушы. Хадис шәрифтерде былай делінеді:

**«Ақысыз (әділетсіз) әйелін ұрған адамның Қияметте дұшпаны мен боламын. Әйелін ұрған Аллаһқа және Расулына қарсы шыққан болады.»** (Р. Насихин)

**«Әйелдеріңді жәбірлемеңдер! Олар Аллаһу та'аланың сендерге берген аманаты. Оларға жылы мәміледе болыңдар, жақсылық жасаңдар!»** (Мүслим)

**«Әйеліне күлімдеп қараған еркектің амал дәптеріне бір құл азат еткендей сауап жазылады.»** (Р. Насихин)

**«Әйелімен жақсы мәміледе болып, қалжыңдасқан адамды Аллаһу та'ала жақсы көреді, ризықтарын арттырады.»** (И. Лал)

## Әйелінің айқайы

Бір күні хазреті Омар радиаллаһу анһқа, әйелінің айқайынан шағымдану үшін бір кісі келеді. Хазреті Омардың үйінің есігінің алдына жақындағанында, іштен хазреті Омарға әйелінің айқайлап жатқан дауысын естіп, артқа қайтып кетеді. Сол кезде хазреті Омар оны көріп:

- Не үшін келдің және неге кірмей кетіп бара жатырсың?- дейді.

- Сізге әйелімнен шағымданып келген едім. Бірақ әйеліңіздің сізге айқайлап жатқанын көріп, шағымданудан бас тарттым.

Хазреті Омар оған былай деді:

- Біз әйелдердің әр бір сөзіне жауап қайтармаймыз. Олардың бізде бірнеше ақылары бар:

1) Әйелдердің себебінен жаһаннамнан құтыламыз. Өйткені хадис шәрифте, үйленген адам дінінің жартысын қауіпсіздік қорғанына алатыны айтылған.

2) Әйелдер біздің мал-мүлкіміздің кузетшісі.

3) Киімдерімізді жуып береді.

4) Тамақтарымызды пісіріп береді.

5) Балаларымызға қарап, оларды өсіреді.

Осы себепті оларға сабыр етуіміз керек. Хазреті Омардың насихатын тыңдаған әлгі кісі шағымынан бас тартады.

## ӘЙЕЛДЕРДІҢ ЖҰМЫС ІСТЕУІ

Садәти Әбәдия кітабында былай делінген:

«Бір әйелдің әкесі, шешесі және махрем туыстары жоқ болса немесе бар бірақ кедей болса, қарайтын ешкімі болмаса, мемлекет те көмек бермесе, бұл әйел өзінің, балаларының және ауру, кәрілік себебімен жұмыс істемейтін кедей әке-шешесінің нафақаларын (тамағы, киімі, тұратын жері) қамтамасыз ету үшін жұмыс істеуге міндетті. Еркектермен аралас болмаған әйел жұмысында істеуі керек. Еркек жоқ жұмыс табылмаса, денсаулығын, дінін, намысын, Мұсылмандық қадірін қорғай алатын мөлшерде, еркектер бар жерде оранған күйде жұмыс істеуі жаиз болады. Бұл нафақасын қамтамасыз етуіне кедергі болмау керек. Мұндай қажеттіліктерден артық ол жерде қалу жаиз болмайды.

Жұмыста басын қолдарын ашуға мәжбүрлесе, ашпасаң жұмыстан шығасың десе, оранған күйде жұмыс істейтін басқа жұмыс таппаса, қолдарын ашып жұмыс істеуі Имам Әбу Юсуптың қауылы бойынша жаиз болады. Әйелдердің құлақтарынан төменгі ұзын шаштарын жабуы парыз емес деген ғалымдар да болған. Басқа шара болмаған кезде осы зайыф (әлсіз) қауылымен амал ету жаиз болады. Бастағы

шаштарды жабу парыз екені ғалымдардың ауызбірлігімен білдірілген болса да, құлақтан төменгі ұзын шаштарды ашу қиыншылыққа түсу себебімен жаиз болады.

Мұндай қиыншылыққа түскен әйел әркез еркектермен аралас болмаған немесе оранып жұмыс істеуге болатын жер іздеуі керек. Көшеде жүргенде шаштарын, қолдарын жабуы керек. Мұсылман еркекке тұрмысқа шыққанда оның нафақасын күйеуі қамтамасыз етуге мәжбүр. Бай болмаған әке-шешесіне және балаларына нафақа беруге міндетті болмаса да күйеуінің рұқсатымен жұмыс істеп оларға қарауы керек.»

Дінімізде әйел күн көріс дертінен, табыс табу уайымынан босатылған. Ол жұмыс істеп ақша табуға мәжбүр емес. Керісінше барлық нәрсені оның аяғына алып келу мәжбүрлігі бар. Дініміз әйелге осындай қадір берген.

Мұсылман әйел сауда-саттық, ғылым, егіншілікпен айналысуға мәжбүр болмаса да, бұлармен шұғылдануы, ақша табуы күнә емес, өз қалауымен жұмыс істей алады.

Тек бұлармен шұғылдануда харамдардан сақтануы шарт. Харам істей отырып еңбек етуге де ғибадат жасауға да болмайды.

## КҮЙЕУ АҚЫСЫ

Еркектің де ақылары көп. Әйел күйеуімен жақсы мәміледе болуы керек!

Заманымыздың жұмыс істеу шарттары өте ауыр, ақша табу өте қиын. Жұмыс ұжымындағы ара-қатынас та шиеленісіп жатады. Еркек көбінесе осындай ауыр жағдайлардан күйзеліп қиыншылық тартады. Шаршап-шалдығып, стреске ұшырап, үйіне әбіржіген күйде келеді. Ендігі бұл жағдайды түзеу, қиыншылықтарын ұмыттыру, оның көңілін көтеру, оған көмекші болу, қолдау әйелдің мойнына түседі. Осындай

жағдайда үйге келген күйеуі ең болмағанда жылы шыраймен жағымды сөз күтеді, өзіне көңіл бөлуін қалайды. Бұны да көре алмаса жағдайы одан төмен түсіп кетеді. Сөздері әрекеттері де өзгереді.

Ислам ғалымдары «үйінде тыныштығы болмаған еркек дүние жаһаннамында жүргенмен тең» деген.

Осыншама азапта жүрген адамнан әртүрлі нұқсан әрекеттер күтуге болады. Әйел онсыз да толып келген жүйке ыдысын тасытатын соңғы тамшы болмау керек. Керісінше дереу жылы шырай танытып, көңілін аулауға кірісуі керек. Оны түсінуге тырысуы, сабыр етуі керек. Ол үйде болған кезде үй тірлігіне де қарамау керек, оның көңілін көтеріп оны қуанту керек. Үй тірлігі т.б. жұмыстарды ол болмаған кездерде жасауы керек.

Тұрмыстағы әйелдерге әрдайым айтатын кеңесіміз мынау: сыртқы дүние отқа толы, күйеулеріңе ие болыңдар, жақсы мінездеріңмен, жылы сөздеріңмен, дәмді тағамдарыңмен, үй тазалығы, тиянақтылығымен немесе күйеулерің ұнататын амалдар арқылы оны үйге байлаңдар. Ол үйге қарай қадам басу үшін жанталасып асығатын болсын. Ұяны ұрғашы құс жасайды, үйді де үй ететін әйелдер осыны ұмытпаңдар.

Ислам ғалымдары «шайтан кәпірлерді емес, мұсылмандарды адастырумен айналысады» деген. Нәпсіміз қатты құтырады. Қалай құтырады? Оразуға, намазға, дұрыс сенімге қарсы құтырады. Шайтан әскерлерін таңертеңгісін адамдар арасына жіберіп, кешке олардан есеп алады екен. Біреуі «намазын бұздырдым» десе, «жарайсың» депті. Біреуі «оразасын бұздырдым» десе, оған да «жарайсың» депті. Біреуі «харам жегіздім» дегеніне де «жарайсың» депті. Басқа біреуі «күйеуімен әйелін араздастырдым» дегенде шайтан қуанып, орнынан атып тұрып, «қандай жақсы, жарайсың» деп, маңдайынан сүйіп, «ең үлкен істі сен атқардың, ерлі-зайыптылар араздасатын болса, қалғанының бәрі уақыт

өтуімен бұзылады» деген екен. Сондықтан әрдайым сақ жүру керек, шайтанмен нәпсінің мұндай әрекетіне жол бермеу керек.

Ислам тек әйелдерге келмеген, тек еркектерге де келмеген. Тек ата-анаға да жіберілмеген. Ислам бүкіл адамзатқа келді. Барлық адамдар Исламға мойынсұнуға міндетті. Кім Ислам бойынша жүретін болса, дүниеде де, ахиретте де бақыт табады, пайдасын көреді. Егер машинаның бір дөңгелегі жарылған болса, машина жүрмейді. Сағаттың да бір тісі сынса істемейді немесе дұрыс жүрмейді. Сол сияқты жанұяда да бір адамның қатесі, кемшілігі бүкіл жанұяның тыныштығын, бақытын бұзады, тіпті ақыр аяғында ұяның бұзылуына да әкеп соғуы мүмкін.

Сондықтан әркім өзіне мұқият болуы керек, өз міндетін білуі керек, шектен аспауы керек, кемшілігі болса, кешірім сұрап, өмірде жаңа парақ ашып қуанышпен тату өмірді ары қарай жалғастыруы керек. Дінімізде кісіні ренжітуге тыйым салынғаны секілді, бостан босқа ренжуге де тыйым салынған, Мұсылманға үнемі жақсы көзбен қарау керек, кемшілігін көрмеу керек. «Мен білмейтін бір себебі болса керек» деп оны кешіру керек, тілімен де оны ренжітпеу керек. Кешірімді болғандар кешіріледі, жақсы көзбен қарайтындар да жақсы көріледі.

Күйеуіне қолынан келгенше жылы шырай көрсетіп, сүйіспеншілігін білдіру керек, тілімен де оны ренжітпеу керек. Хадис шәрифтерде былай делінеді:

**«Қияметте Аллаһу та’ала күйеуін тіліменен жәбірлеген әйелдің тілін 70 аршын ұзын етіп мойнына орайды. Күйеуіне жаман көзбен қараған әйелді басы кесілген, денесі бөлшектенген күйге айналдырады.»** (Шира)

Әйелге әшекей бұйымдар мубах саналады. Алайда әшекей алу үшін күйеуін қиын жағдайға түсірмеуі керек, бөтендерге әшекейлерін көрсетпеуі керек! Сонда ғана әшекейлері

жаннатқа кіруге кедергі болмайды.

Хадис шәрифте былай делінген: **«Жаннатта әйелдердің аз болғанын көрдім. Себебін сұрадым “Оларды бұл жолдан алтын және әшекей бұйымдары адастырды” деді.»** (И. Ахмет)

«Саған тиіп не көрдім» деп күфрани нимет (жақсылықты түсінбеушілік, шүкірсіздік, көрнемектік) етпеу керек! Екі хадис шәрифте былай айтылады: **«Егер күйеулеріне күфрани нимет етпегенде, намаз оқитын әйелдер дереу жаннатқа кіретін еді.»** (Шира)

**«Жаһаннам халқының көпшілігін әйелдер құрайтынын көрдім. Себебі көп лағынет** (қарғыс) **айтып, күйеулеріне қарсы күфрани нимет етуілері.»** (Бұхари)

Күйеуіне жақсылық жасаған болса, оны міндет етпеуі керек. Азық-түлік, киім-кешек сияқты мәселелерде күйеуін ренжітпеуі керек, орындай алмайтын нәрсені одан талап етпеуі керек! Күйеуінің намысын қорғауы керек, әркез оның разылығын алып оны қуантуға тырысуы керек! Хадис шәрифте былай делінді:

**«Әйел мойнындағы күйеу ақысы, сендердің мойындарындағы менің ақым секілді. Олай болса, күйеуінің ақысын орындамаған әйел, Аллаһу та’аланың ақысын орындамаған болады.»** (Шира)

Әйел күйеуін ренжітпеуі керек.

**Бір күні хазреті Фатима, әкесінің алдына жылап келеді. Расулуллаһ алейһиссалам:**

**- Ей Фатима, неге жылап тұсың?-деді.**

**- Ойланбай айтқан сөзіме Әли ашуланды. Мен кешірім сұрадым. Бірақ оны ренжіткенім үшін жылап тұрмын.**

**- Қызым білмейтін бе едің, Аллаһу та’аланың разылығы күйеуіңнің разылығына байланысты. Әрдайым күйеуінің разылығын іздейтін, күйеуі де одан разы болған әйел ең бақытты әйел. Әйелдер үшін ең үлкен ғибадат**

**күйеуіне мойынсұнуы. Күйеуі әйелінен разы болса, ол әйел қалаған есігінен жаннатқа кіруге құқылы болады. Күйеуін ренжіткен әйел оны разы еткенге дейін Аллаһу та’аланың лағынетінде болады.»** (Р. Насихин)

Күйеуінің ақысына мән беріп орындаған әйел Аллаһ жолында соғысқа аттанғандай сауапқа кенеледі. Хадис шәрифтерде былай делінеді:

**«Күйеуінің ақысын орындау Аллаһ жолында соғысқа барумен бір.»** (Табарани)

**«Әйел күйеуінен рұқсатсыз нәпіл ораза тұта алмайды. Егер рұқсатсыз тұтса аш және сусыз жүрген болады, сауап жазылмайды. Күйеуінің рұқсатынсыз сыртқа шыға алмайды. Шықса көктегі періштелер үйіне қайтқанға дейін лағынет айтады.»** (Табарани)

**«Еркек қажеттілігі үшін әйелін шақырса, әйелі тандыр басында болса да дереу жауап берсін!»** (Тирмизи)

**«Күйеуі шақырғанымен төсекке келмеген әйелге періштелер таңға дейін лағынет айтады.»** (Бұхари)

**«Әйел, күйеуінің рұқсатынсыз өз малын да жарата алмайды.»** (Табарани)

**«Рұқсатсыз үйден шыққан әйелге күйеуі разы болғанға дейін жер бетіндегі барлық нәрсе лағынет айтады.»** (Дәйләми)

**«Әйел күйеуінен рұқсатсыз ешкімді (әке, шеше, бауырларын да) үйіне кіргізе алмайды, нәпіл намаз оқи алмайды.»** (Табарани)

**«Әйелдеріңнің сәнді киінулеріне тыйым салыңдар! Бәни Исраил әйелдері сәнді киініп мешітке тәкаппарланып барғандары үшін лағынеттелген еді.»** (Ибн Мажа)

**«Күйеуі разы боғанға дейін әйелдің намаздары және ешбір жақсылығы қабыл болмайды.»** (Табарани)

**«Әйел күйеуінің ақысын өтемейінше Аллаһу та’аланың ақысын өтеген болмайды.»** (Табарани)

**«Әйелдің ең үлкен міндеті күйеуінің ақысын орындау, ал еркектің міндеті анасының ақысын орындау.»** (Хаким) «Намаздары қабыл болмайды» дегені, намаз борышынан құтылады, бірақ оған берілетін үлкен сауаптарға қауыша алмайды дегенді білдіреді. Намаздары босқа кетеді деген сөз емес. Бір әйелден күйеуі разы болмаса әйел күнәсының жазасын тартқаннан кейін жаннатқа кіреді. Жаннатқа тек кәпірлер кірмейді.

Мұсылманның күнәсі көп болса да, соңында міндетті түрде жаннатқа кіреді. Ерлі-зайыптылар жақсы қарым-қатынаста болып бір-бірлерінің разылығын алуға тырысуы керек.

**Сұрақ:** Әйел адам күйеуінің атын атап шақырмайды дегенді естіген едім. Сонда ол күйеуін қалай атағаны жөн?

**Жауап:** Әйелдің күйеуінің атын атап шақыруы тахримән мәкрух болады. Әркім өзінің тұрып жатқан жерінің әдетіне қарай құрмет білдіретін мәндегі сөздермен және "сен" деп емес, "сіз" деп шақырады. Мәселен "Отағасы", "Әкесі" т.б. немесе кей жерлерде "Әбеке", "Ереке" деген секілді атының соңына жалғаулар қосып атау да құрметке саналады.

## Әженің насихаты

Қарт әже қаладағы баласының үйіне 3-4 күнге қонаққа келген еді. Күн ауа бастағанда келіні залдағы отырған апасы мен немересіне: «Келіңіздер тамақ дайын, суытпай ішіп алыңыздар!» - дейді. Бала әжесінің әлі отырғанын байқап: «Әжетайым, жүріңіз тамақ ішейік!»- дейді. Әжесі ренішті халде: «Үйдің еркегі келмей тұрып дастарханға отыру дұрыс емес. Қазір әкең келсін, бірге отырып ішеміз»- дейді. Келіні: «Апа, ол бұрыннан қалған әдет, қазір қарны ашқан адам дастарханға отырып, тамағын жей береді!»- дейді. Әжесі: «Қызым, адамдардың әдебі, ар-намысы болатынындай, үйлердің де әдеп-тәртібі болады»-дейді. Бұл сөз өзіне ерсі көрінген немересі мырс күліп: «Әжетайым, үйлердің

әдебі қандай болады екен? Бізге айтып берсеңізші онда!»-дейді. Әжесі сөзді бастайды: «Біз кішкентай кезімізде аналарымыздан бұрын әкелеріміздің қасында әдепті болуды үйренетін едік. Үйде әкеміз, анамыз бар кезде аяғымызды созып отырмайтын едік және үлкендер сөйлеп жатқанда бізге сөз кезегі берілмейінше сөзге араласпайтын едік. Үлкендер үйге кірген кезде дереу орнымыздан тұрып, оларға орын беретін едік. Ешқашан әкемізден бұрын дастархан басына отырмайтын едік. Әкеміз келіп, тамақты «Бисмилләһпен» бастап «Қане тамақтан алыңдар» деген кезде ғана бастайтын едік. Астан кейін дастархан дұғасын кезектесіп оқитынбыз. Ешбір тамақ, отбасыңмен бірге отырып жегендей болмайды. Бүкіл осы нәрселер дастарханның әдебі болып саналады, балам!» - дейді. Немересі: «Әжетай, осыншама қысымнан стреске түспейтін бе едіңіздер?»-деп сұрайды. Әжесі: «Жоқ, бұл қысым емес, бұл бір-бірімізге деген сый-құрмет болғандықтан өзара сүйіспеншілігіміз қуатты болатын. Бір-бірімізге деген махаббат болғандықтан бұдан ешкім стреске түспейді.

Тағамдар дәмді, ұйқылар тынық болатын. Сенесің бе? Мен алғаш рет «стресс» сөзін осы жерде естідім. Біздің ауылымызда ақыл-есінен айрылған бір кісі бар еді. Барлығы оны жынды дейтін. Тіпті ол да өмірінен бақытты еді. Оның өміріне ризалығы соншалық, айтып жеткізе алмаймын. Кешке дейін көшеде балалармен ойнайтын. Қарны ашқан кезде кез-келген үйдің есігін қағып: «Менің қарным ашты, жейтін нәрсе беріңдерші!» -дейтін. Қай үйге кірсе де қолы бос шықпайтын. Шашы өсіп кеткенде бір шаштараз шашын алып, моншашы жуындырып қоятын. Жұма күндері қолынан ұстап, намазға да ертіп апаратын.

Яғни ешкім оны шеттемейтін. Қазір болса ешнәрсеге құрмет көрсетілмейді. Қараңдар бұл қалада тіпті үйлерге де құрмет көрсетілмейді! Кеш батқанда ешкім үйлерінің

перделерін жаппайды, үйлерінің іші көрініп тұрғанынан ешкім ұялмайды. Ал біз қараңғы түспей тұрып-ақ қалың перделерді жауып, содан соң үйдің жарығын қосатын едік. Киім ауыстырар кезде тіпті перделер жабық болса да ұяттылығымыздан жарықты сөндіріп, жерге отырып ауыстыратын едік. Сырттан қарағанда көлеңкеміздің көрінетінін ойласақ жүзімізден от шығардай қызарып кетер едік»- дейді. Сол мезетте келіні орнынан тұрып, залдың пердесін жабады. Әжесі: «Үйдің әдебі пердесінің жабылып, жабылмағанынан белгілі болады»- деп айтатын аталарымыз. Үйлер биік-биік дуалдармен қоршалған болса да жуылған іш киімдерді аулаға іліп қоюға үйдегі адамдардан ұялатынбыз. Ешкім ауланың ортасына іш киімдерін жайып қоймайтын. Бір күні әлі жас кезімде іш киімімді ең бірінші жіпке іліп қойыппын. Кейін анам келіп: «Ей қызым, бүгін әкең аулаға шығып сенің жайылып тұрған іш киіміңді көргенде ұялғанымнан жерге кіріп кете жаздадым. Бұдан былай іш киімдеріңді бірінші жіпке ілме, ең соңындағы жіпке іліп, үстінен жұқа матамен жауып қой, астындағы киімің көрінбесін! Әдебімізден, ар-намысымыздан айрылсақ, иманымыздан да айрыламыз!»-деген еді.

Мен ол кезде 12 жасар едім. Анамнан бұл сөздерді естіген кезімде ұялғанымнан өзімді қоярға жер таппадым. Қазір ондай әдеп қалмаған сыңайлы. Кеше таза ауа алайын деп балконға шықсам, қарсыдағы көрші іш киімдерін балконына жайып қойыпты. Мен мұны көріп, ұялғанымнан үйге кіріп кеттім. Қазіргі күнде көбісі көшеде тамақтанады. «Көз ақысы» деген нәрсе бар. Адамдар базардан алған заттарын іші көрініп тұратын пакеттерге салып, үйіне алып келеді. Бұл заттарды алуға жағдайы келмейтін адамдар бар, көз ақысы өтеді, қызғаншақтық, көре алмаушылық пайда болады. Бұған мән беріп жатқан ешкім жоқ. Әркімнің көзі түскен мұндай тағамдарда шипа болмайды. Пайғамбарымыз саллаллаһу

алейһи уәсәлләм: **«Жасаған тағамдарыңның иісімен көршілеріңді мазаламаңдар»** деген. Қазіргі таңда адамдар тағамдардың иістерін мүңкітіп, оларды баршаға көрсету арқылы айналадағы адамдардың мазасын алады. Әрине әлгі желінген тағамдардан азапталады. Кейін «стресс» деп дәрігерлерге барады. Үйдің тағы бір әдебі бар, ең маңыздысы да осы болса керек. Үйдің ішінде болып жатқан ұрыс-керістер, әртүрлі жағдайлар сыртқа шықпауы тиіс. Бұл да үйдің әдептерінен бірі болып саналады. Сондықтан бұрын келеңсіздіктер үйдің ішінде оңай шешілетін еді. Онсызда сүйікті пайғамбарымыз әсіресе ерлі-зайыптылардың арасында болатын ұрыс-керістерді сыртқа жаюдың үлкен күнә екендігін қаншама рет айтқан, солай емес пе Айсұлу!-деп келініне қарайды. Келіні ұялғанынан: «Иә анашым»-деп жауап береді. Немересі: «Әжетайым, қазір фэйсбук, инстаграм деген нәрсе шыққан. Адамдар барған кафелерінде жеген тағамдарын суретке түсіріп, мыңдаған достарына көрсетеді!»-дейді. Әжесі: «Не деген сұмдық. Адам жеген тағамдарын көрсете ме?»-дейді.

Немересі: «Әжетайым, сосын әрбір әрекеттерін суретке түсіреді. Қыдырған жерлерін, жеген тағамдарын, ішкен сусындарын, сатып алған киім-кешектерін де суретке түсіріп, достарымен бөліседі» -дейді. Әжесі: «Балам, не айтып тұрсың? Қиямет қайым басталды десеңші» деп көзжастарын сүртіп, сөзін жалғастырады: «Біз күйеуіміздің жанында жүруге ұялатын едік. Қаншама жесір қалған әйелдер, тұрмыс құра алмаған қыздар бар. Олардың көңіл жараларына тұз баспайық, деп ерімізден бір қадам артта жүретін едік. Қазір ұрыс-керіс те, жақсы көру де адамдардың көз алдында болуда. Әрине құпиялық қалмаған соң, адалдық та қалмайды. Үйдің берекесі - үлкендерге құрмет көрсетуде. Үйдің әдебі – жабылған перделерде. Махаббаттың әдебі – жасырын болуда, көздің әдебі – көздің қабақтарында. Дененің әдебі – оранған,

киінген болуында. Ал ұят – иманнан. Мен сендерге анамның айтып берген бір ғибратты оқиғасын айтып берейін. Негізінде бұл бір хадис құдси: «Аллаһу та’ала Адам алеһиссаламды жаратқан кезде Жәбрейіл алейһиссалам оған үш сыйлық алып келеді. Ілім, ұят және ақыл. Аллаһу та’ала оған: **«Ей Адам! Осылардан қалағаныңды таңда!»**- дейді. Адам алейһиссалам ақылды таңдайды. Жәбірейіл алейһиссалам ұят пен ілімге орындарына қайтуын әмір етеді. Сонда ұят пен ілім былай деп жауап береді: «Біз рухтар әлемінде бірге едік. Бір-бірімізден ешқашан айрылмаймыз. Рухтар денелерге кіргеннен кейін де бірге боламыз. Ақыл қайда болса біз де сондамыз»-дейді. Жәбрейіл алейһиссалам: «Олай болса орындарыңа орналасыңдар!» - деп әмір еткен кезде, ақыл миға, ілім көңілге (жүрекке), ал ұят көзге орналасады.» Осы хадис құдсиде де айтылғандай ұяттың орны - көз. Сондықтан әрі көзімізді қорғау керек, әрі көзге түсетін нәрселерді де бақылауда ұстау керек»- дейді. Келіні: «Дұрыс айтасыз анашым, біз әдебімізді жоғалтқандықтан қиыншылықтарға тап болдық»- дейді. Немересі қасығын жай қойып: «Мен тамақты әкем келгенде ішемін анашым!»- дейді. Әжесі де айтқан сөздерінің балаларына әсер еткендігін көріп, Аллаһқа шүкір етті.

## ҮЙЛЕНЕРДЕ КЕРЕКТІ ІЛІМДЕР

Бұл бөлімді үйленер шағы жақындамағандардың және кішкентайлардың оқымағаны абзал.

Неке қиылғаннан кейінгі алғашқы түн жанұялық өмірдің ең маңызды бөлігі. Жұбайлар мүмкін болғанша тазалыққа қатты мән беруі керек. Таза және әдемі киім алғашқы түнде әсерлі болады. Жұбайлардың жатын бөлмесі таса, тыныш, сенімді жерде болуы керек. Күйеудің үйлену мәселесінде тәжірибесі бар біреуден кеңес алуында зиян жоқ.

**Күйеу жігіт мына амалды орындауды жіберіп алмауы керек:**

Пайғамбарымыз хазреті Фатиманы хазреті Әлиге тұрмысқа бергенінде былай деп бұйырды:

**«Ей Әли! Келіншегіңді өз үйіңе апарғаныңда нәскиін аяғынан шеш. Аяғын жу. Ол суды үйдің** (жатын бөлменің) **барлық бұрыштарына сеп. Осылай еткеніңде Аллаһу та’ала сенің үйіңнен жетпіс түрлі кедейлікті сыртқа шығарады. Жетпіс түрлі берекені үйіңе кіргізеді. Жетпіс рахметті саған жаудырады. Ол келін және оның берекесі үйдің бұрыштарына ұласады. Ол келін жынданудан және басқа да аурулардан амандықта болады.»**

Алғашқы түнде жұбайлардың мән беруі керек болған кейбір жағдайлар:

Алғашқы түнде қыз да, еркек те Аллаһ разылығы үшін екі рәкат намаз оқып намаздан кейін жанұялық өмірдің өздері үшін қайырлы, бақытты болуы үшін Хақ та’алаға жалбарынуы, дұға етуі керек. Алғашқы түнде жасалатын дұға қабыл болады. Бұл түнде еркек қолын келіншегінің маңдайына қойып “Әузу бисмилләһ, салауат” айтып былай дұға етеді:

**«Йа Раббым, Бұған қайырлы және көркем мінез бере гөр. Жаман мінез-құлықтардан сақта. Оны және жанұясын мен үшін берекелі қыл. Мені және жанұямды да ол үшін берекелі қыл. Бізді жақсы, қайырлы амалдарға жұмылдыр, жаман амалдардан ұзақ ете гөр!»**

Кейін **«Аллаһуммә бәрик ли фи әһли уә бәрик ли әһли фийә, Аллаһуммәрзуқни минһа уәрзуқһа минни. Аллаһуммәжмә’бәйнә мә жамә’тә фи хаирин уә фәрриқ бәйнәнә изә фәрақтә фи хаирин»** дұғасын оқиды.

Қосылудан бұрын жұбайлар отырып сөйлесіп, кішігірім нәрселер жеп бір-біріне ынтызарлық, қызығушылық оятулары жақсы болады. Төсекке кіруге асықпау керек. Қосылу кезінде

үстері жамылғымен жабық болуы тиіс. Үстері ашық күйде жүзеге асқан қосылудан туылатын бала ұятсыз, арсыз болады. Көпшілікте болатын “алғашқы түнде нәтиже алуым керек” деген түсінік өте қате болып табылады. Өмірінде бөтен еркек көрмеген мұсылман жас қыз, бұл жасына дейін алғашқы түн қорқынышын және қобалжуын ойлап жүреді. Барлық қыздар бұл алғашқы түнде кішкене үркектік және тартыншақтық танытады, ұялып, қысылады. Бірінші рет еркекпен бірге-бір қалудың оған ашылудың ұялуын сезінеді. Бұл қалыпты жағдай, дұрыс қабылдануы керек. Керексіз сабырсыздық көрсетпеуі керек. Алғашқы түндегі дөрекіліктен туындайтын үркектік, ренжу және жағымсыздық сезімдері кейін ұзақ уақытқа өшпес әсерін қалдырады, өмір бойы ренішпен еске алынатын болады. Сол секілді бұл түнде жасалатын сабырлылық, нәзіктік және жылы мәміленің сыйы да кейіннен көрінеді, өмір бойы ұмытылмайды.

Осы себепті асықпаған жөн болады, психологиялық тұрғыдан қыз өзін жайсыз сезінсе ертеңгі күнге қалдыру жақсы болады. Еркек өзін ғана ойлап эгоисттік әрекетке бармауы керек.

Бір әйел он жыл бойы күйеуімен бір түрлі оғаштау өмір сүретін болады. Айына бір рет қосылады екен және қосылу кезінде де әйелі күйеуімен суық мәміледе болады екен. Өйткені алғашқы түнде күйеуі әйелін ренжіткен болады. «Не деген арықсың өзі, әрі түрің де жаман» деген екен. Әйел бұл сөзді ұмыта алмаған екен. Әйелдің жүрегін жаралайтын арықсың, семізсің, ұзынсың, қысқасың, кәрісің сияқты сөздерден міндетті түрде ұзақ болу керек!

Алғашқы түнде махаббат ойыны маңызды болып табылады. Махаббат ойыны яғни еркектің келіншегін қоздыру тәсілі керемет болған кезде әйел қаншалықты ұялшақ болса да ақырын ақырын күйеуіне ынтызары көбейе түседі. Одан кейін берілу сезімі көбейеді, тартыншақтықтың

орнына қалау сезімі ашылады. Көп келіншектерді ренжітетін және үркітетін нәрсе жұбайларының бұл түнде дөрекілік және түсініспеушілік танытулары.

Жұбайлар бір-біріне өте нәзік, жұмсақ мәміледе болуы керек, махаббат және мейіріммен жақындасуы керек. Еркек қызды еш қыспай және қинамай шынайы бір жақындық көрсетуі керек, үркектігін кетіруге тырысуы керек. Қыз сөйлесуден, оған ашылудан тартынса да, еркек шын жүректен сөйлеп, сабырмен жақындауы, ақырын, ақырын оның көңіліне кіруі керек. Қыздың үнсіз тыңдауы және анда-санда ақырын қарсылық танытуы да қалыпты нәрсе. Барлық мәселе сүйіп, аймалап қызды қосылуға дайын халге келтіру! Алғашқы түннің өзгермес өлшем еместігін ұмытпау керек. Алғашқы түн жай ғана бастауы болып табылады. Алғашқы жақындау сәтсіз болуы мүмкін, мұны да қалыпты нәрсе деп қабылдау керек.

Діннің әмірі бойынша әйелден ұзақ жүрген еркек көбінесе әйелді жақыннан көргенінде немесе оған қолы тигенінде дереу бітіріп қоюы мүмкін. Мұндай жағдайда үмітсіздікке түспей жарты сағаттай уақыттан кейін немесе ертеңгі күні бастапқы дайындығын жасап қайтадан әрекетке өтсе болады. Екінші ретінде алғашқы қобалжу өтіп, дереу бітіру болмайтындықтан бастапқы дайындық жайбарақат, оңай болады. Бұл жағдай өте маңызды. Бұл жағдайды біліп өздерін бұған қалыптастырған, дайындаған жұбайларға оңай болады. "Неге бұлай болды? Бұлай болмауы керек еді?" деген уайымға түспейді. Өйткені бұл қалыпты жағдай. Бірнеше сағат демалып немесе ертеңіне де қалдыруға болады. Мұндай кезде жас қыз да жағдайды қабыл етуі, түсінікпен қарауы керек.

Қосылу сәтті өткенде еркек қуаныш, бақыттылық сезімдерін жұбайымен бөлісіп, оған алғысын айтып және бақыттары бүкіл өмір бойынша жалғасуы үшін дұға етуі керек.

Дінімізге жат әдеттердің бірі кей жерлерде болатын

төсеніш тексеруі. Бұл салт әдепке де сай емес және өте жаман әдет. Бұған жол бермеу керек. Дәрігерлер ондай қыздар аз да болса, кейбір қыздарда “қыздық пердесінің” қасиетіне байланысты алғашқы қосылуда қан келмеуі немесе өте аз келуі мүмкін екендігін білдіруде. Сондықтан да жаман ойлап, салиха қыздың обалына, күнәсына қалмау керек.

Мұндай қыздардың саны 5% секілді аз да болса, кейбір қыздардың алғашқы жыныстық қосылуда, қыздығында ешқандай өзгеріс болмайтындығы белгілі болуда. Бұлар көбінесе “алқалы” қыздық пердесі болғандарда кездеседі. Бұлардың кейбіреулері бірінші баласын босанғанға дейін «қыз» болып қала береді. Әрине ондай қыздарда алғашқы қосылуда көбінесе күтілетін қан көрінбейді. Мұндай жағдайда бұл туралы хабары болмаған еркек, күткен белгіні көре алмай түңіліп, абыржуы мүмкін. Нақты дәлелдері болмай тұрып, намысты қызға “жезөкше” секілді кінә тағу үлкен күнә болады. Осы айтылғандарды ескерсек белгі көрінбеді деп айқай-шу шығару шынында да керексіз және жауапкершілігі қиын жағдай.

Не керек, алғашқы түнде жұбайын қыз деп ойлаған адам, күткен нәтижесін ала алмағанда ең аз дегенде іштей күмәнданып және күйініп жүреді. Бұл жаман ойдан құтылу үшін, жоғарыдағы айтылған ықтималдықтарды ойлап “хусни зан” етіп мәселені жабу керек немесе күмән, жаман ойдан құтылу үшін келін-күйеу екеуі отырып сөйлесіп күмәнді сейілтіп оңтайлы шешімге келуі керек немесе қажет деп тапса бір әйел гинекологқа көрініп мәселені шешуге болады.

Сөйлесудің ұзауы, қосылудың кешігуі арқылы ортаның дайын халге келуіне кеңес беріледі. Хадис шәрифте былай делінеді: **«Сендерден ешбірің сөйлеспей, ойнаспай, сүймей тұрып жұбайымен қосылмасын. Ол жануарларға тән.»**

**«Адамның ойнаспай тұрып әйелімен дереу қосылуы, оның да зауықтануын күтпеуі әлсіздіктің белгісі.»**

Бұл жөнінде **маман дәрігерлер** былай деп айтуда: «Толық

шәһуатпен (толық қозудан) пайда болған бала денісау, мықты болып туылады.» Сонымен қатар әйел де қанағаттанған болады. Әйелі қанағаттанбайтын болса, уақыт өтумен түрлі қиыншылықтарға жол ашылуы мүмкін. Сондықтан асықпаған жөн. Қатынаста әйелінің де ләззат алуын, қанағаттануын күту керек. Әйелдің қанағаттануы еркекке қарағанда кешірек болады.

Ал бұл да қосылудың ұзаққа созылуымен жүзеге асатын нәрсе. Еркек тоқтайтынын сезген кезінде ойын басқа нәрселерге бұруы керек. Көңілін басқа нәрсеге аударса, мәселен ертеңгі істейтін жұмыстарын ойласа, қатынастың тоқтауын кешіктірген болады. Осылай әйелінің де рахат алуына мүмкіндік береді. Бұл өте маңызды нәрсе. Көп жанұялардың құлдырауының, отбасылық бақытының бұзылуының түпкі себебінде осы мәселе жатады. Өмірінде мүлдем қанағаттанбаған миллиондаған әйелдер болуы мүмкін.

Хазреті Әли: «Қалыпты түрде болған қосылудан көздерде нұр, денеде қуат пайда болады» деген. Шамадан көп қосылу әрі денеге, әрі көзге зиян береді.

Барлық шахуаттың нәтижесі көңілді қарайтқанымен, дінде білдірілгеніндей қосылу көңілде тазалық, рух және денеде рахаттық қалыптастырады. Қосылудағы негізгі мақсат ұрпақ жетілдіру болып табылады және мұндағы ләззат Аллаһу та’аланың осы мақсатта берген мейірімі.

Әдебіне мойынсұнып қосылған жұбайлар мұнымен ғибадат сауабын алады. Некелі жолмен жасалған қосылу “жима” деп аталады. Некесіз жолмен жасалған қосылу “зина” деп аталады. Әйелдің ешқандай үзірсіз (себепсіз) күйеуінің қосылу ұсынысын қабылдамауы үлкен күнә болады.

**Қосылуда мүстаһаб болғандар:**

**1-** Қосылуға “әузу бисмилләә” айтып бастау керек. Ниеті

өзін және әйелін зинадан қорғау және қайырлы бала жетілдіру болу керек!

**2-** Қосылмастан бұрын әйелмен жеткілікті мөлшерде ойнасу, аймаласу керек және әйелде күшті қалау пайда болғанда ғана бастау керек. Мұндай бастамасы болмай тұрып қосылу әйелге жапа шектіреді.

**3-** Қосылу кезінде бітіруге асықпау керек, әйелінің де қанағаттануын күту керек.

**4-** Қосылу біткеннен кейін дереу тұрып кетпеу керек, біраз бірге болуға тырысу керек.

**5-** Қосылудан кейін қайтадан мәпелесу үшін немесе ұйықтау үшін әурет жерлерін жуу керек. Дәретті немесе ғұсылды дереу алу керек емес болса да, ертерек алған жақсы болады.

**6-** Қосылудың дүйсенбі түні және жұма түні болуы жақсы. Басқа түндері де қосылу жаиз.

(Жұма түні: бейсенбіден жұмаға қараған түн)

**Қосылуда мәкрух болған нәрселер:**

**1-** Қосылу кезінде аяқты қыблаға карату.

**2-** Көрпе секілді жамылғы түрімен жабынбай, ашық күйде тыржалаңаш қосылу.

**3-** Оргазмға бөленген кезде сөйлеу, күлу, дауыс шығару. Бұл жағдай баланың сөйлеуде кемшіліктеріне себеп болуы мүмкін. Бұл сөйлеулер қосылудың ләззатын азайтады. Сөйлесу және сыбырласулар бастапқы дайындық кезінде болуы керек.

**4-** Жұбайының және өзінің әурет мүшелеріне қарау мәкрух болады. Бұл караулар кемшіліктерге және ұмытшақтыққа себеп болады. Қажеттілік кезінде ерлі-зайыптылар бір-бірінің басынан аяғына дейінгі барлық жерлеріне карауына болады.

**5-** Қамари айлардың алғашқы, орта және соңғы түндерінде қосылмау керек.

## Қосылудың әдебі

Кейбір әдеп кітаптарында қосылу уақыты туралы және бұл уақыттан туылатын балаларға беретін әсерлері туралы жазылған. Бұлар діни тұрғыдан орындалуы мәжбүр болған үкімдерден емес. Бірақ айтылған уақыттар бойынша амал ету пайдалы болады. Ерлі-зайыптылардың өз араларындағы жыныстық қатынастарымен байланысты махрем сырларын басқаларға айтуы харам болады.

**Қосылу үшін кеңес берілген уақыттар:**

Дүйсенбі, сейсенбі, бейсенбі, жұма түндері және күндіз түске дейін.

**Кеңес берілмеген уақыттар:**

**1-** Апта ішінде жексенбі түні және сәрсенбі түні,

**2-** Қамари айлардың бірінші, он бесінші және соңғы түндері,

**3-** Рамазан айт және құрбан айт түндері,

**4-** Бәрат түні,

**5-** Жолға шығатын түні,

**6-** Күндіз түстен кейін.

Бұлар кеңес болып табылады. Шахуаттанып харам істеу қауіпі бар болса, мәселен бөтен әйелге шахуатпен қарау қауіпі бар болса, мәкрух болмайды. Керісінше ондай кезде қосылу керек болады. Күнге уақытқа қаралмайды.

**Қосылу үшін дұрыс болмайтын жағдайлар:**

1- Әйелінің разылығы болмаса,

3- Дәрет қысып тұрса,

4- Қатты тойып, ауырып немесе шаршап тұрса,

5- Өте суық және өте ыстық болса.

## Қосылудың басқа да әдептері

Өзін харамнан қорғауға, халал жолмен жүруге ниет етуі керек, қосыларда шайтаннан Аллаһу та’алаға сиынып **“Бисмилләһи Аллаһуммә жәннибнәшшәйтанә уә жәнибиш-шәтана мә разақтәнә”** деп айту керек. Осылай бала көтерсе шайтан оған зиян бермейді.

Расулуллаһ алейһиссалам **«Қосыларда бисмилләһ айт. Жүніп халден тазаланғанға дейін саған сауап жазылады. Бұл қосылудан бала туылса саған, бұл баланың алған демінің мөлшеріндей және оның ұрпақтарының демінің санындай сауап жазылады»** деген.

Әйелінде шахуат, қалау сезімі пайда болғанға дейін онымен ойнасу керек. Мұның дененің рахаттануы және туылатын баланың кемшіліксіз болуы секілді пайдалары бар. Асықпау керек. Хадис шәрифте **«Еркек әйелімен қосыларда қораз секілді мініп түспесін. Өзі рахат алғаны секілді әйелі де рахат алғанға дейін қарнымен жатсын»** және **«Әйелің рахат алмай тұрып сен рахат алсаң ол күннің қалған бөлігі әйел үшін босаңдықпен және жалқаулықпен өтеді»** делінген.

Әйелімен хаиз жағдайында қосылу харам болып табылады. Әйелдің үзірі болмай тұрып, хаизбын деп өтірік айтып күйеуінен ұзақ тұруы да харам, үлкен күнә болады. Хадис шәрифте: **«Кісі әйелін төсегіне шақырғанында әйелі келуден қашса, күйеуі осы себепті ашулы, ренжулі күйде ұйықтаса, періштелер таңға дейін ол әйелге лағынет айтады»** делінді.

## Лағынеттелген қатынастар

Хаиз халінде де, таза кезінде де әйелге артқы тесігінен жақындау харам, үлкен күнә болады. Оған халал деп сенген адам діннен шығады. Артына (анусына) болмау шартымен арқасынан әйелдік мүшеге жақындау жаиз болады.

Хадис шәрифте былай делінеді:

**«Кімде-кім әйеліне артынан (**анустан) **жақындаса, Аллаһу та’ала және періштелері оған лағынет етеді және Аллаһтың рахметіне қауыша алмайды.»** Әйелі разылық білдірсе ол да бұл күнәға ортақ болады. Харам болған істерде күйеуінің әміріне бағынылмайды.

## Бала үйдің берекесі

Бала болмауы үшін алдын алудың (сақтанудың) зияны жоқ. Тіпті қазіргі заманда бала болмауы үшін алдын алу қажеттілік жағдайына айналған. Өйткені заманымызда ислам тәрбиесімен бала тәрбиелеу қиындап кеткен, тіпті мүмкін емес халге жеткен.

Жанұялық өмірдің алғашқы айларында (3-5 ай) жұбайлардың бір-біріне үйренуі үшін алдын алу жақсы болса да, одан көпке кешіктіру жақсы емес. Өйткені перзент жұбайларды бір-біріне байлайды, жанұялық бауды күшейтеді, екі жақты (екі елді) одан да жақындата түседі. Үйдің берекесіне және қуанышына айналады.

**Келінге кеңес:**

Келін алғашқы күннен бастап тамағына, ішіп-жеуіне мән беруі керек. Кейбір азықтар зиянды болуы мүмкін. Өйткені хадис шәрифте былай делінеді:

**«Келін алғашқы аптада айран, ашыған нәрсе, тұздалған** (маринованный) **көкөністер және қышқыл нәрсе жемеуі керек. Бұлар бала болуына кедергі болуы мүмкін. Ашыған нәрсе жеген әйелдің хаиз көруі қиын болады және хаизы (**етеккір циклы**) ретсіз болады. Қышқыл алма жеу хаиз қанын тоқтатады. Бұл болса басқа ауру тудырады.»**

**Еркекке кеңес:**

Әйелімен жақсы мәміледе болу, оған күлімдеп қарап, жылы жүз танытуы тиіс. Оның қате әрекеттеріне ақылға қонымсыз сөздеріне сабыр етуі тиіс. Оның дәрежесіне, түсінігіне бейімделуі қажет. Онымен қалжыңдасып ойнауы керек. Азық-түлік, киім-кешек мәселесінде қолынан келгенше кең болуға тырысу керек.

**Дінімізде әйелдердің білуі парыз болған нәрселерді әлбетте үйретуі керек.**

Әйелдің киінуіне, үйден сыртқа шығуына, өте мұқият болуы керек және өз бетімен жібермеу керек. Өзін және әйелін күмәнға, жалаға түсіретін жағдайлардан сақтануға қатты мән беру керек.

Әйелін бөтен еркектер болған жерге жібермеуі керек, бөтен еркектерді көруіне кедергі болуы керек. Үй істерімен уақыт өткізуі оның зауқы болуы керек. Онымен қатал мәміледе болмауы керек.

**Қалжыңдап та, ашуланғанда да ешқашан "ажырасу" деген сөзді ауызға алмау керек, ешқашан "екіншіге үйлену" сөзін қозғамау керек. Қорқыту үшін де, қалжыңдап та ажырасу сөзін мүлдем қолданбау керек. Тіпті ажырасуға шешім қабылдаса да бұл сөздерді қолданбау керек. Өйткені кейінірек ажырасу ниетінен қайтуы мүмкін. Жақындарымен, достарымен ақылдасқаннан кейін ажырасуға накты шешім қабылдағаннан кейін барып бір талақ беру керек. Еш қашан үш талақты бірден бермеу керек. Үш талақты бірден беру харам болып табылады. Өмірдің шарттары адамды көп нәрселерге сабыр етуін, төзуін керек етуі мүмкін. Болмайды деген нәрсе болуы мүмкін. Бір талақпен ажырасса, харам істелмеген болады әрі қайта кіру есігі де толығымен жабылмаған болады. Ажыраспау ешқандай қауіп бермейді. Бірақ ажырасу, әсіресе үш рет талақ беру өте үлкен қауіп. Кері қайтуға мүмкіндік болмауы мүмкін.**

### Хазреті Әлиге өсиет

Хазреті Әли (радиаллаһу анһ) риуаят еткен. Расулуллаһ алейһиссалам былай деді:

«Йа Әли! Келінді өз үйіңе алып келген кезінде оның аяғынан шұлығын шеш, аяғын жу. Сол суды үйдің барлық

бұрыштарына сеп. Осылай істейтін болсаң, Аллаһу та’ала сенің үйіңнен жетпіс түрлі кедейлікті сыртқа шығарады. Жетпіс түрлі берекені үйіңе кіргізеді. Жетпіс періштені саған түсіреді. Сол келінмен және оның берекесі үйдің бұрыштарына дейін жеткен болады. Келін ақылдан алжасудан және басқа да аурулардан сақ болады. Йа Әли! Келінді алғашқы аптада айран, қатық ішуден, сірке суы және қышқыл тағамдардан тый!»

Хазреті Әли «Йа Расулаллаһ! Не себептен бұл нәрселерді бермеуім керек?» деп сұрады. Былай жауап берді: «Мұның себебі – маринадталған тағамдар, айран жатырда бала пайда болуына бөгет болады. Үйде бір алашаның болуы бала туа алмайтын әйелден жақсырақ.» Хазреті Әли: «Йа Расулаллаһ! Сірке суының салдары қандай» деп сұрады. «Сірке суын тағамда қолданған әйелдің хайзы (етеккірі) қиын болады, әрі тазалануы ұзайды. Егер Аллаһу та’ала бір нәресте беретін болса, туылуы қиын болады. Қышқыл алма жеу хайз қанын тоқтатады. Оның артынша басқа аурулар шығады» деп жауап береді.

Бұдан кейін Расулуллаһ алейһиссалам былай деді: «Йа Әли, айдың басында, ортасында және соңында жұбайыңмен қосылма, әйтпесе жұбайыңда және балаңда алапес, ақылдан алжасу және ластық болу қаупі бар.

Йа Әли! Жұбайыңмен екінді (аср) намазынан кейін қосылма. Егер Аллаһу та’ала нәресте нәсіп ететін болса, қыли көзді болады және шайтан қыли көзді балаға қуанады.

Йа Әли! Әйеліңмен қосылған кезде көп сөйлеспе, егер бала көтеретін болса, парақор болады. Әурет жерлеріне қарама. Жақындасу кезінде көздеріңді жұмба, баланың көр болуына себеп болады.

Йа Әли! Өз әйеліңе басқа әйелге деген құмарлықпен (шахуатпен) жақындама, егер бала көтеретін болса, қыз қылықты бала болады. Әйелдерге ұқсауға тырысатын болады.

Йа Әли! Жүніп болған кезіңде Құран кәрімді мүлдем оқыма, себебі аспаннан от түсіп, сені жағу қаупі бар. Жүніп күйінде сұхбаттаспа. Сенің су ыдысың болсын, жұбайыңның бөлек су ыдысы болсын. Бөлек су ыдыстарымен тазаланыңдар. Егер екеуің де бір су ыдысынан жуынатын болсаңдар, шахуат шахуат үстіне түседі, араларыңа дұшпандық түседі. Талақ және ажырасумен аяқталу қаупі бар.

Йа Әли! Екеуің де түрегеп тұрып жақындаспаңдар, есектер осылай жақындасады. Егер бала көтерсе, төсекке жіберетін болады.

Йа Әли! Жұбайыңмен айт күндері жақындаспа! Егер бала көтеретін болса, алты немесе төрт саусағы болады.

Йа Әли! Жұбайыңмен жеміс ағашы түбінде жақындаспа, егер бала көтерсе, адам өлтіруші, қан төгуші болады, халыққа зұлымдық жасайды. Йа Әли! Айдың жарығында жақындаспа, Егер бала көтеретін болса, кедейліктен өмір бойы құтыла алмайды.

Йа Әли! Азан мен қамат арасында жұбайыңмен жақындаспа, егер бала нәсіп болатын болса, қан төгуге бейім болады.

Йа Әли! Әйелің жүкті кезде онымен дәретсіз күйде қосылма. Егер нәресте туылса надан және бақыл болады.

Йа Әли! Шабан айының ортасында, Бәрат түнінде жұбайыңмен жақындаспа, егер араларыңда бала болса, терісінде, түктерінде және бетінде жаман белгілер болады.

Йа Әли! Жұбайыңа балдызыңа деген құмарлықпен жақындаспа, егер бала көтерсе, ұры болады және халықтың пәлекетке ұшырауы оның кесірінен болады.

Йа Әли! Жұбайыңмен айналада дуал болмаған жерде қосылма, егер араларында бала болса, екі жүзді, бидғатшы және құмарбаз болады.

Йа Әли! Сапарға шығатын түні әйеліңмен жақындаспа,

егер бала көтеретін болса, мүлкін харам жерлерге жұмсаушы болады. Бұдан кейін мағынасы: **«Мал-мүлкін шашып тарататындар – шайтанның достары»** болған аяти кариманы оқыды. (Исра сүресі, 27 аяти каримасы.)

Йа Әли! Үш күндік сапардан келген түнде жұбайыңмен жақындаспа. Егер бала көтерсе, бала залым болады.

Йа Әли! Дүйсенбі түні жұбайыңмен жақындасатын болсаң, араларыңда бала болса, Құран қариы болады. Аллаһу та'аланың бергеніне разы болады.

Йа Әли! Сейсенбі түні жұбайыңа жақындайтын болсаң, бала көтерсе мүмин болады және жақсы мінезді болады. Көңілі жұмсақ, қолы ашық (жомарт), тілі өтіріктен, жаладан және ғайбаттан пәк болады.

Йа Әли! Бейсенбі түні жұбайыңмен жақындас, бала көтерсе хикметі көп басқарушы болады. Сондай-ақ, ілімі көп ғалым болады және ілімімен амал ететін болады. Бейсенбі күні түске дейін жұбайымен қосылса, егер бала көтерсе оған шайтан өлгенге дейін мүлдем жақындай алмайды. Дүние мен ахиретте саламатта болады. Егер жұма түні жұбайыңмен жақындассаң, бала көтеретін болса, Құран қариы болады. Немесе имам болады. Немесе уағызшы болады. Егер жұма күні жұбайыңмен қосылсаң, бала көтерсе, бұл бала ғалым болады. Діндарлығымен атақты және әйгілі болады. Егер жұма түні құптан намазынан бір сағаттан соң жұбайыңмен жақындассаң, бала көтерсе абдалдар (әулиелер) қатарынан болады.

Йа Әли! Жұбайыңмен түннің алғашқы уақытында жақындаспа, егер бала көтерсе палшы және сиқыршы болады. Ахиретті тастап, дүниені таңдайды.

Йа Әли! Менің өсиетімді жаттап ал, Аллаһу та'аланың рұқсатымен саған пайдалы болсын»

## БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ – КҮЛІМДЕУ

**Сұрақ:** Үйленген алғашқы айларда ара-қатынасымыз, сыйластығымыз жақсы еді. Бір-бірімізді жақсы түсінетін едік. Ал қазір күннен күнге әйелімнің мінезі нашарлап кетті. Күнде ұрыс-керіс бітер емес. Әйелімнің мінезін қалай жөндеуге болады немесе осы себепті ажырассақ қалай болады?

**Жауап:** Күйеуінен шағымданған әйелдер, әйелінен шағымданған күйеулер дерттеріне дауа іздеп осыған ұқсаған сұрақтар қойып, кеңес сұрап жатады. Дінімізде адамға өмір бойы керекті ілімдер білдірілген. Қалай тұру керек, қалай жүру керек, мұсылман қандай болуы керек, әркімнің орны қандай, міндеттері қандай, әйелдердің міндеттері, күйеудің міндеттері т.б. Бұларды тұрақты түрде жазып келеміз. Алайда айтумен жазумен ешнәрсе өзгермейді. Аз да болса адамдардың өздерінің бұған мойынсұнулары, мән берулері керек...

Көбінесе жанжалдарда кінә екі жақтан да болады. Біреуі үндемей қоя салса, кешірім сұраса жанжал ұлғаймайды. Екі тарап та меніңкі дұрыс деген сайын жанжал бітпейді. Кінә көбінесе еркектерде болады. Әйеліне ие бола алмаған, жағдайын жасай алмаған, басқара алмаған еркек әлсіз деген сөз. Әйелін жаман жолға түсіретін де еркектер. Әйелін жаман жерлерге апарады да, әйелі жамандық істесе, кінәнің бәрін әйеліне жүктей салады. Әйелдер кінәсіз деп жатқан жоқпыз. Бірақ негізгі кінә күйеуінде. Оған жақсы орта қамтамасыз етуі керек. Жақсы орта қамтамасыз етуге шамасы жетпеген адам үйлену жауапкершілігін мойнына алмауы тиіс.

Екі тарап та менікі дұрыс деп тұрады. Ол үйде жанжал біте ме?! Бір кісі былай деп жазыпты: «Үйіміздің құты қашты. Әйелім дұрыс тамақ істей алмайды. Үй ішінде өзіне қарамайды, ал сыртқа шығарда сәнденеді. Көп сөйлейді,

тыңдау дегенді білмейді.» Бір әйел былай дейді: «Азаннан кешке дейін тамақ, кір жуу, тігін тігу секілді үй істерімен әуре боламын. Күйеуім келгенінде шаршағанымды басуын, маған көңіл бөлуін қалаймын. Үйге кіргеннен бұртыйып қабағы жазылмайды. Күлімдеу деген нәрсе жоқ. Сәлем де беру, хал-жағдай сұрау жоқ. Бір күн тамақ тұзды болып кетсе ашуланып жемей қояды. Бір мақтау, алғыс білдіруді білмейді. Үнемі кемшілік іздеп жүреді.»

Аздаған кеңесіміз бар. Бірақ, кеңес-насихаттан не пайда, бұдан не шығады демеу керек. Кеңеспен насихатты тыңдап, мойынсұнған адамға көп пайдасы тиеді. Ең бастысы тыңдап, мойынсұну керек. Өйткені Құран кәрімде былай делінеді: **«Насихат мұсылмандарға әрине пайда береді.»** (Зарият 55) Хадис шәрифте былай делінді: **«Ахлақтарыңды** (мінез-құлықтарыңды) **көркейтіңдер.»** (Ибн Лал)

Ахлақты, мінезді өзгерту мүмкін болғандықтан хадис шәрифте осылай айтылған. Онсыз да дін – көркем мінез деген сөз. Олай болса діннің әміріне мойынсұнып, тыйымдарынан аулақ болған адам, мінезін өзгертіп көркем мінезді болады. Көркем мінезді болған адам екі өмірде де рахатқа, бақытқа қауышады. Енді негізгі тақырыпқа өтейік.

Ажырасу шешім емес. Мінсіз, кемшіліксіз құл болмайды. Мінсіз дос іздеген доссыз қалады, мінсіз жар іздеген жар таба алмайды. Нағыз ерлік кемшілікті адаммен жақсы мәміледе бола алуда, онымен бірге тыныш, тату өмір сүре алуда.

Үйде ешнәрседен кемшілік іздемеуге тырысу керек. Сын айту (критика), талас-тартыс жанұяның құлдырауына немесе бақытсыз, берекесіз халге түсуіне алып келеді. Тек әйелдер ғана емес, кез-келген адам өзіне сын айтылуын жақтырмайды. Барлық адам мақтағанды ұнатады. Осы жөнінде мұқият болу керек. Жалпы алғанда әйелдер сәнге құмар келеді, киімдеріне қатты мән береді. Бір киім алса оған: “Бұл алған киімің саған өте жарасады екен” десек ешнәрсе жоғалтпаймыз. Бұдан еш

нәрсеміз кеміп қалмайды. Өйткені дініміз әйелмен жақсы мәміледе болу үшін өтірік айтуды да жаиз деген. Шынымен де мақтауға тұрарлық әрекеттерін сынға алу болса, барып тұрған ақымақтық.

Күйеуінің мақтауына ие болу, өзіне көңіл бөлуі – кез-келген әйел үшін ең үлкен бақыт. Әсіресе әйелдер қарапайым нәрселерге де қатты мән береді. Мейрамдарда, қасиетті түндерде, үйлену мерейтойларында (юбилей) арзымаған, кішігірім де болса, сыйлық беруді естен шығармау керек. Бір әйел жылдар бойы дәмді тағамдар жасайды. Бұл әрекетіне байланысты күйеуінен титімдей де мақтау, рахмет естімейді. Бір күні беті жабық ыдыстың ішіне сабан салып тамақпен бірге күйеуінің алдына қояды. Күйеуі ыдысты ашып ішіндегі сабанды көріп ашуланып:

– Мынауың не, сабанды жеуге әкелдің бе? Мен саған малмын ба?- деп айқайға басады. Әйелі күйеуіне қарап:

– Жылдар бойы неше түрлі дәмді тағамдар істеп жүрмін. “Күйеуім бір рет те рахмет айтпағанына қарағанда жақсы мен жаманды ажырата алмайтын шығар. Алдына не қойсаң да жей беретін шығар” деп ойлаған едім. Енді болса тек жаманды ғана ажырата алатының, жақсылықты түсінбейтінің мәлім болды,- дейді.

Жамандыққа сын айтуды білетін адам, жақсылыққа да мақтау айтуды, рахмет айтуды білуі керек. Мақтауды білмейтін адам сын айтудан да бас тартуы керек. Әйелінің ұнамды тағамдары мен қызметтеріне рахмет айту керек, сол секілді ұнамаған қызметтері үшін де рахмет айта алу керек. Өйткені әйелдер ұнамаған тағамдары үшін де дәл солай қызмет қылып, дәл солай тырысады. Жұбайлар өзге адамдарға көрсетілетін сыпайылықтың ең болмағанда оннан бірін үйде бір-біріне көрсетулері керек. Дөрекілік сүйіспеншілікті жойып, бақытсыздыққа жол ашады. Мысалы өзге адамға: “Ылғи бір нәрсені қайталап

айта бересің” дей алмағанымызбен, өз үйімізде: “Тағы сол нәрсені айтып тұрсың ба” дейтін болсақ, сыпайылықтан қаншалықты дәреже алыс екеніміз белгілі болады.

Үйде тыныштық , бақыттылық болуы жұмыс орындағы сыпайылықтан маңызды. Бақыт – миллиардтап табыс табудан да маңызды. Олай болса, мақтауды білетін, сыпайы және күлімдеп жүретін адамның үйінде түсініспеушілік, келіспеушілік болмайды. Пайғамбарымыз алейһиссалам үйіне күлімдеп кіріп сәлем беретін еді. Адам көңіл-күйі болмаса да күлімдеуді ұмытпауы керек. Өйткені әл-әрекеттеріміз сөзге қарағанда көбірек әсер етеді.

“Күлімдеу” деп аталатын жалынға ерімейтін мұз болмайды. Жүректер күлімдеу арқылы жаулап алынады. Бір күлімдеудің тұтқынына айналып басы айналған жас жігіт, ол қыздың өзге ешбір жаман жақтарына мән бермей қайтсе де сол қызбен үйлене алу ауруына шалдығуы мүмкін.

Мұсылман күлімдеген, жарқын жүзді болады, ал мунафиқтың қабағынан қар жауып тұрады. Күлімдеу – тегін дүние. Алғанды қуантады, бергенді де ренжітпейді. Кейде бір күлімдеу өмір бойы естен шықпайды. Бақыттың кілті – күлімдеу. Күлімдей алмайтын адам – бейшара адам. Күлімдей алу дүние мен ахырет бақытына себеп болады.

## Отбасы бақытының сыры

Үйдегі тыныштықтың, түсіністіктің ең негізгі қағидаларының бірі – сырттағы адамдармен қалай сыпайы және жақсы мәміледе болсақ, дәл сондай мәміленің жанұя ішінде де болуы! Сыйластық болған үйде бақ-береке де болады.

Ертеде бір жас жігіт отбасы ішінде қалай бақытпен тыныштық орнатуға болатынын іздейді. Адамдар оған пәлен ауылда бір шал мен кемпір бар, білсе солар біледі бақытты тұрмыстың сырын, өйткені олардың ұрысқанын, бір біріне дауыс көтергенін әлі ешкім көрген емес дейді. Жас жігіт әлгі

айтылған үйге барып амандасып хал-жағдай сұрасқаннан кейін үй иесіне келген себебін айтады. Қарт кісі дастархан басына қонақты жайғастырып отырғызады. Кемпірі дастарханға бір қауын әкеледі. Қарт кісі қауынға бір қарайды да кемпіріне: «Ханым бұл қауын онша піспегенге ұқсайды, ауыстырып әкелесің бе» дейді. Әйелі жарайды деп қауынды кері әкетіп тағы бір қауын әкеледі. Күйеуі «Бұл да болмады, тағы басқасын көрші» дейді. Әйелі жарайды деп тағы алып кетеді. Қарт кісі келген қонаққа: «Әйелім онша таңдай алмаса керек, кеттік бірге барып таңдап келейік», деп екеуі бірге ас үйге кіреді. Ас үйге кіргенінде бір ғана қауын тұрғанын көреді. Қарт кісі қонаққа қарап: «Отбасы бақытының сырын түсіндің бе» деп сұрайды. Жас жігіт «түсінбедім» деп жауаптайды. «Балам, үйде бір ғана қауын бар еді. Мен білетінмін біреу ғана екенін, менің білетінімді әйелім де біледі. Мен қауынды алып кетіп басқасын әкел дегенімде, жарайды деп әкетіп дәл соны қайта әкелді. "Ей шал сен алжығанбысың, үйде бір ғана қауын бар, не айтып тұрсың" демеді. Мен бір нәрсе айтқанымда әйелім қарсы шықпайды дереу айтқанымды орындайды. Ол да бір нәрсе айтқанында мен де оның көңілін қалдырмаймын. Сол себепті ұрыс-керіс те болмайды. Отбасы бақытының сыры осы» дейді.

## АТА-АНА МЕН ЖАС ЖҰБАЙЛАР

Кейбір ата-аналардан балаларын ұядан ұшырғанын қабыл ете алмайтындар, жаңа ұя, жаңа отбасы құрғанын пікірлей алмайтындар бар.

Екі бөлек рухтың бірден жарасып, үйлесіп кетуі де оңай емес. Жастар осы арпалыс ішінде тырмаланып жүргенде бұған ата-ананың араласуы жағдайды одан да өрбітері анық. Одан қалса құда-құдағилердің өз араларында шен, абырой бөлісе алмай жастарды ажыратып алуға

даяр тұратындары да аз емес. Осы сияқты мәселелерге байланысты оқырмандардан келген бір хаттан үзінді беруді ұйғардық:

«Үйіміз қайын атамның үйіне жақын еді. Таңертеңгісін мен жұмысқа шығарда әйелім де менімен бірге үйден шығып анасының жанына баратын. Кешкісін сол жақтан алып кететінмін. Кешке келгенімде үйде отырған күнде де анасы біздің үйде болатын. Жеке қалатын кездеріміз тым аз болатын. Біраз уақыт осылай жалғасты. Кейін бұлай болмайтынын айтып, әркім өз үйінде жеке қалғысы келеді. Біз бөлек үй болдық, мұны қабылдауың керек. Анаңа да мұны түсіндіріп айт. Күнде осында жүрмесін. Аптаның соңында бірге барып тұрамыз, сонда сағынышыңды басарсың дедім. Бастапқыда разы болмады, анамсыз тұра алмаймын деп біраз қипақтағанмен кейін көнді. Бұдан кейін телефонмен сөйлесулері жиіледі. Ішкен тамағы, киген киімі, қайда барғаны, мен не айттым, ол не деді, үйде болған, сыртта болғандардың бәрінен қайнанам хабардар болатын. Кейін сәл түсініспеушілік болса, анасы жетіп келетін болды. Соңғы бір ұрысқан кезімізде қызы екеумізге насихат айтудың орнына қызын алып кетті. Сол кеткеннен мол кетті. Отбасымыз 2 жыл ішінде болмашы себептен тоқырауға ұшырады.»

Осы тұрғыдан да жанұялық өмірдің алғашқы айлары өте маңызды. Келін жаңа үйіне әдеттенуі, бауыр басуы керек. Ол үшін жастардың үйі келіннің ата-анасының үйінен алысырақта болуында пайда бар. Көп қыздар ата-анасына жақын тұруды, тіпті үйлерінің бір ғимаратта болуын қалайды. Ал негізінде бұл қыз үшін жақсылық емес, керісінше жамандық болуы мүмкін. Қыздың үйіне жақын болған жағдайда қыздың қандай да бір себеппен ренішті халін көрген ата-ана «ойбай күйеу бала қызымызды ұрыпты немесе ренжітіпті» деген сияқты қате пікірлерге

сүйенуі, соның салдарында араға кіріп келеңсіздіктерге себеп болуы мүмкін. Сол секілді келіннің де сырқаттанып мазасы болмай қалуы мүмкін. Осы себепті күйеуінің киімін үтіктеуі, тамағын дайындауы сияқты мәселелерде кемшілік туындауы мүмкін. Бұған да ұлдың ата-анасы түсіністікпен қарауы, «ойбай ұлымыз аш қалды, киімі де дайын емес» деп кикілжің тудырудан сақ болуы абзал.

Жанұялық өмірдің алғашқы айларында балаларды өз жағына қарай тарта берудің орнына әркім өзін қарсы тараптың орнына қойса, түсінбеушілік өздігінен шешіледі, тіпті түсініспеушілік мүлдем болмайды. Сондай-ақ қыз тарапы ұл жағына өтіп ұлдың жақтаушысы (адвокаты) болып, ал ұл тарапы қызды жақтауға тырысса екі жақта да бір-бірін разы қылуға деген жарыс басталып, екі жақ та тыныш болады.

Кей ата-аналар күйеу баласын ұясынан ажыратып, толықтай өз қарамағына алуын қалайды. Осыны жүзеге асырғандар да аз емес. Ал негізінде ұлды өз отбасынан ажырату пайда емес, керісінше үлкен зиян. Ұлдарының өздерін тәрк еткенін көрген ата-ана кез келген қолдауларын тоқтатады, баласынан наразы қалады. Сондықтан мұндай әрекеттер әдет-ғұрып тұрғысынан да, діни тұрғыдан да дұрыс емес. Нәтижеде осы жасқа дейін өсіріп, оқытып болашағы үшін көп жоспарлар құрып үміт еткен баласының мұндай қылығына көңілдері қалары сөзсіз. Олардың бетдұғасын (қарғысын) алуға себеп болады. Ата-ананың бетдұғасы мен дұшпандығы бар отбасының ғұмыры ұзаққа бармайды.

Еркек тарапының да қыздың отбасынан толығымен арасын үзуін қалауы дұрыс емес. Қалыпты мөлшерде байланыс әрине жалғасуы тиіс. Жаңа отбасының ұл тарапына жақын болуы дініміздің де, әдет-ғұрпымыздың да нышаны. Өте зиянды болған, діни тұрғыдан орынсыз

жағдай орын алмаса, түсініспеушілік жағдайларында қыз тарапы қашанда қызды емес, күйеу баласын жақтағаны дұрыс. Ғасырлар бойы мұсылмандар осылай әрекет еткен. Мұсылмандар мұны пайғамбарымыздан үйренген.

Расулуллаһ алейһиссаламның мүбәрәк қызы Рукийә анамыз күйеуі хазреті Османға шағымданып келгенінде пайғамбарымыз: **«Ей менің қызым! Егер Аллаһу та'аланың разылығын және менің разылығымды қаласаң, бір сәтке де аялдамай үйіңе бар, Османның аяқтарына жығылып, кешірім сұра. Әйтпесе Хақ та'аланың құзырында да, менің құзырымда да орның қалмайды»** деп көп кідіртпей үйіне қайтарды.

Титтей кикілжің шыққанда дереу қызын қолдап шығатын ата-аналар пайғамбарымыздың насихатынан сабақ алуы қажет.

Ата-аналардың балаларының ішкі, яғни өз араларындағы мәселелеріне араласа беруінің көп себебі болуы мүмкін. Бірақ көбінесе ата-ананың тым балажан келуінен, яғни баласын қатты жақсы көргендіктен болатын дүние. Бұл қалыпты нәрсе, алайда шектен аспауға мұқият болу керек. Барлық мәселеде болатынындай жақсы көру мәселесінде де шектен аспай, тепе-теңдікті, тыныштықты бұзбайтын орта жолды ұстану керек. Хадис шәрифтерде де **«Істердің ең жақсысы – уасат** (орта жолда) **болғаны», «Тым асыра сілтеген адам құриды»** делінген. Ата-ана да балалар да хақ-хұқықтарының шегін біліп, бұдан аспауға мән беруі керек.

Әйелдердің жүректері (көңілдері) өте нәзік сезімтал болатындықтан бір-бірлерін көре алмай, қызғанатындары, күндейтіндері де болуы мүмкін. Сондықтан, әсіресе жаңа үйленген жастардың бұл тұрғыда көздері ашық болуы керек. Анасының, әпке-қарындастарының және басқа да әйелдердің өз әйелін жамандағандарына алданбауы керек.

Мұндай әңгімелерге жол бермеу керек. Мұндай сөздерге еріп, әйелін ренжітуден сақтануы керек. Анасы және әпке-қарындастарына қарсы әйелінің айтқан сөздеріне де сақ болуы керек. Ата-анаға қорлық көрсетілуіне жол бермеуі керек. Ата-анасына өзі, әйелі және бала-шағалары міндетті түрде құрмет көрсетуі керек. Ата-анаға және қайын атамен қайын енеге құрмет, қызмет етуді бірінші міндет деп білу керек. Үлкендердің разылығын, дұғасын, батасын алуға тырысу керек. Олардың игі дұғаларын алуды үлкен олжа деп білу керек.

### Тәтті келу

Ертеде тұрмысқа шыққан қызының келуі жиілеп кеткенін байқаған әкесі «қызым тәтті болып келсең дұрыс болады» деген екен. Мұны естіген қызы келесі келгенінде тәтті тағамдар пісіріп ала келеді. Әкесі тағы да «тәтті келгенің дұрыс болады» деген екен. Түсінбеген соң қызы «Әкешім тәтті кел дегеніңіздің мәнісі не?» деп сұрайды. Әкесі күлімдеп «қызым тәтті кел дегенім жиі келе берме, сирек кел, сирек келсең қадірің артады, арамыз жылы болады, өзің де тәтті боласың дегенім» депті.

### Қайын ене

Аспаздығымен, тағамдарының дәмділігімен аты шыққан бір кәрі әйел, ұлы мен жаңа түскен келінін кешкі асқа үйіне қонаққа шақырады. Үйде басқа да қонақ бар еді. Баласы мен келіні дастарханға жайғасып, дәмнен алғандарында күтпеген жағдай орын алады. Анасының жасаған тамағы, адамның тәбетін қашыратындай өте жаман болған еді. Жасаған тәтті бәліштерінен жағымсыз иіс шығып тұрды. Картоптары жартылай піскен, катлеттері күйіп кеткен болатын. Ұлы келіншегіне білдірмеуге қанша тырысса да, бәрібір жүзінен байқалып тұрған еді. Біраз уақыттан соң, тамақтарын жеп

болып, жаңа үйленген жұптар аналарының батасын алып, қош айтысып үйлеріне кетеді. Ұлы мен келіні кеткен соң, әлгі қонақ кәрі әйелден: «Сіз тамақты жақсы пісіретін едіңіз ғой, неге бүгін тамағыңыз дәмсіз болды? Әлде ауырып тұрсыз ба?» деп сұрайды. Кәрі әйел күлімсіреп: «Жоқ, бәрі дұрыс. Әдейілеп осылай жасадым. Бұдан былай ұлым қайта-қайта менің тамағымның дәмділігін айтып, әйелін ренжітпейтін болады», дейді.

**Келін мен ене**

Бұрынғы өткен заманда Қытайда Лили атты бір қыз тұрмысқа шығып, күйеуі, енесі үшеуі бір үйде өмір сүре бастапты. Бірнеше айдан кейін бітпей кеткен келін мен ене арасындағы ұрыс-керістер нәтижесінде әрі өзі үшін, әрі әйелімен анасының ортасында қалған күйеуі үшін де тұрмыс шыдамсыз халге келеді. Бір шара қолдану керек деп ойлаған келін, әкесінің бұрынғы досы болған емшіге барып дертін айтады.

Кәрі адам оған шөптерден бір қоспа дайындайды және оны үш ай бойы күнде аз-аздап енесінің тамағына қосып тұруын айтады. Уды аз-аздап берсе, осылайша оны келіннің өлтіргені белгілі болмайтын еді. Кәрі адам келіншекке ешкімнің және күйеуінің де одан күмәнданбауы үшін енесімен өте жылы қарым-қатынаста болуын, ол үшін ең дәмді тағамдар пісіруін де айтады.

Қуана қуана үйіне келген келін айтылғандарды бұлжытпай орындайды. Әр күні енесіне ең дәмді тағамдар дайындап беріп отырады. Онымен жақсы мәміледе болып, тамағына да аз-аздан уды тамызып отырады. Біраз күннен кейін енесі де қатты өзгеріп, келініне өз қызы сияқты қарай бастайды. Бұдан былай үйде сыйластық лебі есе бастайды. Бұл арада енесін өз анасындай жақсы көріп қалған келін, істегендеріне қатты өкінеді. Кешірілмес қатеге жол бергенін түсініп, баяғы

емшіге қайта барады. Кәрі адамға, енесіне берген уларды тазалайтын бір дәрі табуын сұрап жалынады. Көзіне жас толған кәрі адам былай дейді:

"Қымбатты Лили, саған бергендерім тек витамин ғана еді. Нағыз у ол сенің басыңда еді. Сен оған жақсы мәміледе болған сайын, оның да саған деген ызасы құрметке айналды. Осылайша сендер нағыз ана мен қыздай болдыңдар."

"Гүл берген қолда, гүлдің иісі қалады" деген даналық сөздің мәні осы болса керек...

## ШЫНЫМЕН ДЕ БҰЛ МАҢЫЗДЫ МА?

Жұмыс орнындағы, көшедегі, үйдегі ұрыс-керістерді алып қарасақ көбінің негізгі себебі түкке тұрғысыз, болмашы нәрселер екенін көреміз. «Неге жүзімнің дәні бар, неге жаңғақтың қабығы бар...» деп әр болмашы нәрсеге тұтылып, барлық нәрседен кемшілік іздеп, ешнәрсені ұнатпау ара-қатынастың бұзылуына жол ашады.

Көп адам, жоғары қабілеттілігі, ой-өрісімен түсінігі кең болуына қарамастан маңызсыз, мәнсіз нәрселерге кідіріп өздерінің сәттілікке апаратын жолдарын өздері жабады. Маңызсыз нәрселерді аттап негізгі мақсатына өте алмайды. Әсіресе бұл жағдай бүгінгі басшыларда көп кездеседі. Бір жақта миллионның есебімен әуре болып жатқанда, басқа жағынан миллиардтар өтіп кеткенінен хабары да болмайды.

Ұсақ-түйекпен айналысып негізгі мәселені назардан тыс қалдыру тек басшыларда ғана емес, өміріміздің барлық кезеңінен көруге болады. Отбасы ішіндегі жанжалдардан, жұмыс орнынан, көшеден т.б. ...

Жұмыс орнындағы, көшедегі, үйдегі ұрыс-керістердің көбі жаңғақ қабығын толтырмайтын, яғни түкке тұрғысыз болмашы жағдайлар. Бір жеке отырып бұрын болған

ұрыстардың шығу себебін ойлап көрдік пе?

Тынық мимен ойланып қарайтын болсақ ұлғаймаған жанжалдардың бәрі дерлік болмашы нәрселерден туындағанын байқаймыз...

Мәселен үйдің еркегі үйге аздап шаршап, ашулы келеді. Кешкі ас оның көңілінен шықпай сын айта бастайды. Ал негізінде астың дәм-тұзында ешқандай мін жоқ, бірақ отағасының күні стреспен өтіп соны тарқату үшін бір сылтау іздеп отыр...

Кешке дейін балаларымен, үй істерімен шаршаған әйелі «күйеуім келсін шерімді бөлісейін, жеңілденейін» деп отырғанда күтпеген жағдайға тап болады. Ойының бәрі төңкерілген әйелі де күшін жинап жауабын береді: **«Табысыңның жағдайы осы болса енді басқа не күтесің менен?»** немесе **«Менің де басқалардікіндей жақсы асхана құралдарым болса, үйде қызметшілерім болса бұдан да жақсы тағамдар пісірер едім!..»** Мұндай жауап отағасының намысына тиері анық, беретін жауабы да аспаса кем түспейді: **«Маған қара, бұның себебі ақшамыздың аз болуы емес, жай сөзбен айтқанда сенің қолыңнан ештеңе келмейді!..»**

Әрине әйелдің бұған да берер жауабы табылады. Осылай біразға дейін ұрыс жалғасып, кешкі астың сәні кетіп екеуі де бөлмелеріне кетеді. Жеңілденемін деп отырғанда екеуінің де жүйкесі одан сайын қозып кетеді!

Екі тарап та бір-бірін айыптап шығады... Қайын ене, қайын ата, үйленердегі, үйленгеннен кейінгі берілген сөздер т.б. жағдайлар айтылады. Қаншама жылдық отбасылық өмірдегі болған жағдайлар бетке ұрылады. Екі тарап та ұрыс алаңынан ашулы, ызалы күйде шығады. Ешқайсы дұрыс шешімге келмейді, керісінше келесі майданды одан қызулы болғызатын, жаңа шабуылдау сөздерін дайындап, қорғаныс шептерін қамдап, жаңа тактикалар іздей бастайды. Осы

ізденіс барысында ұйқыға батады...

Таң атып өткен күннің шаршағандығы, стрестері ұйқымен жоғалғанда, екеуі де жасағандарына өкінеді. Сонша дауласқандары бір жаңғақ қабығына толмайтындығын түсінеді. Сыртқа білдірмесе де өз халдеріне іштей күледі. Көбінесе осындай ұсақ-түйек нәрселер үлкен жанжалға себеп болады. Сондықтан ұрыстың алдын алу үшін ұсақ-түйек ойларды бір бұрышқа ысырып қою керек...

Біреуді сынау, сөгу, айыптаудан бұрын немесе дереу қорғанысқа шығып, өзіне қарсы шабуылдаудан бұрын өзімізге мына сұрақты қоюымыз керек: **«шынымен де бұл маңызды ма?»**

Көп жағдайда маңызды еместігі анықталады, осылай түсініспеушіліктен, араздасудан тыйылған боламыз. Өз-өздеріңе қайта-қайта осы сұрақты қойыңдар: **«шынымен де бұл маңызды ма?»**

Тағамның тұзы аз немесе көп болуы, дәмі дұрыс болмауы, орынсыз ақша шығындауы немесе үйге жақсы көрмейтін туысыңды шақыруы шынымен қатты маңызды ма? Келеңсіз жағдайға кіретініңді сезген кезде өздеріңнен сұраңдар: **«шынымен де бұл маңызды ма?»** Бұрынғыдан да жақсы отбасы жағдайын қалыптастыруда бұл сұрақтың үлкен рөлі бар. Бұл сұрақ жұмыста, көшеде қысқасы өмірдің барлық кезеңдеріне жарамды. Машинамен келе жатып біреудің кенеттен қысып кетуінде де жарамды. Өмірде жанжал туғызатын бүкіл жағдайларда бұл сұрақ кәдеңе жарайтыны сөзсіз. Әрқашан міндетті түрде бұл сұрақты өзімізден сұрап жүрейік: **«шынымен де бұл маңызды ма?»**

Бұл үш күндік дүниеде Аллаһу та’ала бізді **«шынымен де маңызды»** нәрселерді ұғып сол бойынша өмір сүргендерден жазсын!...

## АЖЫРАСУ ЖӘНЕ НЕКЕНІ БҰЗАТЫН ЖАҒДАЙЛАР

**Сұрақ:** Дінімізде ажырасу (талақ) туралы кеңірек мәлімет бересіз бе?

**Жауап:**

**1)** Ажырасу үшін қолданылатын сөздерді еркектің әйеліне қарата айтуымен талақ яғни ажырасу жүзеге асады. Ажырасу үшін қолданылатын сөздер екіге бөлінеді: **Ашық сөздер** және **астарлы сөздер**. “Талақсың”, “сенен ажырастым” секілді сөздер «ашық сөздер» болып саналады. Бұл сөздерді қалжыңдап немесе қателесіп, байқамай айтқан кезде мағынасын білмесе де ажырасқан болады. “Болды сені тастадым”, “сені қойдым” деген секілді сөздер де ашық сөзге жатады. Бір немесе екі рет мұндай ашық сөзбен ажырасуға, яғни кері қайтуы мүмкін болған ажырасуға «талақи рижи» делінеді. Бірақ бәрібір үш рет талақ айту ақысының біреуі кеткен болады. Бұл сөздердің кез-келген біреуі бір рет айтылғанда өкінсе, ескі некесіне қайту ниетімен әйелінің қолын ұстаса немесе сүйсе қайтадан неке қидырып отырмай қалған екі неке бауымен жанұялық өмірін жалғастыра береді.

**2)** Некенің үш бауы болады. Яғни ажырасуға, некені бұзуға себеп болатын “Болды сені тастадым”, “қойдым”, “талақсың” , секілді сөздер үш рет қайталанып “Талақсың, талақсың, талақсың” деп айтылса немесе “сені үш рет қойдым, үш талақсың” десе, некенің үш бауы бірден үзілген болады. Енді артқа қайтуға болмайтын ажырасу жүзеге асқан болады. Бұлай үш талақ жүзеге асқан жағдайда талақи рижи **талақи баинға** айналады.

**3)** “Әкеңнің үйіне кет!”, “Құры кет!”, “Бұдан былай сенің күйеуің емеспін” деген секілді басқа мағыналарда да қолданылатын сөздер “астарлы сөздер” деп аталады. Бұл сөздер ажырасу ниетімен айтылған болса, ажырасқан

болады. Бұған талақи баин делінеді, яғни иддет мерзімі ішінде кері қайту мүмкіндігі болмаған ажырасу.  Бұл түрдегі ажырасуда иддет мерзімі өтіп жаңадан неке оқылмайынша ерлі-зайыптылар бірге бола алмайды.

**4)** Қайын атасына “мен сенің қызыңды қаламаймын кімге тием десе тисін” деп айту және әйелі сыртқа шығу үшін сұранғанда “мен сені жіппен байламадым бара бер”, “Қалаған жағыңа кете бер, маған әйел болмайсың” немесе “бұдан былай сені қаламаймын”, “сенен ажырасуды қалаймын” секілді сөздер айтылса, ажырасуды ниет етпейінше ажырасқан болып саналмайды.

**5)** Ажырасу мағынасында қолданылуы әдет болған басқа сөздер әйеліне айтылған кезде ажырасуды ниет етпесе де бір “талақи баин” жүзеге асқан болады.

**6)** Әйеліне анам, қызым, қарындасым деп айтумен талақ болмайды. Бірақ «Қазірден бастап анам, қызым, қарындасым бол» десе талақ болады. Бір талақи баин болады.

**7)** Астарлы сөзбен ажырасқанда, талақи баинның иддет мерзімінде күйеу әйелінің бөлмесіне кіре алмайды. Әйелі сәндене алмайды, әтір, иіс су себе алмайды, бөтен әйел секілді талақ берген күйеуінен ұзақ тұрады. Иддет мерзімінен кейін жаңадан неке қию керек болады.

**8)** Талақта мөлшері айтылмаса бір талақ болады. Үш немесе одан көп сан айтылса, үш талақпен ажырасқан болады. “Денемдегі қылдардың санындай”, “теңіздегі балықтардың мөлшеріндей”, “көктегі жұлдыздардай” дегенде де үш талақ болады.

**9)** Әйеліне талақ беретін еркектің зерек және көзі ашық болуы керек. Мастың, аурудың және күштеп, қорқытылған адамның сөзі, хаты, e-mail, смс, факс арқылы да талақ өтеді. Бұлар әйелдің қолына жеткен кезден бастап ажырасқан болады. Яғни әйел бұл ажырасуды естігенде, хабардар болғанда талақ жүзеге асады.

**10)** Жындының, алжыған, талып қалған адамның және аурумен және ашуланып не айтып тұрғанын білмейтін адамның айтуы ажырасу болмайды. Бұл екі түрлі болады:

**а)** Мағынасын білмей, олай айтуды көздемей, қаламай айтылғанда талақ болмайды. Бұл астарлы сөздер үшін. Әйтпесе ашық сөздермен яғни мен «сенен ажырастым», «талақсың» десе, олай айтуды көздемей, қаламай айтса да бәрібір талақ болады.

**б)** Мағынасын біліп тұрып және өзі қалап айтып, кейін айтқанын ұмыту, білмеу. Бұл сөзін екі куә естіп кейін өзіне айтса ажырасқан болады. Яғни сенен ажырастым деп айтып бірақ кейін мұны ұмытса, «сен осылай деген едің» деп айтылғанда «жоқ мен олай дегенім жоқ, менің есімде жоқ». десе, егер екі куәгер “иә біз естідік ол әйелімен ажырасты” десе ол кезде ажырасқан болады. Егер олай айтылмаса адам мойындамағаны үшін ажырасқан болмайды.

**11)** Еш қосылмаған болса немесе бір бөлмеде немесе оңаша жерде мүлдем бірге қалмаған болса, бір рет талақ берумен әйел иддет мерзімін күтпестен сол күні де басқа адамға тұрмысқа шыға алады.

**12)** Күйеуіне немесе басқаларға тілімен, әрекеттерімен зиян беретін, кез-келген бір парызды орындамайтын, мәселен парыз намаздарды оқымайтын, қиянат жасады деген күдік астында болған әйелден ажырасу шарт емес мүстаһаб болады, ажырасу жақсы болады.

**13)** Парызды орындамайтын мәселен намаздың парыз екендігіне сенгенімен оқымайтын әйелден ажыраспау күнә емес. Күйеуі оған жылы сөзбен намаз оқытуға тырысуы керек, тырыспаса күнәға кіреді.

Отбасылық міндетін атқара алмайтын, мәселен дуаланған (сиқырланған), жыныстық қатынаста әлсіз болған еркектің әйелі ажырасқысы келсе, оны жіберуі (ажырасуы) уәжіп болады.

**14)** Әйелімен басқа басқа үш уақытта бір реттен ажырасқанын білдіретін сөздер айтса немесе бір уақытта "үш талақ" десе, артқа қайтпайтын түрде некесі бұзылады.

Бұндай жағдайда ол әйелмен қайта некеге тұру үшін **Хуллә** керек болады. Хуллә дегеніміз әйел 3 ай иддет уақытын күтеді.

Сосын басқа бір еркекке тұрмысқа шығып, онымен қосылады. Екінші күйеуі одан ажырасады. Әйел тағы 3 ай иддет уақытын күткеннен кейін барып бұрынғы бірінші күйеуімен қайта некеге отыра алады.

Ал бұл болса, еркек үшін масқаралық, төмендік болып табылады. Аллаһу та'ала ажырасу құқығын еркектерге бергенімен бұл құқығын дұрыс қолдануы және әйелдер еркектердің қолында ойыншық болмауы үшін еркектерге бұл **"хуллә"** деп аталатын масқаралықты жүктеген. Хуллә қорқынышынан мұсылман еркек ажырасу сөзін аузына да ала алмайды. Отбасы ішінде ажырасудың әңгімесі де, қалжыңы да бола алмайды.

**15) Қорқыту үшін де, қалжыңдап та ажырасу сөзін мүлдем қолданбау керек. Тіпті ажырасуға шешім қабылдаса да бұл сөздерді қолданбау керек. Өйткені кейінірек ажырасу ниетінен қайтуы мүмкін. Жақындарымен, достарымен ақылдасқаннан кейін ажырасуға нақты шешім қабылдағаннан кейін барып бір талақ беру керек. Еш қашан үш талақты бірден бермеу керек. Үш талақты бірден беру харам болып табылады. Өмірдің шарттары адамды көп нәрселерге сабыр етуін, төзуін талап етуі мүмкін. Болмайды деген нәрсе болуы мүмкін. Бір талақпен ажырасса, харам істелмеген болады әрі қайта кіру есігі де толығымен жабылмаған болады. Ажыраспау ешқандай қауіп төнгізбейді. Бірақ ажырасу, әсіресе үш рет талақ беру өте үлкен қатер. Өйткені ниетінен базкешетін болса ол әйелмен некелесуі үшін хулләдан өтуі керек.**

**16) Иддет** – ажырасқаннан кейін әйелдің жаңадан үйленуі харам болған уақыт. Бірінші таза болған күннің басынан үшінші хаиздың соңына дейінгі уақыт. Хаиз көрмесе талақ үшін үш ай, өлім үшін төрт ай он күн күтіледі.

**17)** Күйеу әйелімен жақсы мәміледе болуы, оған күлімдеп қарап, жылы жүз танытуы, әдемі сөздер айтуы тиіс. Оның қате әрекеттеріне, ақылға қонымсыз сөздеріне сабыр етуі тиіс. Оның дәрежесіне, түсінігіне бейімделуі қажет. Онымен қалжыңдасып ойнауы керек. Азық-түлік, киім-кешек мәселесінде қолдан келгенше кең болуға тырысу керек. Дінімізде әйелдердің білуі парыз болған нәрселерді әлбетте үйретуі керек.

Әйелдің киінуінде, үйден сыртқа шығуында, өте мұқият болуы керек және өз бетімен жібермеу керек. Өзін және әйелін күмәнға, жалаға түсіретін жағдайлардан сақтануға қатты мән беру керек. Әйелін бөтен еркектер болған жерге жібермеуі керек, бөтен еркектерді көруіне кедергі болуы керек.

Үй істерімен уақыт өткізуі оның зауқы болуы керек. Онымен қатал мәміледе болмауы керек. Қалжыңдап та, ашуланғанда да ешқашан "ажырасу" деген сөзді ауызға алмау керек, ешқашан "екіншіге үйлену" сөзін қозғамау керек.

**Сұрақ:** Қандай жағдайларда неке бұзылады?

**Жауап:** Сенімен ажырастым, талақсың деп айту және ажырасу ниетімен айтылған астарлы сөздерді айту мәселен "құрып кет", "көзіме көрінбе", "жоғал" деген сөздермен де неке бұзылады. Сонымен қатар күпірге түсіретін сөз айтқанда иманмен қоса неке де бұзылады.

**Сұрақ:** Әйеліме құрып кет (жоғал) деген болсам неке бұзыла ма?

**Жауап:** Құрып кет, жоғал деп айтумен неке бұзылмайды. Егер ажырасу ниетімен айтылған болса бұзылады. Ол да талақи баин (кері қайтпайтын ажырасу) болады. Иддет мерзімі өткеннен кейін қайта неке қидыру керек болады.

**Сұрақ:** Бір адам әйелімен ұрыс кезінде “мен сені тастадым” десе некесі бұзыла ма әлде “ажырастым” демейінше некесі бұзылмай ма?

**Жауап: Тастадым** = ажырастым деген сөз. Бір талақпен ажырасқан болады.

**Сұрақ:** Адам күпірге себеп болатын сөз айтқанда иманы да некесі де кете ме?

**Жауап:** Иә иманы да некесі де кетеді.

Ажырасу бөлек нәрсе, күпірге түсу бөлек нәрсе. Бұл талаққа жатпайды. Яғни неке бауы үзілмейді. Мың рет күпірге түскен болса мың рет некесін жаңалау керек болады. Бірақ бұл жағдай талақ болып саналмайды.

**Сұрақ:** Бір рет талақи баин жүзеге асса, яғни бір рет ажырасса иддет мерзімі бойынша бұл ерлі-зайыптылар бөлек тұрулары керек пе? Бір үйде тұра алады ма? Сөйлесулері, көрісулері дұрыс бола ма?

**Жауап:** Бөтен әйел секілді болады. Адам пасық болса, бір үйде тұрмағандары жақсы. Салих болса, харамдардан қорқатыны үшін бір үйде тұрса болады. Бірақ бөтен әйелмен бөтен еркек секілді тұрады. Қажетінен артық сөйлесе алмайды. Отырып бірге тамақтанулары да жаиз болмайды.

**Сұрақ:** Еркек талақ берсе, бірақ оны әйелі естімесе ажырасқан болып есептеле ме?

**Жауап:** Жоқ.

**Сұрақ:** Бір адам әйеліне адамдардың жанында талақ берсе, әйелі мұны 20 жылдан кейін естісе, 20 жылдан кейін ажырасқан бола ма?

**Жауап:** Иә.

**Сұрақ:** Астарлы сөзбен әйелінен ажырасқан адам кейіннен мұны әдейі мойындамаса, бәрібір ажырасқан бола ма?

**Жауап:** Иә, ажырасқан болады.

**Сұрақ:** Талақи рижи мен ажырасқан адам, ажырасқанын әйелінің есіне түсіру үшін бірнеше рет «болды, сенің шаруаң

бітті» десе үш рет талақ берген бола ма?

**Жауап:** Иә.

**Сұрақ:** Әйеліме «сенімен ажырасуды қалаймын» деп айтумен талақ берген боламын ба?

**Жауап:** “Қалаймын” деумен талақ болмайды.

**Сұрақ:** Екі талақи баиннен кейін бір талақи рижи берілсе үш талақ бола ма?

**Жауап:** Иә.

**Сұрақ:** Қайын атама ажырасу ниетімен «қызыңды алып кет» деп айттым. Әйелім бұны естімесе талақ бола ма?

**Жауап:** Болмайды.

**Сұрақ:** Әйеліме «Алматыға барғанда сенен ажырасам» дедім. Бұлай айтумен талақ бола ма?

**Жауап:** Жоқ, келер шақта айтылған сөзбен талақ болмайды.

**Сұрақ:** Әйеліме «Анаң біздің үйге келетін болса сен менің әйелім емессің» дедім. Анасы бізге келді, некенің бір бауы үзілді ма, яғни талақи рижи болды ма?

**Жауап:** Иә.

**Сұрақ:** Ұлыма «үйіме кіретін болсаң анаң талақ болсын» дедім. Жанжал кезінде амалсыз кірген екен. Талақи рижи болды ма?

**Жауап:** Иә.

**Сұрақ:** Талақта қолданылатынын білмеген адамның айтқан сөздерімен талақ жүзеге аса ма?

**Жауап:** Жоқ.

**Сұрақ:** Әйелден жүкті кезінде де ажырасуға бола ма?

**Жауап:** Иә.

**Сұрақ:** Әйелінен ажырасу күнә ма?

**Жауап:** Күнә емес, халал. Бірақ Аллаһу та’ала халал да болса талақты жақсы көрмейді. Пайғамбарымыз былай деген: **«Аллаһу та’аланың мүлдем жақсы көрмейтін халал нәрсесі талақ.»** (Хаким)

**Сұрақ:** Бір сайтта былай деп жазылыпты: «Бір адам әйеліне

“сенен ажырастым” десе, кейін қалжыңдап ажырасудан бастартатынын айтса, ажырасудан қайтқан болады.
Хадис шәрифте:

**“Үш нәрсенің қалжыңы да шын сияқты қабыл етіледі, сахих. Неке, ажырасу, ажырасудан бас тарту”** делінеді.» Осындай жағдаймен ажырасудан бас тартқанда некенің үш бауы да аман қала ма әлде біреуі кеткен бола ма?

**Жауап:** Қалжыңдап ажырасқанда да бір талақ берген (некенің бір бауы үзілген) болып есептеледі, екі талағы (екі бауы) қалады.

Рижи талақта еркек иддет мерзімі ішінде сөз немесе әрекетімен бұрынғы некесіне қайта алады. Яғни әйелі қаламаса да жаңадан неке қимай-ақ отбасылық өмірді жалғастыра алады. Қайтадан некеге қайту үшін Ханафи және Маликиде куәгерлерсіз-ақ **«бұрынғы некеме қайттым»** деп айтуы жеткілікті. Немесе бұрынғы некесіне қайту ниетімен әйелін сүюі немесе шәһуатпен қолынан ұстауы да жеткілікті. Некесі жаңарған болады. Шафии және Ханбәлиде екі куәгердің жанында **«бұрынғы некеме қайттым»** деуі керек. Бірақ қыздың әкесінің қатысуы керек емес.

**Сұрақ:** Күйеуім дуаланған, еркектік міндетін атқара алмауда, онымен ажырасқым келеді. Күйеуімнің менен ажыраспай тұрып алуы күнә емес пе?

**Жауап:** Еркектік міндетін атқарудан әлсіз болған еркектің әйелі ажырасқысы келсе, оны жіберуі, одан ажырасуы уәжіп болады. Яғни ажыраспай ұстап отыруы күнә болады.

**Сұрақ:** Ұзақ жылдар бөлек тұрған кезде неке бұзыла ма?

**Жауап:** Ұзақ жылдар бөлек тұрумен неке бұзылмайды. Ажыраспайынша неке бұзылмайды.

**Сұрақ:** Есі ауысқан адамның некесі жалғаса бере ме?

**Жауап:** Иә.

**Сұрақ:** Ажырастым деумен ажырасқан бола ма? Ажырасу осыншама оңай ма? Еркектің үш рет ажыраса алуға ақысы бар

екен, үшіншісін айтқанда ол әйелмен қайта үйлене алмайды екен. Бұлар Құранда бар ма?

**Жауап:** Дінде дәлел тек қана Құран емес. Тек қана Құран дәлел болғанда Аллаһу та’ала алындар осымен амал етіңдер дер еді, пайғамбар жібермес еді. Аллаһу та’ала пайғамбарымызға **«Құранды ашықтап түсіндір»** деп бұйырған. Барлық нәрсе Құранда ашық жазылмаған. Сондықтан хадис шәрифтер және ғалымдардың түсіндірмелері де дәлел болады.

Бұл тақырыпта Құран кәрімдегі аяти кәрималар:

**«Ажырасқан әйелдер үш ай иддет мерзімін күтеді.»** (Бақара 228)

**«Ажырасу екі рет. Жақсылықпен ұсталады немесе жақсылықпен босатылады.»** (Бақара 229)

**«Егер еркек әйелімен үшінші рет ажырасатын болса, одан кейін әйелі басқа еркекпен үйленбейінше онымен үйленуі өзіне халал болмайды. Егер кейінгі үйленген кісі де бұл әйелден ажырасатын болса,** (екі тарап та) **Аллаһтың сырларын сақтайтынына сенімді болса, қайтадан үйленулерінің зияны жоқ. Бұл Аллаһу та’аланың қойған шектеулері.»** (Бақара 230)

**«Бұл айтылғандар Аллаһтың қойған шектеулері. Абай болыңдар бұл шектен аспаңдар. Кім Аллаһтың шектеулерінен асатын болса, міне солар залымдар, кәпірлер.»** (Бақара 229)

**Сұрақ:** Бір атеистпен талақ туралы сөйлесіп отырған едік. “Бір сөзбен талақ бола ма?” деді. Не деп жауап беру керек?

**Жауап:** Бұл үкім мұсылмандарға тиісті үкім, мұсылман болмағандарға емес деп айтуыңыз жеткілікті. Дініміз солай деген болса, солай.

Бір мұсылман үшін үкім мынадай: Бір сөзбен (ажырастым деумен) адамның әйелі бөтен әйелге айналатыны секілді, бір сөзбен (неке арқылы) бөтен қыз адамның әйелі болады. Бір сөзбен (шәһадат кәлимасымен) мұсылман болады. Бір сөзбен

де (мәселен Аллаһ аспанда деумен) адам иманын жоғалтады. Заңдар бір “иә” деумен шығады, бір “жоқ” деумен қайтарылады. Бүкіл өміріміз “иә” және “жоқ” сөздерімен өтуде. Күнделікті жұмыстарында мұны атеист те біледі және қолданады. Бірақ мәселе дінге келгенде атеисттігін көрсетеді. Адам мынаны ұмытпауы керек: Аллаһу та’ала жаннатты босқа жаратпағаны секілді, жаһаннамды да босқа жаратқан емес.

## Қорқытылу арқылы талақ

**Сұрақ:** Әйеліне зұлым ететін, ұратын, дінге сай киінуіне, өмір сүруіне тыйым салатын, күйеулік міндеттерін атқармайтын, үйге де келмей нафақасын да бермейтін, сонымен қатар онымен ажыраспайтын садист - залым еркекке әйелінің туыстары «әйеліңнен ажырас әйтпесе сені өлтіреміз» деп қорқытса, ол қорқып әйелінен ажырасса бұлай ажырасу дінде сахих бола ма?

**Жауап:** Иә, сахих болады. Ол әйел иддет уақыты біткеннен кейін басқа адамға тұрмысқа шыға алады. Басқаға үйленгеннен кейін бұрынғы күйеуі оны кері ала алмайды. Дін кітаптарында былай делінеді: «Күштеп, қорқытылған адамның сөзі, хаты, телефон шалуымен де талақ яғни ажырасу Ханафи мазһабында сахих болады. Басқа үш мазһабта сахих болмайды. Қауіп тоқтағаннан кейін қорқытылып әйелінен ажырасқан адамның әйелі басқаға тұрмысқа шықпаған болса және бұрынғы күйеуімен үйленгісі келетін болса, тағы екі талақ ақысы қалғаны үшін қайта некесін қиып үйленуі сахих болады.»

## Талақи баин және талақи рижи

**Сұрақ:** Талақи баин және талақи рижи арасындағы айырмашылық неде?

**Жауап:** Талақ ажырасу деген сөз. Талақи баин толық ажырасу деген сөз. Талақи рижи ашық ажырасу дегенді білдіреді. Мәселен “сенен ажырастым” десе талақ рижи

болады. Бірақ қалаған уақытында ескі некесіне қайта алады. Иддет мерзімі біткенге дейін қайтпаса талақи рижи талақи баинға айналады. Үш талақ ақысының бірін жоғалтқан болады.

Ал талақи баинде астарлы сөздермен ажырасады. Ажырасу ниетімен «әкеңнің үйіне кет» деп айту секілді. Иддет мерзімі өтпей тұрып ол әйелмен үйлене алмайды. Ажырасу ниеті болмай тұрып айтса талақ болмайды.

Талақи рижидің талақи баиннен өзгешеліктері мыналар:

**1)** Некені жаңалау керек емес. "Ескі некеме қайттым" деп әйелінің қолынан ұстауы жеткілікті. Баинде болса иддет мерзімі өтпей қайтадан неке қиылмайды. Иддет біткенде де әйелі разы болса ғана неке қиыла алады.

**2)** Мәһрді көбейтудің керегі болмайды. Ал баинде жаңадан неке оқылатын болғандықтан қалаған мәһрін сұрай алады.

**3)** Куәгерсіз үйлене алады. Баинде болса иддет біткенде екі куәгер болуы шарт. Өйткені бұл жаңа неке болып табылады.

**4)** Әйел разы болмаса да еркектің мен "ескі некеме қайттым" деп айтуы жеткілікті. Баинде болса әйел разылық білдірмейінше үйлене алмайды.

**5)** Иддет мерзімі ішінде ерлі-зайыптылардың бірі өлсе, біреуі екіншісіне мирасшы болады. Ал баинде бола алмайды.

**6)** Иддет мерзімі ішінде еркек өлсе әйелдің иддеті өлім иддетіне айналады, яғни төрт ай он күн күтеді. Баинде болса қалыпты иддеті біткенде басқаға тұрмысқа шыға алады.

**7)** Әйел рижиден кейін күйеуінің алдында сәндене алады. Бірақ баинде иддет мерзімі ішінде сәндене алмайды.

**8)** Әйел күйеуімен бір үйде қала алады. Ал баинде қала алмайды. Тек бөлек бөлмелерде қала алады. Яғни бір-біріне бөтен болады.

**9)** Талақи рижи некені түп-тамырымен үзбейді, аздап ақау тудырады. Рижи жаралауға ұқсайды, баин болса өлтіруге ұқсайды.

**10)** Рижи талақта Ила, зыхар өтеді. Қазф етсе (жезөкшесің деп жала жабылса) лиан керек болады.

**Ила:** Әйеліне төрт ай немесе одан да көп уақыт айтып немесе уақыт айтпай «саған жақындамаймын» деп ант ету. Төрт ай ішінде жақындамаса бір талақи баин болады. Төрт ай ішінде антын бұзатын болса ант кәффаратын беруі керек болады.

**Зыхар:** Еркектің әйелін немесе әйелінің жүзін, басын, әурет жері секілді мүшелерін махрем туысының қарауы харам болған жеріне ұқсатуы. Мәселен «Сенің басың анамның арқасына ұқсайды» деген секілді сөздер. Кәффаратсыз әйеліне жақындауы, құшақтауы, сүюі, бірге жатуы харам болады. Зихар кәффараты оразаның кәффаратымен бірдей.

**Лиан:** Әйеліне зина еттің немесе бұл бала менен емес десе, әйелі әкімнен лиан сұраса, әкім лиан жасауын әмір етеді. Лиан жасау үшін алдымен еркек «сөзім рас» деп ант етеді. Төрт рет қайталайды. Бесіншісінде «Өтірік айтып тұрсам Аллаһтың лағынеті маған болсын» дейді. Кейін әйел төрт рет «Аллаһ куәм болсын бұл адам маған зина еттің деумен өтірік айтты.» деп ант етеді. Бесіншісінде «Оның айтқаны рас болса Аллаһтың ашуы маған түссін» дейді. Кейін әкім бұларды бір талақ баинмен ажырастырады.

**Қазф**: Намысты қызға немесе әйелге “зина еткен” деп жала жабу.

### Мас адамның сөздерінің үкімі

**Сұрақ:** Мас адамның талақ беруі және күпірлікке себеп болатын сөздер айтуының дінімізде бір күші бар ма, яғни оның сөзі өте ме?

**Жауап:** Жындының, баланың, алжыған адамның, ұйқыдағы адамның және аурумен және ашу үстінде не айтып тұрғанын білмейтін адамның айтуымен талақ болмайды. Бұл екі түрлі болады: Мағынасын білмей, олай айтуды көздемей, қаламай айтылғанда талақ болмайды. Және мағынасын біліп

тұрып және өзі қалап айтып, кейін айтқанын ұмыту, білмеу. Бұл сөзін екі куә естіп кейін айтса ажырасқан болады.

Талып қалған, жынданған, дәрі немесе спиртті ішімдік ішу арқылы мас болған адамның дәреті бұзылады. Талақ беретін еркектің көзі ашық болуы керек. Мастың сөзі немесе хатымен талақ өтеді. Шафии мазһабында мастың сөзімен талақ өтпейді.

Мас кезінде білмей күпірге себеп болатын сөз айтқан адамның иманы кетпейді. Мүртәд болмайды. Бірақ мас кезіндегі әйелінен ажырасуы және сауда-саттығы сахих болады.

## Күйеуінен ажыраспаған әйел басқаға тұрмысқа шыға алмайды

**Сұрақ:** Бір жағдайға байланысты түрмеге түстім. Әйелім ұзақ жылдар бойы түрмеде қалатынымды ойлап басқа біреуге тұрмысқа шығыпты. Бұл жағдайдан мүлдем хабарым болмады. Көп ұзамай түрмеден шықтым. Әйелім жаңа күйеуінен ажырасып қайтадан менімен үйленді. Бірақ ажырасқаннан кейін иддет мерзімін күту деген нәрсе бар екен, біз иддет уақытын күтпедік. Күнә болды ма?

**Жауап:** Ол онсыз да сіздің әйеліңіз еді. Сіз одан ажырасқан жоқ едіңіз. Оның басқаға тұрмысқа шығуы жаиз емес еді. Қайтадан сізбен бірге болуы үшін иддет мерзімін күтуі керек емес, тіпті неке қидыруы да керек емес. Бірақ қашанда некені жаңартып тұру жақсы болады. Сіз одан ажыраспайынша әйеліңіз басқаға мүлдем тұрмысқа шыға алмайды.

## Ажырасу ниетімен

**Сұрақ:** Бір адам әйелінен ажырасу ниетімен «әкеңнің үйіне кет» деген секілді астарлы сөз айтқан болса, әйелі «ажырасу ниетімен айтып тұрмысың?» десе, ол «жоқ, қыдырып қайтуың үшін айттым» деп мойындамаса әйелінен ажырасқан бола ма?

**Жауап:** Иә, ажырасқан болады, өйткені мұнда ниетке қаралады.

### Ажырасу арызы

**Сұрақ:** Әйеліммен бірге адвокатқа барып ажырасуға шешім қабылдадық деп арыз жаздық. Арызға ажырасуға шешім қабылдадық деп қол қойдық, діни тұрғыдан бір талақ берілген бола ма?

**Жауап:** Иә.

### Қорқытылып ажырасу

**Сұрақ:** Шафии мазһабында күштеп, қорқытылған адамның сөзімен талақ өтпейтінін білетін Ханафи талақ беруі үшін қорқытылғанда талақтың сахих болмауы үшін Шафии мазһабын тақлид етсе бола ма?

**Жауап:** Иә, жаиз болады.

### Иддет мерзімі ішінде талақ

**Сұрақ:** Ілміхал кітабының талақ бөлімінде «Рижи болса да, баин болса да үштен аз талақ берілген әйелге иддет уақыты ішінде қайтадан талақ беруге болады» делінеді. Бір талақ берумен онсыз да әйелінен ажырасқан күйде емес пе, екінші талақ беру өтпейді емес пе?

**Жауап:** «Иддет уақыты ішінде қайтадан талақ беруге болады» делінген. Өйткені әйел әлі де болса ол адамның әйелі саналады. Еркек нафақа беру мәжбүрлігінде болады. Әйел де бұл мерзімі бітпей тұрып басқаға тұрмысқа шыға алмайды. Өлім иддетінде де әйел иддет мерзімі бітпей тұрып басқаға тұрмысқа шыға алмайды, өлген адамның әйелі саналады. Өлі денесіне қарай алады.

### Үш талақ

**Сұрақ:** Ілміхал кітабында басқа басқа үш уақытта бір реттен ажырасудың үш талақ болатыны айтылған. Бір адам бір уақытта «сенен ажырастым, сенен ажырастым, сенен ажырастым» десе немесе бір сағат аралықпен үш бөлек

жерде «сенен ажырастым» десе де үш талақ бола ма?

**Жауап:** Иә, некенің үш бауы да үзілген болады.

## Сен маған харамсың

**Сұрақ:** Ілміхал кітабында «Еркек әйеліне “сен маған харамсың” десе, ажырасуға ниет етпесе де бір талақи баин жүзеге асады.» делінген. Бұл сөз астарлы болса неге ниет керек емес? Ал егер бұл ашық сөзге жататын болса, онда неге талақи рижи болмайды?

**Жауап:** Бұл қағидаға бағынбайтын жеке бір жағдай. «Сен маған харамсың» сөзі астарлы болуына қарамай ашық сөздегі секілді ниетке қаралмайды. Астарлы сөз болғандықтан талақи баин болады.

## Сен харамсың

**Сұрақ:** Ажырасу еркі өзінде болған әйел, күйеуіне «сен харамсың» десе ажырасқан бола ма?

**Жауап:** Ажырасқан болмайды. Егер «сен маған харамсың» десе ажырасқан болады. Өйткені еркек некелі болмаған бүкіл әйелдерге харам болып табылады. “Сен маған харамсың” деген кезде, кімге харам екені білдірілген болады. Ол кезде талақ өткен болады.

## Бірінші талақты растау

**Сұрақ:** Адвокатқа барып «Әйеліммен ажырасуға шешім қабылдадым» деп арыз жаздым. Адвокат маған «Сенімдісіз бе, әйеліңізбен ажырасуды қабыл еттіңіз бе?» деп сұрағанында «иә» дедім. Кейін өкіндім. Арызға «Ажырасуға шешім қабылдадым» деп қол қойған кезде бір талақ өткен болды ма? Адвокат сұрағанда «иә» дегенімде екінші талақ айтылған болды ма?

**Жауап:** Ажырасуға шешім қабылдадым дегеніңізде бір талақ айтылған болды. Адвокатқа «иә» деп жауап

бергеніңізде бірінші сөзіңізді растаған болдыңыз.Екінші талақ айтылған болып есептелмейді.

## Әйеліне қызым деп айту

**Сұрақ:** Бір адам әйелімен сөйлесіп келгенде «кіммен сөйлестің» деп сұрағандарға «қызыммен сөйлестім» десе немесе әйелінің суретін көрсетіп «мынау менің қызым» десе некесіне зияны бар ма?

**Жауап:** Жоқ, зияны жоқ. Сол секілді тікелей әйеліне «қызым», «анам», «қарындасым» деп айтумен де талақ болмайды. «Бұдан кейін анам, қарындасым бол» десе бір талақи баин жүзеге асқан болады.

## Мубах нәрсемен мас болу

**Сұрақ:** Азық, дәрі секілді мубах нәрселерді қолдану арқылы мас болған адамның, мас кезінде айтқан сөзімен талақ өткен бола ма?

**Жауап:** Ғұламалар арасында бұл жағдайға талақ болады дегендер де бар, талақ болмайды дегендер де бар **(Рәддул мухтар)**

Мұндай жағдай да әр ықтималға қарсы некені жаңарту керек болады.

## Шартқа байланысты ажырасу

**Сұрақ:** Бір адам әйеліне «пәлен жерге баратын болсаң үш талақпен боссың» десе, әйелінің ол жерге міндетті түрде баруы керек болса, бұдан құтылудың шарасы бар ма?

**Жауап:** Иә, шарасы бар. Әйелінен бір талақпен ажырасады. Иддет уақыты біткеннен кейін әйелінің басы бос болатыны үшін қалаған жағына барып келе алады. Кейін некелерін қайта қияды. Бұдан кейін әйелі ол жаққа барса да талақ болмайды. Баудың бірі үзілген болады, қалған екі баумен некелік өмірін жалғастыра береді. **(Ни'мәтул ислам)**

# АЖЫРАСУ ІНДЕТІ

Қазіргі дәуірдің ең үлкен проблемаларының бірі және осы дәуірдің оба ауруы десек артық етпейтін мәселе – ажырасу індеті. Бұл індет жұқпалы ауруға ұқсап бүкіл дүниеге таралуда. Бүкіл елдер жанұяны шөктіретін бұл мәселе жайлы бас қатыруда. Ажырасу санының көбеюінің бірнеше себептері бар. Бұл себептердің бірі ар-намыс, ұяттылық сезімдерінің азаюы. Бұл қоғам қаншама жылдардан бері ата-бабаларың ескішіл адамдар еді, ескі салттан бас тарту керек, жаңашыл болу керек, «жүру керек, көру керек» деген желеулермен алданып келді. Ал негізінде сол ескішіл деп жалаға ұшыраған ата-бабаларымыздың заманында болмаған ажырасулар қазір күн санап артуда.

Осындай алдамшы пікірлердің нәтижесінде танысқаннан 45 минуттан кейін үйленулер немесе керісінше жылдап созылатын батыста флирт деп атайтын некесіз жүрістер басталды. Ең соңында шариғатқа қайшы болған орыстардың «гражданский» деп атайтын өмір сүру тәсілдері кіре бастады. Сондай-ақ технологиямен бірге кино, газет, теледидар, мода, жарнама, интернет сияқты ақпарат құралдары кіріп келді.

Бұрыңғы заманда ажырасу - ең масқара іс саналатын еді. «Қайтып келген қыз жаман» деген сөздің төркіні де осы. Қыз күйеуге шығар кезде ата-анасы оған: «Тастай батып, судай сің!» дейді. Ерлердің санасына «Отбасың сенің намысың» деген ұғым тоқылатын. Ар, намыс, ұят деген сезімдер байрақтың құнындай болатын. Ал қазір жарын дүкеннен жеміс алғанға ұқсатып алатындар пайда болуда. Жемістің қалдықтары қоқысқа тасталатыны сияқты, бір-біріне деген шахуаттары суығанда қоқысқа тасталуда. Заманауи деп атайтын қоғамның діні мен ата-салтынан шеттелуі ажырасу үрдісінің негізін қалады. Барлық қоғамдарда ажырасу болуы мүмкін еді. Бірақ

бұл індет бізде болмауы тиіс еді. Ескі замандарда, ислам ахлақы негізінде құрылған мінез құлқымыз, менталитетіміз, осы мінез құлықты қалыптастырған отбасылық өміріміз, бүкіл әлемді таң қалдыратын. Бұған батыстық саяхатшылардың жазған күнделіктері куә. Ата- бабаларымызда ажырасу деген нәрсе болмаған дерлік дәрежеде өте аз еді.

## Жанұя күйреуде...

Осы күні қоғамдағы ең үлкен күйзеліс, құлдырау жанұяда жүзеге асуда. Батыста отбасы деген түсінік күйреді, бітті. Енді сол індетпен арпалыс біздің де басымызға келуде. Жанұяны осындай жағдайға жеткізген дінсіздік пен арсыздық негізіне құрылған «Феминизм» және «Гуманизм» ағымдары болып табылады. Бұл микроб, бұл у алтын ыдысқа салып шекермен жалатып ұсынылып жатқаны үшін көбіміз бұдан хабарсызбыз. «Сөзде теңдік», «әділеттік», «ақыларын жегізбеу» деген ұрандардың астында әйелдерімізге ұсынылған қиялдар, негізінде астарлы арам пиғылмен құрылған тұзақ! Туралықты, жанұядағы тыныштықты іздегендердің бірі – Американдық Лаура Дойл. **«Бақыттың бұлағы – жанұя»** атты кітабында тәжірибе-қателік жолымен қабырғасы қайысқан отбасын қалай құтқарғанын қысқаша былай түсіндіреді:

«...Жанұялық өміріміздің төртінші жылында қарым-қатынасымыздың суып, отбасылық жолымызда ақау барын байқадым. Жанұяны құтқару атты семинарлардан да еш нәтиже ала алмағандықтан, ең соңында «әжемнің тәсілін» қолдануға шешім қабылдадым. Осы қабылдаған шешімімнен бастап, ара-қатынасымыздағы барлық нәрсе басқаша кете бастады. Отбасылық қатынас психологтарының ылғи қайталайтын «Мәселелерді айтысып, сөз таластыру арқылы шешу керек» деген түсінігінің үлкен өтірік екендігіне, бастан жеңілетін соғыс екеніне көз жеткіздім. Басымнан өткізіп тапқан осы жаңа әдіспен алдымен өз жанұямды құлдыраудан

сақтай алдым. Кейін басқа да бақытсыз әйелдерге ынтызарлық пен ғашықтыққа толы жанұялық өмірге қол жеткізудің ақыл-кеңестерін беруді өзіме міндет деп білдім. Мемлекеттің төрт бұрышына семинарлар өткізіп, феминисттердің бұрмалауларының бір түрі болған «ауылдық» деген түсініктің қателігін де айқындадым. Баспасөз құралдарының кері әсерден қорқып қабылдамаған, өз мүмкіндіктеріммен бастырып, қолдан қолға таратқан **«Күйеуіне берілген** (бағынған) **жар: Еріңізбен жақындықты, құштарлықты және татулықты қамтамасыз етуге апаратын тәжірибелік жол»** атты кітабым, мыңдаған америкалық әйелдердің “Жанұяны сақтап қалудың” нұсқаулығына айналды...»

Қазір бұл кітап Еуропа жолында. Ұясын сақтап қалғандардың бірі болған Карол Фицгеральд ханым «Бұл семинарлардан кейін, негізінде отбасымдағы ең үлкен проблема мен өзім екеніме көзім жетті. Кез-келген жайтқа басқа көзқараспен қарауды үйрендім. Күйеуім қандай болса, солай қабылдап, оған барлық тұрғыдан сенім артып, арқа сүйеу керектігін түсіндім. Ғашық болған адамымды бір кездері өзгертуге тырысқанымның қаншалықты негізсіз, сандырақ екенін түсіндім. Және де тыныш, әрі бақытты бір жанұяға қол жеткіздім...» дейді.

Лаура кітабында: Мойынсұну, бағыну шексіз де емес. Есірткіге тәуелді, зорлық-зомбылыққа құштар, сенімділік сезімін ояндырмайтын опасыз еркектерге «бағыну» былай тұрсын, олардан аулақ болу керек!...» деп ескертеді.

## Ажырасу шешім емес

**Сұрақ:** Егер ерлі-зайыптылардың мінездері келіспейтін болса ажырасуға бола ма? Ажырасу күнә ма?

**Жауап:** Ажырасу шешім емес. Әсіресе ортада бала болса, ажырасқаннан жаманы жоқ. Кемшіліксіз адам болмайды. Мінсіз, кемшіліксіз дос іздеген адам доссыз қалады. Мінсіз

жар іздеген адам таба алмайды. Нағыз ерлік кемшілікті адаммен жақсы мәміледе бола алуда, онымен бірге тыныш тату өмір сүре алуда.

Жұбайлар бір-бірінің жаман жақтарына сабыр етулері керек. Хадис шәрифте былай делінеді: **«Әйелінің жаман мінезіне сабыр еткен еркек, Әййуб пайғамбардың сабыры үшін берілгендей сауапқа, ал күйеуінің жаман мінезіне сабыр еткен әйел Асияға берілгендей сауапқа қауышады.»** (И. Ғазали)

Ұрыс-керістерде кінәні өзімізден іздеуге тырысу керек. Менікі дұрыс дегенмен ештеңе ұтпаймыз. Керісінше жоғалтуымыз мүмкін. Кез келген отбасыда қиыншылықтар, жанжалдар болуы мүмкін. Мінсіз (идеальный) адам табу мүмкін емес. Сондықтан тұрмыс құрған кезде келеңсіз жағдайларға да дайын болу керек және сабыр ете алу керек. Ашу үстінде асығыс шешім қабылдаудан аулақ тұрып, шектен шықпауға мән берген абзал. Көп жағдайда ашу үстінде ажырасқандар көп өтпей-ақ бармағын тістеп өкініп жатады

Ажырасу күнә емес. Бірақ Аллаһу та’ала халал да болса талақты жақсы көрмейді. Пайғамбарымыз былай деген: **«Аллаһу та’аланың мүлдем жақсы көрмейтін халал нәрсесі талақ** (ажырасу)**.»** (Хаким) Сабыр ету керек, мәмілеге келіп, ұрыспауға тырысу керек.

## Ажырасудың балаларға әсері

Ажырасудың балаларға тигізетін әсері баланың жасына, ажырасудан алдыңғы және кейінгі шарттарға байланысты.

Бұрын болған проблемалар, ажырасу кезінде және ажырасудан кейін туындаған қиындықтардан баланың әсерленуі де баланың қанша жаста екендігіне байланысты.

Ажырасар кезде 6-7 жастан кішкентай балалар не болып жатқанын түсіне алмайды. Ата-ананың жағдайды түсіндірмеуі немесе бір-бірлерін айыптаулары баланың

зейінінің бұзылуына себеп болуы мүмкін. Кішкентай бала ажырасуды, ата-анасының жаңадан басқаға үйленулерін түсіне алмайды. Не үшін әкесінде немесе шешесінде қалғанын ұқпайды. Екеуін де көргісі келеді, олардың бірге болғанын қалайды. Ойындағы мұндай шиеленіскен жағдайларда бала айналасындағылармен қарым-қатынасын үзуі немесе агрессивті болуы мүмкін.

Балалар кейбір жағдайларда болған істен өздерін жауапты деп білуі мүмкін. Ата-ана балаға қатысты мәселелерде жанжалдасса, мысалы баланың кімде қалуы бойынша таласып жатқан болса, бала бұл істерден өзін кінәлі сезінеді. Әкесі немесе шешесі көріп кетуге келмеген болса, олардың басқа істері шығып қалу мүмкіндігін ойламай, «Мені жақсы көрмегендіктен келмеді» деп ойлайды. Шешесінің қолында қалған болса, шешесінің әкесі туралы айтқан сөздерінен әсерленіп, өздері де соған ұқсас сөздерді айтуы мүмкін. Ата-анасынан бірінің жанында болса, екіншісінен бас тартуы мүмкін. Өйткені оны баласына жамандауы мүмкін. Кейін бала да оны көргісі келмей қалады. Мысалы, бала әкесінің қолында қалған болса, әкесі басқа әйелге үйленсе, баласына бірінші әйелін жамандап, баланы одан алыстатуы мүмкін.

Бұл жағдай баланың басында әртүрлі сезімдердің пайда болуына және мінез-құлығының нашарлауына себеп болуы мүмкін.

Үлкендердегі сияқты ренжу, ашулану, қорқу сезімдері оянады. Бірақ бұл сезімдеріне себеп болған нәрселерді толық түсіне алмайды.

Әрбір ажырасудың балаға міндетті түрде кері әсері болады. Маңыздысы сол әсерлердің ең аз деңгейге түсірілуін қамтамасыз ету. Ол үшін алдымен ата-ананың баланың қай тарапта қалуы жайлы бір келісімге келуі, баланы бір-біріне қарсы қолданбауы және әсіресе 5-6 жастан кіші балалардың анасының қолында қалулары керектігі қамтамасыз етілу керек.

## Әйеліммен тіл табыса алмаймын

Бір күні хазреті Мәнсур бин Аммарға жақында үйленген шәкірті келеді. Көңіл-күйі түсіңкі еді. Әулие кісі халін түсініп:

– **Тыныштық па балам, көңілсіз көрінесің?**

– Иә, ұстаз, әйеліммен тіл табыса алмай жүрмін. Мінезі өте шатақ, мен де қызуқандымын. Сол себепті ажырасуды ойлап жүрмін.

– **Олай етпе балам. Ажырасудан сақтан!-** дейді. Сосын басын төмен түсіріп, тәфәккур еткендей болып, басын көтереді де: **«Ұлым, жүрегім сенің көп өміріңнің қалмағанын сезетін сияқты»** дейді. Сонда жігіт қобалжып:

– Қалайша, ұстаз? өте аз ба? қаншалықты өмірім қалды?

– **Өкінішке орай, үш айдай қалды, балам,-** дейді.

Осыдан кейін жігіт аянышты күйде үйіне қарай беттейді. Сол күннен бастап әйелімен мүлдем ұрыспай, тату-тәтті өмір сүреді, құдды **“періштедей”** болған еді. Хадис шәрифте айтылғанындай: **«Өлім – ең үлкен насихатшы.»** Міне, бұл да соның бір мысалы...

## Көгерген көшет

Жаңадан үйленген екі жас алғашқы айларында-ақ тұрмыстарының өздері ойлағандай болмай шыққандығын түсіне бастады.

Негізі бір-бірін жақсы көретін. Екеуі де ажырасуды қаламайтын бірақ бұдан әрі де бұлай жалғасуын тоқтататын шешім іздеді.

Ері “маған бір ой келді” деді. “Бақшаға бір ағаш отырғызайық. Егер бұл ағаш үш ай ішінде қурап кетсе ажырасайық. Қурамай өніп кетсе бұдан былай бұл тақырыпты қозғамайтындай болайық. Ал бұл мерзім ішінде екеуміз екі бөлек бөлмеде тұрайық.”

Бұл пікірді келіншегі де құптап, ертеңіне бір жеміс көшетін алып бірге бақшаға отырғызады. Арадан бір ай өтеді. Бір түні

бақшада кездесіп қалады. Екеуінің де қолында су толы бидон бар еді.

## Бақытты отбасын құрудың жолдары

Күн сайын ажырасу хабарын есту үйреншікті жағдайға айналды. Күшті, берік махаббатпен үйленіп, 2 айдан кейін ажырасып жататындар ендігі ешкімді таң қалдырмайды. Айналамызда алғашқы күнгідей бір-біріне ғашық, бақытты жандар күн сайын азаюда. Міне, осындай бақытты отбасын құру үшін төмендегі сырларға аса мән беруіміз керек:

- Ерлі-зайыптылар кейде болмашы нәрсеге ұрысып-керісіп жататыны сөзсіз. Ондай кезде ең маңыздысы жұптардың тым қатты ашуланбауы, шектен аспауы және күтпеген әрекеттер жасамауы қажет. Егер жұбайыңыз ашулы болса, сіз жұмсақ мәміле жасаңыз, көңілін жайландыруға, ашуын басуға тырысыңыз. Кері қайтарылмайтын сөздер мен іс-әрекеттерден сақтаныңыз!
- “Бір ұрыс кезінде маған дауыс көтерді” деп сіз де ұрысудан сақтаныңыз! Ұрысумен еш нәрсе шешілмейді.
- Егер дауласудан міндетті түрде біреуі жеңу керек болса, зайыбыңыз жеңсін! Махаббаттың билікке таласатын соғыс емес екенін ойлап әрекет етіңіз!
- Ешқашан бұрынғы жасаған қателіктерін зайыбыңызға қайта-қайта айтып есіне түсірмеңіз! Бүгінге дейін ешкім өткенді кері қайтара алмаған және ескіні түзете алмаған.
- Не үшін үйленгеніңізді ұмытпауыңыз керек. Қуаныш пен қайғыңызды бөлісу үшін, өмірден екі есе артық ләззат алу үшін үйленген жоқсыз ба?
- Сөздеріңіздің болымды, сүйіспеншілікке толы және салмақты болуына мән беріңіз! Әйтпесе еш нәрсеге жарамайды.
- Бір жоспар құрған кезде жұбайыңызбен ақылдаспасаңыз, оның пікірін сұрамасаңыз немесе жора-жолдастарыңызға одан да артық уақыт бөлсеңіз, қате жолда

жүрсіз деген сөз.

- Күніне ең аз бір рет өмірлік жарыңызға әдемі сөз айтыңыз! Жұбайыңыздың сізден әдемі сөзді естіген кезде қандай бақытты болатынын байқадыңыз ба?
- Қателік жасасаңыз қатеңізді мойындаңыз және кешірім сұраңыз. Қателік жасауыңыз дүниенің соңы емес. Бәрінен маңыздысы қате жібергеніңізді түсінуіңіз.
- Үйдегі тыныштықтың ең негізгі қағидаларының бірі де – сырттағы адамдармен қалай сыпайы және жақсы мәміледе болсаңыз, ең болмаса соның жартысын жанұяңызға көрсетуіңіз!

Әһли хикмет (әулиелер) ғалымдар былай дейді:

Мына бес нәрсе ер бақытының кілті:

1) Жарының түсінікпен қарайтын және мойынсұнатын болуы,

2) Баласының айтқан тілді алатын және сыйлы болуы,

3) Достарының дұрыс және сенімді болуы,

4) Көршілерінің жақсы болуы,

5) Күн көрісінің өз мемлекетінде болуы. Өз мемлекеті дегеніміз туған жері деген мағынада емес. Жұмысының жақсы болған, салих достарының көп болған, дініне оңай құлшылық ете алатын жері дегенді білдіреді.

Мына алты қасиетті бойына жиған әйел шынайы салиха (жақсы) сипатты саналады:

1) Бес уақыт намазын үзбей оқуы,

2) Күйеуін жақсы көріп оған мойынсұнуы,

3) Барлық ісінде Аллаһ разылығын көздеуі,

4) Адамдарды шағыстырудан, өсек, ғайбат айтудан тілін тыйуы,

5) Мал-мүлік турасында "зуһд" және "қанағат" иесі болу,

6) Қиыншылықтарға қарсы сабырлы және бекем болуы.

Мұндай жақсы әйел діннің тірегі, жанұяның негізі,

ғибадаттарда да қолдаушы және көмекші болады. Мұның терісі болған әйел жақсы әйел бола алмайды, өзі қуанышты болғанмен күйеуін қарабет қылады.

### Әйел күйеуіне сәнденуі керек

**Сұрақ:** Күйеуіммен жиі-жиі ұрсып қала береміз. Ылғи менен қашуға тырысады, арамыз суып кетті. Отбасын сақтап қалғысы келетін жар ретінде маған не істеуім керектігі жөнінде кеңес бере аласыз ба?

**Жауап:** Отбасы ішіндегі көптеген түсініспеушіліктер екі тараптың бір-біріне қатысты міндеттерін орындамау салдарынан туындайды.

Діннің үкімдеріне, әмірлерімен тыйымдарына мойынсұну керек. Адамдарға дерт, бәле күнә жолымен, ал тыныштық, бақ-береке дінге мойынсұну жолымен келеді.

Әйел күйеуіне еткен жақсылықтарын міндетсінбеуі керек, азық-түлік, киім-кешек секілді тақырыптарда күйеуін ренжітпей, қолынан келмейтін нәрсені одан сұрамауы керек. Күйеуінің абыройын қорғап, әр істе оның разылығын алуға, оны қуантуға тырысып, оны ренжітпеуі керек.

Әйелдің үйінде күйеуі үшін сәнденуі сауап. Пайғамбарымыз бұған кеңес берген: **«Исраил ұлдарының әйелдері үйлерінде сәнденбегендері үшін олардың еркектері зинаға түскен»** деп білдірген. Әйелдер үйде өздеріне мән беруі керек, киіміне, сәніне, макияжына т.б. Өзін салғырт тастап қоймауы керек. Өйткені еркектер сыртта, жұмыс орындарында сәнді, макияжды, көрікті әйелдермен бірге болады. Кешке үйіне келгенде салғырт әйелді көргенде көздері далаға тарта бастайды.

Сондықтан әйел бар өнерін салуы керек, таңертеңгісін ерте тұрып күйеуінің азанғы асын дайындауы, есікке дейін амандық, сәттілік тілеп шығарып салуы керек. Кешке сәнденіп, өзін күтінген халде күлімдеген жүзбен күйеуін

қарсы алуы керек. Күйеуінің сол күнгі стресін, шаршағанын басуы керек.

Еркектердің сыртта бөтен әйелдермен некесіз қарым-қатынасқа түсуінде үйдегі әйелінің де кесірі бар. Азанда күйеуі жұмысқа кетіп бара жатқанда ұйықтап жатуы, кешке келгенде көршінің үйінде болуы, назар аудармауы – осыған апаратын себептердің бірі. Үйден жақын, жылы қарым-қатынас көрмеген еркектер уақыт өте келе өзін сырттан табады. Бұл еркектер кінәсыз деген сөз емес, әйтсе де мұнда өз әйелдерінің де қосқан үлесі болады. Осындай жолға түскен ерлердің жанұялық өмірлерін зерттей келе әйелдерінің өз міндеттерін дұрыс, лайықты түрде атқара алмағандығы анықталуда. Жоғарыда өткен хадис шәриф те осының ишараты.

Өкінішке орай көптеген әйелдер үй киіміне, әшекейленіп, сәнденуіне назар аудармайды. Үйде қалай болса солай, ұсқынсыз болып киініп алады. Ал көшеге шыққанда ең жаңасын, ең әдемісін киіп шығады. Ал негізінде мұның терісі болуы керек. Мұсылман әйелдің сыртқа шыққанда сәндену жаиз емес. Мұсылман әйел көшеге шыққанда, көзге түспейтін қарапайым киім киюі керек. Иіссу сеппеуі керек. Иіссуді үйіне сақтауы керек. Әйелдің күйеуіне таза және әдемі киініп, сәнденуі уәжіп. **(Хиндийа)**

## БҮКІЛ ЖАМАНДЫҚТАРДЫҢ БАСЫ

Бүкіл жамандықтардың басы, негізі арақ екендігі аяти кәрима және хадис шәрифтерде білдірілген. Хақ та’ала Құран кәрімде **«Ей иман келтіргендер! Арақ, құмар, табынушылыққа тігілген тастар** (пұттар)**, пал ашу оқтары шайтанның амалынан саналатын нәжістер. Сондықтан құтылу үшін бұлардан сақтаныңдар!»** деп бұйырған. (Маида 90)

Хадис шәрифтерде де спиртті ішімдіктер қатаң түрде жамандалған. Ислам ғалымдары спиртті ішімдіктердің зияндарын былай білдірген:

Арақ ішкен адам жындының бір түріне айналады. Адамдардың күліп, мазақ етуіне себепші болады. Айналасындағы адамдардың алдында қадірі қалмайды. Адамның ұятын, ар-намысын жояды. Өйткені хадис шәрифте: **«Арақ ішкен адамның ұят пердесі жыртылады, шайтан оған жолдас болады, әр түрлі жамандыққа жол ашады және жақсылыққа тосқауыл болады»** делінген.

Спиртті ішімдік адамның ақыл-есіне де, қалтасына да зиянды болып табылады. Ақшаның жаман жолға жаратылып, рәсуа болуына себеп болатыны секілді, ақыл-естің де кемуіне себеп болады. Пайғамбарымыз: **«Арақ мал-мүлікті жояды, ақылды аздырады»** деген.

Арақ достардың, ағайын-бауырлардың арасында дұшпандыққа себеп болады. Құран кәрімде: **«Шайтан арақ және құмарда тек араларыңа дұшпандық және іріткі салуды көздейді»** делінген.  Спиртті ішімдік адамды Аллаһты еске алудан және намаз оқудан алыстатады. Аллаһу та’ала Құран кәрімде: **«Шайтан арақта және құмарда сендерді Аллаһты еске алудан және намаз оқудан алыстатады»** деген.

Арақ шәһуатты қоздырады, адамды зинаға апарады. Хадис шәрифте **«Арақ зинадан да жаман»** делінген.

Сондай-ақ ішкілікке салынған некелі еркек өзі аңғармай неке бауын үзетін сөздер айтуы мүмкін. Осылайша әйелімен зина жағдайына түсуі мүмкін.

Спиртті ішімдік барлық жамандықтардың кілті. Өйткені мас адамға кез-келген күнәні істеу оңайға соғады. Адам ақылы кеткендіктен харамды, халалды, дұрысты, бұрысты ажырата алмайды. Хадис шәрифте **«Арақтан сақтаныңдар! Ағаштың бұтақ жайғаны секілді арақ та жамандық жаяды»** делінді.

Спиртті ішімдік ішетін адам сыраханаға баруы арқылы және үстінен арақ иістері шығып жүруі арқылы үнемі жанында болатын, жақсылықтарымен жамандықтарын жазатын Хафаза періштелеріне жапа шектірген болады. Рахмет періштелері одан ұзақ болады. Хадис шәрифте: **«Рахмет періштелері мас адамнан ұзақ болады»** делінеді.

Спиртті ішімдік ішетін адам жақсылықтарға, дұғаға өзін жапқан болады. Өйткені спиртті ішімдік ішетін адамның жақсылықтары және дұғасы қабыл болмайды. Сондықтан арақ ішу былай тұрсын, арақ ішіліп жатқан жерден де ұзақ тұру керек. Өйткені хадис шәрифте: **«Аллаһқа және ақыретке сенетін адам арақ ішпесін, арақ ішілетін дастарханға да отырмасын»** делінген.

Арақ ішкен адамның жағдайы қауіпті болады. Өлімі алдында оның бұл халі имансыз кетуіне себеп болады. Өйткені өлімнің қашан келетіні белгісіз. Хадис шәрифте: **«Арақпен иман бір жерде болмайды, бірі екіншісін ұзақтатады»** делінді.

Сахабалардан хазреті Абдуллаһ Ибн Мәсуд «Өкініштердің ең үлкені және ең зияндысы қиямет күніндегі өкініш. Азықтардың ең жақсысы тақуа. Ішкілік күнәлардың шақырушысы. Жастық жындылықтың тармағы, бөлігі» деген.

Арақ адамның денсаулығы мен қоса рухани саулығына да кері әсер етеді. Отбасы ішіндегі бақытсыздық, жанжал, ажырасулардың басты себепкері. Маскүнемдік – қоғам тыныштығын бұзатын зиянды кесел. Тәртіп сақшыларының мәлімдеуінше қылмыстардың көпшілігі осы ащы суды ішудің салдарында орын алады. Мастықтың соңы төбелес, ұрлық, зорлық, кісі өліміне дейін апарып жатқан жайттар өте көп. Мас күйде көлік жүргізіп, апатқа ұшырап, қаншама адамдардың жанын қиған жағдайларды ақпарат құралдарынан көрудеміз. Арақ адамның санасын тұмандатып, есеңгірететін, саулықты түрде ойлаудан мақрұм ететін зиянды ішімдік. Осы себепті

маскүнем адам өзі үшін де, айналасындағылар үшін де қауіп көзі болып табылады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының 30 елде жасаған зерттеулерінің нәтижесі бойынша: адам өлтірудің 85%-ы, зорлық зомбылықтардың 50%-ы, адам өліміне әкеп соққан жол апаттарының 65%-ы, отбасы ішіндегі ұрыс-керістердің 70%-на спиртті ішімдіктер себеп болуда. Басқаша айтқанда жоғарыда аталған қылмыстар кезінде адамдардың мас күйде болғандығы анықталған. Сондай-ақ арақ көптеген аурулардың қоздырушысы. Бауыр, ми және жүйке жүйелеріне елеулі түрде зақым келтіреді. Асқазан жарасына, қатерлі ісікке және ерлерде жыныстық әлсіздікке себеп болады. Ата-аналар, үлкендер жағы жастар мен араққа әуестенушілерге оның зиянын түсіндіріп, ешқандай қызығарлық тұсы жоқ екендігін мейлінше жеткізуге тырысуымыз керек. Жас шағында басталған ішімдікке әуестік уақыт өтуімен тәуелділікке ұласып, соңы отбасының құлдырауы, қылмыс, жазылмас ауруларға, бақытсыздықтарға себеп болып жатқандығын естіп те, көріп те жүрміз. Мәселен 20 жастарында басталған ішімдікке әуестік қоғамдық келеңсіздіктерге, отбасы ойранына себеп болуда. 30 жастарына келгенде денсаулық зардаптары көріне бастайды, әсіресе асқазан, ас қорыту мүшелері, бауыр аурулары бой көтереді. Араққа тәуелділіктің кесірінен отбасыларын, денсаулығын ойран қылған жастар бара бара күйзелістерге, қасіреттерге тап болады. Онда да жұбанышты арақтан іздеп одан сайын пәлекеттерге белшеден бата береді. Сондай-ақ араққа тәуелді отбасылардың балаларында да араққа тәуелділік көп кездесетіні, ал арақ қолданбайтындардың балаларында араққа әуестік аз байқалатыны шындық. Араққа салынған әйелдерде балаларының кеміс туылуы, кеш жетілуі секілді зардаптарға себеп болуда. Осы себепті өзіміздің, отбасымыздың және жалпы қоғамның бақыты, тыныштығы үшін арақ атаулыдан ұзақ тұру шарт. Қоғамға,

адамзатқа материалдық және рухани жағынан да зияны орасан көп болған спиртті ішімдіктерден аулақ болу басты ұстанымымызға айналуы тиіс.

Бұл аталған зияндар тек дүниедегі жазалары. Сондай-ақ ақыретте де жазалары бар. Бұлар сансыз деуге болатындай көп. Дүниедегі зияндарымен салыстыруға келмейді және өте ауыр. Сонымен қатар бірі өткінші, ал бірі шексіз. Ақыл-есі бар адам бұл дүниенің бірнеше зауқтарын ақыреттің мәңгі, шексіз зауқтарына ауыстыруы мүмкін емес.

### Арақтан сақ болыңдар

Бір ретінде хазреті Осман исламды енді қабылдап мәртебеленген бір қауымға былай деп насихат айтады:

«Ей адамдар! Арақ ішуден сақ болыңдар. Еш күмәнсыз арақ бүкіл жамандықтардың анасы болып табылады. Бір замандарда сендерден бұрынғы қауымдардың бірінде бір салих кісі болады. Үнемі ғибадаттарын орындап жүретін. Бір күні бір ауылдан өтіп бара жатып жаман әйелге кезігеді. Әйел бір сылтаулармен оны алдап үйіне кіргізеді. Іште кішкентай бала және бір ыдыста арақ бар еді. Жаман ниетті әйел салих кісіні ішке кіргізіп, есікті жақсылап кілттегеннен кейін ниетін жайып салады: “Не менімен бірге боласың, не арақ ішесің немесе мына баланы өлтіресің. Бұлардың бірін істемейінше бұл жерден шықпайсың. Әйтпесе айғайлап, байбалам шығарып үйіме кіріп мені зорламақшы болды деймін. Олай еместігін ешкімге сендіре алмайсың! Сенің масқараңды шығарамын” дейді. Қара ниетті әйелдің бұл қорқытуынан кейін әлгі кісі ойланып өз-өзіне “Зина істей алмаймын. Баланы да өлтіре алмаймын. Олай болса жеңіл өтетін күнәні, арақты ішейін, кейін тәубе етемін” дейді де арақтан аздап ішеді. Біраздан кейін басы айнала бастайды. Әйел тағы құйып береді. Әне-міне дегенше жақсылап мас болып арақтың берген шәһуатымен әйелмен зина етеді. Кейін

көргендерін айтып қояр деп баланы да өлтіреді.

Ей адамдар! Көргеніміздей арақ адамға ең жаман нәрселерді жасатады. Сондықтан арақтан өте ұзақ болыңдар. Өйткені арақ бүкіл жамандықтардың негізі. Аллаһқа ант етіп айтамын адамның көңілінде арақпен иманның бірге тұруы қиын. Арақты іше келе уақыт өтуімен арақ ішу үйреншікті, қалыпты жағдайға айналады. Сондықтан бірінің келуімен екіншісінің ол жерден кетуінен қорқылады!»

## Арақтың зияндары

Бүгінгі күні ең үлкен індетке айналған, әсіресе жастарға төніп тұрған қауіптің басында спиртті ішімдік және есірткі тұр. Арақтың зияндарының біршамасы төмендегідей:

● Зиянды әдеттер, алғашқы қадамнан және алғашқы дәм татудан басталады. Тұзақтың ең үлені: «Бір рет көргеннен не шығады?» деп ойлау.

● Жол апаттарының көбі, мас жүргізушілердің себебімен болады.

● Спиртті ішімдіктермен есірткілер, ми және орталық жүйке жүйесінің қас дұшпаны.

● Спиртті ішімдік қатерлі ісікке шалдығу себептерінің басында тұрады.

● Спиртті ішімдік ішетіндердің бауырлары қатты шаршайды. Соңында цирроз ауруына шалдығуы мүмкін.

● Арақ жүректің үлкеюі мен қан айналымының жүйелігін бұзады.

● Бүйрек қабынулары, жасушалардың зақымдануы және қуықалды бездің (простат) үлкейуі арақтың зияндарынан болып табылады.

● Асқазанның ішкі қабықшасын тітіркендіріп, гастрит пен асқазан жарасына (язваға) себеп болады.

● Спиртті ішімдік тұтынғандардың ми жасушаларының көбі өледі. Кейін, параличке және өлімге себеп болады.

● Саналы және ерікті әрекеттердің орнын, санасыз және басқарылмайтын әрекеттер басады. Ойлану, ұялу және ар-намыс сезімдері әлсірейді.

● Маскүнем адамның жақындары арасында қадірі қалмайды, абыройын түсіретін, масқара жағдайларға тап болады.

● Маскүнем адам бар отбасыда стресс, депрессия жағдайлары жиі кездеседі.

● Көбінесе маскүнем ата-аналар балаларының да арақ ішуіне немқұрайлы қарайды. Бұл жағдай балаларының да ілгеріде маскүнем болуына жол ашады.

● Тез ашуланшақ, қызба мінезді болады.

● Отбасы ішіндегі ұрыс-керістер, қол жұмсау, ажырасулардың көпшілігі арақтың кесірінен болуда.

● Адамның араққа ақша жұмсауы, жиі жиі жұмыстан қалуы немесе арақ сасып баруы жұмыстан шығуына, салдарындағы материалдық қиыншылықтарға әкелуі мүмкін.

● Адам маскүнем достарымен жақын болған сайын отбасы мүшелерінен алыстай береді. Отбасы ішінде жанашырлық, бауырмалдық азаяды.

● Бет және теріде тері аурулары пайда болады. Маскүнемдердің  балалары көбінесе ақымақ, ұстамалы ауру, маскүнем... болады. Психикалық ауруы бар 1000 адамға жасалған зертеуде, 665-інің ата-аналары маскүнем болғаны анықталған. Мүгедектердің 80%-ның себебі де, маскүнем болған ата-ана.

● Араққа салынғандарда, адам өлтіру және отбасы ұрыстары өте жиі кездеседі.

● Арақ ішетін достардан алшақ жүру, арақ ішпейтін адамдармен араласу керек.

● Ешкім бірден алқаш болып кетпейді, бір ұрттап көрейіннен басталады. Сондақтан арақ атаулыға үзілді кесілді жоламау керек.

## Маскүнем ата-аналар

Жанұясында араққа салынған адамдар бар бала спиртті ішімдіктердің зияндарын естігенде өз жанұясы үшін ұялады. Әсіресе ішімдіктің денсаулыққа келтіретін зияндарын түсінген бала, отбасы мүшелерінің бұл қауіптен зиян көретінін ойлап, әрдайым алаңдайды. Өзінен және отбасы мүшелерінен қысылып, ішімдікке жұмсалған қаражаттың бір әділетсіздікті шығарғанын ойлай алады. Ал бұл жағдай отбасынан байланысын үзуге және жек көруіне себеп болады.

Арақтың себебінен отбасыдағы тынышсыздық, материалдық қиыншылық, соққыға жығылуы және беделінің түсуі, адамдармен сыйыспаушылық, баланың психологиялық жағдайына кері әсер етеді. Алдағы уақыттарда психикалық ауруға шалдығуына себеп болуы мүмкін. Отбасыдағы үздіксіз ұрыс-керістер баланың өзіне деген сенімін жояды және елеусіз, адамгершілікке жат, тұйықтыққа жол ашады. Сонымен қатар мұндай балалар мектепте сыйыса алмайтын және достарынан байланысын үзген халде өмірлерін өткізеді.

**Сұрақ:** Әкем арақ көп ішеді, айтсам тыңдамайды, әкемді ішімдіктен қалай алыстатуға, арақты қалай қойдыруға болады?

**Жауап:** Ең әсерлісі арақ ішетін, арақ ішуіне себеп болатын, маскүнемдікті еске түсіретін бүкіл достарынан және туыстарынан ұзақ тұру. Керек болса ондай бетбақтармен қарым-қатынасты толық үзу қажет. Сондай-ақ әкеңіздің ішкілікті тастап кетуі үшін дұға етіңіз.

**Сұрақ:** Құрамында спирті аз немесе 0 пайыздық ішімдіктерді ішуге болады ма?

**Жауап:** Құрамында спирті аз болса да ішуге болмайды. Бір тамшы қосылған болса да, мас қылмайтын болса да ішуге болмайды. Хадис шәрифтерде былай делінеді:

**«Көп мөлшері мас қылатын нәрсенің, азын да ішу харам болады.»** (Нәсаи, Тирмизи)

**«Ихтимар етілген** (ашытылып спирт пайда етілген) **барлық ішімдіктер харам.»** (Әбу Дауд)

**«Бір заман келеді, адамдар арақтың атын өзгертіп, халал деп санайтын болады.»** (И. Ахмет)

Арақ нәжіс деген сөз. Дінімізде зәр, қан, ірің нәжіс болып есептелгеніндей спирт те нәжіс болып саналады. Қазір нарықта спирті 0 пайыздық пиво деген ішімдіктер сатылуда. Бұл да таза зәр, таза нәжіс дегенмен бірдей. Спирті жоқ болса, оған пиво делінбейді. Сондықтан ондайларды да ішпеу керек.

**Сұрақ:** Менің достарымның көбісі не болса да күнде арақ ішеді, темекі шегеді солармен бірге отыру  керек пе? немесе ара-қатынасты үзген дұрыс па? бірак дінімізде бауырлардан ажырамау керек. Не істеуге болады?

**Жауап:** Пайғамбарымыз хадис шәрифте: **"Досының діні не болса, кісінің діні де сол"** деген. Ішкіштің досы ішкіш, бейнамаздың досы да бейнамаз болады. Олай болса, адамның досын жақсы таңдауы содан кейін барып достасуы керек. Ғұламалар айтады: "Адамның жаннатқа баруын қаламайтын ең үлкен үш дұшпаны болады. олар: 1- Нәпсі, 2- шайтан, 3- жаман дос." Намаз оқымайтын, арақ ішетін, ашықша харам істейтіндермен дос болмау керек. Дінімізде ешқандай жаман адамнан ажырамаңдар деген әмір жоқ. Керісінше иманы әһли сүннет болған, намаз оқитын, салих достан, бауырдан ажырамаңдар делінген. Ішкіш достарыңыздан ұзақ тұрыңыз. Себебін сұраса, сендермен жүрген сайын араққа деген қалауым артып бара жатыр, намазым қалып бара жатыр,- деңіз. Егер оларға да бұл сөз әсер етсе, бәлкім жамандықтарын тастар.

Хадис шәрифте: **«Адамның діні досының діні сияқты. Кіммен достық құрғандарыңа мән беріңдер!»** делінген. (Хаким)

Шайтан мен нәпсіміз жаман дос арқылы бізді пәлекетке итермелейді. Жаман достан жыланнан, арыстаннан қашқан-

дай қашу керек. Хадис шәрифтерде былай делінген:

**«Көздері менде болған, әрқашан мені аңдып жүретін, жақсылығымды жасыратын, жамандығымды асыратын, айналаға жайып жүретін жаман достан саған сиынамын, Йа Раббым!»** (И.Нәжжар)

**«Жаман дос теміршінің көрігі сияқты. Үрлеген кезінде оттың ұшқындары сені жақпаса да иісі сені мазасыздандырады.»** (Бұхари)

Бақытсыздықтардың, пәлекеттердің басы жаман дос. Дінді, иманды, ғибадатты, халал-харамды ұмыттыратын, мінез-құлықты бұзатын - жаман дос. «Досыңның кім екенін айт, сенің кім екеніңді айтамын», «Жаманмен дос болсаң көңілің азар», «Қазанға жақындасаң күйесі жұғады» деген даналық сөздер де жаманмен дос болған адам, соның жамандығынан үлес алатынын көрсетуде.

Жақсы дос деген кім? Хадис шәрифтерде былай делінген:

**«Ең жақсы дос – Аллаһу та'аланы еске алған кезіңде көмектесетін, ұмытқан кезіңде есіңе түсіретін адам.»** (Хаким)

**«Ең жақсы дос – сөздері ілімдеріңді арттыратын, амалы ахиретті еске түсіретін адам.»** (Хаким)

Адамның діні досының дініндей делінген. Иманын күшейткісі келгендер, иманы күштілермен бірге болуы керек. Жақсы ғибадат жасағысы келгендер, ғибадатын жақсы, ықыласпен жасап жүргендермен бірге болуы керек. Сонда өзі де солар секілді болып, соларға ұқсай бастайды. Дүние және ахирет бақыты үшін жақсылармен бірге болу керек.

Жақсы достар іздеу керек. Ілімінен, жақсы мінезінен пайдаланылатын салих (жақсы) досқа лайықты құрмет көрсету керек. Кемшіліктерін іздемеу керек. Кемшілігі болса да көрмеу керек және ешкімге айтпау керек. Суизан (жаман күмәнда, ойда) болмау керек. Орынсыз іс-әрекеттерін көргенде абыржудан немесе ұмытшақтықтан деп жорамалдау

керек. Яғни үзірлі себеппен кінәсіз екендігін қабылдау керек. Өйткені жақсы мінезді адам адамдарға кешіріммен қарайды, олардың кемшіліктерін жарияламайды.

## ТЕЛЕДИДАР ЖӘНЕ ОТБАСЫ

Пультті қолға алуымызбен-ақ теледидар бізді басқарады деген мамандар, көгілдір экран алдында көп уақыт өткізбеу керектігін айтуда. Қазіргі таңда 7 жастан 70 жасқа дейінгілердің барлығы теледидар көреді. Әсіресе сериалдар адамды экранға байлап қояды. Сондықтан продюсерлер мен телеканалдар үнемі бір-бірімен жарыс үстінде. Бірақ мамандар сериалдарға деген тәуелділікке көп тоқталуда. Теледидарға деген тәуелділік отбасы ішіндегі қарым-қатынасты да бұзуы мүмкін.

Клиникалық психология мамандары: «Адамдар сериалдардағы өмірге араласып, өздерін сол жерде жоғалтып, өздерінің сезімдерінен алыстауда. Сол себепті сериалдардағы проблемалар өзінің проблемаларынан маңызды болып көрінеді. Барлық нәрсесі сол сериалдарға байланысты болады. Мысалы күлгісі келсе, киносын көріп күледі. Өзіміз туралы ойлауды тоқтатқанымыз үшін біздің ең жақсы күнделікті тақырыбымыз сериалдардағы проблемалар болып қалды. Адамдар бұдан былай өзі туралы, жұбайы туралы, жанұясы туралы сөз қозғамайтын болды. Бұл сериалдар менің өмірімнен мүлдем алыс, ішіне мұншалық кіріп кетпеуім керек деп өзін тоқтатпайды. Егер өзін тоқтата алғанда, сериал, теледидар тәуелділігіне түсіп қалмайтын еді. Сондай-ақ сериалдардағы әдепке жат қылықтар, өрескел әрекеттер де уақыт өте қалыпты болып саналатындықтан сондай әрекеттердің қоғамда да тарала бастауы, осыған байланысты ажырасулардың себебіне айналып жатқаны да бар...» деді. Сериалдардағы қойылымдардың қандарына сіңіп қалғаны

соншалық, кейбір жастар дәл солай әрекет етіп, дәл солай шешім қабылдай бастайды. Сериалда өткен болмашы себеп өмірінде орын алса, дәл сондай ақылға қонымсыз себеппен ажырасулар да орын алуда.

Қазіргі таңда телеарналардағы кинолар, шоулар, клиптер жартылай жалаңаш қыздарды түсуруде, арсыздықты жарнамалауда жарысып жатқандай дәрежеде. Бұрындары жаман жүрістілердің көрінісі ретінде білінетін кейіп осы жарнамалар арқылы жалпылық үлгіге айналып жатқаны кездейсоқ емес шығар. Көрсетілімдердің де жаман әдет, ерсі қылықтарды дәріптейтіндері көп. Шетел киноларында басты рөлдегі кейіпкерлер көбінесе тәкаппар болып келеді. Дөрекі сөйлеу, ешкімді тыңдамау, ешкімді менсінбеу, өз бетінше әрекет ету, өр-көкірек болу, арақ ішу абырой ретінде көрсетілуде. Жыныстық үлгідегі ұятсыздыққа, зорлық-зомбылыққа әуестендіретін көрсетілімдер қалыпты нәрседей боп қалған. Әдептілік, ұят, ар-намыстылық аяққа тапталуда. Мұның бәрі әсер етпей қоймас әрине. Әдепке жат қылықтар, ұятсыздықтар, ұрлық, зорлық-зомбылық, маскүнемдікпен нашақорлық артуда. Халықтың жаппай көретін телесериалдарының жағдайы жан түршігерлік десе артық етпес. Ата-анаға қарсы шығу, айтқан тілді алмау, үлкендерді құрметтемеу, сіңлісінің күйеуіне әпкесі қырындап тартып алу, көзге шөп салу деген секілді арсыз қылықтарды қалыпты нәрседей көрсету секілді мысалдар бұлардың бір ғана бөлігі. Тағы бір мәселе шетел киноларының көпшілігінде міндетті түрде шоқыну әрекеттері, шіркеуге бару, попқа барып күнәларын тазарту жағдайлары ең кемі бір рет көрініс табады. Бір кісі айтады: «Балам бір күні христиандықта не істесең де, қандай күнә істесең де соңында попқа барсаң сені күнадан тазалайды екен, онда біз неге христиан болмаймыз? деп сұрап қалды. Оны қайдан естідің дегенімде кинолардан көрдім деді. Сосын христиандықтың өзге дін екендігін және

мұсылмандық жайлы ұзақ отырып түсіндірдім» дейді.

Арсыздық белең алған елдерде тәрбиенің бұзықтығынан әлеуметтік күйзелістер орын алуда. Әр түрлі қылмыс, анархия, терроризмге жол ашуда. Осылайша мемлекет іштен құлдырауда. Кез келген нәрсені жақсы жолда немесе жаман жолда қолдануға болады. Үйде мұндай озбырлықтардың орнына, тәлім-тәрбиеге, ой-өрісті дамытуға негізделген, әдепті бұзбайтын көрсетілімдерге орын берілуі тиіс. Ата-аналардың да бұған немқұрайлы қарамауы, теледидар, интернет, секілді ақпарат құралдарын саралап, мұқият бақылауда ұстауы қажет. Ата-аналар интернетті балалардың көзі ашық болсын, үйренсін деп қосып береміз. Алайда интернетте жоғарыда аталған қауіптердің әлде неше есе артығы бар. Денсаулыққа зияндылығы бір бөлек, баланың сана-сезімін улайтын сайттар, ойындар, видеолар толып жатыр. Кей отбасыларда таң атысымен кештің батысына дейін теледидар алдынан шықпайтын бүлдіршіндер бар. Дәрігерлер теледидар алдында ұзақ отыру ағзадағы мелатонин гармонының азаюына жол ашатынын, ал бұл өз кезегінде иммунитеттің әлсіреуіне, тіпті мелатонин жетіспеушілігі қатерлі ісік ауруларына жол ашатынын мәлімдеуде. Сондай-ақ балалардың теледидар алдында ұзақ отыруы мидың және дене бітімінің жетілуін тежейді. Қорқыныш және зұлымдыққа негізделген кинолар балаларды агрессивті болуға, келеңсіз қылықтарға бағыттайды. Мұндай киноларды балалардың көруі рух саулығы тұрғысынан да өте зиянды. Сондай-ақ қорқыныш пен зорлық-зомбылыққа негізделген кинолар мектепке дейінгі балалардың қиял күшін шектен тыс азықтайды. 3-6 жас аралығындағы балалар үшін бұлардың шындық емес екендігін түсінуі қиын болады. Мәселен супермен фильмін көрген бала өзінің де кинодағыдай ұша алатынын ойлап, кинода көрген әдеттен тыс әрекеттерге қол ұруы мүмкін.  Сақ болсаң сау жүресің демекші, қолымыздан

келгенше өзімізді және балаларымызды бұл қауіптен сақтауға әрекет жасауымыз керек және тәрбиелеріне мән беріп, шектен шығармауымыз керек.

### Үлкен жақсылық

Бір күні бір кісі үйінің есігін ашқанында полициялар тұрғанын көреді. Қобалжып:

- Бірдеңе керек пе еді?- деп сұрайды. Комиссар:

- Үйіңізді тонаған ұрыны ұстадық, -деп жауап береді.

Әлгі кісі шамалы тұрып, «Қане ішке кіріңіздер!» деп шетке шегінеді. Бәрі бірге ішке кіреді. Кісі алдын полициялармен, кейін жас жігітпен қол алысып:

- Келгендерің қандай жақсы болды. Бұл жігітпен таныссқым келіп жүрген еді,- дейді. Полициялардың біреуі:

- Бұл жігіт формасыз полиция қызметкері емес, ол ұры,- дейді.

- Ұры екенін біліп тұрмын, бірақ енді шағымымды қайтып алдым,- дейді. Бәрі таң қалады. Қонақтарға шай, тәттілер ұсынғаннан кейін, әңгімесін жалғастырды:

- Үйім тоналудан алдын, түннің бір уағына дейін отырғанымнан, таң намазына тұра алмайтын едім. Қанша қаласам да күніне Құран кәрімнің бір парағын да оқуға уақыт таба алмайтынмын. Оқыған намаздарым да, асығыстықтан шала-шарпы болатын. Бұл жас жігіт мені осы ғафлеттен (қараңғылықтан) құтқарды. Өйткені теледидарымды ұрлаған еді,- дейді.

## ЕКІНШІГЕ ҮЙЛЕНУ

**Сұрақ:** Бірінші әйелім екінші әйел алуға келіспейді не істеуге болады шариғат мұндай жағдайда не айтады?

**Жауап:** Діни кітаптарда айтылуы бойынша: «Төртке дейін үйлену уәжіп те емес, тіпті мандуб (мұстаһаб) та емес. Тек

қажеттілік туындағанда ғана рұқсат етілетін тірлік. Бірден артық үйлену дініміздің әмірі емес. Сол себепті әйелдер де оны қабыл етуге, онымен келісуге мәжбүр емес.» **(Ниъмат-ул-ислам кітабы)**

Бір еркектің екінші әйелге үйленуі үшін, бірінші әйелдің құқықтарын қорғайтын материалдық және әлеуметтік шарттар бар. Екінші әйелдің де өзінше бөлек құқықтары бар. Осы екі жақтың шарттарын толық орындауға мүмкіндігі, әлі жетпейтін адамның екінші әйелге үйленуіне дініміз тыйым салған.

«Ешбір қажеттілік, зәру жағдай болмастан екінші некеге тұрып, бірінші әйелді ренжіту харам болады. Қазіргі тұрмыстық шарттардың ауырлығын ескеретін болсақ, екінші әйелге үйленудің жаиз болмай шығуы да әбден мүмкін.» **(Баршаға қажетті иман кітабы)**

**Сұрақ:** Екі әйелдің бірі болуға көнбесе талақ қылуға бола ма?

**Жауап:** Себепсіз әйелін ренжіту жаиз емес.

**Сұрақ:** Егер екінші әйел алуға бірінші әйел көнбесе не істеуге болады мен екінші адамды катты сүйемін оған кетуге бола ма, әйелім рұқсат бермесе де?

**Жауап:** Тек жақсы көріп қалудың өзі екіншісі былай тұрсын, бірінші рет үйленуге де жеткілікті себеп бола алмайды. Жүрекке қойып берсең теледидардағы әртістерге де, айналадағы тұрмыс құрған әйелдерге де ғашық бола алады. Оның алдын алу үшін бөтен әйелдерге қарамауға тырысу керек.

Бірінші әйел көнбесе, рұқсат бермесе, екіншіге кетіп қалуыңыз, баруыңыз дұрыс болмайды. Екінші әйелге үйлене алуыңыз үшін зарурат, яғни зәру бір жағдай туындауы керек. Бұл бірінші әйелдің жыныстық тұрғыдан жеткіліксіз болуы, тумайтын болуы сияқты себептер болуы керек.

Егер жоғарыдағыдай бір негіз бар болса, бірінші әйелдің

ауызша болса да рұқсатын алып, оның бүкіл әйелдік құқықтарын сақтаған халде үйленуге болады. Бірақ рұқсат бермедің деп талақ қылу жақсы емес.

## ЖҰБАЙЫН ҚЫЗҒАНУ

**Сұрақ:** Ерлі-зайыптылардың бір-бірін қызғануының зияны бар ма?

**Жауап:** Кейбір орталарда қызғануды айып сияқты, артта қалғандық сияқты көрсетуге тырысады. Қызғану, яғни намысты қорғау үшін белгілі шекара ішінде қызғаныш таныту дініміздің әмірі.

Хадис шәрифтерде былай делінген:

**«Намыс мәселелсінде Аллаһу та'аладан асатын қызғанатын жан жоқ және Ол осы себептен фухшқа** (арсыздық, ұятсыздыққа) **тыйым салған.»** (Бұхари)

**«Намысты қорғау қайраттылығы иманнан, ал әйел-еркек аралас бірге сауықтануы екі жүзділіктен.»** (Дәйләми)

Намысын қызғанбайтын адамға дәййус делінеді. Дәййустер үшін хадис шәрифтерде былай делінген:

**«Аллаһу та'ала жәннатты жаратқан кезде "Сараң саған кіре алмайды, дәййус сенің иісіңді де сезе алмайды" деді.»** (Дәйләми)

**«Ішкілік ішкен, ата-анасына қарсы шыққан адамға және дәййуске жәннатқа кіру харам.»** (И.Ахмед)

Бұл үлкен күнәларды істеген адамның бір түйірдей болса да иманы бар болса, күнәларының жазасын тартқаннан кейін жәннатқа кіреді. Бірақ күнәлар адамды күпірге жетелегендіктен, бұл күнәларды істеп жүру үлкен пәлекетке жол ашады. Зияннан қалай қашсақ та олжа. Бір сәтке ертерек тәубе етіп, күнәлардан бас тарту керек. Тәубе еткен адам мүлдем күнә істемеген сияқты болады. Әйелдің матасын

қызғануы да қалыпты нәрсе. Бірақ қызғанышты жария қылып, белгілі шекараны асып кетпеу керек. **«Аллаһу та'ала қызғаншақтықты әйелдерге және соғыс майданына шығуды еркектерге жүктеді. Әйелдерден кімде-кім, бұл әмірге иман келтіріп сабыр етсе, шәһид болған мүжәһид сияқты сауап алады»** хадис шәрифінде де әйелдердің сабырлық танытуына ишарат көрсетілген. Әйел әрі қызғанады, әрі бұған төзеді. Міне осы үлкен пида етушілік еркектердің соғысқа аттануы сияқты қабылданған.

**Сұрақ:** Ғайур (қызғаншақ) болу мен хасед етудің арасында қандай айырмашылық бар?

**Жауап:** Екеуіне де елімізде "қызғану" деп айтылса да негізі бөлек-бөлек нәрселер. Хасед – көре алмау, күндеушілік, қызғану деген сөз. Яғни Аллаһу та'аланың біреуге берген ниғметінің одан кетуін қалау деген сөз. Одан кетуін қаламастан, өзінде де сол нәрсе болуын қалау хасед болмайды. Бұған әуестену, қызығу делінеді. Осылай әуестену – жақсы мінезге жатады. Ислам дінінің үкімдеріне, яғни парыздарды орындауға және харамдардан сақтануға мән беретін салих адамға әуестену уәжіп болып табылады. Дүниелік ниғметтер үшін әуестену тәнзиһән мәкрух болады. Біреудегі жаман, зиянды нәрсенің кетуін қалау қайраттылық болады. Қайраттылық танытқан адамға ғайур делінеді. Қайраттылық – бір адамда болған өз ақысына, оның басқа біреуді ортақ қылуды қаламауы деген сөз. Бізде намысын, жұбайын қызғану дегенде осы мінез түсініледі. Хадис шәрифтерде былай делінген:

**«Мүмин қызғанады. Ал Аллаһу та'ала одан да қатты қызғанады.»** (Мүслим)

**«Намысты қорғауға деген қайраттылық иманнан.»** (Дәйләми)

Аллаһу та'аланың қайраттылық танытуы – пендесінің жаман амалдар істеуіне разы болмауы. Адамның Аллаһу

та'алаға қайраттылық танытуы – харамның істелуін қаламау арқылы жүзеге асады.

Юсуф алейһиссаламның «Сұлтанның жанында менің есімімді айт!» деуі Аллаһу та'аланың қайраттылығына тиіп, жылдар бойы абақтыда қалуына себеп болды. Ибрахим алейһиссаламның, баласы Исмаилдың дүниеге келуіне қуануы да Аллаһу та'аланың қайраттылығына тиіп, оны құрбандыққа шалуы әмір етілді. Аллаһу та'ала қатты жақсы көрген сүйіктілеріне, кейбір әулиелерге осылай қайраттылық танытуы көп жерде орын алған.

## НЕКЕНІ ЖАҢАРТУ

**Сұрақ:** Некені қалай жаңартуға болады?

**Жауап:** Неке жаңарту дегеніміз – жаңадан неке қию деген сөз. Мұны мешітке имамның алдында жасау қажет емес. Жалғыз бір адамның некені жаңартуы жеткіліксіз. Еркек пен әйелінің екі еркек немесе бір еркек пен екі әйел куәгер жанында неке жаңартулары керек. Оңай болу үшін некені жаңалау үшін жұбайынан өкілдік алу керек. Некені жаңалау үшін әйелінен өкілдік алғаннан кейін екі еркек куәгердің жанында **«Бұрыннан бері некеде болған әйелімді, оның тарапынан өкілі ретінде және өз тарапымнан асыл ретінде оны өзіме некеледім»** делінсе, неке жаңаланған болады. Егер алдыңғы неке сахих (дұрыс) болмаған болса, онда осы неке сахих болады. Еркек әйелінен өкілдік алмастан куәгерлердің алдында неке жаңарта алмайды.

Әйелдің неке жаңарту үшін күйеуіне **«Некемізді қию үшін сені өкіл еттім»** деп айтуы жеткілікті. Өкілдікті қайтып алмағанша өмір бойы осы өкілдік жарамды болады. Өкілдік берген кезде куәгер керек емес.

Әйелінен өкілдік алып, тәждиди иман мен тәждиди никах дұғасы пасық болса да екі мұсылман куәгер жанында оқылса,

ол екі кісі де осы дұғаның неке жаңарту дұғасы екендігін білетін болса, неке тағы жаңаланған болады. Екі еркек немесе бір еркек пен екі әйел куәгер болмай, тек қана бұл дұғаны оқумен неке жаңаланбайды.

Еркек пен әйел куәгерлердің мұсылман, ақылды және балиғат жасқа толған болуы шарт. Некесі жаңартылатын еркек пен әйелді танулары да керек. Ата, әже, әке, ана, көке, тәте деген сияқты туыстар да куәгер бола алады.

Мешітте имам тәждиди иман және неке дұғасын жамағатпен бірге оқыса, жамағат бір-біріне куәгер болып, некелері де жаңарған болады.

Тәждиди иман және тәждиди никах дұғасы:

**«Аллаһумма инни уриду ән ужәддидәл иманә уәнникаха тәждидән би қаули лә илаһә иллаллаһ Мухаммадун Расулуллаһ.»**

### Өкілдікпен неке жаңарту

**Сұрақ:** Некедегі ерлі-зайыптылардың екеуінен де өкілдік алған адам олар жоқ кезде некелерін қалай жаңартады?

**Жауап:** Неке жаңарту – жаңадан неке қию деген сөз. Өкіл некелері жаңаратын ерлі-зайыптыларды танитын, екі еркек мұсылман куәгердің алдында «Өкілі мен болған пәленше әйелді, өкілі мен болған түгенше кісіге үйлендірдім» десе, некелері жаңаланған, яғни жаңадан некелері қиылған болады.

## МУТА НЕКЕСІ ХАРАМ

**Сұрақ:** Дінімізде мута некесі бар ма?

**Жауап:** Мута некесі төрт мазһапта да харам болып табылады. Мута некесі –бір әйелге куәгерсіз, белгілі бір мөлшерде ақша беріп, белгілі бір уақыт бірге өмір сүруге келісім жасау деген сөз. Мута некесінің харам екендігі жайлы барлық ғұламалар арасында ауызбірлігі орнағаны **Мизанул**

**күбра** және **Ибн Абидин** кітаптарында жазылған.

Имам Табарани былай білдірген:

Абдуллаһ ибн Аббас «Мута некесі әуелі халал еді. Бірақ **«Аналарың сендерге харам»** мағынасындағы аяти кәрима келгеннен кейін, харам етілді. Мүминун сүресінің **«Тек әйелдерің және ие болған күңдерің халал»** мағынасындағы аят кәримасы, мута некесінің харам етілгенін қуаттап білдіріп тұр. Өйткені бұл аяттан тек әйелдері мен күңдердің халал болып, өзгелердің харам болғаны түсініледі» деген.

Мута некесінің харам екенін хазреті Әли және көптеген сахабалар білдірген. Бұхари шәриф кітабында «Хазреті Әли Абдуллаһ ибн Аббасқа: “Расулуллаһ хайбәр соғысында мута некесіне және есек етін жеуге тыйым салды”» деп жазылған. Бұдан бөлек Мүслим шәриф кітабында және Ибн Мажә кітабында пайғамбарымыздың **«Ей мұсылмандар! Әйелдермен мута некесін жасауларыңа рұқсат берген едім. Бірақ, қазір бұны Аллаһу та'ала харам етті. Кімнің жанында мұндай әйел бар болса, оны жіберсін және оған берген мүлкін кері алмасын!»** деп бұйырғанын жазған.

Барлық тәфсирлер мен фиқһ кітаптары былай дейді: Ниса сүресі 24-аятының **«Истимта (қолданған) еткен әйлдеріңнің ақыларын төлеңдер»** мағынасындағы аят мута некесі үшін емес. Некедегі мәһр ақшасын беру үшін. Мысалы Бәйдауи тәфсирі және мұның хашиясы (ашықтамасы) болған Шейхзада тәфсирінің екінші томының 26-бетінде жоғарыда айтылған аяттың тәпсірін былай жазған:

«Бұл аяти кәрима сахих болған некені білдіруде. Мута некесінің мубах екенін көрсетпейді. Тек мәһр ақшасын ғана әмір етуде. Мута некесі бұрын мубах болған. Кейіннен тыйым салынды. Исламда белгілі бір уақыт үшін неке қидыру деген нәрсе жоқ.»

Екі хадис шәрифте былай делінді:

**«Әйелдерді уақытша некелеу харам. Аллаһқа харам-**

**дарды халал деп есептейтіндерден артық дұшпан жоқ.»** (Ибни Кани)

**«Мута некесі харам.»** (Бұхари, Мүслим, Тирмизи)

## АТА-АНАНЫҢ БАЛА АЛДЫНДАҒЫ МІНДЕТТЕРІ

**Сұрақ**: Баланың ата-анасында болған ақылары қандай?

**ЖАУАП**: Біршамасы мыналар:

**1)** Болашақта бала анасымен жамандалмауы үшін, балаға ана болатын қызды жақсы жерден таңдау керек. Салиха қыз болуына үлкен мән беру керек!

**2)** Балаға жақсы есім қою керек! Хадис шәрифте: **«Балаға жақсы есім қою – перзенттің әкесіндегі ақыларынан»** делінген. (Бәйһақи)

Ахмед, Мұхаммед, Махмуд сияқты сүйікті пайғамбарымыздың есімдерін қою керек. Аллаһу та’ала: **«Сүйіктімнің есімінде болған мұсылманға азап беруге ұяламын»** - деп бұйырған. Пайғамбарымыз да: **«Үш ұлы бола тұра, біріне менің есімімді бермеген адам надандық еткен болады»** - деген. (Табарани)

**3)** Балаға жақсы тәрбие беру керек! Хадис шәрифтерде былай делінеді:

**«Балаға жақсы тәрбие беру, баланың әкесіндегі ақыларынан.»** (Бәйһақи)

**«Балаларыңа игілік етіңдер, оларды әдепті, тәрбиелі етіп өсіріңдер!»** (Ибн Мажә)

**«Баланы тәрбиелеу, немерелерге садақа беруден де асқан сауап.»** (Тирмизи)

**4)** Балаға мейірімді мәміле жасау керек! Сүйікті пайғамбарымыз немересін сүйген кезде, біреу көріп: «Йа Расулаллаһ! Менің он бала-шағам бар. Бірақ ешбірін сүймеймін» - деді. Оған: **«Мейірімділік етпеген, мейірімділік көре алмайды»** - деп жауап берді. (Бұхари)

Хадис шәрифтерде былай делінеді: **«Балаларыңды көп сүйіңдер, әр сүйгендеріңде жәннаттағы дәрежелерің өседі.»** (Бұхари)

**«Баланың иісі – жәннат иісі.»** (Табарани)

**5)** Балаларға бетдұға (қарғыс) айтпау керек. Хазреті Ибн Мүбәрәк баласынан шағымданып келген адамға «Балаңа бетдұға еттің бе?» - деп сұрайды. «Иә» деп жауап бергенінде «Онда балаңның мінезін сен бұздың!» - дейді.

**6)** Бала-шағаға жақсылық ету керек! Хадис шәрифте былай делінеді:

**«Бала-шағаларыңа игілік етіңдер, ата-аналарыңның сендерде ақысы болғанындай, балаларыңның да сендерде ақысы бар»** (Табарани)

**7)** Балаларды халал азықпен қоректендіру керек! Харам азықтың әсері баланың табиғатын бұзады, балада бұзық әрекеттердің пайда болуына себеп болады. Хадис шәрифте: **«Жеп ішкендерің халал, таза болсын! Балаларың осылардан қалыптасады»** - деп бұйырылған. (Риядун-Насихин)

**8)** Әкенің баласына ілім, әдеп және кәсіп үйретуі парыз. Алдымен Құран кәрім оқуды үйрету керек. Кейін иманның және исламның шарттарын үйрету керек. Жеті жасынан бастап намаз оқуға әдеттендіру керек. Дүниеде және ахыретте құтылу ілім арқылы жүзеге асады. Балаға дін ілімдерін үйреткеннен кейін оқуға жіберу керек, колледж және университет оқыту керек. Дінін үйренбестен мектепке жіберілсе, бұларды үйрену үшін бос уақыт таба алмайды. Дін дұшпандарының тұзақтарына түсіп, олардың жалғандарына алданады. Дінсіз және ислами әдептен махрұм болып жетіледі. Дүние мен ахыретте пәлекетке душар болады. Елге зиянды болады. Өзіне және басқаларға жасаған жаманшылықтарының күнәсі, ата-анасына да жазылады. Баласына дін ілімдерін үйретпей тұрып дінсіз және өзге дін

өкілдерінің мектептеріне жіберудің зияндарының үлкендігі **Иршад-ул хияра** кітабында баяндалған.

**9)** Бала балиғат жасына келіп, ес тиып, үйленгеннен кейін оған былай деу керек:

**«Балам, саған тәрбие бердім. Оқыттым, үйлендірдім. Дүниеде пәлекетке ұрынбауың үшін, ал ахыретте азапқа ұшырамауың үшін Аллаһу та'алаға сиынамын. Есіңді жиып, осы айтқанымдарым бойынша өміріңді ретте!»** (И.Хиббан)

**10)** Хазреті Ахнеф бин Қаис айтады:

«Бала-шаға үшін қиыншылықтарға төзу керек, олардың аяғының астына жұмсақ жер, бастарының үстіне көлеңке болуымыз керек! Оларға қатал болмайық, бізден алыстамасын. Бізден жалығып өлімімізді күтпесін. Дұрыс қалауларын орындап, ашулы, өкпелі кездерінде жұбатуға тырысуымыз керек!»

**11)** Балалар арасында әділеттілікке мән беру керек. Хадис шәрифте былай делінген:

**«Сыйлық беретін кезде балаларыңның арасында теңдікке мән беріңдер!»** (Табарани)

**12)** Хазреті Фудайл бин Ияд былай деген:

«Ата-анасына жақсылық еткен, туысқандарымен араласып тұрған, дін бауырымен сыйласып, көмекші болған, бала-шағасымен, қызметшілерімен жақсы қарым-қатынаста болған, дінін қорғаған, мал-мүлкін жақсы жерлерге жұмсаған, тілін тиып, көздерін харамдардан сақтаған, орынсыз істерден бойын аулақ ұстаған және Раббына ғибадат еткен адам бақытқа жеткендерден.»

**13)** Балаға орындай алмайтын нәрселерін бұйырмау керек. Мұндай әмірлер айтып баланы бағынбаушылыққа итермелемеу керек. Бір салих кісі ұлынан ешнәрсе сұрамайтын. Себебі сұралғанда: «Бір нәрсені орындауын талап еткен кезімде, ұлымның маған қарсы шығуынан қорқамын. Қарсы

келетін болса, жаһаннамға лайық болады. Ал мен ұлымның тозақ отында жануына разы бола алмаймын» - деген екен. Хадис шәрифте: **«Бақытты болудың белгілері мыналар: Салиха жар, айтқаныңа бағынатын бала-шаға, салих, адал дос»** - делінген. (Хаким)

**Перзенттің де ақысы бар:**

Бір адам хазреті Омарға келіп, ұлынан шағымданады. Хазреті Омар бұл кісінің баласына айтады:

– Иманнан кейінгі бірінші міндетіміз ата-анамызды ренжітпеу. Олар қаншалықты жаман болса да, бүкіл нәрседен жоғары тұратын ақылары бар. Оларды ренжіткен адамның ғибадаттары қабыл болмайды.

Мұсылман болып туылуымызға және мұсылман болып жетілуімізге себеп болған ата-анамызды ренжітсек жәннатқа қалай кіреміз? Олар бізді ұрысса да, жалынып олардың көңілдерін аулауымыз керек. Мұсылман ата-анамыз бізден разы болмағанша, Аллаһу та’аланың сүйікті құлы болу өте қиын.

– Йа Амир-ул муминин! Айтқандарыңды толығымен қабыл етемін. Бірақ баланың ата-анасында ешқандай ақысы жоқ па?

– Иә, баланың да ақысы бар. Үйленетін кезде баласына қызды немесе әйелді жақсы жанұядан таңдауы, баласына жақсы есім қоюы және дінін үйретуі керек.

Бала хазреті Омарға былай деп жауап берді:

– Әкем маған ешқандай тәрбие бермеді. Ал анам, қара нәсілді мәжусидің (отқа табынушының) қызы еді. Есімімді «Қарақоңыз» деп қойған. Аллаһу та’аланың кітабынан бір әріп те үйретпеді. Өкінішке орай, дінім жайында еш нәрсе білмеймін.

Сонда хазреті Омар баланың әкесіне қарап:

– Маған келіп ұлыңнан шағымданып жатсың. Ал негізінде

сен оның ақысын жеген екенсің. Ол саған жамандық етуден бұрын, сен өзің оған жамандық еткен екенсің,- дейді.

**Сұрақ**: Кейбір адамдар: «Бала діни сабақтарды тек қана мектеп бітіргеннен кейін, тіпті университеттен кейін үйренуі керек. Одан бұрын үйренетін болса, ақылы айнып кетеді. Жаратылыстану білімдерін үйренуі және оған сенуі қиын болады» - дейді. Сонда балаларға кіші жасында дінді үйрету керек емес пе?

**Жауап**: Жаратылыстану білімдері діни білімдерден бөлек емес. Жаратылыстану білімдері онсыз да Ислам ілімдерінің бір тармағы. Ислам ілімдерін үйренген адам жаратылыстану білімдерін де үйренеді. Әр мұсылман, бала-шағасына және қол астындағыларға дінін үйретуге жауапты. Бір хадис шәрифте былай делінген:

**«Барлығыңбірүйірдіңбағушысысекілдісіңдер.Бағушы үйірін қорғағаны секілді сендер де үйлеріңдегі және қол астыларыңдағы адамдарды жаһаннамнан қорғауларың керек! Оларға Мұсылмандықты үйретпесеңдер олар үшін жауапты боласыңдар!»** (Мүслим)

Бір аяти кәримада былай делінеді:

**«Ей иман келтіргендер! Отыны адам және тас болған тозақ отынан өздеріңді және бала-шағаларыңды қорғаңдар!»** (Тахрим 6)

Жақсылыққа да, жамандыққа да себеп болғандар, жасалған амалға ортақ болады. Хадис шәрифтерде былай делінеді:

**«Дінімізде жақсы жол ашқан адам, онымен амал еткендер сияқты сауапқа қауышады, олардың сауабы да еш азаймайды. Ал кімде кім, дінімізде жаман жол ашатын болса, онымен жүргендердің күнәсі оған да беріледі. Жаман жолдағылардың күнәсі еш азаймайды.»** (Мүслим)

**«Жақсылыққа жол сілтеген, себепші болған адам, сол амалды орындағандай сауапқа қауышады.»** (Табарани)

**«Бір мұсылман перзенті ғибадат еткен кезде, алған**

**сауабының мөлшеріндей әкесіне де беріледі. Ал кімде кім баласына дінді үйретпей, күнә болған нәрселерді үйрететін болса, бұл перзент қаншалықты күнә істесе, әкесіне де соншалықты күнә жазылады.»** (С.Әбәдийа)

«Баланы жастан» және «Бала тәрбиесі бесіктен» деген сияқты аталарымыздың даналық сөздері белгілі. Әр нәрсе өз уақытында жасалады. Бір хадис шәрифте былай делінеді: **«Бала кезде үйренілген нәрсе, тас үстіне қашалған жазба сияқты қалады. Ал қартайған кездегі үйрену болса, судың үстіне жазылған жазуға ұқсайды.»** (Хатиб)

Олай болса, ең алдымен бала-шағамызға дініміздің әмір мен тыйымдарын және Құран кәрімді үйретуіміз керек. Кейінге қалдыруға болмайды. **«Хәләкәл мусәууифун»** деген хадис шәриф бар. Мағынасы: **«Қайырлы істеріңді дереу орындаңдар. Ертеңге қалдырмаңдар, әйтпесе құрисыңдар»** - дегенді білдіреді. Қайырлы істердің біріншісі және ең маңыздысы бала-шағаға Исламды үйрету. Әрбір мұсылман осы бірінші міндетті дереу орындауы, ертеңге қалдырмауы керек.

## Алма және Имам Ағзамның әкесі

Шәмседдин Сиуасидің "Мәнаких-и Имам Аъзам" атты еңбегінде былай жазылған:

Имам Ағзамның әкесі Сабит (рахметуллаһи алейһ) кіші жасынан бері мінезі таза, тақуа және уәра иесі еді. Жүзі өте нұрлы болып, зухды, халы және ілімі өте терең еді.

Бір күні ол өзен жағасында дәрет алып отырғанында суда ағып келе жатқан бір алманы көрді. Дәреттен кейін, суда шіріп кетпесін деп алманы алып жеді. Бірақ түкірігінде қан көрді. Осы кезге дейін мұндай жағдай көрмегені үшін түкіріктегі қанның осы алмадан болғанын жобалады. Жегеніне өкінді. Алманың иесін тауып халалдасу (разылығын алу) үшін өзен жағасымен жүрді.

Бір кезде жеген алмасына ұқсаған алмалары бар бақша көрді. Бақшаның иесін сұрастырды. Сол маңайдағы адамдар бақша иесінің өте жомарт және ихсан иесі екенін, тіпті ағаштағы бүкіл алмаларды жинап алып кетсе де ештеңе демейтінін, бір алманың еш маңызды емес екендігін айтты. Бұған қарамастан Сабит (рахметуллаһи алейһ) алманың иесін тапты, мәселені түсіндірді, не ақшасын алуын, не халал етуін сұрады.

Бақша иесі жас жігіттің жағдайын көрген кезде тақуа мен уәрасының дұрыс болып-болмағанын анықтау үшін былай деді:

- Жеген алма үшін не бересің?

- Алтын, күміс, не бар болса барымды берейін.

- Мен алтын, күміс сұрамаймын, бірақ егер қияметте саған шағымдануымды қаламасаң бір ұсынысым бар, соны қабыл етуің керек.

- Ұсынысыңыз қандай?

- Орындайтын болсаң айтайын.

- Дінімізге қайшы болмаса орындай аламын.

- Соқыр, кереӊ, тілсіз және сал болған қызым бар, онымен үйленуге разы болсаң, сол кезде ғана алманы саған халал ете аламын.

Хазреті Сабит ахиретке құл ақысымен кетпеу үшін бұл ұсынысты қабыл етті. Үйлену тойының дайындықтары жасалды. Хазреті Сабит алғашқы түні бөлмеге кіруінен шығуы тез болды. Бірден қайын атасына жүгіріп: «Мырзам бір қателік бар, іште сіз айтқан қасиеттерге лайық болған қыз жоқ, толығымен терісі!» деді. Қайын атасы күлімдеп: «Балам, ол менің қызым, сенің халалың. Мен саған соқыр дегенім, ол ешқашан харам көрмеген. Кереӊ дегенім, ол еш уақыт харам естімеген. Тілсіз дегенім, ол ешқашан харам сөз айтпаған. Сал қалған дегенім, ол ешқашан харамға аяқ баспаған. Бар, халалыңның жанына, Аллаһу та'ала құтты және бақытты

қылсын.» Міне осы некеден, яғни осындай ата-анадан Имам Ағзам Әбу Ханифа дүниеге келді...

## Діни білімнің маңызы

Ибраһим Гүлшани хазреттері бір күні шәкірттерімен сұхбаттасып отырған еді. Шәкірттерінің бірі былай деп сұрады

- Ұстазым! Аллаһу та'аланың рахымдылығымен қабірдегі өлілердің азапта немесе нығмет ішінде екендігін білуге бола ма? Дұға ету арқылы бұлардың азабын тоқтатуға бола ма?

Ибраһим Гүлшани хазреттері былай деп жауап берді:

- Аллаһу та'аланың сүйген құлдарының бірі бір қабірге қарағанында қабірдегі адамның азап ішінде болғанын көреді. Арадан біраз уақыт өтіп тәуәжжуһ етіп тағы бір қарағанында азаптың тоқтағанын байқайды. Таңданысынан ойға шомып кетеді. Сол кезде бір дауыс естіледі. **"Бұл қабірде жатқан адамның кішкентай баласы бар еді. Анасы ол баланы ілім үйренуге жіберді. Бала «Бисмилләһиррахманиррахим» сөзін үйренгенінде, осы сөздің құрметіне әкесінің азабы тоқтатылды."**

## БАЛА ТӘРБИЕСІ

**Сұрақ:** Баланы қалай тәрбиелеу керек?

**Жауап:** Бала – ата-ананың қолындағы аманат. Олардың жүректері пәк, таза, гауһардай құнды. Бала жас шыбықтай иілгіш келеді. Кез-келген пішінге салуға болады. Құнарлы топыраққа ұқсайды. Құнарлы топыраққа не ексең, соның жемісін аласың. Сондықтан бала неге бейімделетін болса, сол бойынша бағыт алады, сол бойынша өседі. Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі. Балаларға иман, Құран кәрім және Аллаһу та'аланың әмірлерін үйретіп сонымен жүруге дағдыландырса, дін және дүние бақытына қауышады. Бұл бақытқа, сауапқа ата-анасы, ұстазы да ортақ болады. Егер

балаға бұларды үйретпесе және бұларды әдетке айналдырмаса ол бала бақытсыз болады. Әрбір жасаған жамандықтарының күнәсі ата-анасына, ұстазына да жазылады.

Мұсылман – қол астындағылардан жауапкер болады. Хадис шәрифтерде былай делінді:

**«Барлығың бір үйірдің бағушысы секілдісіңдер. Бағушы үйірін қорғағаны секілді сендер де үйлеріңдегі және қол астыларыңдағы адамдарды жаһаннамнан қорғауға тиіссіңдер! Оларға мұсылмандықты үйретпесеңдер олар үшін жауапты боласыңдар!»** (Мүслим)

**«Балаларына Құран кәрім үйреткендерге немесе Құран кәрім ұстазына бергендерге үйретілген Құран кәрімнің әр бір әрібі үшін қасиетті Қағбаны 10 рет зиярат еткеннің сауабы беріледі және қиямет күні басына дәулет тәжі киіледі. Бүкіл адамдар оны көріп қызығады.»** (С. Әбәдийа)

**«Көп Мұсылман балалар әкесінің кесірінен Уәйл атты жаһаннамға түседі. Өйткені бұлардың әкелері тек ақша табу және көңіл көтеру құмарлығына түсіп, тек дүние істерін қуалап, балаларына мұсылмандықты және Құран кәрімді үйретпеді. Мен мұндай әкелерден ұзақпын. Олар да менен ұзақ. Балаларына дінін үйретпегендер жаһаннамға түседі.»** (С. Әбәдийа)

Өзінің істеуі харам болған нәрсені баласына жасатқан адам, күнә істеген болады. Балаларына арақ ішкізген, құмар ойнатқан, ұятсыз басылымдарды оқуына себеп болған, өтірік, ұрлық секілді жаман мінездерге баулытқан, қыблаға қарсы аяқ созып отыруына себеп болған адам күнә жасаған болады. Дініміздің негізі – иманды, парыздар мен харамдарды үйрену және үйрету. Аллаһу та’ала пайғамбарларды сол үшін жіберген. Жастарға бұлар үйретілмесе Ислам құлдырайды, жоқ болады. Аллаһу та’ала мұсылмандарға **әмри маруф** жасауды әмір еткен. Яғни Менің әмірлерімді үйретіңдер деген.

Және **нахйи мункар** жасауды да бұйырып, тыйым салған нәрселерінің (харамдардың) жасалуына разылық етпеуімізді қалаған. Құран кәрімде "Тахрим" сүресінің 6-аятында: **«Ей мүміндер! Өздеріңді және үй-іштеріңді** (жанұяларыңды) **тозақ отынан қорғаңдар!»** деп бұйырылған.

Құран кәрімде өзімізді және жанұямызды отыны адамдар мен тастардан құралған тозақ отынан сақтауымыз әмір етілген. Елу-жүз жылдық қысқа ғана өмірімізде бала-шағамызды дүниелік пәлекеттерден қорғау үшін қалай тырмысып жатқан болсақ, мәңгілік пәлекетке душар етпеу үшін де ахиретін дәл солай қорғауымыз керек.

Әкенің баласын тозақ отынан сақтауы – дүниелік оттан сақтаудан да маңызды. Тозақ отынан қорғау – иман, фарз, харамдарды үйрету арқылы, ғибадат жасауға дағдыландыру және жаман достардан, зиянды баспалардан қорғау арқылы жүзеге асады.

Бүкіл жамандықтардың басы – жаман дос. Жаман дос – баланың дөрекі, өтірікші, ұрлықшы және әдепсіз болуына себепші болады. Мұндай жаман мінездерге ұрынғандар ұзақ жылдар бойы бұл жаман мінезінен арыла алмайды.

Баладан жақсы қасиеттер, жақсы әрекеттер көрген кезде, оны мақтау керек, марапаттау керек. Кейде адамдардың арасында мақтау керек. **"Менің ұлым сөйтті"** деген секілді сөздермен жақсылыққа ынталандыру керек. Өрескел іс-әрекеттер істесе немесе бір жаман сөз сөйлесе, бірнеше рет көрмегендей сыңай таныту керек. "Олай істеме!" демеу керек, жазғырмау керек.

Жиі жиі жазғырылатын бала батылданып жасырын істеп жүргендерін де ашықша істей бастайды. Істеген жаман істерінің зиянын өзіне жұмсақ тілмен түсіндіру керек, ескерту керек! Істелген іс дінге қайшы болса, ол істің зиянын, жамандығын және нәтижесін түсіндіріп, ондай жаман іске тосқауыл болу керек.

Әке - өзінің әке екендігін, үстемдігін білдіруі керек. Анасы баласын әкесімен қорқытуы керек!

Бала жалықпауы үшін күнде бір мезгіл ойнауына рұқсат беру керек. Жалығудан және ренжуден жаман мінездер пайда болады және адамның көңілі жүдейді. Баланың ешкімнен ақша сұрауына рұқсат бермеу керек. Көп сөйлемеуді, үлкендерге құрмет көрсетуді үйрету керек. Жақсы адамдардың жақсылықтарын айтып солардай болуға тырысуы керектігін және жаман адамдардың жамандықтарын айтып, ондай болмау керектігін үйрету керек.

Баланың әр қалаған нәрсесін алып беру және сәнді, салтанатты өмір сүруін қамтамасыз ету дұрыс емес. Өйткені бала өскенде де әр қалағанына қол жеткізе алатынын ойлап, оған ұмтыла беретін болады, ал бұл жүзеге аспай қалған кезде өмірге ренжіп, қиялдары қирап ешкімді тыңдамайтын құлақсыз қырсыққа айналады. Өзіміз халал тамақ жегеніміздей балаларымызға да халал тамақ беруіміз керек. Хараммен қоректенген баланың денесі нәжіспен иленген қамырдай болады. Мұндай балалар жамандыққа, опасыздыққа үйір болады.

Балаға ысырап етпеуді, қанағатшыл болуды үйрету керек. Кейде құр нанмен де күнелтуді әдеттендіру керек. Жаман жерлерге баруына жол бермеу керек. Бала жаман адамдардың қасында жүрсе, әдепсіздікпен ұятсыздықты, өтірік айтуды үйренеді.

Әке үнемі қатал болмауы керек, көп еркелете де бермеуі керек. Сөйлегенде айбаттылығын сақтауы керек. Балаға әкесінің байлығымен, лауазымымен мақтанбауын ескерту керек. Қарапайым және сыпайы болуды үйрету керек. Өзгеден бір нәрсе алудың масқаралық екенін, берген қолдың алған қолдан үстем болатындығын түсіндіру керек! Сараңдықтың жаман мінез екендігін үйрету керек!

Басқа адамдардың қасында әдептілік сақтауды, аяғын

айқастырып отырмауды, дөрекі болған іс-әрекеттерден аулақ болу керектігін айту керек.

Баланы көп сөйлеуден қайтару керек. Көп сөздің ұятсыздыққа жол ашатынын, мылжыңдықтың жаман қасиет екендігін айту керек. Бала ертелі кеш сөйлеуді бәрібір үйренеді. Мақсат – оған қажет кезінде үндемеуді және үлкендердің сөзіне құлақ асуды үйрету.

Дұрыс болса да көп ант ете беруіне рұқсат етпеу керек. Барға да, жоққа да ант ете беру жаман әдет. Үлкендерге құрмет көрсетудің, оларға орын берудің және барлық адамдармен жақсы қарым-қатынаста болудың маңыздылығын түсіндіру керек.

Баланы кішкентай кезінен бастап намазға дағдыландыру керек. Өскен кезде намаз оқуы қиын болуы мүмкін. Өзгенің мал-мүлкін тартып алуды, өтірік айтуды, харам нәрсе жеуді көз алдына жаман, жиіркенішті қылып түсіндіру керек. Осындай тәрбиемен өсіріп, балиғат жасына толғанда бұл әдептердің ерекшеліктерін, маңыздылықтарын үйрету керек.

Әрбір істі әдет ретінде емес, игі ниетпен, ояу көңілмен, ықыласпен жасау керектігін түсіндіру керек. Мәселен ішіп-жеуден мақсат – құлдың Раббысына ғибадат ету үшін, адамдарға, отанына, еліне пайдалы қызметтер атқаруы үшін, адамдардың бақыты үшін еңбектену екендігін түсіндіру керек.

Дүниеден мақсат – ахирет үшін азық жинау екендігі, дүниенің ешкімге қалмайтынын, өлімнің кенеттен, күтпеген жерден келетіні айтылу керек. «Дүниеде ахиреттік азығын жинап, жаннатқа және Аллаһу та'алаға қауышқан адам не деген бақытты адам» деу керек. Кішкентайынан осылай тәрбие көрген баланың мінез-хұлқы тастың үстіне қашалған жазудай болып сақталады және оңайлықпен өшпейді.

Пайғамбарымыз былай деген: **«Барлық балалар мұсылмандыққа бейім болып туылады. Кейін оларды ата-**

**аналары христиан, яһуди және дінсіз етеді.»** (Табарани)

Хадис шәрифте мұсылмандықтың адам санасында орнығып қалыптасуында немесе жойылуында балалық, жастық шақтағы атқарылатын істердің маңыздылығы білдірілуде. Олай болса, әрбір мұсылманның бірінші міндеті – баласына ислам дінін және Құран кәрімді үйрету. Бала деген нығметтің қадірі білінбесе, қолдан кетеді. Сондықтан да “педагогика”, яғни бала тәрбиесі өте құнды ілім болып табылады.

Ислам дініне қарсы болғандар осы маңызды жайтты жақсы түсінгендіктен «Біздің басты мақсатымыз жастарды қолға түсіру. Мұсылман балаларды дінсіз қылып жетілдіруіміз керек» дейді. Ислам дінін жою үшін және Аллаһу та’аланың әмірлерінің үйретілмеуі және орындалмауы үшін «Балаларға діни тәлім беру, оларға белгілі бір дінді үйрету дұрыс емес. Бала өскеннен кейін өзі зерттеп қай сенімді ұнатса соны таңдасын» деп айтып жатады.

Миссионерлер мұсылман елдерде мұндай пікір таратқанымен өз елдерінде өз балаларын туылғаннан бастап шіркеуге апарып діни рәсімдерге қатыстырады. Бүгін барлық христиан мемлекеттерінде дүниеге бір бала келгенде оған дереу өз діндеріне сай шоқындыру рәсімі жүргізілуде. Мектеп оқушылары ұлтына қарамай, міндетті түрде аптасына бір рет шіркеулерге апарылуда. Барлық жастағы адамдарға христиандықты үгіттеу істері белсенді түрде атқарылуда. Мұсылмандардың имандарын ұрлау үшін, діндерін жою үшін, оларды өзге діндерге кіргізу үшін ислам мемлекеттеріне тонналаған кітап, брошюра және үнтаспалар жіберілуде. Олай болса, мұсылмандар дін азғындарының айлаларына, өтіріктеріне алданбауы тиіс. Балаларымызға ие болуымыз керек. Оларға ие болуымыз, дініміздің әмірлеріне сәйкес жетілдіруіміз деген сөз. Мінез-құлықты өзгерту мүмкін болғандықтан пайғамбарымыз **«Мінездерінді**

**жақсартыңдар!»** деп бұйырған. Онсыз да дін – көркем мінез дегенді білдіреді. Сондықтан діннің әміріне мойынсұнып, тыйым салғандарынан сақтанған адам мінезін өзгертіп жақсы мінезге ие болады. Жақсы мінезді адам екі дүниеде де бақытты болады.

Ең жабайы жануар да тәрбиемен қолға үйретіледі. Еш уақытта алма дәнінен жүзім өсіп шықпайды. Бірақ алманың көшетін өсіріп, қажетті будандастыру және басқа да күтім жолдарын қамданып жоғары сапалы алма беретін ағаш етіп жетілдіруге болады. Сол секілді адам табиғатында да болатын кейбір қасиеттері жойылмайды, бірақ оларды тәрбиелеуге болады.

## Тәрбиеде ұруға болмайды

**1-** Баланы ұру мінез-хұлқының бұзылуына, ашуланшақ болуына себеп болады.

**2-** Таяқ жеп өскен бала жұмсақ мінезді болмайды.

**3-** Таяқ жеу балада әке-шешесіне қарсы ашу-ызаға жол ашады. Бала өзінің істегенін жаман нәрсе деп ойламайды, өзін кінәлі деп сезінбейді, керісінше өзін ұрған адамды кінәлі деп көреді.

**4-** Таяқ жеп өскен бала ашуланған кезінде ол да күш қолдануға кірісетін болады, басқаларды ұрады. Осылайша таяқ жеуі қызбалыққа себеп болады.

**5-** Сөз түсінетін жастағы баланы ұруға болмайды. Сөз түсінбейтін баланы болар-болмас қана ұру жеткілікті. Бастан, беттен ұру, таяқпен сабау өте зиянды.

Баланы тәрбиелеу үшін ұру дұрыс емес. Тек қателік істейтін болса, жазалануы мүмкін екендігін сезіндіру керек. Пайғамбарымыз бала-шағаны ұрмауды әмір еткенімен, тәрбиелеу үшін жазаланатынын, ұрылатынын сезіндіру керек екендігін білдірген. Бұл тұрғыдағы хадис шәрифтердің бірі мынадай:

**«Үй халқын тәрбиелеу үшін таяқтарыңды олар көретін жерге іліп қойыңдар!»** (Табарани)

## Баланы қалай тәрбиелеу керек

**Сұрақ:** Балаларымызды қалай тәрбиелеуіміз керек? Тәрбиеде нендей нәрселерге мән беруіміз керек?

**Жауап:** Тәрбиеде "былай істе, мұны істеме" деудің орнына жүріс-тұрысымызбен балаға үлгі болуымыз керек. Өйткені әл-әрекеттеріміз сөзге қарағанда көбірек әсер етеді.

**Мысал:**

Бір сауда керуені түнделетіп Мәдина қаласының сыртына қонақтайды. Әбден шаршаған жолаушылар қалың ұйқыға батады. Бұларды көрген халифа хазреті Омар, Абдуррахман бин Ауфқа: **«Бүгін түнде бір керуен келді. Барлығы кәпірлер екен. Бірақ бізге сенім артып келген екен. Олардың заттары құнды және көп екен. Қарақшылар немесе жат елдік адамдар бұларды тонап кетуі мүмкін. Сондықтан барып оларды күзетіп қорғап тұрайық!»**,- дейді. Таңға дейін күзетіп, таң намазында мешітке кетеді. Керуендегі бір жігіт түні бойы ұйықтамай, бұларды аңдып шығады. Сұрастыра келе бұл екі кісінің біреуі халифа екендігін білгенде, достарына келіп болған жайды айтады. Халифаның бұл ісіне тәнті болған жолаушылар, ислам дінінің хақ дін екендігін түсініп, барлығы мұсылман болады.

Әкесі темекі шегетін, құмар ойнайтын болса, баласына "бұларды істеме!" деп айтуы оншалықты әсерлі болмайды. Өйткені бала "бұлар жаман болса, әкем жасамайтын еді" дейді. Жақсы нәрселер жасалынса балаға үлгі болады. Балаға жақсылық жасаудың пайдасын түсіндіру керек. Осылайша бала өзімшіл (эгоист) болудан құтылады. Өзімшіл болып өскен балалар қоғамға үйлесе алмайды, тіпті салт-дәстүр, әдет-ғұрып және заңды да танымайтын болады.

## Тәрбиедегі негізгі факторлар

**Зеректік:** Бала өзінің алғаш көрген нәрсесін білеуге, шұқылап көруге және сұрап үйренуге әуес болады. Сондықтан балаларға үнемі жақсы және әдемі нәрселерді көрсету керек және сұрақтарына дұрыстап жауап беру керек. Осылайша баланың зеректігі, сана-сезімі, түсіну қабілеті жетіледі. (3-6 жас аралығындағы балаларда осы нәрсеге қатты мән беру керек. Бұл кезең – баланың тілі, миы және зеректігінің қалыптасуы үшін ең маңызды кезең болып табылады.)

**Рух:** Өте сезімтал және өкпелегіш балаларға ащы да болса шындықты айтуды және оған төзе білуді үйрету керек. Ал тас жүрек балаларға көңілін жібітетіндей өнегелі, ғибратты мысалдар айтып, сезімтал болуына тырысу керек.

**Қалау:** Мықты қалауға, ерік күшіне ие болуына тырысу керек. Қалауы әлсіз балаларды біраз еркін жіберіп, өзіне деген сенімділігін арттыру керек. Қалауы күшті балалардың тәрбиесі де қаталдау болуы керек. Алайда балаға мейірімділікпен және түсіністікпен қарау шарт.

## Тәрбиеде маңызды болған нәрселер

**Дін:** Аллаһу та’аланың жақсы, еңбекқор және шыншыл адамдарды жақсы көретінін, оларды жаннатқа кіргізетінін, ал жаман адамдарды жек көретінін, оларды жаһаннамда жазаландыратынын үйрету керек.

**Сүйіспеншілік:** Тәрбиеде өзара сүйіспеншілік, құрметтің маңызды болғаны секілді, салмақтылық, сабырлылық та өте маңызды. Отбасы ішіндегі берекесіздік, ата-ананың ұрыс-керісі, әсіресе ажырасуы бала психологиясында өте ауыр әсерін қалдырады.

**Жазалау және ынталандыру:** “Мынаны жасайтын болсаң, мұны бермейміз, көшеге шығармаймыз” деген секілді кейбір жазаларды беру дұрыс болса да, қандай жағдай болмасын баланы ұруға болмайды. Жаза көңілін

қалдыратындай болмауы тиіс. Ешкімнің, өзге адамдардың көз алдында да жасалмауы тиіс. Игі істеріне өз орнымен, жасына сай ойыншық немесе велосипед алып беру секілді сыйлықтар әперіп марапаттап тұру керек. “Бұл велосипедті әкем маған Құран кәрімді хатым еткенім үшін алып берді” деп айтатындай болуы тиіс.

**Ойындар:** Жасына сай келетін түрлі спорттар баланың денсаулығына және сана-сезімінің дамуына ықпал етеді.

**Айнала:** Хадис шәрифте: **«Адамның діні – досының діні секілді.»** делінген. Жақсы ортаға және жақсы достарға қол жеткізуге тырысуы керек.

Дүниедегі ең ауыр және ең маңызды іс – адам өсіріп жетілдіру. Бір адамның жетілуінде көптеген факторлардың әсері болады. Бұлардың ішінде ең маңыздылары: жанұя, қоршаған орта, оқу орны және бұқаралық ақпарат құралдары.

Әлемдегі барлық мемлекеттер өз балаларының, жастарының әділ, еңбекқор, көркем мінезді, табысты, мәдениетті, қоғамға пайдалы, отанын сүйетін, білікті және ел құндылықтарын қадірлей білетін адам ретінде тәрбиеленуін қалайды. Сондықтан осы жолда барлық күш-жігерін жұмсайды. Мұны жүзеге асыра алған елдердің басқа да қиыншылықтары жеңіл және жылдам шешіледі. Өйткені барлық нәрсенің басы – адам. Адамның жақсы өсіп жетілуі үшін ешбір шығыннан және қиыншылықтан қашпағандар жетістіктің және мәдениеттің шыңына көтерілді. Османдықтар осылай жасаған еді. Қазіргі таңда Америка және Еуропа елдері де (Османдықтардың осы бағытын ұстанып) осылай жасауда.

Мемлекетіміз жоғарыда аталып өткен адамның өсіп жетілуі үшін ең маңызды рөлді атқаратын факторларды әсте әсте қолға алуда. Әйтсе де әрбір ата-ананың да өз кезегінде бала тәрбиесіне ат салысуы, қарап жатпауы маңызды мәселе.

Үлкен қалалардан бастап айналамыз тыныш емес. Яғни сыртқы әлем қауіптерге толы. Бейнелі, баспалы ақпарат

құралдарының басым бөлігі зорлық-зомбылық және жыныстық тақырыптарға көбірек бағытталған... Адами қасиет, әдептілік, ұяттылық сезімдерді жоятын, әр түрлі жамандықтарды тартымды етіп жариялап жатқаны үшін көруі, оқылуы қауіпті болған көптеген ақпарат құралдары бар.

Бүкіл ата-аналардың ортақ дерті балаларын жақсылап жетілдіру. Бұл тақырыпта бір өздерінің талпыныстары жеткілікті емес. Балаларды жаман достардың және жаман бейнелі, жазбалы ақпарат құралдарының зияндарынан да қорғау керек. Оларға дінін, отанын, байрағын жақсы көргізетін, ата-анаға, адамдарға құрметті, елінің мәдениетін, құндылықтарын, жетістікке жетудің жолдарын үйрететін, патриоттық сезімін ұялататын пайдалы, жақсы ақпараттармен қамтамасыз ету керек.

Баланы жалғыз жетілдіру де мүмкін емес. Жақсы ортада, жақсы адамдармен көрші болу керек.

Барлық нәрсе терісімен, қарама-қайшылығымен қайтарылады. Жаман мінездерді жақсы мінездер жояды. Сол себепті өзімізді қинап болса да жақсы амалдар істеуге дағдыландыруымыз керек, бұларды әдетке айналдыруымыз керек. Бала әрекеттері және мінезі жақсы адамдармен дос болса, жақсы мінездер өздігінен оның табиғатына айналады. Балалар осы негіздер бойынша жетілетін болса дүние және ахирет бақытына қол жеткізіледі.

Қиямет күні ата-аналар баласына үйретуі керек болған ілімдерден жауапты болады, міндетін атқармаған болса немесе салғырттық еткен болса, жазасын көреді. Балаларын исламның мінез-құлқымен жетілдірмегендер дүние және ахирет пәлекеттеріне ұшырайды. Балаларын Ислам мінезімен тәрбиелегендер қандай бақытты адамдар...

## Мінез өзгере ме?

**Сұрақ:** "Жан шығады, бірақ мінез шықпайды" деп айтылады, сонда жаман мінезді өзгертуге болмай ма?

**Жауап:** "Жан шығады, бірақ мінез шықпайды" деген сөз, шәһуат, ашу секілді адамның жаратылысындағы қасиеттердің толығымен жойылмайтындығын білдіру үшін айтылған. Тәрбие ету басқа, жоқ қылу, жою басқа. Адам насихатпен тәрбиеленуі мүмкін.

Құран кәрімде: **«Насихат мұсылмандарға әрине пайда береді.»** делінген. (Зарият 55)

Мінез-құлықты өзгертуге болатындықтан, бала тәрбиесі туралы айтылған хадис шәрифтерде былай делінген:

**«Баланы жақсылап тәрбиелеу баланың әкесіндегі ақыларынан.»** (Бәйһақи)

**«Балаларыңа ізет етіңдер, оларды әдепті, тәрбиелі етіп жетілдіріңдер!»** (Ибн Мажә)

**«Баланы тәрбиелеу тонналап садақа беруден де артық сауап.»** (Тирмизи)

## Бала тәрбиесінің маңызы

*Балаға дерт, қиындықтарымызды айтпау керек, қуанышымызды айтуға болады.

*Балаға отбасы ішіндегі біреу ұрысып жатса, басқасы оны жақтамау керек.

*Оның қасында үнемі күлімдеген, жылы жүзді болуға тырысу керек. Көңіліміз жабырқаңқы болуы, балаға тез әсер етеді.

*Оны өзге адамдардың алдында ұрыспау, жазғырмау керек.

*Кемшіліктерін мойындауды үйрету керек. Кемшіліктерін біліп жөндеуге тырысуы - өмірде жетістікке жетуіне себеп болады.

*Баланы өтірікшілікпен кінәламау керек.

*Бауырларының арасында бөлмеу керек.

*Тәкаппарлықтың (кібірдің) жаман қасиет екендігін түсіндіріп, тәкаппар болуының алдын алу керек.

*Баланың қателіктері болады. Дереу жазаландырмау керек. Қателігін, зиянын айтып түсіндіру керек.

***«Сен адам болмайсың», «Сенен қойшы да шықпас»** деген секілді айыптаулардан ұзақ болу керек. Бұлар баланың өзіне деген сенімділігін азайтып, адами қасиетін жоғалтады, ынжық болуына себеп болады.

*Бала үлкендерден көргенін істейді. Сондықтан оларға жақсы үлгі болу керек.

*Бала сүйікті болуға, ойнауға, сөйлесуге мұқтаж болады. Бала өзіне суық, қатал және қатты сөйлеген үлкендерді өзін жақсы көрмейді деп ойлап дағдарысқа ұшырайды. Сондықтан олармен мейірімді, күлімдеген жүзді, жылы сөзді мәміледе болу керек.

*Балаға насихат берудің орнына, оған іс жүзінде көрсету, бірге істеу дұрысырақ болады. Мысалы: Астың алдында қолдарын жууы керектігін жүз рет айтқаннан, бір мәрте қанекей қолдарымызды жуайық деп бірге істеудің әсері көбірек болады.

*Оған берілген істі, орындағанын немесе орындамағанын қадағалау керек, өзін бақылауда екенін білсін.

*Балаға шамасы келмейтін жұмыс тапсырмау керек. Кері жағдайда қолынан келетін нәрселерді де істемейтін болады.

*Әулие кісілердің өмірбаянын, ғибратты оқиғаларын айтудың бала санасының жетілуіне және бұдан үлгі, өнеге алуында да маңызы зор. Баланың түсінетіндей және тәрбиелік мәнді болғандарын таңдап айтып беру керек.

*Орындай алмайтын нәрселерді айтып уәде бермеу керек. Бұлар айта береді, бірақ орындамайды дегізбеу керек.

***«Кісінің діні – досының діні секілді»**,- деген хадис шәрифті негізге алып, жақсы адамдармен дос болуын

қадағалау керек.

*Сыр, құпияларды балаға естіртпеу керек.

*Балаға неғұрлым сабырлықпен, түсіністікпен қарайтын болсақ, соғұрлым болымды нәтиже аламыз.

*Сөздеріне мән берілмейтін немесе үнемі сынға алынатын бала – тұйық, өзіне сенімсіз және қызба мінезді болады.

*Баланың жанында басқаларды жамандамау керек.

*Баланы күш қолданып, ұрып жөнге салуға тырысқан ата-ана, баланың қызба мінезді, мейірімсіз, жауыз болып өсуіне және өз қиыншылықтарын күштеп шешуге тырысуына себеп болады.

*Баланың бетінен және басынан ұрмау керек.

*Балаға айтылатын сөздің өзінен бұрын оның **қашан және қалай** айтылуы маңызды.

*Жақсы істері мен сөздерін мақтап, марапаттау керек, ал жамандықтарының зиянын жұмсақ тілмен түсіндіру керек.

*Сын айту дұрыс болмағанындай асыра мақтау да дұрыс емес. Тым қатты жақсы көру және мақтау – баланы еркелетіп жібереді.

*Баланы кіналау, лақаб ат қою, мазақ қылу, қорқыту дұрыс емес. Бар! Кел! деген секілді бұйрық сөздердің орнына барасың ба? келесің ба? деген сөздерді қолдану керек.

*Бала әдепті сөйлеу керек. "Өтініш, рахмет, кешіріңіз" деген секілді сөздер қолдануын үйрету керек.

*Қателескен кезіміз болғанда қатемізді мойындап, кешірім сұраумыз, баланың да қатесі болғанда кешірім сұрауды үйренуіне жол ашады.

## Балаларға дінін жақсы көргізу

**Сұрақ:** Кішкентай балаларға дінімізді қалай жақсы көргізе аламыз, қалай тәрбиелеуіміз керек?

**Жауап:** "Былай істе, былай істеме" деудің орнына үлгі болуымыз керек. Өйткені іс-әрекеттеріміз сөзге қарағанда

көбірек әсер етеді. Өзіміз халімізбен, әрекеттерімізбен жақсы үлгі, өнеге бола алсақ тәрбие ісі жартылай атқарылды деген сөз. Сосын пайғамбарымыздың, сахабалардың, дін ұлыларының, әулиелердің өмірбаяндарын айтып, ғибратты оқиғаларын айтып оларға деген сүйіспеншілікті ұялату керек. Бұл сүйіспеншілік берілсе олардың атын айтып Аллаһу та’аланы түсіндіру, дініміздің әмірлерімен тыйымдарына дағдыландыру оңай болады.

Адам жақсы көрген адамдарына ұқсағысы келеді, жақсы көрген адамдарының сөздеріне мойынсұнады. Дін ұлылары шәкірттеріне ең бірінші намаздан, оразадан, харамдардан айтпайтын еді.

Мәселен хазреті Имам Раббани өз ұстаздары туралы айтатын, соларды жақсы көргізетін. Одан кейін олар құрлықта да, теңізде де, ауада да яғни барлық жерде намазды, дініміздің әмірімен тыйымдарын ойлайтын еді. Дін ұлыларына деген сүйіспеншілік дәрі секілді. Олардың сүйіспеншілігімен, берекесімен дінімізге мойынсұну өте оңай болады.

## Аллаһ жақсы көрмейді деп айту

**Сұрақ:** Баланы тәрбиелеуде “Ұрлық жасаған адамның басына Аллаһ тас жаудырады, өтірік айтқан адамды тозақ отымен азаптайды” деген сияқты сөздер айту дұрыс па? Әлде мұның теріс түрін айту керек пе? Мәселен “Ұрлық етпеген адамды, өтірік айтпаған адамды Аллаһ жақсы көреді” деу керек пе? Қалай айтқан дұрыс?

**Жауап:** “Ұрлық жасаған адамның төбесінен тас жаудырады” делінсе, бала ұрлықшыларды көргенде “неге бұлардың басына тас жаумады” деп ойлап әке-шешесіне деген сенімі қалмауы мүмкін. Оның үстіне Аллаһу та’ала шынында да жамандық еткендердің бастарына тас жаудырып жатқан жоқ. Сондай-ақ үнемі “былай етпесең Аллаһ сені жақсы көрмейді” деп айта бергенде де “жақсы

көрмесе көрмесін" деуі мүмкін. Жақсылық істегендердің жаннатқа, жамандық істегендердің жаһаннамға түсетінін дұрыс сөздермен түсіндіру керек. Әрбір қате істеріне Аллаһ сені үйтіп жібереді, бүйтіп жібереді деп айту дұрыс емес. Жақсылық істегенінде марапаттау керек, ал жамандықтардың кей біреуін көрмегендей болу керек. Жамандығына шектен аспайтындай, көңілін түсірмейтіндей жаза беру керек.

## Бала және өтірік

**Сұрақ:** Баланың өтірік айтуының қалай алдын алуға болады?

**Жауап:** Ата-ана өз балаларын өз қолдарымен өтірікшілікке үйретпеуі тиіс. Мысалы балаға «Пәлен кісі келсе, мені үйде жоқ деп айт» деген ата-ана, өз қолымен баласын өтірікшілікке итермелеген және өтірік айтудың жаман нәрсе емес екенін көрсеткен болады. Балаларыңызға ешқашан, қалжыңдап болса да өтірік айтпаңыздар. Өтірік айтқаныңызды түсінген бала мұны қалыпты нәрседей қабылдап, ол да өтірік айта бастайды. Балаңыз тәртіпті, жүйелі өмірді сізден үйренеді. Ойыншықтарын орнына қоюды, киімдерін көтеруді үйретуіңіз керек. Бірақ айқайлап ұрыспастан мұны ойын халіне келтіріп атқару керек.

Балалар көбінесе бұзықшылық жасағанда өтірік айтады. Айтқан әрбір сөзіне дереу сене салу да баланы өтірікшілікке дағдыландырады. Бала өтірік айтумен мәселенің жабылатынын, ата-ананың сол мәселе жайлы көп сұрамайтынын білсе, бұзықшылығын жалғастыра беретін болады, әрі сөздерінің арасына да көп өтіріктерді қосатын болады. Баланы ұру дұрыс емес. Бала таяқ жеуден қорқады, бірақ істейтін қылығын жасырын жасай бастайды. Мұның салдарында бала қиындықтан өтірік айтып шығуға, алдауға әдеттенеді. Көп өтірік айтуды әдеттеніп өскен балалар кейінгі кезеңдерде өз өтірігіне өзі де сенетін болады, сенімсіз тұлға

ретінде қабылданады, елге масқара болады.

Баланы өтірік айтуға, жаман қылықтарға әуестендіретін тағы бір маңызды фактор – жаман дос. Жаман дос – баланың дөрекі, өтірікші, ұрлықшы және әдепсіз болуына себепші болады. Мұндай жаман мінездерге ұрынғандар ұзақ жылдар бойы бұл жаман мінезінен арыла алмайды.

Баланы кішкентай кезінен бастап намазға, адалдыққа дағдыландыру керек. Өскен кезде намаз оқуы қиын болуы мүмкін. Өзгенің мал-мүлкін тартып алуды, өтірік айтуды, харам нәрсе жеуді көз алдына жаман, жиіркеніште қылып түсіндіру керек. Осындай тәрбиемен өсіріп, балиғат жасына толғанда бұл әдептердің ерекшеліктерін, маңыздылықтарын үйрету керек.

## Қаталдық па, еркіндік пе?

Бала тәрбиесінде шамадан тыс қаталдық та, еркіндік те зиян. Тым қаталдық көрсету баланың пассив, ынжық болуына себеп болады. Жасаған әрбір қылықтарын ұнату да үлкен қате. Бұл, баланы пәлекетке итермелеуден басқа нәрсе емес. Мамандар бала тәрбиесінде баланы ұрудың сирек және қысқа мерзімді жаза түрі екендігін, ал тұрақты және ұзаққа созылатын жағдайда одан теріс нәтиже алынатындығын білдіруде. Баланы ұрып тәрбиелеудің балаға физикалық әсері бар. Психологиялық тұрғыдан алғанда үнемі таяқ жеп өскен балалардың агрессивті сезімдері дамиды. Оның ашушаң, қызу қанды және ынжық адам болуына жол ашады.

Балаларға қалағанын істету, бос жіберу дұрыс емес. Жас кезінде тәртіпті, жүйелі өмір сүрулерін қамтамасыз ету керек. Бала белгілі бір уақыттарда, белгілі нәрселермен айналысуы керек. Осылайша бала тәртіпке, жүйелі өмір сүруге бейімделеді және кейін жүйелі түрде өмір сүреді. Тек ойын ойнап жатқан кезде оны өз халіне жіберу керек. Бірақ бұл да өз білгенін істетіп қою деген сөз емес.

Ойнап жатқан кездерінде немен айналысып жатқанын

байқау керек. Бала өзіне және айналасына зиян келтірмей, өз білгенінше ойнап жатқан болса мәселе жоқ. Бірақ осындай бос уақыттарында өзіне және айналасындағыларға зияны тиіп жатқан болса, бұл істің алдын алу керек. Бос уақыттарында шаттануына, ойнауына мүмкіншілік беру керек. Бірақ істеген зиянды нәрселерін балаға, түсіне алатындай түрде білдіріп, оларға бөгет болу керек.

## Өз айтқанынан қайтпайтын балалар

Қарапайым мәмілемен және ұстамдылық, табандылық танытып, баланың қырсықтығын кетіруге болады. Бала бір нәрсеге қырсығып қалған кезде, оған сол нәрсеге қол жеткізе алу сезімін бермеу керек. Бала «Егер жыласам, айғайласам, шу шығарсам, шешемді ұялтсам... қалаған нәрсемді береді» деген сезімдерге түсіп қалмауы керек. Жас кезінен әр қалаған нәрсесін істететін бала, келешекте бұл қырсықтығын оңайлықпен тоқтатпайды. Оны сәби кезінен бастап тәрбиелеу керек, жылап, қырсықтық етуіне мән бермеу керек.

Егер әр қалаған нәрсесі орындала беретін болса, бала да, үлкендер де ешқашан тыныш болмайды. «Соған қалаған нәрсесін беріп құтылайыншы» дегенмен, бұл қалауларының соңы бітпейтінін түсіну керек.

## Балалардың еркелігі

Балаларда кездесетін менмендік, еркелік, ашушаңдық және білгіштік сияқты жаман әдеттер баланың дұрыс тәрбиеленбеуінен, қалаған нәрселерінің орындалуынан және отбасының балаға дұрыс көңіл бөлмеуінен туындайды. Мұндай балалар өздерін өзгелерден жоғары санайды, барлық нәрсені өте жақсы білетінін ойлайды. Мұндай балалар мектепте және достары арасында мінезі шатақ және сүйкімсіз болады. Өте білгіштік танытып менменсінуі достарының арасында жалғыз қалып кетуіне себеп болады.

Баланы осындай жаман мінездерден арындыру үшін, ең бірінші жақсы дос табу керек. Сондай-ақ әкесінің байлығымен, атақ-даңқымен, ерекше қасиеттерімен мақтанудың қажет еместігін, негізгі жақсы көрілетін және ұнамды болған нәрсенің жақсы мінез және жақсы тәрбие екендігін айтып түсіндіру керек.

## Жасқаншақ балалар

Жасқаншақ болып өскен бала өмір бақи мұның қасіретін шегіп өтеді. Ондай балалар ойын толық жеткізе алмайды. Қате сөйлейтінінен немесе айыпталатынынан жасқанып, тұйық болады.

Жасқаншақ, ынжық болудың ең басты себебі – ата-ананың балаға үнемі қатал мәміледе болып, әр нәрсеге килігe беруі. Баланы бақылауға алу керек, бірақ еркін жіберу керек.

Тартыншақтықпен қоса еркелік және тәкаппарлық та жаман мінез-құлықтарға жатады. Балаға қай жерде қалай сөйлеу және қалай әрекет ету керектігін білетіндей етіп тәрбиелеу керек.

## Үйлесімді ата-ана

Өз-өзіне деген сенімсіздік, ынжықтық көбінесе жеткіншек шақта немесе кіші жаста отбасы ішіндегі тұрақты үйлесімсіздік, ұрыс-керістердің нәтижесінде орын алады. Ата-ана қаншалықты тату, үйлесімді, сенімді, байсалды болса, балаларын да сол күйде тәрбиелейді. Қызу қанды болу, баланы үнемі жазаландыра беру және отбасы ішінде балаға екі бөлек тәлім, екі тараптық ықпал ету үрдісі, жұптардың арасындағы кикілжіңдер балаға едәуір мөлшерде кері әсерін тигізеді.

Ата-ананың ойлары бір-біріне үйлеспей, тиянақсыз шығатын болса, бала да тиянақсыз ойлайтын болады. Ата-ананың ұстанымдары баланың мінез-құлығының

қалыптасуында өте маңызды роль ойнайды. Жеткіншек шақтағы ұл балалар әкесінен, қыз балалар анасынан үлгі алады.

## Балада қызығушлық

Балалар барлық нәрсені білуге құштар болуы керек. Бала дүниемен байланысын осы құштарлығымен орнатады. Осылайша ой-өрісі жетіліп, дамиды. Оның қызығушылығы сұрақ қоюына, сонымен қатар әртүрлі нәрселерді үйренуіне себеп болады. Ал бұл есте сақтау қабілетінің дамуына, көп нәрседен хабардар болуына көмектеседі.

Егер балада қызығушылық жоқ болса, онымен шұғылданыңдар, көңіл бөліңдер. Баланың қызығушылығын оятатын нәрселер табыңдар. Әйтпесе бала тұйық болып қалады.

Ал бұл, баланың рухани саулығы үшін жақсы емес. Бала жас кезінен бастап айналасындағы құбылыстармен әуес болуы, оларды тануы керек, жақсы көруі керек. Бүкіл осылардың барлығы оның қызығушылығының арқасында болатын нәрселер.

## Шектен тыс қорғаштау

Балалардың қателік жасауларына рұқсат ету керек. Өйткені қателескен сайын тәжірибелері артады. Тәжірибе адамды жетістікке жетелейтін жол. Бала бір нәрселер істеген сайын өзінің қолынан келетін нәрселерін табады. Ал егер ата-анасы: “Байқа ұлым, сен бұны істей алмайсың! өзім істеймін”, “Байқа қызым, сен бұны істей алмайсың!” деп өмірде үйренуіне мүмкіндік бермесе, мұндай балалар өмірлерінің кейінгі кезеңдерінде де басқаларға мұқтаж болуға бейімделе бастайды. Тым артық қорғаштап қараған отбасыда өскен бала өзін және өзінің қабілетін біле алмайды, өзіне сенімін жоғалтады, ешнәрсеге батылы жетпейді, қате жіберіп алам деген уайым қашанда оны мазалайды. Айналасынан бір

көмекші табылып қалар мекен деген оймен аландай беретін болады. Шындықтармен жүздесуден қорқатын болады. Әр қадамында қобалжып, өз басымен шешім қабылдай алмайтын болады. Мұндай жағдайда өскен бала, әсіресе ұл бала өмір бойы мұның залалдарын тартуға мәжбүр болады.

## Бала тілімен

Әкем кешке үйге шаршап келетін. Мен күні бойы үйде отыра беріп жалығып, оның келуін сабырсыздықпен күтетін едім. Ол есіктен кіруімен-ақ алдынан жүгіріп шығып, құшақтап, онымен ойнағым келетін. Әкем құшақтап, сүйіп: «Қане бөлмеңе бар енді» дейтін. Амал жоғынан басым салбырап бөлмеме беттейтін едім. Әкем артымнан: «Кезінде біздің бөлмеміз де жоқ еді. Мұның барлық нәрсесі бар, тағы не керек түсінбеймін» деп айқайлайтын.

Бір күні, үндеместен жүретін болсам әкеммен жақсы түсінісетінімізді аңғардым. Бұл жолы үндемей істей алатын ойындар ойнай бастадым. Алдымен сурет сала бастадым. Әкем салған суреттерімді ұнатып: «Міне осылай тыныш отырып ойнасаң болады екен ғой!» дейтін. Бұдан бұлай ашуланып, бөлмеме қумайтын болды.

Осы ойлардың ішінде бір күні отбасымыздың суретін салдым. Тамақтан кейін суретімді алып келдім. Әкем қарап тұрып:

– Ммм, өте әдемі шығыпты. Мына кісі мен шығармын?

– Жоқ, сіз ол кісі емессіз, сіз мына баласыз.

– Жоқ, бұл кісі менмін, анау бала сенсің, ал жанындағы кішкентай қыз сенің құрбың шығар.

– Жоқ, ол кісі менмін, мына бала сізсіз, ал қасыңыздағы мына қыз анам,-дедім. Әкем менімен айтысуды тоқтатып, менен сұрады:

– Ал неге бізді кішкентай бала қылып салдың?- деді. Мен қатты қобалжып, түсіндіруді бастадым:

– Мен өсіп, үлкен кісі болыппын. Бір жұмыс тауып, жұмыс істеуді бастаппын. Сіздер қартайып, көршіміз Ахмет көке мен Айша апа сияқты белдеріңіз бүгіліп кішірейіп қалыпсыздар. Сол кезде мен жұмыстан шаршап келемін. Сіз менімен сөйлескіңіз келеді, алайда мен жұмыста миым ашып кеткеннен сізді тыңдамаймын да. Сіз менімен ой бөліскіңіз келгенде: «Қане, бөлмелеріңізге барыңыздар, мен біраз демалайын!» деймін. Және артынша: «Барлық нәрселері бар. Жылы бөлмелері де бар, бұларға тағы не керек түсінбеймін» деп айқайлаймын.

Мен айтып болғаннан кейін әке-шешемнің көздері ашылды. Естігендеріне сене алмады. Кейін мені қатты құшақтағаны соншалық, бұдан былай ешқашан тоқтамай сөйлей берсем де жалықпай тыңдай беретін сияқты еді.

## Өмірдің жаңғырығы

Бір кісі және баласы орманда серуендеп жүріп баласы шалынып құлап түседі. Ауырған жері жанына батқандықтан **“Аххх!”** деп айқайлап жібереді. Жандарындағы таудан **“Аххх!”** деген дауыс естігенінде бала таң қалады.

Ешнәрсені түсінбеген бала **“Сен кімсің?”** деп айқайлайды. Алған жауабы тағы да **“сен кімсің?”** болып келеді.

Бұл жауапқа ашуланып **“Сен қорқақсың!..”** деп айқайлайды. Таудан келген дауыс **“Сен қорқақсың!”** деп жауап береді. Бала әкесіне бұрылып сұрайды **“Әке не болып жатыр?”** Әкесі **“Балам тыңда және үйрен!”** деп тауға қарап **“Мен саған қайран қалдым!”** деп айқайлайды. Қайтқан жауап тағы да **“Мен саған қайран қалдым!”** деп келеді.

Әкесі қайтадан айқайлайды, **“Сен өте әдемісің!..”** Жауап тағы **“Сен өте әдемісің”** болып келеді. Бала қатты таң қалады, бірақ әлі не болғанын түсінбейді.

Әкесі оған түсіндіріп береді. Адамдар бұны **жаңғырық** деп атайды, бірақ негізінде бұл **өмір**. Өмір әрқашан сенің

бергендеріңді өзіңе қайтарады. Өмір – жасаған мәмілеміздің айнасы. Өзіңді жақсы көргізгің келсе, алдымен өзің жақсы көр! Саған жақсы мәміледе болуын қаласаң, өзің басқалармен жақсы қарым-қатынаста бол! Адамдардан құрмет көргің келсе, адамдарды құрметте! Адамдардың сабырлы болуын қаласаң, сен де сабырлы болуды үйрен!

Бұл қағида өмірдің барлық кезеңі үшін бірдей. Өмір кездейсоқтық нәрсе емес, жасаған әрекеттеріміздің айнадан кері шағылысуы.

## ҚЫЗ ПЕРЗЕНТІ – ҮЛКЕН НИҒМЕТ

**Сұрақ:** Қыз туылған кезде мұңайып, ренжитіндер кездеседі. Қыз баланың дініміздегі орны қандай?

**Жауап:** Қыз бала туылғанда ренжу, әсіресе анасын айыптау – үлкен қателік. Құран кәрімде **«Аллаһ қалағанына қыз, қалағанына ұл бала береді. Біреулерге әрі ұл, әрі қыз бала береді, ал қалағанын тумайтын қылады. Барлық нәрсені хаққымен білетін және бүкіл нәрсеге күші жететін тек қана Аллаһ»** делінген. (Шура 49, 50)

Сүйікті пайғамбарымыз **«Қыз балаларды қор қылмаңдар»** деген. Қор қылу, дінді білмеуден туындайды. Қайырлы перзент сұрау керек. Қайырлы болмайтын болса, қыз немесе ұл болуының қандай айырмашылығы бар? Дінімізде әйелдің және қыз баланың қадірі жоғары. Хадис шәрифтерде былай делінген: **«Қыздарыңды алтын және күміспен әшекейлеңдер! Киімдері әсем болсын! Құрметке ие болуы үшін ең әдемі сыйлықтарды сыйлаңдар!»** (Хаким)

**«Қыз баланы жақсылап тәрбиелеп, Аллаһу та'ала берген ниғметтермен молшылықта жегізіп, киіндірсе, бұл қыз ол үшін берекет болады, тозақтан құтылып жәннатқа оңай кіруіне себеп болады.»** (Табарани)

**«Екі қыз баласымен жақсы мәміледе болған адам**

**міндетті түрде жәннатқа кіреді.»** (Ибн Мажа)

**«Екі қызы немесе екі қыз бауыры болып, күнкөрістерін толығымен қамтамасыз еткен адаммен жәннатта бірге боламыз.»** (Тирмизи)

**«Базардан алған нәрселерді ұл балалардан бұрын қыз балаларына берген адамға Аллаһу та'ала мейіріммен қарайды. Аллаһу та'ала мейіріммен қараған адамдарға азап бермейді.»** (Хараити)

**«Базардан жеміс-жидек алып үйіне әкелген адам садақа сауабын алады. Әкелген жемісті ұл балаларынан бұрын қыз балаларына берсін! Әйелдерді, қыздарды қуантқан адам Аллаһтан қорқып жылағандардың сауабын алады. Ал Аллаһтан қорқып жылағандардың денесі тозаққа харам болады.»** (Ибн Адий)

**«Үш қызына қажеттіліктен құтылғанға дейін жақсы қараған, ішіп-жегізіп, киіндірген адам әлбетте жәннатқа қолжеткізеді.»** (Әбу Дауд)

**«Үш қыз немесе қыз бауырларының күнкөріс немесе басқа да қиыншылықтарына шыдаған адамды Аллаһу та'ала жәннатқа кіргізеді.»** Асхаби кирамнан бір кісі **«Екі қызы болса да солай ма?»** деп сұрағанда, пайғамбарымыз **«Иә, екі қыз болса да солай»** деді. Басқа бір кісі **«Ал бір қыз болса ше?»** деп сұрады. Жауап ретінде: **«Бір қыз болса да солай»** деді. (Хаким, Хараити)

Көрініп тұрғанындай, қыз және әйелдерге қадір бермейтіндер мұсылмандықты білмейтін адамдар. Мұсылманның дінін жақсылап үйреніп, әйелдерді лайықты түрде қадірлеуі керек!

## Қыз бала қадірлі

**Сұрақ:** Мираста өзгеше болғанындай, ұл бала үшін екі, қыз бала үшін бір ақиқа қойы сойылады. Бұл нәрсе бала талғау емес пе? Неліктен қыз баланың құндылығы азырақ болады?

**Жауап:** Дінімізде әйел заты мирас алуға мұқтаж қалдырылмаған. Оның бүкіл қажеттіліктерін күйеуі, әкесі, аға-інісі және көкелері сияқты жақын туыстары оған беруге мәжбүр қылынған. Қарайтын ешқандай туысқандары болмаса, оның қажеттіліктерін Бәйт-ул мал (мемлекет қазынасы) өтейді. Әйел адам жұмыс істеп ақша табуға мәжбүр емес. Еркектердің осы қиын міндеттері үшін мирасты толығымен алу қажеттілігі болса да, дініміз әйелдерге екіде бір үлес берді. Екі ақиқа союдың орнына бір ақиқа сою қыздардың қасиетін көрсетеді. Яғни қыз үшін сойылған бір ақиқаның сауабы ұл бала үшін сойылған екі ақиқа сауабымен бірдей. Дініміз әйелдерді өте қатты қадірлейді. Бірнеше хадис шәрифтердің мағынасы мынадай:

**«Егер бір адамның қыз балалары болып, олардың қиыншылықтарына шыдап, жақсылап өсірсе және теңіне үйлендірсе, бұл қыздары ол үшін тозаққа перде болады.»** (Тирмизи)

**«Алғашқы баланың қыз болуы әйелдің берекетінен.»** (Ибн Асакир)

**«Үш қыз баласын тәрбиелеп үйлендірген және оларға жылы шырай танытқан адам жәннатқа кіреді.»** (Бұхари)

Әйелдерді, қыздарды қадірлемейтіндер мұсылмандықты білмейтін надандар. Дінін білетін мұсылман қыз балаларын және әйелін лайықты түрде қадірлейді. Үш хадис шәрифтің мағынасы мынадай:

**«Әйелдерді текті және құрметті адамдар ғана қадірлейді. Оларды тек жаман және төмен адамдар ғана қор етеді.»** (И.Асакир)

**«Аллаһу та'аладан қайырлы перзент сұрадым. Маған қыздарды ихсан етті.»** (Шира)

**«Қыз балаларды қор етпеңдер, себебі мен қыздардың әкесімін.»** (М.Жинан)

Сүйікті пайғамбарымыз қыздың әкесі болуын мақтан

тұтуда. Осы дәлелдердің алдында ешкім «Ислам діні әйелдерді, қыздарды қадірлемейді» дей алмайды. Бұрынғы халықтар 300, 500, тіпті 1000 жыл өмір сүріп, ғибадат ететін еді. Сүйікті пайғамбарымыз «Йа Раббым, менің үмметімнің өмірі қысқа.

Басқа үмметтер ұзақ өмір сүрді, көп сауап тапты. Үмметімнің жағдайы қандай болады екен?» деп сұраған кезде, Аллаһу та'ала «Мен үмметіңе мың айдан қайырлы болған Қадыр түнін бердім» деді. Мың ай 83 жылға тең. 50 жыл ғибадат еткен мұсылман 4000 жылдан астам ғибадат еткен сияқты сауап жинайды. Бұл үмметтің аз өмір сүруі, аз ғибадат етуі әділетсіздік сияқты көріле алмайды.

Бұл үмметтің аздаған ғибадаты басқа үмметтердің көп ғибадатынан үстем болғанындай, қыз бала үшін сойылған бір ақиқа, ұл бала үшін сойылған екі ақиқаға тең келуде. Дініміз қыз баласы үшін осы жеңілдікті білдірген. Бұл нәрсе де қыз балаларының қадірін көрсетуде.

**Төртінші қыз**

Исмаил есімді бір салих кісінің үш қызы бар еді. Әйелі тағы аяғы ауыр еді. Уақыты келіп әйелі жүзі нұрға толы тағы бір қызды дүниеге әкелді. Атын Рабия деп қойды (Төртінші деген мағынаны білдіреді). Исмаил өте кедей болғандықтан Рабия туған түні үйде қажеттіліктерден ешнәрсе жоқ еді. Осы себепті әйелінің көңілі түсіңкі болатын. Күйеуіне: «Көршінің үйіне барып қарызға майшам сұрап әкеле аласызба?!» деді. Исмаил ешкімге жүк болмаймын, ешкімге қол жаймаймын, Аллаһу та'аладан басқа ешкімнен ешнәрсе сұрамаймын деп өз-өзіне сөз берген болатын. Исмаил, әйелін ренжітпеу үшін көршінің есігінің алдында аздап тұрып қайтып келіп әйеліне «қатты ұйықтап жатқан болса керек, есіктерін ашпады» деді. Әйелі одан сайын мұңая түсті. Көздерінен жастар тамшылады. Исмаилды да қатты мұң басып

жатып, көзі ілініп кетті, түсінде пайғамбарымызды көрді. Пайғамбарымыз: «Мұңайма! Бұл қызың ның мерейі өте үстем болады, Үмметімнен 70 000 адамға шапағат етеді. Ертеңіне бір қағазға: «Сен әр түні пайғамбарымызға 100 салауат, ал жұма түндері 400 салауат оқитын едің. Өткен түні мұны ұмытып кеттің. Мұның кәффараты ретінде осы хатты саған әкелген адамға 400 алтын халал ақшаңнан бер» деп жазып бұл хатты басра уәлиі (әкімі) Иса Заданға апарып бер» дейді. Исмаил, пайғамбарымызды көру қуанышынан жылап оянды. Пайғамбарымыздың айтқанындай жазып хатты Иса Заданға апарып берді. Әкім хатты оқығанда пайғамбарымыздың оған үндеуінің шүкірі ретінде кедейлерге мыңдаған алтын садақа берді. Исмаилға хатта жазылған мөлшерімен қоса көптеген алтын садақа беріп қажеттілік туындаса тағыда келуін өтінді. Осылайша бұл отбасы молшылыққа кенеліп қыздарына жақсы тәлім-тәрбие беріп жетілдірді. Міне осы қыз үлкейіп бүкіл бүкіл мұсылмандар білетін әулие әйелдерден хазреті Рабия Адуия болып өсті.

## БОСАНҒАН ӘЙЕЛДІҢ КҮНӘЛАРЫ КЕШІРІЛЕДІ

**Сұрақ:** Босану кезінде қайтыс болған мұсылман әйел шәһид болады ма?

**Жауап:** Иә, шәһид болады. Шәһидтің парыз амалдардағы қарыздары және құл ақыларынан басқа бүкіл күнәлары кешіріледі. Үш хадис шәрифтің мағынасы мынадай:

**«Әйел жүктілік кезінен босанғанға дейін және сәбиін емізе бастағаннан сүттен шығаратын күнге дейін Аллаһ жолында қарауылдық қызметіндегі мүджаһид сияқты болады. Осы кездерде қайтыс болатын болса, оған шәһид сауабы бар.»** (Табарани)

**«Жүкті кезінде, босанып жатқанда және нифас уақытында қайтыс болған әйел – шәһид.»** (Әбу Дауд,

Табарани)

**«Әйел жүкті кезінде күндіз саим** (ораза тұтқанның)**, түнде қаим** (ғибадат еткеннің) **және Аллаһтан қорқатын мүджаһидтің сауабын алады. Ауру күшейген кезде оған берілетін сауаптың көптігін ешкім біле алмайды. Сәбидің әр емгенінде бір жан тірілткендей сауап алады.»** (Әбушшәйһ)

## СӘБИГЕ ЕСІМ ҚОЮ

**Сұрақ:** Жақында келіншегім босанған еді. Туылған сәбидің есімін қою жолдарын түсіндірсеңіздер, қандай талаптары бар? Жалпы бала туылғанда қандай амалдар жасау керек?

**Жауап:** Балаға қойылатын немесе бұрын қойылған аттың мағыналарын дінімізге және әдет-ғұрыптарымызға сай келе ме, келмей ме соны білу керек. Сай келмесе, жаман мағыналы болса оны өзгерту керек. Хадис шәрифте **«Есімі жаман болған адам оны әдемі атқа ауыстырсын»** деп бұйырылған. (Бәриқа) Хазреті Айша анамыз **«Расулуллаһ жаман есімдерді өзгертетін еді»** деген. (Тирмизи) Кәпірдің есімін қоюдан да аулақ болу керек. Хазреті Имам Раббани «Бір мұсылман кәпірдің есімін алудан арыстаннан қашқандай қашу керек. Ондай есімдер және ол есімдердің иелері Аллаһтың дұшпандары» деп бұйырған. (Мәктубат Раббани)

Хадис шәрифтерде былай делінеді: **«Балаға әдемі ат қою, дінін үйрету және уақыты келгенде үйлендіру баланың әкесіне деген ақыларына жатады.»** (Әбу Нуаим)

**«Қияметте әкелеріңнің атымен бірге шақырыласыңдар.** (Мәселен Әлиқызы Әмина деп) **Олай болса аттарың әдемі болсын!»** (Әбу Дауд)

Әдемі аттар өте көп. Мәселен пайғамбарымыздың әйелдері, қыздары, сахабалардың есімдері, әулиелердің есімдері,

Аллаһу та’аланың Әсма-и хуснасынан (99 есімдерінен) ат қоюға жаиз болғандарын қоюға болады.

Есімнің әдемі болуы үшін Құран кәрімде өткен болуы қажет емес. Жүзмыңдаған сахабалар болған бірақ хазреті Зәйдтен басқа ешбірінің аты Құранда өтпеген. Өзгеше ат болсын деп немесе ең әдемі ат болсын деп Құран кәрімде аталған есімдердің немесе сөздердің кез-келгенін қою дұрыс болмайды. Өйткені Құран кәрімде әдемі есімдердің жанында кәпірлердің де есімдері бар, шайтанның есімі бар. Бұларды қою дұрыс емес. Құран кәрімде өткен найзағай, барды, келді, жүрді деген мағыналарға келетін арапша сөздерді де ат қылып қоятындар кездеседі. Бұларды қою жаиз болса да, әулиелердің, пайғамбарлардың аттарын қойған жақсырақ болады.

Өкінішке орай бізде есімдер тізімі жоқ. Жалпы адам есімдерін таңдауда ислам дұшпандығымен танылған залымдардың (мысалы Әбу Жәһл); кәпірлердің, бұзақылардың аттарын, мұсылманға жараспайтын аттарды, мағынасыз сөздерден пайдаланбау керек. Ислам ғұламаларының айтуы бойынша Аллаһу та’аланың Әсма-ул Хусна, яғни әдемі есімдері арасынан «Әли, Азиз, Мәжид, Мужиб, Рафи, Рашид» сияқтыларын есім ретінде адамға қоюға болады.

Балаға есімді ілімді, салих адамға қойғызу керек! Асхаби кирам балаларына есімді сүйікті пайғамбарымызға қойғызуды таңдаған. Нәрестеге есім қоярда баланың әкесі, атасы немесе жасы үлкен, ілімі ең көп болған кісі баланы құшағына алып, дәретті болып құбылаға бұрылады. Нәрестені басқа адам ұстап тұрса да болады. Түрегеп тұрып оң құлағына азан, сол құлағына қамат айтады. Есімін үш рет қайталау жақсы болады. Осы арада нәрестенің аузына тәтті нәрсе жағу жақсы болады.

Пайғамбарымыз хазреті Хасан туылған кезде құлағына азан оқыған. Азан оқитын адам баланы жастық сияқты

жұмсақ бір нәрсенің үстіне қойып құшағына алады. Баланы біреу құшағына алып, азанды басқа біреу де оқыса болады. Бір хадис шәрифте былай делінген:

**«Жаңадан туылған баланың оң құлағына азан, сол құлағына қамат оқылса, «Умму сибиан» ауруынан қорғалған болады.»** (Бәйһақи)

Нәрестеге есім қойғаннан кейін салих перзент болуы үшін және дінге қызмет етуі үшін дұға ету керек. Сүйікті пайғамбарымыз, «Йа Раббым, бұл баланы қайырлы, әрі салихтерден ет және оны жақсы болып жетілуін нәсіп ет» деп дұға еткен.

Әбу Мусәл Әшари хазреттері «Баламның туылған күнінде оны Расулуллаһқа апардым, атын Ибраһим деп қойды» деді. Амр бин Шуайбтың әкесі **«Расулуллаһ жаңадан туылған балаға жетінші күні есім берілуін және ақиқа сойылуын әмір етті»** деген. (Тирмизи)

Бұхариде **«Егер ақиқа сойылмайтын болса, баланың туылған уақытында есім қойылады және аузына тәтті жағылады.»** делінген.

Нәрестеге есім қоярда баланың әкесі, атасы немесе жасы үлкен, ілімі ең көп болған кісі баланы құшағына алып, дәретті болып құбылаға бұрылады. Аяқта тұрып оң құлағына азан, сол құлағына қамат айтады. Есімін үш рет қайталау жақсы болады. Осы арада нәрестенің аузына тәтті жағу жақсы болады.

Ақиқа малын сою да сауап болады. Ақиқа – бала нығметі үшін Аллаһу та’алаға шүкір ету үшін мал сою. Ақиқа малы Құрбан айт үшін сойылатын мал сияқты болу керек.

Ақиқа баланы бәле-жаладан, ауру-сырқаудан қорғайды. Қияметте ата-анасына шапағат етеді. Ер бала үшін екі, қыз бала үшін бір қой сойылады. Сойылған ақиқаның етін өзі және бай-кедей барлығы жей алады. Піскен күйде де, шикі күйде де бай-кедей бәріне бере алады.

Сәадати Әбәдийа кітабында былай делінген: **«Жетінші күні есім қою, шашын қырып, шашының ауырлығындай алтын немесе күміс садақа беру және мүмкіндік болса ақиқа қойын сою мүстаһаб болып табылады.»**

Шашын алмай шамалап беруге де болады. Алтын немесе күміс орнына қағаз ақшамен берсе де және жеті күннен кейін берсе де болады.

## БАЛА КӨТЕРУ

**Сұрақ:** Бала көтере алмай жүрген әйелге қандай шипа бар немесе қандай дұға оқу керек, қазақша қандай ем жасаса болады?

**Жауап:** Пайғамбарымыз үш түрлі ем қолданған. Құран кәрім, дұға оқыған және ғылыммен табылған дәрілерді қабылдаған. Сондықтан дәрігерлерге қаралыңыз, себебін анықтап ем қабылдаңыз, сонымен қатар шипаға қауыштыратыны білдірілген Құран кәрімнің аяттарын және дұғаларды да оқыңыз.

Бұл жағдай көп адамдарда кездесетіні үшін жауапты жалпылама мәліметпен берейік. Бала болмауының себебі кейде әйелде, кейде еркекте болады. Кейде екеуінен де болады. Бала болмаудың басты себептеріне жас кезде өткерген аурулар, психологиялық мазасыздықтар, қате және зиянды қоректену, қатты суыққа және қатты ыстықта мән бермеудің нәтижесінде денеде пайда болған медициналық ақаулар жатады. Балалы бола алмай жүрген отбасылардың көпшілігі бұл кеселге жас кездерінде шалдыққандары айтылады. Кейбіреулерде дұрыс коректенбеуден де болуы мүмкін. Өйткені хадис шәрифте былай делінеді:: **«Келін алғашқы аптада айран, шалап, сірке суы, қышқыл нәрселерді жемеуі керек! Бұлар бала көтеруіне кедергі болуы мүмкін. Азықта сірке суын қолданған әйелдің хаиз көруі қиын болады**

**және хаизы ретсіз болады. Қышқыл алма жеу хаиз қанын тоқтатады. Бұл да басқа ауруларға жол ашады.»** Кейбір жұптар отбасы құрған алғашқы жылдары балалы болмайық деп қате алдын алу шараларын қолданып, кейінгі уақыттарда мүлдем балалы бола алмайтындай жағдайларға ұшырайды. Кейде қатты күйзелу, ренжу, стрестер де гормондарға кері әсерін тигізеді. Бала көтере алмаудың себептерін жақсылап зерттеу керек, маман дәрігерлерге қаралу керек. Бірақ медицина қаншама дамыған болса да әлі күнге дейін кейбір кемшіліктері бар екенін де назардан тыс қалдырмау керек. Қате ем қабылдау және белгісіз, біреулерден ауыз-екі естіген дәрілерді қабылдаудың зияны өте көп. Ем қабылдағанда және дәрі қабылдағанда мұқият болу керек. Әсіресе жұптар дәрігерден сұрамастан өзбасынша дәрі қабылдамауы керек. Дәрігерге алғаш көрінуге келгенде жұбайлар бірге келуі, ешнәрсе жасырмауы, сұрақтарға ұялмай, қысылмай, ашық жауап берулері керек.

Балалы болу үшін немесе басқа да бір тілегі болған адамдар төменде білдірілгендерді орындауы керек:

**1)** Истиғфар (әстағфируллаһ) айтуы керек. «Дүние-мүлкім көп, бірақ балам жоқ. Не істесем болады?» деп сұраған адамға бір сахаба истиғфар айтуын айтты. Ол күніне 700 рет истиғфар айтатын болады. Соңында он баласы болды. Адамдар хазреті Хасан Басриге жұттан, кедейліктен, бала болмаудан шағымданатын еді. Барлығына да "истиғфар айтыңдар" деді. Себебін сұрағандарға Құран кәрімнен мына үш аятты оқыды: **«Көктен мол жаңбыр жаудыруы үшін, сендерге дүние-мүлік және бала-шаға беріп жәрдем етуі үшін, сендер үшін бақтар мен өзендер беруі үшін өте кешірімді болған Раббыларыңа истиғфар етіңдер.»**
(Нұх 10-12)

Балаларын басқаруда қиналып жүрген бір сахабаға пайғамбарымыз "саллаллаһу алейһи уәсәлләм": **«Неге**

**истиғфар айтпайсың? Мен күніне жүз рет истиғфар айтамын»** деді. Истиғфар айту дегеніміз - **«Әстағфируллаһ мин күлли мә кәрихаллаһ, Әстағфируллаһ әлазим әлләзи лә илаһә иллә һуәл һаййәл қайиумә уә әтубу иләйһ»** деп айту. Мағынасын түсініп айту керек. Мағынасы мынадай: **«Сен разы болмаған нәрселерден істегендерімді кешіре гөр және әлі істемегендірімді істеуден сақта. Одан басқа тәңір болмаған, Хай, Қаййум, Азыйм болған Аллаһқа истиғфар етемін және жасаған күнәларыма өкініп, Оған сиынамын.»** (Азыйм: заты және сипаттары кәміл. Хай: әзәли, яғни ежелден бастауы жоқ және соңы жоқ, тірі. Қаййум: затымен бар болған, жаратқан барлық махлұқтарын бар етіп ұстап тұрған.)

**2)** Тілегіне қауышу үшін, екі рәкат намаз оқып, сауабын ”Силсилә-и алийа” деп аталатын әулиелер шежіресінің рухтарына бағыштау керек, осылардың құрметі үшін деп дұға ету керек.

Мысалы «Йа Раббым қайырлы (жақсы) бір бала нәсіп ете гөр» деп дұға етіп, «осы дұғамды “Силсилә-и алийа” әулиелерінің құрметі үшін қабыл ете гөр» деп айтуы керек. **(Мәкатиб-и шәриф)**

Таң және құптан намаздарынан кейін “Силсилә-и алийа” әулиелерінің аттарын атап, одан кейін Фатиха сүресін оқып, олардың рухтарына бағыштау керек. “Силсилә-и алийа” әулиелерін уәсилә (себеп) қылып жасалған дұға қабыл болады. Тәжірибе етілген.

**3)** Аяти хырзды білдірілгені бойынша оқып және өзімен бірге тұмар қылып алып жүрсе мұратына жетеді.

**4)** Нәзір ету керек. Мысалы «Пәлен қызбен үйленсем, Аллаһ разылығы үшін ясин сүресін 3 рет оқып сауабын хазреті Сәйидет Нәфисаға бағыштауға нәзір еттім (атадым).» дегенде бұл тілектің қабыл болғандығы тәжірибеден өткен. Тілегі орындалған кезде көп кешіктірмей нәзірді орындау керек болады.

**5)** Бір тілегі бар адам төмендегі дұғаны оқуы керек. Көзі көрмейтін бір кісі пайғамбарымызға келіп: «Ей Расулаллаһ! Аллаһу та’алаға дұға ет, көздерім ашылсын» деді. Пайғамбарымыз “саллаллаһу алейһи уәсәлләм”: **«Жақсылап дәрет ал! Сосын, Йа Раббым, Саған жалынып-жалбарынамын.**

**Сүйікті Пайғамбарың Мұхаммед алейһиссаламды уәсилә етіп** (ортаға қойып)**, Сенен сұраймын. Ей ең сүйікті Пайғамбарым Мұхаммед алейһиссалам! Сені уәсилә қылып, Раббыма жалбарынамын. Сен үшін дұғамды қабыл етуін қалаймын. Йа Раббым осы ұлы пайғамбарыңды маған шапағатшы қыл. Оның құрметі үшін дұғамды қабыл ете гөр»** деп дұға етуін айтты. Ол кісі дәрет алып осылай дұға етті. Сол мезетте көздері ашылды. **(Тирмизи)**

Бұл дұғаны оқығандар мақсаттарына жеткен. Намаз оқымайтындардың, харам нәрселерді жасайтындардың және жүрегінде ықыласы болмағандардың дұғасы қабыл болмайды. Әһли сүннет ақидасында болмаған адамның оқығаны да пайдасыз. Аллаһу та’ала барлық нәрсені себептермен жаратқан. Бір нәрсеге қол жеткізу үшін сол нәрсенің себептерін орындау керек. Раббымыз адамға денсаулық, шипа беру үшін дұға етуді, садақа беруді және дәрі (ем) қолдануды себеп қылған.

## ЖАСАНДЫ ҰРЫҚТАНДЫРУ

**Сұрақ**: Жасанды ұрықтандыру жолымен бала көтеру жаиз ба?

**Жауап**: Бала көтере алмаған ерлі-зайыптылардың “Силсилә-и алийа” деп аталатын Ислам ғұламаларының құрметіне деп дұға етулері және белгілі себептерге жабысуы

керек. Материялар (ұрықтар) некелі ерлі-зайыптылардан алынған болып, харам істелмей жасалатын болса, жасанды ұрықтандыру жаиз болады. **(И. Ахлақы)**

Бұл істі еркек дәрігерге жасату жаиз болмайды, өйткені бала туу зарурәт емес, әрі әйел дәрігер табу мүмкіндігі де бар.

**Сұрақ**: Суррогатты ана болу, яғни басқа біреудің эмбрионын (ұрығын) көтеру жаиз бола ма?

**Жауап**: Жоқ, жаиз емес. Тек некедегі күйеуінен ғана көтеруі жаиз.

## Экстракорпоральді ұрықтандыру

**Сұрақ:** Экстракорпоральді ұрықтандыру (ЭКО) жолымен балалы болу жаиз ба?

**Жауап:** Бала-шағасы болмаған ерлі-зайыптылардың Силсилә-и алийаны (ұлы Ислам ғұламаларын) арашы қылып дұға етуі және белгілі себептерге жабысуы керек.

Ұрықтар некедегі ерлі-зайыптылардан алынып, харам істелмей жасалатын болса, экстракорпоральді ұрықтандыру жаиз болады. **(И.Ахлақы)**

Бұл процессті еркек дәрігерге жасату жаиз (рұқсат) болмайды. Себебі, балалы болу зәрулік емес, әрі әйел дәрігер табуға мүмкіндік бар.

## Суррогатты ана

**Сұрақ:** Суррогатты ана болу жаиз ба?

**Жауап:** Жоқ, жаиз емес. **С.Әбәдийа** кітабында былай делінеді: «Еркектің мәниін (ұрығын) түтікке немесе басқа бір нәрсенің ішінде бөтен әйелдің жатырына салып, баланың пайда болуына себепші болу харам болып табылады. Пайда болған бала уәләди зина (зинадан туылған бала) болады.

## Жыныс анықтау

**Сұрақ:** Бала туылмай тұрып жынысын анықтауда, «ЭКО»

жолымен балалы болуда діни тұрғыдан зияны бар ма?

**Жауап:** Жоқ, бұл амалдардың өздері зиянды емес. Алайда бұларды істеген кезде күнә араластырмау керек.

## Жасанды түсік (аборт)

**Сұрақ:** Аборттың медицинадағы және дініміздегі орны қандай?

**Жауап:** Медицина мамандарының айтуы бойынша: «Аборттың қауіптері мен зияндары жүктілік мерзімі өскен сайын арта түседі. Сондықтан қажеттілік жағдайда аборт алғашқы айларда жасалуы керек. Аборттың заңнамалық шектеуі 12 апта делінеді. Бұдан кейінгілері заңсыз. Сондықтан 12 аптадан асырмауға тырысу керек. Басқа жолдармен түсік жасауға тырысқан әйелдердің түрлі ауруларға шалдығып жатқандығы, тіпті ажал құшып жатқандығы ащы шындық. Сондықтан аборт заңды, медициналық жолдармен жасалуы керек.»

Дінімізде үзірсіз бала алдыру харам болып табылады, яғни бұған тыйым салынған. Әсіресе, кедейліктен қорқып құрсағындағы баланы өлтіру, әділетсіз түрде баланың жанын қию – зұлымдық болуымен қатар, бала ақысын білмеу болып табылады, үлкен күнә болады. Анасының немесе сүт емуде болған басқа нәрестенің өліміне себеп болатындай үзір бар болса, дене мүшелері әлі дамымаған баланы алдыру жаиз (рұқсат) болады. Кутуб-и Ситтадағы **«Адам, анасының жатырында ұрық** (сперма) **күйінде 40 күн, алақа** (эмбрион) **күйінде 40 күн, ет бөлшегі күйінде 40 күн болады. Содан кейін рух беріледі»** деген хадис шәрифті негізге алған ғалымдар, үзірлі себеппен бір айдан төрт айға дейін жасанды түсік жасауға, абортқа рұқсат берген. **(Раддул Мухтар)**

Басқа себептері болмаса да, Ислам дініне сай тәрбие бере алмау қаупі үзір болып саналады. Яғни Ислам діні бойынша

тәрбие бере алмау ниетімен төрт айға толудан бұрын бала алдыру жаиз (рұқсат) болады. **(С.Әбәдийә)**

Демек, егер төрт айдан үлкен болса, бала алдыру жаиз болмайды. Бала ауру болып жетіліп жатыр деген оймен баланы өлтіру жаиз болмайды. Туылғаннан кейін ауру деп өлтіру секілді қылмыс болады.

**Сұрақ:** Кедей отбасымыз, әйелімнің аяғы ауыр. Кедей болғандықтан бağа алмаймыз деп ойлаймын, осы себепті аборт жасауымыз күнә бола ма?

**Жауап:** Баланың да, сіздің де ризығыңызды беретін Аллаһу та'ала. Кедейлікке байланысты, баланы баға алмаймын деген оймен аборт жасату үшін үзір (себеп) емес. Баланы алдыру дегеніміз баланы өлтіру дегенмен тең.

Құран кәрімде былай делінеді:

**«Кедейлік қорқынышымен балаларыңды өлтірмеңдер.»** (Әнам 151)

**«Жер жүзінде Аллаһу та'аланың ризық бермеген махлұқы жоқ.»** (Худ 6)

## БАЛА АСЫРАП АЛУ

**Сұрақ:** Мен дүниеге перзент әкелмеген әйелмін. Бала асырап алғым келеді. Қалай істесем болады?

**Жауап:** Асырап алынған бала өскен кезде ұл бала болса сізге, қыз бала болса күйеуіңізге бөтен болады. Ал бөтен адаммен бірге қалу жаиз емес. Осы тұрғыдан бала асырап алатын кезде бауырларыңыздан бірінің баласын немесе күйеуіңіздің бауырларынан бірінің қызын алатын болсаңыз, ешқандай мәселе қалмайды.

Немесе асырап алынған ұл сәби әпке-сіңіллеріңіздің бірін немесе бауырларыңыздан бірінің әйелін еметін болса, сіздің жиеніңіз болатындықтан, сізге бөтен болмайды.

Қыз бала асырап алғанда да күйеуіңіздің әпке-

қарындастарының бірін немесе бауырларының әйелдерінен бірін еметін болса, күйеуіңіздің жиені болатындықтан, оған да бөтен болмайды.

**Сұрақ:** Асырап алынған балаға мирас қалдырылады ма?

**Жауап:** Асырап алынған бала діни тұрғыдан мирасқор бола алмайды. Бірақ тірі кезіңізде мал-мүлкіңіздің бір бөлігін немесе толығын оған сыйлық ретінде беруіңіздің ешқандай зияны жоқ.

Мал-мүлік алу ниетімен асыранды бала болу дұрыс емес. Сау кезде асыранды балаға мал-мүлік беру жаиз (рұқсат).

**Сұрақ:** Асырап алынған балаға «Балам» немесе «Қызым» деп айту жаиз ба?

**Жауап:** «Бұл менің туған балам» немесе «Бұл менің туған қызым» деп айту харам болады. Бірақ шақырған кезде немесе олар жайлы айтып жатқанда «Балам», «Қызым» деп айтудың зияны жоқ. Асыранды балаға «Біз сенің өз ата-анаң боламыз» деп айту күнә болады. Құран кәрімде былай делінеді:

**«Аллаһ асыранды балаларыңды туған балаларың ретінде танымады.»** (Ахзаб 4)

Хадис шәрифте де былай делінеді: **«Әкесі жоқ екенін біле тұра, әдейі біреуді «Бұл кісі менің туған әкем» деп айтқан адамға жәннат харам болады.»** (Бұхари)

**Сұрақ:** Өз қызын немесе баласын біреуге асыранды бала ретінде берген кезде, сол баланың ақысы сенен кетеді ме? Әлде жалғаса береді ме?

**Жауап:** Ақысы кетпейді, жалғасады. Яғни баланың ақысын өтеуге міндетті болады.

**Сұрақ:** Ахиретте ол бала ата-анасынан хақ талап етеді ме?

**Жауап:** Әлбетте, жаман бір адамға берген болса, «Неге намаз оқымайтын, ішкілік ішетін адамға бердің?» деп сұрай алады.

Баланы біреуге асыранды бала ретінде беретін кезде мұсылман отбасына және дінді үйрететін адамға беру керек.

Қалаған кезде кері қайтарып алуға болады. Балаға жақсы тәрбие беріп жатқанын тексеріп тұру керек. Баланы берумен олардың перзенті болып қалмайды. Мирастарын алу ақысына діни тұрғыдан ие болмайды. Ұл бала болса, үйдің әйеліне бөтен болады, балиғат жасына толған кезде ол үйде қала алмайды. Қыз болса, үйдің еркегіне бөтен болады. Балиғатқа толғанда ол үйде қала алмайды. Осы сияқты зияндары бар.

**Сұрақ:** Асыранды бала өз перзенті сияқты болады ма? Яғни оның жанында орамалсыз жүруге болады ма? Неке түседі ме?

**Жауап:** Асыранды бала бөтен саналады. Неке де түседі, онымен үйленуге болады, оның жанында орамалсыз ашық жүруге болмайды.

**Сұрақ:** Заңды түрде тіркелген асыранды баламның атеист әкесі енді баланы қайтаруымды сұрап жатыр. Беруге мәжбүрмін бе?

**Жауап:** Жоқ, беруге мәжбүр емессіз. Оған қайтарып, баланың дінсіз жетілуіне себеп болмау керек.

## ЖЕТІМНІҢ АҚЫСЫ

Адамдардың арасында көмекке ең мұқтаж болғандар, туыла салып жалғыз және мұқтаж болып қалған жетім балалар. Оларға қамқор болу, қажеттіліктерін орындау, мұсылмандардың негізгі міндеттерінен бірі болып табылады. Мұндай жетім қалған балалар, Аллаһу та'аланың бүкіл құлдарына аманат. Жақын туыстарынан бастап бүкіл мұсылмандарға бұл аманатты қорғау, міндет ретінде жүктелген. Бұл міндетті орындағандар, Аллаһу та'аланың және Оның сүйікті пайғамбары Мұхаммед алейһиссаламның разылығына қауышады.

Сүйікті пайғамбарымыз: **«Жетімдерге көмектесіп, оларға қамқор болған адам, мейлі ол туыстарынан**

**болсын немесе бөтен біреу болсын, менімен ол жаннатта мына екі саусақтай жақын боламыз»** деген. Мұны айтқанда пайғамбарымыз ортаңғы саусағы мен сұқ саусағының арасын біраз ашып көрсеткен еді.

Сонымен қатар жетімдерге қарап, оларға бас-көз болу, сүйікті пайғамбарымызға деген қарызымыз болып табылады. Өйткені пайғамбарымыз да әрі әкесі, әрі шешесі жоқ жетім болып өскен. Жетімді қуанту өте үлкен сауап. Адамды жаннаттағы жоғары дәрежелерге қауыштырады. Аллаһу та’ала Ниса сүресінің 10-аятында былай деген: **«Жетімдердің мал-мүліктерін әділетсіз түрде жегендердің, жейтін нәрселері тек қана от болады және жақында жалындап жанып тұрған отқа түседі.»**

Қаншама қалалардың батып кетуіне, сарайлардың құлауына жетімдердің лағнеті (қарғысы) себеп болған. Пайғамбарымыз былай деген: **«Жетімді ұрған кезде оның жылауының себебінен арш дірілдейді және Аллаһу та’ала періштелеріне былай дейді:**

**- Ей періштелерім, әкесі топыраққа көмілген жетімді кім жылатты?»** Оны кім жылатқанын өзі жақсы білсе де, жетімнің абыройын көтеру үшін солай сұрайды. Періштелер:

- Аллаһу та’ала ең жақсысын біледі, - дейді.

**- Ей періштелерім, сендер куә болыңдар, кім сол жетімді қуантса, мен де оны қиямет күні қуантамын!**

## Құтылған әйел

Хазреті Айша анамыз мына бір оқиғаны айтып береді: «Түсімде қияметті көрдім, құлдардың амалдары таразыға тартылып жатқан екен. Бір әйелдің амалдарын таразыға тартқан еді, Ухуд тауынан да көп болды. Сосын «Бұл әйел Зафират-ул-Адуиа» деген дауысты естідім. Оянғаннан кейін оны іздеп барсам қағбаны тауаф етіп жатқан екен. Оған:

- Мүминдердің анасы сені іздеп жатыр еді, - деп хабар берілді.

- Қазір, тауафымды бітіріп барамын,- деді. Тауаф етіп болып келді, Айша анамыз оған:

- Сауабы Ухуд тауынан да көп болатындай қандай амал істеген едің?- деп сұрайды.

- Үйіме келіп бір нәрсе сұраған адамдардың ешқайсысын бос қайтарған емеспін және әр пісірген тамағымнан міндетті түрде жетімге де беретінмін. Және үшіншсі, муәззин әр азан айтқанда, мен де артынан қайталайтынмын, сосын намаз оқитынмын, - деді. Хазреті Айша Сыддықа былай деді:

- Қағбаның раббысы болған Аллаһқа ант етемін, сен құтылыпсың және сен сияқты өмір сүргендер де құтылды.

## ТУЫСТАРҒА ҚАМҚОР БОЛУ

Сила-и рахим – туыстардан хабар алу, қонаққа бару, оларға көмектесу, қамқор болу деген сөз. Сыла-и рахим ету, яғни ата-ана, бауыр, туыстармен араласу, зиярат ету Аллаһу та'аланың әмірі. Туыстармен араны үзу үлкен күнә болады. Ең болмағанда сәлем айтып, хат жолдап, телефонмен хабарласу арқылы бұл күнәдан құтылу керек. Оларға қолдан келгенше жақсылық жасау, қуанышына, қайғысына ортақ болу, ауруларының көңілін сұрау, мұқтаждарына көмектесу де сыла-и рахим болып табылады. Сәлем айтудың, хабарласудың, сөзбен немесе қаржылай көмектесудің белгілі мөлшері, уақыты жоқ. Әркім қолдан келгенше, мүмкіндігінше жасайды.

Аллаһу та'аланың разылығы үшін, сыла-и рахим еткендердің, яғни туыстарын зиярат ететіндердің өмірі ұзақ болады, мал-мүлкі көбейеді, тұрмыс-тіршілігі жеңілдейді. Сүйікті пайғамбарымыз былай деген:

**«Ризығының мол, өмірінің ұзақ болуын қалаған адам сыла-и рахим етсін!»** (Бұхари)

**«Сыла-и рахим – мал-мүлікті арттырады, жанұяда махаббатты арттырады және өмірді ұзартады.»** (Табарани)

**«Сыла-и рахим – өзі іздемейтін туысқанды тауып, зиярат ету және жақсылық жасау деген сөз.»** (Тирмизи)

**«Сені зиярат етпегенді сен зиярат ет! Саған сыйлық бермегенге сен сыйлық жаса!»** (Бұхари)

**«Садақа беру, жақсылық жасау, ата-анаға сый-сияпат көрсету және туыстарды зиярат ету – бақытсыздықты бақытқа айналдырады, өмірді ұзартады және адамды жаман өлімнен қорғайды.»** (Әбу Нуайм)

**«Мешіттер – Аллаһтың үйлері, ал мүминдер – Аллаһтың зияратшылары. Зияратшысына сый-сияпат көрсету, үй иесінің мойнына хаққы болады.»** (Хаким)

**«Мына бес нәрсенің жазасы бірден байқалады: патшаға қарсы шығу, зұлымдық жасау, ата-анаға дұшпан болу, туысқандармен қарым-қатынасты үзу, жақсылыққа шүкір етпеу.»** (Ибн Лал)

Салих достарды, көршілерді зиярат ету де үлкен сауап. Салих туысқандарды ең болмағанда аптада немесе айына бір зиярат етіп тұру керек, қырық күннен асырмау керек! Ұзақ өлкелерде тұратын болса хатпен, телефонмен хал-жағдайын сұрап, араз болса татуласу керек. ЗиярATты тек Аллаһ разылығы үшін жасау керек.

Хадис шәрифтерде былай делінген:

**«Жаннатта өте әдемі сарайлар бар, бұлар бір-бірлеріне Аллаһ үшін қонаққа барған, Аллаһ үшін бір-бірін жақсы көріп бір-біріне көмек бергендер үшін дайындалған.»** (Табарани)

**«Бір дін бауырын зиярат еткен адамға бір періште «Қандай бақыттысың, сен жәннатқа кірдің» дейді. Хақ**

**та’ала: «Мен үшін зиярат еткен пендеме жәннатта оған ұнайтын сияпаттарын беремін» дейді.»** (Бәззар)

**«Дін бауырын Аллаһ үшін зиярат еткен әрбір мұсылманға бір періште «Бұл істегенің қандай жақсы болды, жәннат саған халал болсын» дейді. Аллаһу та’ала да: «Құлым мені зиярат етіп келді. Менің де оған сый-сияпат көрсетуіме тура келеді» дейді.»** (Әбу Яла)

**«Арштың айналасында нұрдан жасалған күрсілерде, нұр секілді жарқыраған адамдарға пайғамбарлар мен шәһидтер қызығады. Бұлар – өмірде Аллаһ үшін бір-бірін жақсы көрген, Аллаһ үшін жиналған, Аллаһ үшін бір-бірін зиярат еткендер.»** (Нәсаи)

**«Жақсылап дәрет алып, сауап үміт етіп бір мұсылман бауырын барып көрген адам тозақтан жетпіс жылдық қашықтыққа ұзақтайды.»** (Әбу Дауд)

**«Ғалымдардың мәжілісіне қатысқан адам менің мәжілісіме де қатысқан болады. Ал менің мәжілісіме қатысқан адам, Раббының мәжілісіне қатысқан болады.»** (Табарани)

**«Бір адам ауылдағы досын көріп келу үшін жолға шығады. Хақ та’ала бұған жолда бір періште жібереді. Періште ол адамнан сұрайды:**

**– Қайда бара жатырсың?**

**– Мына ауылда бір досым бар, соған қонаққа бара жатырмын.**

**– Оның саған жақсылығы, көмегі тиіп сол үшін бара жатырсың ба?**

**– Жоқ, тек Аллаһ разылығы үшін бара жатырмын.**

**– Онда саған сүйінші болсын! Мені Аллаһу та’ала жіберді. Одан ешқандай пайда күтпей барғаның үшін Аллаһу та’аланың сүйіспеншілігіне қауыштың»** (Хаким)

Зияраттар аралықты болуы керек, яғни тым жиі болмауы

керек. Ғалымдарымыз “Зияратты тәрк етпе сені ұмытады, қатты жиі барма сенен жалығады” деген. Хадис шәрифте былай делінді:

**«Зияратты аралықпен жасаңдар, сонда сүйіспеншілікті арттырасыңдар!»** (Бәззар)

Қонаққа барғанда үй иесінен рұқсатсыз тұрмау (кетпеу) керек. Хадис шәрифте былай делінген:

**«Зияратқа келген адам рұқсат сұрамастан тұрып кетпесін!»** (Дәйләми)

**Сұрақ:** Досты немесе туысқанды зиярат етуде олардың салих, намазхан болулары маңызды ма?

**Жауап:** «Пасық болған, күнә істеуімізге себеп болатын туыстарды зиярат ету қажет емес, бірақ салих болған туысқандарды зиярат ету керек. Туған-туыстармен қарым-қатынасты үзу үлкен күнә болады. Еркек және әйел болған **зи-рахми махрем** туыстарды зиярат ету уәжіп болып табылады. Көкенің қызы сияқты махрем болмаған туысқандарды зиярат ету уәжіп емес.» **(Бәриқа)**

(**Зиярат ету** – үйіне барып тұру, хабарласып, хал-жағдайын біліп тұру, араласып тұру, қарым-қатынасты үзбеу деген сөз.

**Зи-рахми махрем** – еркек үшін анасы, қыз бауыры, ата-ананың қыз бауырлары сияқты туыстар; ал әйел үшін әкесі, еркек бауырлары, ата-ананың еркек бауырлары сияқты үйленуі харам болған туыстар деген сөз.)

## Екі ағайынды

Ескі замандарда бір-бірін қатты жақсы көретін өте бауырмал екі ағайынды болыпты. Үлкенінің есімі Халил, кішісі Ибраһим. Халил үйленген бала-шағалы, ал Ибраһим әлі бойдақ екен. Екеуінің ортақ егіс алқабы бар еді. Бірлесе

егіншілікпен айналысып, шыққан өнімді екіге бөлісіп, күнелтеді.

Бір жылы бидай егеді. Шыққан бидайды орып, екіге бөледі. Кейін осы бөлістірген бидайларды тасуға кіріседі. Үлкен бауыры Халил: «Ибраһим, сен осында күте тұр, мен қаптарды алып келейін.»-дейді. Ибраһим: «Жарайды аға»-деп астық басында қалады. Халил қаптарды алып келуге кеткенде інісі ойланады: «Ағам үйленген, бала-шағасы бар. Маған қарағанда оған көбірек бидай керек»- деп, өзінің үлесіндегі бидайлардан бірнеше күрек бидай алып, ағасының бидайына қосып қояды. Кейін ағасы қаптарды алып келіп: «Қане Ибраһим, тасуды алдымен сен баста»-дейді. Ибраһим: «жарайды»-деп бір қапты толтырып, алып кетеді. Ол кеткен кезде ағасы ойланады: «Аллаһқа шүкірлер болсын. Мен үйленгенмін, бала-шағаларым да бар. Бірақ інім әлі бойдақ. Оған әлі көп жұмыс істеп, ақша табуы керек. Үй құрып, үйленуі керек» деп, өзінің бидайынан біраз күрек інісінің бидайына тастайды. Келесі кезекте Халил кеткенде інісі өзінің бидайынан тағы да оның үлесіне қосып қояды. Ағасы да өз кезегінде бірнеше күрек інісінің бидайына тастап отырады. Осылайша біршама жалғасады, бірақ бұл істен бір-бірінің хабары болмайды. Соңында кеш батып, күн қараяды. Ал бидайдың таусылатын түрі жоқ, тіпті азаймайды да. Аллаһу та’алаға бұл жағдай қатты ұнайды. Бұл бидайларына Хақ та’аланың береке бергені соншалық, қаншама күн тасып, бидайды тауыса алмайды. Олар бұл халге таң қалады. Бидайлары азаюдың орнына, керісінше көбейіп, қоймалары толып тасып кетеді. «Берекелі болсын» деген тіркестегі береке сөзінің шынайы мағынасын осы мысал айқындап тұрғандай...

## МҰСЫЛМАНДАРДЫҢ АҚЫЛАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

**Сұрақ:** Мұсылманның басқа мұсылман алдындағы ақылары қандай?

**Жауап:** Мұсылман басқа мұсылман бауырын кемінде өзі сияқты ойлайды.

Өзіне жасалуын дұрыс көрмеген, қаламаған нәрселердің басқаларға да жасалуын қаламайды.

Хадис шәрифте былай делінген: **«Өзі үшін жақсы көрген нәрсені дін бауыры үшін де жақсы көрмеген адам кәміл мүмин бола алмайды.»** (Бұхари)

Мұсылман басқаларға жақсы үгіт, насихат береді. Хадис шәрифте: **«Сендер дін бауырларыңның айнасысыңдар. Одан байқаған дақты сүртіңдер!»** делінген. (Әбу Дауд)

Мұсылман, адамдарды қуантуға, көңілін аулауға, мұңын, қайғысын кетіруге тырысады. Хадис шәрифтерде былай делінген: **«Бір мүминді қуантқан адамды Аллаһу та'ала қиямет күні қуантады.»** (Ибн Мүбәрәк)

**«Бір адамның мұңы мен қиыншылығын кетірген немесе бір мазлұмға** (зұлымдыққа ұшыраған адамға) **жәрдем берген адамды Аллаһу та'ала жетпіс үш рет мағфирет етеді** (кешіреді)**.»** (Хараити)

**«Аллаһ дәргейіндегі ең мақбул** (қабыл болатын) **амал – мүминді қуанту, қайғысын кетіру, қарызын өтеу немесе қарнын тойдыру.»** (Бәйһақи)

Мұсылман бастан-аяқ пайдалы адам деген сөз. Олай болса, басқа мұсылмандарға қолдан келгенше жәрдем беру керек!

Хадис шәрифте былай делінген: **«Мына екі нәрседен жаманы жоқ: Аллаһқа ширк қосу және Оның құлдарына зиянды болу. Мына екі қасиеттен асатын үстемдік жоқ: Аллаһқа иман ету және Оның құлдарына пайдалы болу.»** (Дәйләми)

**«Дін бауырының ісіне аздаған уақыт қарасқан адам, ол іске көмегі тисе де, тимесе де екі айлық итикафтан** (ғибадаттан) **көбірек сауап алады.»** (Хаким)

Пайғамбарымыз: **«Мазлұм да, залым да болса дін бауырларыңа жәрдем беріңдер»** деген кезде, **«Йа Расулаллаһ, залымға қалай жәрдем береміз?»** делінді. Жауап ретінде: **«Оның зұлымдығына кедергі болу ретінде жәрдем еткен боласыңдар»** деді. (Бұхари)

Бір адам мұсылмандарға күнде дұға етсе, жақсы адам болады. Намаз оқыған мүмин «аттахияту»-да салих құлдарға дұға етуде. Осы себепті намаз оқымайтын адам мүминдерді осы дұғадан махрұм қалдыруда.

Түшкірген кезде «Әлхамдулиллаһ» деу керек, бұны естіген мұсылман да «Йархамукаллаһ», яғни «Аллаһ саған рахмет (мейірім) етсін» деуі керек! Үшінші адам бар болса «Йахдина уә йахдикумуллаһ» деуі керек! Үшінші адам жоқ болса, түшкірген адам жауап ретінде осы сөзді айтуы керек!

Хадис шәрифте былай делінген: **«Түшкірген кезде Әлхамдулиллаһ деген адам көз ауруын көрмейді.»** (Табарани)

Адамдардың дұрыс істеріне жәрдемші болу, оларға көмектесу, мүмкіндігінше мұқтаждықтарына қарасу керек.

Хадис шәрифтерде былай делінген: **«Адамдардан маған мұқтаждықтарын айтып келетіндері болып тұрады. Сол кезде жанымда болғандар оларға жәрдем беріп сауап алсын. Аллаһу та'ала ұнатқан нәрсесін пайғамбарлардың қолымен береді.»** (Мүслим)

**«Мұқтаждықтары себебімен маған келгендерге сендер де жәрдемші болыңдар! Мен орындалуын қалаған нәрселерімді сендердің де себепші болып сауап алуларың үшін біраз кешіктіремін.»** (Нәсаи)

**«Сөзбен жасалатын көмектен асатын құнды садақа**

**бола алмайды. Арашы болудың арқасында қан дауасының алды алынады, пайда түседі және зиянның беті қайтарылған болады.»** (Хараити)

Мұсылмандарға жасалатын жақсылықтардың ең үлкендерінің бірі – сәлем беру.

Хадис шәрифте былай делінген: **«Аллаһу та'алаға ант етемін, мүмин болмайынша жаннатқа кіре алмайсыңдар. Бір-бірлеріңді жақсы көрмейінше мүмин бола алмайсыңдар. Сендерге бір амал білдірейін, онымен бір-біріңді жақсы көресіңдер: Араларыңда сәлемді таратыңдар!»** (Муслим)

**«Дәретте тұрақты бол және дәретті жақсылап ал - өмірің ұзарсын. Кездестіргендердің бәріне сәлем бер – жақсылығың көбейсін! Үйіңе кіргенде үйдегілерге сәлем бер – үйдің игілігі мен берекесі артсын!»** (Хараити)

Сәлем беру сүннет, жауап беру парыз. Сәлемге жауап бермеген мұсылманнан періштелер қайран қалады. Хадис шәрифте былай делінген: **«Сәлем беріп мүсафаха еткен** (қол алысқан) **екі мұсылман арасына жүз рахмет түседі. Бұның тоқсаны бірінші сәлем беріп қол созғанға, қалған оны екіншісіне беріледі.»** (Бәззар)

Бір адам сәлемсіз, рұқсатсыз кірген кезде Расул әкрам (пайғамбарымыз) былай деген: **«Кері қайт, сәлем бер, одан кейін ішке кір.»** (Әбу Дауд)

## Мұсылманның міндеттері

**Сұрақ:** Мұсылманның қанша түрлі міндеті бар?

**Жауап:** Үш түрлі міндеті бар:

**1) Жеке міндеті:**

Әр мұсылман өзін жақсы жетілдіруі, дені сау, әдепті, жақсы мінезді болуы, ғибадаттарын орындауы, ілім мен жақсы ахлақты (мінез-хұлықты) үйренуі, халал азық табу

үшін еңбек етуі – жеке өзінің міндеттері.

**2) Жанұя ішіндегі міндеті:**

Жұбайының, ата-анасының, бала-шағасының, бауырларының алдындағы ақыларын, міндеттерін орындау – жанұя ішіндегі міндеттері.

**3) Қоғамдағы міндеті:**

Көршілерінің, ұстаздарының, оқушыларының, отбасының, қол астындағылардың, өкіметтің және мемлекеттің, бүкіл отандастардың, діні мен ұлты басқа болғандардың алдындағы міндеттері.

Бәріне жақсылық етуі, қолымен, сөзімен ешкімді ренжітпеуі, ешкімге зиян тигізбеуі, қиянат етпеуі, бәріне пайдалы болуы, мемлекетке, заңға қарсы шықпауы, әркімнің ақысын өтеуі қоғамдағы міндеттері болып табылады.



Пішімі 60x84 1/16. Қарып әріпі “Times New Roman”.
Тапсырыс № 102

ЖШС “Euro Print” Орталығында басылды.
Тел.: +7 727 380 03 12